



**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Адам құқықтары жөніндегі комиссия**

2012 жылы

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ АХУАЛЫ ТУРАЛЫ
БАЯНДАМА**

ҚР Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия

«2012 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндама. Жалпы редакциясын басқарған Қуаныш Сұлтанов, Тастемір Әбішев. Астана, 2013 ж. - 173 б.

Оқырмандардың назарына ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның «2012 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндамасы (бұдан әрі – баяндама) есепті кезеңдегі Қазақстандағы адам құқықтарының ахуалын талдауға арналған.

Баяндамада Қазақстандағы адам құқықтарының ахуалына жалпы баға беріліп, адам құқықтарын қорғаудың түйінді проблемалары мен оны шешу жолдары айқындалған.

Баяндама Адам құқықтары жөніндегі комиссияның өзінің құқық қорғау қызметінің нәтижелеріне және оның өткен уақыт кезеңіндегі арнайы зерттеулеріне негізделген. Онда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес ұйымдарының, халықаралық ұйымдардың мәліметтері кеңінен тартылған.

Баяндама Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2013 жылғы 4 маусымдағы № 32-46.161 қарарымен мақұлданған.

Баяндама адам құқықтары жөніндегі ұлттық заңнаманы салыстырмалы талдаудан, мемлекеттік органдардың қызметіне баға беруден, адам құқықтары саласындағы ахуал жөніндегі қорытындылардан, сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құқықтық саясатты, ұлттық заңнаманы және құқық қолдану практикасын Қазақстан ратификациялаған адам құқықтары саласындағы халықаралық пактілер мен конвенциялардың талаптарына сәйкес одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсынымдарынан тұрады.

Комиссия баяндамасының іс-шаралары Құқықтық саясат тұжырымдамасы мәліметтерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелері негізінде таңдалған бірнеше басымдық бағыттар бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

Баяндамадағы қамтылған материалдар заңмалық, атқарушы және сот билігі органдарына, құқық қорғау органдарына, адвокаттарға, адам құқықтарын соттан тыс қорғау институттары, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар, басқа да қоғамдық бірлестіктер, Қазақстанда аккредитацияланған дипломатиялық қызметтер өкілдеріне пайдалы болмақ.



Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы
Астанадағы Орталығы

Бұл жарияланым (есеп) Ұлыбританияның Қазақстандағы Елшілігінің, Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының техникалық қолдауымен дайындалды. Жарияланым (есеп) материалдарының Елшілік пен Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығының ресми көзарастарын білдіруі міндетті емес.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Өмір сүру құқығы	7
Жеке өмір және дербес мәліметтерді қорғау құқығы	10
Бірлесу құқығы	18
Ойлау, ар-ождан және дін бостандығы құқығы	25
Бейбіт жиналыстар мен митингтер бостандығы құқығы	31
Сөз бостандығы және ақпарат алу құқығы	35
Мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы (еркін және әділ сайлау)... ..	46
Еңбек қатынастары саласындағы адам құқықтары	51
Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы	57
Білім алу құқығы	61
Денсаулық сақтау және білікті медициналық көмек алу құқығы.....	70
Бала құқықтары	76
Әйел құқықтары	88
Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары.....	94
Оралмандар құқықтары	99
Халықты құқықтық ағарту	106
Адам саудасының алдын алу	108
Азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен еркін болу құқығы	113
Сотта қорғалу және әділ сот ісін жүргізу құқығы	124
Сот шешімдерін орындау сатысындағы адам құқықтары	143
Сотталғандар құқықтары	153
Қорытынды	168
Қосымшалар	171

КІРІСПЕ

2012 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы бұл ақпараттық-талдау баяндаманы (бұдан әрі – баяндама) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия Хатшылығы (бұдан әрі – Комиссия хатшылығы) дайындап, әзірлеген.

Баяндаманың мақсаты Қазақстан Республикасының Президентін, Парламенті мен Үкіметін 2012 жылы Қазақстандағы адамның және азаматтың құқықтарының ахуалы туралы хабардар ету, адам құқықтарын қорғаудың түйінді проблемалары мен оны шешу жолдарын айқындау болып табылады.

Өткен жылдардың халықаралық деңгейде танылған жетістігі еліміздің ЕҚЫҰ-ға, ИЫҰ-ға және басқа халықаралық ұйымдарға сәтті төрағалық етуі болды.

Қазақстан ЕҚЫҰ-ның барлық «үш себетінің» мүдделер теңдестігін тең дәрежеде қамтамасыз ете алды. Ұйымның «үшінші» себетінің шеңберінде Комиссияның бастамасымен бірқатар құқық қорғау ірі іс-шаралары сәтті өтіп, онда ЕҚЫҰ мен ИЫҰ-ға қатысушы мемлекеттер делегациялары Адам құқықтары саласындағы Ұлттық іс-қимыл жоспары мен ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қызметіне оң баға берді.

Комиссияның Қазақстандағы адамның, оралмандардың, азаматтығы жоқ адамдар мен босқындардың, еңбекші-мигранттардың құқықтарының ахуалы туралы баяндамалары да үлкен қызығушылық туғызды.

Халықаралық ұйымдар, Қазақстанда аккредитацияланған дипломатиялық өкілдіктер Комиссияның құқық қорғау жобаларын жоғары бағалап, құқық қорғауды жандандырудың қазақстандық тәжірибесін үйренуге тілек білдірді.

Комиссияның барлық құқық қорғау іс-шараларына халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар, шетелдік дипломатиялық қызметтер өкілдері белсенді қатысады.

Қазақстан Республикасының үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарымен (ҚР ҮЕҰ), халықаралық ұйымдармен сындарлы ынтымақтастық шеңберінде ондаған «дөңгелек үстелдер», халықаралық конференциялар, семинарлар, тренингтер сәтті өтіп, оның қатысушылары Қазақстандағы адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесінің даму қарқынына оң баға берді.

Комиссия республиканың орталық мемлекеттік органдарына Қазақстанның адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерін орындауы жөніндегі ұлттық баяндамаларды дайындауда және БҰҰ Комитеттерінде қорғауда үнемі консультативтік көмек көрсетіп отырады.

Баяндаманы дайындау кезінде Адам құқықтары жөніндегі комиссияның материалдары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының, Қазақстанда аккредитацияланған халықаралық үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық ұйымдардың берген мәліметтері пайдаланылды. Баяндамада сол сияқты Адам құқықтары

жөніндегі комиссия мүшелерінің пенитенциарлық жүйе, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, білім беру, мәдениет мекемелерінде, құрылыс нысандары мен басқа да ұйымдарда болу нәтижесінде алынған мәліметтер; сондай-ақ Адам құқықтары жөніндегі комиссия мемлекеттік органдармен және ҚР ҰЕҰ-мен, адам құқықтары саласындағы халықаралық ұйымдармен бірлесіп 2012 жылы өткізген халықаралық конференциялардың, «дөңгелек үстелдер» мен семинарлардың, тренингтердің материалдары; жеке және заңды тұлғалардың Адам құқықтары жөніндегі комиссияға жазған шағымдарын қорыту және талдау нәтижелері пайдаланылды.

Баяндамада адамның және азаматтың азаматтық, саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтарының қамтамасыз етілуі мәселелері талданады.

Баяндаманың құрылымы үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары, ЕҚЫҰ, БҰҰ, басқа да халықаралық ұйымдар тарапынан назар аударылған адамның және азаматтың азаматтық (жеке), саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарының мәселелері егжей-тегжейлі қамтиды.

Бірінші бөлімде адамның өмір сүру және жеке басының өміріне қол сұғылмау, бірлесу, ойлау, ар-ождан және дін бостандығы, бейбіт жиналыстар мен митингтер өткізу бостандығы, мемлекет істерін басқаруға қатысу (еркін және әділ сайлау), сөз және ақпарат алу бостандығы құқықтарының сақталу мәселелері егжей-тегжейлі талданады.

Екінші бөлімде Адам құқықтары жөніндегі комиссияның адам құқықтары сақталуының және еңбек, әлеуметтік, гендерлік қатынастар саласындағы заңдылықты қамтамасыз етудің өзекті мәселелеріне арналған арнайы зерттеулерінің нәтижелері келтірілген. Сонымен бірге, осы бөлімде азаматтардың білім алу, денсаулығын сақтау және білікті медициналық көмек алу құқығын қамтамасыз етудің өзекті мәселелері көрсетілген. Әрі қарай өзекті мәселелер тізбесін балалардың, әйелдердің, мүмкіндіктері шектеулі адамдардың, оралмандардың құқықтарын қамтамасыз ету, халықты құқықтық ағарту мәселелері толықтырады.

Баяндаманың үшінші бөлімінде адамның және азаматтың қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот төрелігін жүргізу саласындағы; атқару ісін жүргізу сатысындағы; пенитенциарлық жүйедегі құқықтарының сақталуы талданады. Баяндаманың жекелеген тараулары адамның азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінен еркін болу құқықтарының, адам саудасы құрбандары құқықтарының сақталуы мен қамтамасыз етілуі мәселелеріне арналған.

Баяндаманың барлық тарауларында адам құқықтары саласын реттейтін ұлттық заңнаманы оның халықаралық стандарттарға сәйкестігі тұрғысынан салыстырмалы-құқықтық талдау, сондай-ақ қорытындылар және адам құқықтарын қорғау саласындағы ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасын жетілдіру жөніндегі ұсынымдар келтірілген.

2012 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезең ішінде Комиссияның хатшылығына жеке және заңды тұлғалардың адамның

және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына байланысты 1355 жазбаша шағым келіп түсті (№ 1, 2 қосымшаларды қараңыз).

Келіп түскен шағымдарды талдау барысында мынандай үрдістер анықталды: азаматтардың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік, ювеналдық істер бойынша соттар шешімдеріне келіспейтін шағымдары - Адам құқықтары жөніндегі комиссияға түскен жазбаша шағымдардың жалпы санының – **34,31%**; құқық қорғау органдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдары – **21,57%**; сот шешімдерінің орындалмауымен байланысты шағымдар – **11,51%**; азаматтардың әлеуметтік құқықтарының бұзылуымен байланысты шағымдар – **4,94%**; азаматтардың тұрғын үй құқықтарының бұзылуымен байланысты шағымдар – **4,42%**; азаматтардың еңбек құқықтарының бұзылуымен байланысты шағымдар – **3,17%**; шаруашылық жүргізуші субъектілердің лауазымды адамдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдар – **2,95%**; әкімдердің, атқарушы және өкілді билік тармақтары органдарының өзге де лауазымды адамдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдары – **2,28%**; сот органдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдар – **1,99%** құрайды (азаматтардың Адам құқықтары жөніндегі комиссияға жазбаша шағымдарының құрылымының неғұрлым егжей-тегжейлі бейнесі осы баяндаманың №1 қосымшасында келтірілген). Азаматтардың Адам құқықтары жөніндегі комиссияға келіп түскен шағымдарының талдауы осы баяндаманың тиісті бөлімдерінде беріледі. Келіп түскен азаматтардың шағымдары Мемлекет басшысы жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның тиісті ұсынымдарымен не болмаса қорытындыларымен мәні бойынша қарау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына (прокуратураға, сотқа, орталық және жергілікті атқарушы органдарға), сондай-ақ шетелдік азаматтардың шағымдары бойынша шетел мемлекеттерінің адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелеріне жіберіліп отырды.

Бұған қоса, 2012 жылы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшелері мен оның Хатшылығының қызметкерлері азаматтардың соттан тыс тәртіпте олардың құқықтарын қорғауға қатысты **800-ден** астам ауызша шағымдарын қарады. Адам құқықтары жөніндегі комиссияға ауызша шағым жасаған барлық азаматтарға (бұл негізінен халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарына жататын азаматтар) Комиссия мүшелері мен Хатшылық қызметкерлері, Адам құқықтары жөніндегі комиссияның сарапшылары жан-жақты толық заңгерлік консультациялар берді.

Жалпы 2012 жылы Комиссияның атына **2155 жазбаша және ауызша – өтініштер** келіп түскен. Адам құқықтары жөніндегі комиссияның қатысуымен **150-ден** астам қазақстандықтардың бұзылған құқықтары калпына келтірілді.

2012 жылы Комиссия хатшылығы Президент Әкімшілігінің Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау үшін **12** қабылдау ұйымдастырып, өткізді.

Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүшелері де тұрақты жұмыс орындарында азаматтарды қабылдап, оларға құқықтық көмек көрсетті.

Келіп түскен жазбаша шағымдарды зерделеу барысында Комиссия азаматтардың 49 шағымын оны қараған уәкілетті мемлекеттік органдардың қарауының дұрыстығы дәлелді күмән туғызғандықтан ерекше бақылауға алғанын атап өткен жөн. Оның ішіндегі 23 шағымдағы адам құқықтарының бұзылу фактілері расталды. Мемлекет басшысы жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның тікелей көмегімен бұл азаматтардың бұзылған құқықтары қайта қалпына келтірілді.

Іс жүзінде баяндаманың әрбір тарауында адам құқықтарының бұзылуын салыстырмалы талдау үшін Адам құқықтары жөніндегі комиссияға 2012 жылы келіп түскен азаматтардың оң шешімін тапқан шағымдары туралы мәліметтер келтіріледі.

Баяндаманың қорытындысында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғау жүйесін жетілдіру мәселелеріне арналған негізгі қорытындылары тұжырымдалған.

Өмір сүру құқығы

Қазақстан Республикасы Конституциясы 15-бабының 1 тармағына сәйкес әркімнің өмір сүруге құқығы бар. Сондықтан 2003 жылдың 17 желтоқсанында қабылданған «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы» Президент Жарлығы сот-құқықтық реформасының стратегиясын іске асыру процесінде маңызды сатысы болды, ол әлі күнге дейін сақталуда.

2007 жылғы мамырда жүргізілген конституциялық реформа қорытындысы бойынша өлім жазасын қолдану аясы қысқарып, оны қолдану тек адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін ең ауыр жаза ретінде заңмен белгілеумен шектелген, бұл іс жүзінде өлім жазасын жоюға әкеп соқты.

Конституциялық реформа қылмыстық құқық саясатын одан әрі жетілдіру үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Конституцияның 15-бабына енгізілген өмір сүру құқығына кепілдік беретін түзету іс жүзінде бұл жазалау түрін жояды, өйткені ол түзетуге сәйкес өлім жазасы соғыс уақытында ерекше ауыр қылмыстар жасағаны үшін және адамдардың қаза болуымен байланысты террористік қылмыстар жасағаны үшін көзделуі мүмкін. Бұл Конституцияның онда айтылған барлық қылмыстар үшін өлім жазасы түрінде жазалауды белгілеуге міндеттейтінін білдірмейді. Конституциялық норма өлім жазасын қолдану аясын шектей отырып, тек оның заңмен қатаң шектелген қылмыс тізбесі үшін белгіленуі мүмкіндігіне жол береді.

ҚР Конституциясы 15-бабы 2 тармағының (өлім жазасын қолдану мүмкіндігінің) сақталуы адам құқықтары мен бостандықтарының абсолюттілігі мен ешкім айыра алмайтынына кепілдік беретін ҚР Конституциясы 12-бабының ережелеріне, әркімнің өмір сүруге құқығы бар

екендігі туралы Конституцияның 15-бабының 1 тармағына және өмір сүру құқығы ешқандай жағдайда шектеуге жатпайтындығын көрсететін Конституцияның 39-бабының 3 тармағына қайшы келетінін атап өткен жөн.

Қылмыстық заңнамада өлім жазасы түріндегі жазалаудың болуы ҚР Конституцияның аталған нормаларына қайшы келеді, сондай-ақ ҚР Қылмыстық кодексі 38-бабында көрсетілген қылмыстық жазалау мақсаттарына сай келмейді.

Оның үстіне Конституцияның 12-бабында әркімге тумасынан жазылған абсолютті және ешкім айыра алмайтын Конституциямен кепілдік берілген адам құқықтары мен бостандықтары заңдардың мазмұнын айқындайды, сондықтан Қылмыстық кодексте (ҚК) қолдану кезінде өмір сүрудің конституциялық құқығын бұзуға мүмкіндік беретін ҚК 49-бабы болмауға тиіс.

БҰҰ Бас Ассамблеясының 2006 жылғы 19 желтоқсандағы 61 сессиясында Республикамыз Еуропалық Одақтың өлім жазасын жою туралы Мәлімдемесіне қосылды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы өлім жазасының қолдануын заңнамалық негізде шектейді, бірақ өлім жазасын жоюға бағытталған Азаматтық және саяси құқықтар туралы Факультативтік хаттаманы ратификациялауға кедергі жасамайды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіруді, ішінара алғанда өлім жазасын қолдану аясын біртіндеп тарылтуға бағытталған курсты одан әрі жалғастыруды, қылмыстық заңнаманы ырықтандыруды, соның ішінде қоғам үшін елеулі қауіп тудырмайтын қылмыстарды криминалсыздандыру және оларды әкімшілік құқық бұзушылық санатына өткізу жолымен ырықтандыруды, жауапкершілік пен жазадан босату негіздемелерін кеңейтуді, соңынан осы саладағы халықаралық тәжірибені енгізу мақсатымен зерделеуді көздейді.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісе отырып, ҚР Әділет министрлігінің өкілі Испания Үкіметі ұсынған Өлім жазасына қарсы халықаралық комиссия (ӨЖХК) құрамына кірді. Әділет министрі Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісе отырып 2011 жылғы 6 қаңтарда Әділет министрлігі Департаментінің директоры Э.Әзімованы Қазақстанның ӨЖХК-дағы ұлттық үйлестірушісі етіп тағайындады.

Қазақстан қылмыстық заңнаманы ізгілендіру жолымен жүйелі жүріп келеді. Қылмыстық кодекстің жеке баптарын қылмыстық жауаптылықты әкімшілік жауаптылықпен алмастыру жолымен криминалсыздандыру процесі жүріп жатыр. Анықтау және тергеу процедурасы оңайландырылып, тараптарды татуластыру институты енгізілуде.

Бұл жұмыстың барлығы жүйелі сипатқа ие және қылмыстық саясатты ізгілендіру бағдарламасы бағыттарының бірі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандай, 2003 жылғы 17 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы

Конституциясының әркімнің өмір сүру құқығын бекітетін 15-бабының 1 тармағына сәйкес «Қазақстан Республикасында өлім жазасына мораторий енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл Жарлық 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру туралы құқықтық саясат тұжырымдамасының қағидаларын жүзеге асыруға бағытталған және өлім жазасын қолдануды шектеуге бағытталған бағдарының заңды жалғасы болып табылады.

Жарлық соттардың өлім жазасы туралы үкімді орындауды тоқтата тұруын көздейді. Өлім жазасын заңнамалық деңгейде толық жойғанға дейін өлім жазасына балама ретінде өмір бойы бас бостандығынан айыру институтын қалдыру өзін-өзі ақтайды деп ойлаймыз.

Өмір бойы қамауда ұстау институтының пайда болуы соттардың өлім жазасына кесу жағдайларын барынша азайтады, бұл өлім жазасынан толықтай бас тарту үшін нақты алғышарттар жасайды деп ойлауға әбден негіз бар.

Қазіргі уақытта Қазақстанның Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің Екінші Факультативтік хаттамасына қол қойып, ратификациялау мүмкіндіктері туралы мәселе және еліміздің қылмыстық жазалау ретіндегі өлім жазасын қолданудан толықтай бас тартуы бойынша пікірталас жүруде. Бұл ҚР Конституциясының адам өмірі мен оны қорғаудың ажырамас қағидасын жариялауымен тікелей байланысты.

ҚР Конституциясының 15-бабына енгізілген өзгерістер өлім жазасын қолдану шеңберін едәуір тарылтып, бұл мәселенің түпкілікті шешілуін заңның қарауына береді.

Өлім жазасына мораторий жарияланған сәттен бері сегіз жылдан астам уақыт өтті және бүгін өлім жазасынан бас тарту, дәл сол сияқты жалпы қылмыстық саясатты ізгілендіру процесі қылмыстылықтың өршуін тудырған жоқ, ал Қазақстандағы қылмыстық жағдай салыстырмалы түрде тұрақты күйінде қалуда. Елде мораторийдің күшін жойып, жазаны қалпына келтіруді талап ететін қандай да бір қоғамдық қозғалыс пайда болған жоқ. Оның үстіне, қоғамдық пікірдің өлшемдері өлім жазасына қарсы адамдар санының мораторий енгізгеннен кейін артқанын көрсетіп отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанда өлім жазасына кесілгендер жоқ. Өлім жазасын қолдануға мораторийдің қолданылуы жалғануда және ол Жарлықта атап көрсетілгеніндей өлім жазасын жою туралы мәселені шешкенге дейін мерзімі шектелмеген.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мәліметтері бойынша атқару жүйесі мекемелерінде өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған 95 адам жазасын өтеуде.

Қазақстанда өлім жазасы сияқты жазалаудан толық бас тарту мүмкін бе? Конституциялық-құқықтық көзқарас тұрғысынан – иә. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі 2003 жылғы 30 қаңтардың өзінде-ақ №10 «Қазақстан Республикасының Конституциясының 52-бабының 4 тармағына, 71-бабының 5 тармағына, 79-бабының 2 тармағына, 83-бабының 3 тармағына және 15-бабының 2 тармағына ресми түсініктеме беру туралы» нормативтік қаулы қабылдады. Ата Заңның 15-бабы 2 тармағының өлім

жазасы түріндегі жазалау көзделуі мүмкін қылмыстық іс-әрекеттердің аясын айқындайтын нормаларын түсіндіре отырып, Конституциялық Кеңес оларды шектеуші сипатқа ие деп атап өтті. Яғни заң шығарушы қандай да бір қылмыс үшін өлім жазасын белгілеу кезінде Конституция нормасында белгіленген шектен шығуға құқықсыз. Сонымен бірге, конституциялық бақылау органы көрсеткендей, 15-баптың 2 тармағында келтірілген қылмыстар үшін өлім жазасынан басқа өзге де жазалар белгіленуі мүмкін. Бұдан келіп шығатыны, Қазақстан Республикасының қолданыстағы Конституциясы ең ауыр жазаны қолдану аясын одан әрі шектеуге немесе одан толықтай бас тартуға кедергі жасамайды. Ол үшін Қылмыстық кодекске тиісті түзету енгізсе жеткілікті.

Көп елдер өлім жазасын қолданудан бас тартты, олардың ішінде дамыған Еуропа елдері де, экономика, саяси өмір, құқық тәртібі саласында проблемалары бар елдер де бар.

ЕҚЫҰ-ға қатысушы 56 мемлекеттің ішінен 3 мемлекетте (Қазақстан, Беларусь, Тәжікстан) заңнамалық деңгейде өлім жазасының қолданылуы көзделген. Тәжікстанда үкім шығарған кезде өлім жазасын қолдануға мораторий енгізілген.

Қылмыстық кодексте өлім жазасы түріндегі жазаның болуы Қазақстандағы қылмыстық іс саясатының репрессивтілігі, ізгілікті еместігі туралы пікірлер айтылуға сылтау болып табылады.

Қазақстанда соттан тыс немесе өз бетімен жазалау немесе құқық қорғау органдары немесе ұлттық қауіпсіздік органдары жасаған адамдардың зорлықпен жойылып кету практикасы жоқ.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның көзқарасы бойынша Қазақстанның адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық деп танитын БҰҰ мен ЕҚЫҰ мүшесі ретінде Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің екінші Факультативтік хаттамасына қол қойып, ратификациялағаны жөн болады.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Қазақстан Республикасында адамның және азаматтың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктерін жетілдіру, адам құқықтарын қорғаудың халықаралық тетіктерін күшейту мақсатында және заңнамалық деңгейде өлім жазасын толықтай жою үшін 1989 жылғы 15 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің өлім жазасын жоюға бағытталған Екінші Факультативтік хаттамасына қол қойылсын (БҰҰ Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 15 желтоқсандағы 44/128 қарары).

2. Өлім жазасының орнына өмір бойы бас бостандығынан айыру институты заңнамалық түрде енгізілсін.

Жеке өмір сүру және дербес мәліметтерін қорғау құқығы

Жеке өмір (прайвеси) – БҰҰ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық

пактіде және көптеген басқа халықаралық және өңірлік келісімдерде танылған адамның іргелі құқығы. Жеке өмір адамның ар-намысы мен жиналу бостандығы, ойлау бостандығы, бірлесу және сөз бостандығы сияқты басқа да шешуші құндылықтарының негізін қалайды. Жеке өмір қазіргі замандағы адамның маңызды құқықтарының біріне айналды.

Әлемнің барлық елдері дерлік өз конституцияларында жеке өмір құқығын мойындайды. Бұл конституциялық нормалар ең аз дегенде тұрғын үйге қол сұғылмаушылық пен коммуникациялар құпиясы құқықтарын қамтиды. Кейбір жаңа конституцияларда дербес мәліметтерге қол жеткізуді шектеу туралы ескертулер бар.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 17-бабына сәйкес: *«1. Әрбір адам жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше, немесе заңсыз араласуынан, өз бетінше немесе заңсыз озбырлық жасап, баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғылуынан, ар-намысы мен абырой-беделіне нұқсан келтірілуінен қорғалуы тиіс.*

2. Әрбір адамның осындай озбырлық пен қол сұғушылықтан заңмен қорғалуына құқығы бар».

1988 жылы БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитеті өзінің Отыз екінші сессиясында АСКХП-нің осы бабына жалпы тәртіптегі №16 Ескертуін қабылдады:

«1. 17-бап әрбір адамның жеке және отбасылық өміріне өзгелердің өз бетінше, немесе заңсыз араласуынан, өз бетінше немесе заңсыз озбырлық жасап, баспанасына, хат жазысып-алысу құпиясына қол сұғылуынан, ар-намысы мен абырой-беделіне нұқсан келтірілуінен қорғалу құқығын көздейді. Комитеттің пікірінше бұл құқық кез келген мұндай араласу мен осындай қол сұғылудан оны мемлекеттік органдардың, жеке немесе заңды тұлғалардың жасағанына қарамастан кепілдіктермен нығайтылуға тиіс. Бұл баптан туындайтын міндеттемелер мемлекеттен мұндай араласу мен осындай қол сұғуларға пәрменді тыйым салу, сондай-ақ осы құқықты қорғау үшін заңнамалық және басқа да шараларды қабылдауды талап етеді...

3. «Заңсыз» термині араласудың заңда көзделген жағдайдан басқа кезде мүлде болмауын білдіреді. Мемлекет рұқсат ететін араласу заңның негізінде жасалуы мүмкін, ол өз кезегінде Пактінің ережелеріне, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуге тиіс.

4. «Өз бетінше араласу» ұғымы да АСКХП 17-бабында көзделген құқықты қорғаумен байланысты. Комитеттің пікірінше, «өз бетінше араласу» ұғымы заңда жол берілетін араласуға да қолданылуы мүмкін. Өз бетінше ұғымын енгізу тіпті заңмен жол берілетін араласудың өзі Пактінің ережелеріне, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келуін және кез келген жағдайда нақты жағдайларда негізделген болуын қамтамасыз етуге арналған...

7. Барлық адамдар қоғамда өмір сүретіндіктен, жеке өмірді қорғау абсолютті болуы мүмкін емес. Сонымен бірге, құзырлы мемлекеттік органдардың индивидтің жеке өміріне қатысты тек Пактіде

түсіндірілгеніндей қоғам мүддесі үшін қажет ақпаратты ғана сұрату мүмкіндігі болуға тиіс...

10. Мемлекеттік биліктің немесе жеке тұлғалардың немесе органдардың компьютерлерде, мәліметтер банктерінде немесе өзге де түрде жеке сипаттағы ақпарат жинауы мен сақтауы заңмен реттелуге тиіс. Мемлекет қандай да бір адамның жеке өміріне қатысты ақпараттың оны алуға, өңдеуге және пайдалануға рұқсаты жоқ адамдардың қолына түспеуінің, осындай ақпараттың ешқашан да Пактінің мақсаттарына сай келмейтін мақсаттарда пайдаланбауының тиімді шараларын қолдануы тиіс. Әрбір адам өзінің жеке өмірін тиімді қорғауы үшін автоматтандырылған мәліметтер файлдарында жеке сипаттағы ақпараттың бар-жоқтығына және бар болса, онда ол қандай және қандай мақсатпен екендігіне айқын түрде көз жеткізу құқығына ие болуға тиіс. Әрбір адам қандай мемлекеттік органдар немесе жеке тұлғалар олардың файлдарын бақылайтынын немесе бақылауы мүмкін екеніне көз жеткізу мүмкіндігіне де ие болуға тиіс. Егер де мұндай файлдарда жеке сипаттағы дұрыс емес ақпарат болса немесе ол заңның ережелерін бұза отырып жиналған не болмаса өңделген болса, онда әрбір адам бұл ақпаратты түзетуді немесе алып тастауды талап ету құқығына ие болуға тиіс».

Жеке өмір мен дербес мәліметтерді қорғау саласындағы халықаралық практика адамның жеке өмірін қорғауға арналған арнайы заң қабылдау жолымен жүріп келеді.

Мұндай заңдарды қабылдаудың қажеттігін негіздейтін негізгі себептер ретінде мыналар аталады:

өткен жылдардың қателігін түзеу қажеттігі. Тиісті заңдарды қабылдау өткен жылдардың тоталитарлық режимі кезіндегі адам құқықтарының бұзылу салдарын түзеуге мүмкіндік береді;

электрондық бизнесті дамытуға жағдай жасау. Жеке өмірге қатысты заңдар бірыңғай электрондық сауда ережелерін белгілеуге бағытталған заңдар пакеттеріне енгізілген;

ұлттық заңнаманың халықаралық міндеттемелерге сәйкестілігін қамтамасыз ету.

Дегенмен де, заңдар мен өзге де қорғау нысандарын қабылдау және жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесі жеке өмірдің бұзылуы бұрынғысынша үлкен проблема күйінде қалып отырғанын куәландырады. Көп елдерде заң шығарушылар техникалық прогреске «ілесе алмай жатады» және де бұл адам құқықтарын қорғау саласындағы үлкен ақтаңдақтардың пайда болуына әкеп соғады. Кей кездері құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтер айрықша құзырға ие болып жатады. Соңында айтар болсақ, заңдардың орындалуына лайықты бақылау болмаған кезде заңның өмір сүруі оның пәрменді қорғайтынын білдірмейді.

Көптеген демократиялық елдерде коммуникацияларды бақылаумен байланысты адам құқықтарының бұзылуы кең тараған.

Тіпті жеке өмірді қорғайтын қатаң заңдары бар елдерде әлі күнге құқық қорғау органдарында ештеңеге айыпталмайтын және қылмыс жасады деп күдіктенбейтін азаматтарға арналған үлкен досьелер бар.

Тұтас алғанда жеке өмір құқығы көптеген қатерлерге ұшырайды.

Ақпараттық технологиялар күрделілігі үнемі өсіп келеді. Жеке адамдар туралы ақпарат жинау, талдау және таратудың жаңа мүмкіндіктері пайда болуда, бұл тиісті заңдарды шұғыл енгізу туралы ойлануға мәжбүр етеді. Медицина және денсаулық сақтау, телекоммуникациялар саласындағы жаңа зерттеулер, қаржы қаражаттарын тасымалдау мен жылжытудың кең мүмкіндіктері әрбір адам туралы қол жетімді ақпарат санын едәуір арттырды. Жоғары жылдамдықты желімен байланысқан қуатты компьютерлер қоғамның әрбір адамына егжей-тегжейлі досье жасау үшін пайдаланылуы мүмкін және бұл үшін біртұтас орталық ЭЕМ талап етілмейді. Бастапқыда қорғаныс қажеттілігі үшін жасалған жаңа технологиялармен құқық қорғау органдары, мемлекеттік құрылымдар мен жеке меншік фирмалар қарулануда.

Қоғамдық пікір сауалдамаларынан көптеген елдердегі адамдардың қазіргі таңда жеке өмірінің бұзылуынан қазіргі заман тарихында бұрын-соңды болмағандай қауіптенетінін көреміз. Әртүрлі елдердегі азаматтардың тұтастай топтары олардың жеке өміріне килігуге өздерінің алаңдаушылықтарын білдіреді, бұл барған сайын көп мемлекеттерді жеке өмірді қорғауға бағытталған арнайы заңдар қабылдауға мәжбүрлеуде.

Бүгінгі таңда ақпараттық технологиялардың орасан жылдамдықпен өсіп жатқаны айқын. Жеке өмірге килігу мүмкіндіктері де – немесе, жоқ дегенде әлеуеттік мүмкіндіктері де - өсіп жатыр.

Бұл айқын аспектілерден басқа сол сияқты жеке өмірді бұзуға ықпал ететін бірқатар маңызды факторлар бар:

жаһандылық, яғни мәліметтер ағыны үшін географиялық шекараның бұзылуы. Интернеттің дамуы – міне бұл, мүмкін, соған барынша белгілі мысал.

Конвергенция, яғни жүйелер арасындағы технологиялық кедергілердің жойылуы. Қазіргі заманғы ақпараттық кедергісіз жүйелер өз ара іс-қимыл жасайды, бір-бірімен әртүрлі мәліметтер түрін алмасып, өңдей алады.

Мультимедиа, яғни мәліметтер мен көріністерді берудің қазіргі заманғы нысандары; бір форматта берілген ақпаратты келесі форматтарға оңай алмастыруға болады.

Бұл жағдайларда жеке өмір құқығын қамтамасыз етуді халықаралық стандарттар мен қазіргі заманғы қатерлерге сәйкес келетіндей құқықтық реттеу қажет.

Халықаралық заңнамада белгілі адам құқықтарының барлығының ішінен прайвесиді анықтау және жіктеу бәрінен қиын. Прайвеси анықтамалары жағдайға байланысты өзгереді. Көп елдерде прайвеси тұжырымдамасы мәліметтерді қорғаумен тұйықталады (прайвеси жеке бас мәліметтерін қорғау терминінде түсіндіріледі). Осы айтарлықтай қатаң шеңберден тыс прайвеси көбінесе қоғамның жеке өмірге араласа отырып, әрі аспайтын шегі ретінде қарастырылады.

Бұл жағдайда прайвесиді екіге бөлуге болады:

ақпараттық прайвеси, ол банктік және медициналық ақпарат сияқты жеке бас мәліметтерін жинау мен өңдеуді реттеуді қамтиды;

тәни прайвеси, ол адамның денелік тұтастығын, мысалға ішкі органдарды зерттеу сияқты бөтеннің араласуынан қорғауға қатысты;

коммуникациялар прайвесиі, бұл почта хабарламаларының, телефонмен сөйлесудің, электрондық почтаның және басқа да байланыс түрлерінің сақталуы мен қол сұғылмауын білдіреді;

аумақтық прайвеси, тұрғын үйге, сондай-ақ жұмыс орны мен қоғамдық орындарда баса көктеп кіруге шектеулерді білдіреді.

Жеке өмірді қамтамасыз етудің қазіргі заманғы модельдерінің негізінде «құқықты қорғау» принципі жатыр. Осы принципке сәйкес мемлекет азаматтарға қатысты жеке бас мәліметтерін заңнамалық қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

Бұл заңнамалық қорғау мыналарға қатысты болуға тиіс:

- *дербес карточкаларды немесе досьелерді пайдалануға*, бұлар белгілі бір дәрежеде әлемнің барлық дерлік елдерінде пайдаланылады. Карточкалардың түрлері, олардың мақсаттары мен ақпараттарының көлемі әртүрлі және олардағы дербес мәліметтер әртүрлі мақсаттарда пайдаланылады. Ақпарат жинау жүйелері экстремизммен немесе лаңкестікпен күресуге бағытталуы не болмаса ұлттық тіркеу жүйесінің жай бір бөлігі болуы мүмкін. Ұлттық сәйкестілік жүйесі оны жеке өмірді қорғаумен толықтыруды талап етеді;

- *биометрияға*, яғни адамның дене сипаттамалары туралы мәліметтерді оны сәйкестендіру мақсатында жинау, өңдеу және сақтау процесіне. Барынша кең тараған биометриялық жүйелер көздің тор қабығын түсіріп сканерлеу, қолдың геометриясын зерттеу, дактилоскопия, дауысты тану және цифрлы (электрондық түрде сақталатын) фотография болып табылады. Биометрия үкіметтер мен жеке меншік фирмалардың назарын аударуда, өйткені жеке басты сәйкестендірудің басқа түрлеріне қарағанда толық және дәл сәйкестендіруді қамтамасыз етеді. Бұл ретте ДНК-ны сәйкестендіру технологиясы көбірек дау туғызады. Ол санаулы минуттың ішінде ДНК талдауларын орасан мәліметтер базасымен салыстырып беруге мүмкіндік беретін ең жаңа технологиялық жетістіктерді пайдаланады. Бұл да жеке өмірді құқықтық қорғаудың тиімді құралдарын талап етеді;

- *коммуникацияларға бақылауға*, өйткені іс жүзінде барлық елдерде телефон, телекс және телефакс хабарламаларына бақылау жасау мүмкіндіктері қарастырылған. Көп жағдайларда бұл бақылау құқық қорғау органдарының бастамасымен және тікелей қатысуымен жасалады. Коммуникацияларға заңсыз қол жеткізу көптеген елдерде бар және осылайша алынған ақпарат көлемдері орасан өлшемге ие. Телефонмен сөйлесуді бақылау жүйелерін қашықтан пайдалануға «ыңғайлы» ету үшін құқық қорғау органдары дәстүрлі түрде телекоммуникациялық компаниялармен бірге жұмыс істейді. Бұл уағдаластықтар арнайы қызметтердің коммуникацияларға ақпаратты автоматты түрде алып отыратын жүйе орнатуға дейін баратын қол жетімдік

беру түріне ие. Мұндай қызмет түріне заңнамалық тұрғыдан шектеулер қою прайвесиді және адамның жеке өміріне құқығын қамтамасыз ету үшін қажет;

- *Интернет пен почта хабарламаларын ұстап алу.* Соңғы онжылдықта коммуникациялар мен зерттеудің маңызды құралына айналды. Технология қарыштап дамуда және пайдаланушылар саны жыл сайын миллиондап өсуде. Интернет коммерциялық операцияларда барған сайын жиі пайдаланылуда. Интернеттің мүмкіншіліктері, жылдамдығы, сенімділігі үнемі артып келеді, сонымен бірге Желіні пайдалануға деген жаңа көзқарастар саны да өсіп келеді. Бірақ бұл икемді құрылым билік тарапының килігуінен және бақылауынан қорғалмаған. Компьютер желілері – салыстырмалы түрде жаңа құбылыс болғандықтан, телефон құқығын реттеу кезінде қолданылатын сияқты оған арналған заңнамалық ережелер жасалмаған. Бүкіл әлемдегі құқық қорғау органдары мен ұлттық қауіпсіздік қызметтері Интернет арқылы берілетін электрондық почта мен барлық ақпаратты ұстап алу және талдау жүйесін жасаумен шұғылдануда. Бұл жағдайда прайвесиді қорғаудың кепілдіктері қажет.

- *бейнеқадағалау.* Соңғы жылдарда бейнекамераларды пайдалану бүкіл әлем бойынша бұрын-соңды болып көрмеген ауқымға ие болып отыр. Оны жеке меншік секторда пайдалану барған сайын кең тарауда. Мұндай жүйелер түнде көруді, компьютермен басқаруды, қозғалыс датчиктерін қамтитын күрделі технологияларға негізделген (жүйені камераның «көру өрісінде» қандай да бір қозғалыс болса дабыл сигналы қосылатындай етіп бағдарламалап қоюға болады). Атап өтетін жайт, кейбір орындарда жасырын бейнеқадағалауды қандай да бір кедергісіз-ақ жасауға болады. Мұндай бейнеқадағалауларды пайдалану да прайвесиді қорғау мақсатында құқықтық реттелуге тиіс.

- *жұмыс орнын қадағалау.* Барлық дерлік елдердегі қызметкерлер менеджерлер тарапынан мұқият қадағаланады. Әдетте, мұндай жағдайларда заңнамалық қорғау үлкен емес, себебі қадағалау көбінесе жұмысқа қабылдау шарттарының бірі болып табылады. Компания қазірге бұл бақылауды заңдастыруға әрекет жасап жатқанда оның түрлерінің барлығы бірдей шын мәнінде заңды бола бермейтіні түсінікті болып келеді. Соған байланысты бейнеқадағалауларға заңнамалық шектеулер енгізу және жұмыс берушінің міндеттеріне мұндай мәселелерді қызметкермен келісіп алуды бекіту қажет.

Қазақстан заңнамасында жеке өмірді қорғауға қатысты бірқатар нормалар бар.

Біріншіден, бұл ҚР Конституциясының 18-бабының ережелері:

«1. Әркімнің жеке өміріне қол сұғылмауына, өзінің және отбасының құпиясы болуына, ар-намысы мен абыройлы атының қорғалуына құқығы бар.

2. Әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».

Екіншіден, ҚР Конституциясының 25-бабының ережелері:

«1. Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Соттың шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді. Тұрғын үйге басып кіруге, оны тексеруге және тінтуге заңмен белгіленген реттер мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі...».

Одан әрі жеке өмірге қол сұғылмаушылық қылмыстық іс жүргізу заңнамасымен жанама қорғалған.

ҚР ҚІК 16-бабына сәйкес:

«Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпия заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтардың, хат жазысудың, телефон арқылы сөйлесудің, почта, телеграф және өзге де хабарлардың құпиясына құқығы бар. Қылмыстық процесс барысында бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».

Хат-хабарды тұтқындау, хабарды жол-жөнекей ұстау, сөйлесулерді тыңдау мен жазу негіздемелері мен тәртібі ҚР ҚІК 235-237 баптарында баяндалған.

ҚР ҚІК 17-бабына сәйкес *«Тұрғын үйге қол сұғылмайды. Тұрғын үйге онда тұратын адамдардың еркіне қарсы кіруге, оны қарауға және тінту жүргізуге заңда белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».*

Тұрғын үйге қарау және тінту жүргізу үшін кіру негіздемелері мен тәртібі ҚР ҚІК 27 және 29 тарауларында баяндалған.

ҚР АІК 10-бабына сәйкес *«Азаматтардың жеке өмірі, жеке және отбасылық құпиясы заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақтар, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, почта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясына құқығы бар. Азаматтық процесс барысында бұл құқықтарды шектеуге заңда тікелей белгіленген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана жол беріледі».*

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ҚР ӘҚК) 18-бабына сәйкес *«Жеке өмір, жеке бастың және отбасының құпиясы заңның қорғауында болады. Әркімнің жеке салымдар мен жинақ ақша, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почтамен, телеграф арқылы және өзге хабарламалар алысу құпиясына құқығы бар. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу барысында осы құқықтарды шектеуге тек заңмен тікелей белгіленген жағдайларда және тәртіппен жол беріледі».*

ҚР Қылмыстық кодексінің 142, 143, 144 және 145 баптарында жеке өмірге қол сұғылмауын бұзғаны, хат жазысу, телефонмен сөйлесу, почтамен, телеграф арқылы және өзге хабарламалар алысу құпиясын, дәрігерлік құпияны жариялағаны, тұрғын үйдің қол сұғылмауын заңсыз бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленген.

Дегенменмен де, бұл құқықтық нормалар осы құқықтарды барлық мемлекеттік органдардың, жеке адамдар мен ұйымдардың сақтауына кепілдіктерді қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Әкімшілік заңнамада

азаматтардың жеке өмірі құқықтарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тікелей қатысты баптар мүлде жоқ. Ақпарат беруден бас тартқаны (ҚР ӘҚК 84-бабы), соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенге дейін кінәлілік туралы мәлімет таратқаны үшін (ҚР ӘҚК 86-бабы) жауапкершілік немесе тыныштықты бұзғаны үшін (ҚР ӘҚК 333-бабы) жауапкершілікті жеке өмір құқығын қорғау шарасына жатқызу қиын.

Осыған байланысты қазақстандық заңнаманы жеке өмір құқығын қорғау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру үшін БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің жалпы тәртіптегі ескертулерінде көрсетілгендей әрі заңсыз, әрі өз еркімен араласудан қорғауға кепілдік беретін арнайы заңнама қабылдануы қажет.

БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетінің жалпы тәртіптегі ескертулеріне сәйкес қазақстандық заңнамада АСҚХП 17-бабында пайдаланылатын барлық ұғымдардың анықтамалары болуы қажет.

Мысалға, «тұрғын үй» ұғымы бұл мақсат үшін адамның тұратын жері ғана емес, сонымен бірге оның жұмыс орнын қоса алғандағы әдеттегі істерімен айналысатын орны ретінде түсіндірілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының кеден органдарының азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмау, жеке басының және отбасының құпиясы құқығын бұзуы фактілері практикада жиі кездесетінін ерекше атап өткен жөн. Атап айтқанда олар азаматтардың алып шығатын бейнекассеталарды, аудиокассеталарды, дискілер мен фототаспаларды оларда тыйым салынған ақпараттың бар-жоғын тексеру үшін міндетті түрде алдын ала қарауға ұсынуы туралы қолданыстағы кедендік ережеге сілтеме жасайды.

Жұмыс тобының пікірінше кеден органдарының талаптары оларды орындаудың күрделілігінен азаматтардың негізделген жазғыруын тудырады және кеден органдары қызметкерлері тарапынан жемқорлық құқық бұзушылыққа жағдай жасайды.

Қазақстан әлеуметтанушылары ассоциациясы 1500 респондент арасында жүргізген сауалдама жеке өмірге қол сұғылмау құқығын қорғау саласындағы ахуалға сұрақ берілгендердің 19% теріс баға бергенін көрсетіп отыр. Сұрақ берілгендердің 65,3% жеке өмірге қол сұғылмау құқығын қорғаудың мемлекеттік тетіктеріне оң баға берген. Сұрақ берілгендердің 15,7% жауап беруге қиналған. Тұтас алғанда, жеке адамның өміріне қол сұғылмау құқығын қорғау ахуалына жасалған әлеуметтанушылық талдау нәтижелері жеке өмірге қол сұғылмау құқығын қорғаудың мемлекеттік тетіктері кейбір жеке лауазымды адамдардың, басқа да адамдардың заңдылық пен адам құқықтарын бұзу фактілерін есепке алмағанда, Қазақстанның адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерін ескере отырып жетіліп келеді деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Соңында, жеке өмірді қорғауға қандай органдар жауап беретінін және бұл үшін қандай тиімді құралдар бар екенін айқындау қажет.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Жеке өмір мен дербес мәліметтерді қорғау туралы құқық қорғау практикасы Қазақстан Республикасы Конституциясы мен халықаралық стандартраға сәйкес жетілдірілсін.

2. Азаматтардың жеке өміріне қол сұғылмаушылық, жеке басы мен отбасының құпиясы конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында жеке тұлғалардың кедендік мүлікті алып кіру және алып шығу ережелерін реттейтін заңға тәуелді актілер нормаларының Конституция нормаларына, Қазақстан Республикасы заңдарына және оның адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелеріне сәйкестігі тексерілсін.

Бірлесу құқығы

Қазақстанда идеологиялық және саяси әралуандылық танылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық қоғамдық бірлестіктердің заң алдында тең екенін айқындайды.

Азаматтардың еркін бірлесу құқығы (бірлесу құқығы, одақ құру еркіндігі, әрбір адамның басқалармен қауымдасу құқығы немесе әрбір адамның коммерциялық емес ұйымдар мен одақтарға кіру құқығы) адамның және азаматтың маңызды және ажырамас конституциялық құқықтарының бірі болып табылады, оның іске асырылуы қоғам мүддесіне сай және мемлекеттің қорғауында.

Қазақстан Республикасы қоғамдық бірлестіктер құру бостандығына кепілдік береді.

Бостандық мүмкін болатын жүріс-тұрыс шарасы ретінде азаматтың қоғамдық бірлестік қызметіне қатысуы немесе қатыспауы оның құқықтары мен бостандықтарын шектеуге негіз бола алмайтынымен де қамтамасыз етілген.

Қазіргі уақытта Қазақстанда азаматтық қоғам институттарының – үкіметтік емес ұйымдардың, соның ішінде қоғамдық бірлестіктер мен саяси партиялардың дамуы үшін барлық қажетті құқықтық және саяси жағдайлар жасалған.

Азаматтық қоғамның маңызды сегменті – үкіметтік емес ұйымдар едәуір нығайды. Егер де тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында елімізде үкіметтік емес ұйымдар іс жүзінде жоқ болған болса, ал қазір тіркелген үкіметтік емес және коммерциялық емес ұйымдардың саны 18 мыңнан асады. Тендер негізінде іріктелген бұл ұйымдардың мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыруы үшін мемлекеттік бюджеттен жыл сайын 15 млн.-нан астам АҚШ доллары бөлінеді.

Бүгінгі таңда азаматтық бастамалар қоғам өмірінің барлық салаларында көрініс табуда, қоғамдық бірлестіктер қоғам мүдделерінің кең ауқымын танытады.

Қоғамдық бірлестіктер азаматтардың азаматтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту; кәсіби және әуесқойлық

мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау; қайырымдылық қызметке қатысу; мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу; тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау; патриоттық және адамгершілік тәрбие беру; халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту; Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылады.

1996 жылғы 31 мамырдағы «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасы азаматтарының еркін бірлесу құқықтарын іске асыруымен, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің құрылуымен, қызметімен, қайта құрылуымен және жойылуымен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

ҚР Әділет министрлігінің мәліметтері бойынша «Заңды тұлғалар» Мемлекеттік деректер базасында 2012 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан аумағында **25 196** ҮЕҰ тіркелген.

2012 жылы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуге үкіметтік емес ұйымдардың өтініші **1994** түскен, олардың ішінде **526** өтініш бойынша тіркеуден бас тартылды.

Қазақстан Республикасында қоғамдық бірлестік деп саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың заңнамаға қайшы келмейтін ортақ мақсатқа қол жеткізу үшін ерікті негізде құрған басқа да бірлестіктері танылады.

2002 жылғы 15 шілдедегі «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы саяси партиялар құрудың құқықтық негіздерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, қызметінің кепілдіктерін айқындайды, саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа да ұйымдармен қатынасын реттейді.

Заңның 3-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары саяси партияларға еркін бірлесу құқығына ие.

Саяси партиялар құру рәсімін одан әрі ырықтандыру мақсатында 06.02.2009 жылы «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оның барысында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсынымдары ескерілді.

Ішінара алғанда, енгізілген түзетулер құрылтай съезін (конференциясын) дайындау және өткізу үшін міндетті түрде құрылатын ұйымдастыру комитетінің қызметін қосымша реттейді, саяси партияны мемлекеттік тіркеу мерзімі 2 айдан 4 айға дейін ұзартылып, тіркеу үшін талап етілетін партия жақтастарының саны 50 мыңнан 40 мыңға дейін төмендетілді. Бұл ретте өңірлік ценз 700-ден 600 адамға дейін төмендетілген.

Заңнаманы ырықтандырудың тағы бір қадамы артық бюрократиялық кедергілерді жою болды. Енді партия мүшелерінің саны бойыншы оның жалпы

санына әсер етпейтін бұзушылықтар мемлекеттік тіркеуден бас тартуға негіз бола алмайды.

ЕҚЫҰ мен басқа да халықаралық ұйымдар сарапшылары нақ осыған тіркеу рәсімін шектен тыс қиындататын жайт ретінде бірнеше рет көңіл аударған болатын.

Осылайша, барлық саяси партиялар қолданыстағы заңнаманың барлық талаптары сақталған кезде өз қызметін тіркеуге тең қолжетімді.

Заңнама талаптарын бұзу заңды тұлғаларды, соның ішінде саяси партияларды тіркеуден бас тартуға әкеп соғады. Тіркеуден бас тарту үшін ешқандай басқа себептер жоқ.

Уәкілетті органның мәліметі бойынша Қазақстан Республикасында 18 835 заңды тұлға тіркелген, оның 8 678 – қоғамдық бірлестіктер (*соның ішінде 1491 кәсіподақ, 10 саяси партия*), 5 172 – қор, 3 655 - мекеме, 1 330 – заңды тұлғалар бірлестігі.

Бірлесу құқығының кепілдіктері адам құқықтары жөніндегі негізгі халықаралық құжаттарда – Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (20-бап), Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде (22-бап), көптеген БҰҰ-ның конвенцияларында және адам құқықтары жөніндегі өңірлік құжаттарда бар.

Бірлесу құқығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерге қатысты бірқатар қағидалар ЕҚЫҰ кеңестерінде қабылданған осы ұйымның құжаттарында бар.

Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялады, ал БҰҰ-на және ЕҚЫҰ-на кірген кезде өзіне адамның құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде бірлесу құқығын сақтауға белгілі бір міндеттемелер алды.

Бұл міндеттемелер Конституция мен ұлттық заңнамада бірлесу құқығын бекітіп қою ғана емес, сонымен қатар оның бұл құқықты қазіргі заманғы баяндалуын, оның реттелуі мен заңдылығын, енгізілетін шектеулердің негізділігі мен мөлшерлестігін қабылдауда.

Осылайша әңгіме бірлесу құқығына кепілдік берудің саяси міндеттемесі туралы ғана емес, сонымен бірге бұл міндеттеменің нақты жағдайда қалай жүзеге асатыны туралы да болып отыр.

1. Қазақстан Республикасындағы қоғамдық бірлестіктердің құқықтық жағдайының мәселелері

Жоғарыда атап өтілгеніндей, халықаралық стандарттарға және әлемнің көптеген елдерінің тәжірибесіне сәйкес ҮЕҰ заңды тұлға мәртебесін алып та, алмай да жұмыс істей береді.

Дегенменде, ҮЕҰ көпшілігі мұндай мәртебені (коммерциялық емес ұйым түрінде) алғанды қалайды, өйткені бұл оларға салық жеңілдіктерін, мемлекеттің қолдауын алуға мүмкіндік береді және жалпы қызметін жеңілдетеді.

Негізгі принциптерде кез келген жеке немесе заңды тұлға, елдің азаматы немесе шетелдік, не болмаса осындай адамдардың тобы ҰЕҰ еркін құруға құқылы болуға тиіс деп көрсетілген. Екі немесе одан көп адам мүшелік принципіне негізделген ҰЕҰ құруға құқылы болуға тиіс. Заңды тұлға мәртебесін алу үшін мүшелердің саны көп болуы талап етілуі мүмкін, алайда ол ҰЕҰ құруға кедергі жасайтын деңгейде болмауға тиіс. Кез келген адам мұра ету немесе сыйлау жолымен ҰЕҰ құру құқығына ие болуға тиіс, әдетте оның нәтижесінде қор немесе траст құрылады.

Негізгі принциптерге Түсіндірме жазбада ҰЕҰ құруға қажетті адамдардың ең аз саны туралы мәселе осы құжатты дайындау барысында ұзақ уақыт бойы талқыланды, өйткені әртүрлі елдердің заңдарында бұл сан өзгеріп отырады деп нақтыланған. Кейбір елдерде бұл үшін бір адам жеткілікті; басқа елдерде заңда жоғарырақ деңгей белгіленеді – екі, үш немесе бес адам, тіпті одан да көп. Түптеп келгенде бейресми ұйымдар мен құқық субъектілігін алғысы келетін ұйымдар арасындағы айырмашылықты айқындауға шешім қабылданды. Бірінші жағдайда мүшелік принципіне негізделген ҰЕҰ құру үшін екі адам жеткілікті, ал құқық субъектілігін алу үшін мүшелерінің саны көп болуы талап етілуі мүмкін. Бірақ бұл жағдайда берілген сан өзінің мөлшері жағынан ұйымды құруға кедергі жасамауға тиіс.

Заңды тұлға мәртебесін алып ұйым құру жөніндегі процедураның өзі Еуропалық одақ елдері арасында әртүрлі. Ұйымдар заңды тұлға мәртебесін жариялау (өзінің құрылғаны туралы мәлімдеме), оның жарғысын нотариалдық куәландыру, құзырлы органды хабардар ету немесе тіркеу нәтижесінде алуы мүмкін.

Қазақстанда заңды тұлға мәртебесін алуды тіркеу жүйесі бар.

Коммерциялық емес ұйымдарды тіркеуге қатысты айтар болсақ, ҚР заңнамасы ҰЕҰ-дың тіркелмей (заңды тұлға мәртебесін алмай) жұмыс істеуіне тікелей тыйым салмайды. Мұндай тікелей тыйым салу, жоғарыда атап өтілгеніндей, тек қоғамдық бірлестіктерге қатысты белгіленген.

Алайда әділет және прокуратура органдарының құқық қолдану практикасынан келіп шығатын бірқатар жағдайда азаматтар тобы құрған қоғамдық бірлестік мәртебесін алуды талап етпейтін және заңды тұлға мәртебесін алмаған ҰЕҰ тіркелмеген қоғамдық бірлестік ретінде қарастырылады және оның ұйымдастырушылары әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Осыған ұқсас проблемалар тіркелмеген діни бірлестіктерде де пайда болады.

Қазақстан Республикасында заңды тұлғаларды тіркеудің рұқсат беру тәртібі белгіленгенін атап өткен жөн. Республикадағы бұл тәртіп мемлекеттің ұйымды егер де оның құрылтайшылары мұндай ұйымды құруға қойылатын заңнаманың барлық тиісті талаптарын орындаған жағдайда тіркеу міндетін көздейді.

Қазақстанда заңды тұлға мәртебесін алу процедурасының өзі мен процедураға қойылатын талаптар заңды тұлғаларды тіркеу туралы Заңда (1995 жылы қабылданған) және Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу ережелерінде (1999 жылы қабылданған) белгіленген.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты қазақстандық заңнаманы адам құқықтары мен бостандықтарының халықаралық стандарттарына сәйкес келтіру үшін коммерциялық емес ұйымдардың заңды тұлға мәртебесін алуы саласында мыналар атқарылуы қажет:

заңнама мен практикада коммерциялық емес заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеудің оңайлатылған тәртібін қамтамасыз ету;

коммерциялық емес ұйымдар үшін олардың заңды тұлға мәртебесін алуын жеңілдету және азаматтық қоғамды дамытуға жәрдемдесу мақсатында тіркеу алымының мөлшерін төмендету;

қоғамдық бірлестікке өңірлік немесе республикалық мәртебесін растаған кезде берілетін қосымша құқықтарды немесе артықшылықтарды заңнамада бекіту немесе бұл ережелерді қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамадан алып тастау.

2. Қазақстан Республикасындағы бірлесу құқығын шектеу және қоғамдық ұйымдардың жауапкершілігі мәселелері

ҚР Конституциясының 5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасында мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады.

Тікелей алғанда бұл конституциялық ереже халықаралық құқықтар талаптарына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, ҚР Конституциясының 39-бабына сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін. Бұл ереже де қандай да бір құқыққа шектеу енгізу көзқарасы тұрғысынан халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Алайда бірлесу құқығын реттеуге қатысты заңнамалық актілерді тікелей талдау конституциялық нормаларды кеңейтіп түсіндірумен байланысты және халықаралық құқықтық теория мен практика көзқарасы тұрғысынан мұндай шектеулерге қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін шектеулердің саны едәуір көп екенін көрсетеді.

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 374-бабында «Қоғамдық бірлестік басшылары мен мүшелерінің осы қоғамдық бірлестіктердің жарғыларымен белгіленген мақсаттары мен міндеттерінің шегінен шығып кеткен немесе жазбаша ескертілгеннен кейін де Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын іс-әрекеттер жасауы - ескерту жасауға немесе қоғамдық бірлестіктің басшы органы құрамына кіретін адамдарға айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға

дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Қоғамдық бірлестіктің Қазақстан Республикасының заңдарын бұзуы не осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде нақ сол іс-әрекеттерді қайталап жасауы - қоғамдық бірлестік қызметін алты айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, қоғамдық бірлестіктің басшы органының құрамына кіретін адамдарға айлық есептік көрсеткіштің он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер – осы қоғамдық бірлестіктің қызметіне тыйым салуға әкеп соғады» деп көрсетілген.

Тұтас алғанда қолданыстағы әкімшілік заңнамада қоғамдық бірлестік – қоғамдық бірлестіктер туралы жалпы қолданыстағы заңнаманың шеңберінде қайталап заң бұзғаны үшін тыйым салынатын заңды тұлғаның жалғыз ұйымдық-құқықтық нысаны.

Кез келген заңды тұлғаның қызметіне тыйым салу ең шеткі ықпал ету шарасы болып табылады және нақ сондықтан заңнамада да, практикада да бұл шараның қажеттігі, негізділігі және мөлшерлестігі дәлелденуге тиіс.

Конституцияның мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға (олардың қызметіне) және Ата заңда айтылған басқа да бірқатар іс-әрекеттер жасауға тыйым салатынын ерекше атап өткен жөн.

Сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің нормалары қоғамдық бірлестіктердің олардың жарғылық мақсаттары мен міндеттері шегінен шығып кететін және қоғамдық бірлестіктер туралы заңнамаға қайшы келетін іс-әрекетін әкімшілік айып деп таниды.

Осыған орай, бұл нормалар заңдылық пен әділдікке қойылатын талаптарға қатаң сәйкес келуі және оларды кең ауқымда түсіндіруге мүмкіндік бермеуі үшін әкімшілік заңнамаға коммерциялық емес ұйымдардың, соның ішінде қоғамдық бірлестіктердің қызметі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауапкершіліктерді нақтыландыру бөлігінде өзгерістер енгізуді жалғастыру қисынды болмақ.

Біздің қылмыстық заңнамамыздың қоғамдық бірлестіктердің басшылары мен мүшелерінің жауапкершілігі бөлігіндегі ережелеріне қайта оралу қажет.

ҚР Қылмыстық кодексінде қоғамдық бірлестіктердің басшылары мен мүшелерінің қоғамдық бірлестіктердің мүшелері болып табылмайтын азаматтармен салыстырғандағы қылмыстық жауапкершілігін көздейтін бірқатар баптар бар.

ҚР Қылмыстық кодексінің 336-бабында «қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің мемлекеттік органдар жұмысына заңсыз араласқаны үшін» қылмыстық жауапкершілік белгіленген, бұл ретте қоғамдық бірлестіктер мүшелері үшін заңда көзделген санкция айыппұлды немесе төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуды, ал қоғамдық бірлестік басшысын – бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын құрайды. Бір қызығы, қарапайым

адам немесе коммерциялық ұйымның қызметкері үшін Қылмыстық кодексте мұндай баптар көзделмеген, яғни олар мұндай әрекет істегенде жауапқа «Бұзақылық», «Билік өкіліне қатысты күш қолдану» бабы немесе ҚР Қылмыстық кодексінің «Мемлекеттің конституциялық құрылысына және қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» атты 5 тарауының бірқатар баптары бойынша тартылады.

Тұтас алғанда ҚР әкімшілік және қылмыстық заңнамасы қоғамдық бірлестіктердің жауапкершілігі бөлігінде бір жағынан, қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес немесе коммерциялық ұйымдардың басқа да ұйымдық-құқықтық нысандары арасындағы «теңсіздікті» жою, екінші жағынан шектеулер мен санкцияларды мұндай шектеулерге жол берудің халықаралық стандарттары мен критерийлеріне сәйкес келтіру мақсатында жетілдіруді талап етеді.

Кәсіптік одақтар құру және оған кіру құқығы

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы қызметкерлерге ерікті негізде кәсіптік одақтар құруға және оған кіруге мүмкіндік береді. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциясымен, «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) №87 «Бірігу бостандығы мен ұйым құру құқығы туралы» және № 98 «Ұйым құру және ұжымдық келіссөздер жүргізу құқығы туралы» Конвенцияларымен және «Кәсіптік одақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен регламенттеледі.

Білім беру, көмір, металлургия, денсаулық сақтау, темір жол байланысы сияқты көптеген экономиканың ірі салалары олардың кәсіпорындарында құрылған және жұмыс істеп жүрген кәсіподақтармен қамтылған.

Еңбекшілердің құқықтарын қорғау саласында мемлекеттік құрылымдардың ҰЕҰ-мен өзара белсенді іс-қимыл жасауы үшін мемлекет Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі басшылық ететін Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссия (РҮК) құрған.

Еліміздің еңбекшілерінің барынша бұқаралық және өкілді, екі миллионнан астам кәсіподақтар мүшелерін біріктіретін ұйымы Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы (ҚРКФ) болып табылады, оған 26 республикалық салалық кәсіптік одақ, 14 облыстық бірлестік және елордамыз Астана қаласының кәсіподақтары одағы кіреді. Олардың құрылымында 17 мыңнан астам бастауыш, 530-дан астам қалалық және аудандық, 190 облыстық кәсіподақтар ұйымдары бар.

Кәсіптік одақтар өзінің еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі қызметін мемлекеттік билік органдарына, жұмыс берушілерге, саяси партияларға тәуелсіз жүзеге асырады.

Үкіметтік емес ұйымдардың белсенді бірлесу процесі байқалады. Қазақстанның үкіметтік емес ұйымдары конфедерациясы (90-дай ҰЕҰ-ны

біріктіреді), Қазақстанның Азаматтық альянсы (500-ден астам ҮЕҰ), Астана қаласының үкіметтік емес ұйымдары форумы құрылған. Кәсіподақтардың 3 біріккен ұйымы (Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы, Қазақстанның Еңбек конфедерациясы, Қазақстанның еркін кәсіподақтары конфедерациясы) жұмыс істейді.

Қазақстан Кәсіподақтары федерациясының пікірінше соттардың кәсіподақтар құру және оған кіру құқықтарының шектелуі фактісі бар. Бұл судьялардың мемлекеттік жүйе шеңберінде олардың құқықтарын конституциялық шектеуді анықтайтын арнайы заңгерлік мәртебесі бар екенімен дәйектелген.

Алайда, ХЕҰ Сарапшылары комитетінің түсіндіруіне сәйкес №87 «Бірігу бостандығы мен ұйым құру құқығы туралы» Конвенцияда көзделген айрықшалықтар полиция мен қарулы күштер қызметкерлеріне ғана қолданылады.

Министрліктер мен ведомстволардың орталық аппараттары қызметкерлерінің әртүрлі себептермен, соның ішінде мемлекеттік органды қайта құру (біріктіру, қосу, бөлу, бөліп алу, өзгерту) кезінде өз құқықтарын қорғау үшін кәсіподақтарға кіру құқықтары жоқ екенін атап өту қажет.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Заңнамалық деңгейде ҮЕҰ үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде тендерлер өткізудің ашықтығы қамтамасыз етілсін.

2. «Кәсіптік одақтар туралы» ҚР-ның жаңа Заңы әзірленіп, қабылдансын.

3. Саяси партияларды тіркеу, қайта тіркеу және жою рәсімдері заңнамалық жолмен қарапайымдатылсын. Саяси партия мүшелерінің оны мемлекеттік тіркеу үшін қажетті санының шегін төмендету мүмкіндігі қарастырылсын.

Ойлау, ар-ождан және дін бостандығы құқығы

Қазақстанда әртүрлі діндердің бейбіт қатар өмір сүруінің айрықша тәжірибесі қалыптасқан. Біздің мемлекетіміздің тарихында дінаралық қатынастарда елеулі қарама-қайшылықтардың жоқтығына және ешқашан болмағанына мақтануға хақымыз бар.

Конфессиялар арасындағы бейбіт қатар өмір сүру мен диалогтың бұл тәжірибесін Қазақстан көптеген халықаралық бастамалар арқылы әлем қауымдастығына береді. ЕҚЫҰ-ға 2010 жылғы Төраға ретінде Қазақстан халықтар мен конфессиялар арасында толеранттылықты таратуды басымдық ретінде таңдады.

2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарының ұсынымдарына сәйкес 2011 жылғы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы қабылданды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға сәйкес Қазақстан Республикасы:

өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайды;

әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік береді;

халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін таниды,

Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейді, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын таниды.

Аталған Заңның 3-бабының 1 тармағына сәйкес мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.

Қазақстан әлем қауымдастығына өзінің конфессияаралық келісім тәжірибесін ұсынады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының **бірінші және екінші съездері** ұйымдастырылды, олар Астана қаласында 2003 және 2006 жылдары өтті.

2009 жылы Астанада әлемдік діндердің **үшінші съезі** өтті, оған әлемнің әртүрлі діни конфессияларының 60-тан астам делегациясы қатысты. Құрметті қонақтар ретінде съезге белгілі саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері шақырылды, олар: Израиль Президенті Шимон Перес, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Сергей Орджоникидзе, ЕҚЫҰ Бас хатшысы Марк Перрен де Бришамбо, Испанияның Сыртқы істер министрі Мигель Анхель Моратинос, Норвегияның экс-премьер-министрі Кьелл Бондевик, БҰҰ Өркениеттер Альянсы хатшылығының директоры Марк Шойер және басқалар.

2012 жылғы мамырдың аяғында Астанада «Бейбітшілік пен келісім адамзат таңдауы ретінде» атты күн тәртібімен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының **IV съезі** өтті.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік-конфессионалдық қатынастарды жетілдіру туралы

Қазақстан Республикасы – көптеген діни конфессиялар мен діни нанымдар бейбіт қатар өмір сүретін мемлекет. Қазақстан зайырлы мемлекет бола отырып діни конфессиялардың дамуы мен дінаралық келісімді қамтамасыз етудің кепілі болып табылады.

Қазақстан 140 этнос пен 17 конфессия өкілдері үшін туған үйіне айналды.

Қазақстандағы әлемдік және дәстүрлі діндердің бастамаларын дамыту Қазақстанның мемлекеттік саясатының конфессияаралық үйлесімді сақтауға, нығайтуға және ар-ождан бостандығы құқықтарын сақтауға бағыталғанының дәлелі болып табылады.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң (бұдан әрі – Заң) қоғамдық және діни мүдделер теңдестігін сақтауға бағытталған. Діни сенім бостандығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі үш принципін бөліп көрсеткен жөн – бейтараптық, толеранттылық және теңдік. Бұл ретте басты орын мемлекеттің діни бірлестіктердің ішкі ісіне араласпауды қамтитын бейтараптығына беріледі. Толеранттылық принципі діни сенімге құрметпен қарауды білдіреді. Теңдік принципі барлық діни бірлестіктер мен әртүрлі діни сенімдер өкілдерінің заң алдында теңдігін шарттастырады.

Жаңа Заңда діни қызметке заңсыз кедергі келтіруге, дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейтіні атап өтіледі.

Сонымен бірге, ешкімнің де өз діни нанымдары себептері бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ екені көрсетілген.

Осы Заңда Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың ұлттық заңнамадан басымдығы көзделгенін атап өту қажет.

Осы Заңды одан әрі іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі «Дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы», «Миссионерлерді және заңды тұлға белгілері жоқ саны аз діни топтарды есептік тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы», «Ғибадат үйлерін, ғимараттарын және өзге де мүлікті діни бірлестіктерге беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» қаулылар қабылдады.

Заң мен аталған заңға тәуелді актілердің қабылдануы Қазақстан Республикасының азаматтардың діни сенім бостандығы, сондай-ақ діни конфессияларды еркін дамыту құқықтарын дамыту және іске асыру саласындағы заңнамалық базасын кеңейтеді.

Қазақстандағы ойлау, ар-ождан және дін бостандығы

Қазақстандағы діни бірлестіктер қоғамдағы азаматтық татулық пен рухани келісімді нығайтуға бағытталған әлеуметтік-мәдени іс-шараларға қатысуға тартылады, ірі діни орталықтар мен бірлестіктердің жетекшілері республикалық және кіші Қазақстан халқы Ассамблеяларының, Адам құқықтары жөніндегі комиссияның, Діни бірлестіктермен байланыс жөніндегі кеңестердің құрамына кіреді.

Діни дәстүрлер белсенді қалпына келтіріліп, діни ғимараттар – мешіттер, храмдар, мінәжатханалар салынуда, сондай-ақ діни-ағарту орталықтары, бұқаралық ақпарат құралдары пайда болуда. Бұл ретте халықтың діни құндылықтарға бет бұруы дәстүрлі мәдениетті қалпына келтіру аспектілерінің біріне айналды. Сарапшылардың бағалауы бойынша

дінге сенетін қазақстандықтар саны 80-ші жылдардың ортасымен салыстырғанда шамамен 20-дан 40%-ға дейін көбейген.

Конституция бойынша зайырлы мемлекет болып табылатын Қазақстан барлық діни конфессиялардың дамуына кепілдік береді және діни ассоциацияның құқықтары мен бостандығын сақтау саласындағы бар нормалар мен Қазақстанның халықаралық міндеттемелері бойынша құқық қолдану практикасының мол тәжірибесіне ие.

Қазақстан адам құқықтарын қорғау саласындағы барлық жалпыға ортақ танылған халықаралық актілерді, соның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялаған және оларға арқа сүйейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 22-бабының 1 тармағында әркімнің ар-ождан бостандығын – сенім-наным бостандығын бекітіп берді. 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңды сарапшылар либералды деп таныды.

Қазақстан заңнамасы азаматтардың діни сенім бостандығының іске асырылуына кепілдік береді. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті сияқты Қазақстан заңнамасы дінді тұтыну немесе наным-сенімдерін тарату бостандықтарына құқықтарын жүзеге асыру заңнамамен тек қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың өмірінің қауіпсіздігін, денсаулығын, имандылығын немесе құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында ғана шектелуі мүмкін екенін бекітті.

Аталған конституциялық құқықты бұлжытпай қамтамасыз ету мақсатында мемлекет тұрақты негізде осы саладағы кез келген заңдылықты бұзушылықты айқындау және жою, дінге сенушілердің қай дінге жататынына қарамастан олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жөніндегі шараларды қабылдайды.

Қазақстан халқын біріктіруге жағдай жасайтын конфессияаралық диалогты дамытуға, этностық және конфессиялық келісімнің қазақстандық моделін жетілдіруге бағытталған дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу үшін 2011 жылы Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігі құрылды.

2004 жылдан бастап қолданылатын діни бірлестіктерді тіркеудің оңайлату тетігі, сондай-ақ діни бірлестіктерді түскен пайдаға және шіркеу алымдарына салық төлеуден босатуға бағытталған мемлекеттің салық саясаты мемлекет аумағында тіркелген діни бірлестіктердің еркін дамуына жағдай жасайды.

Елдегі қолданыстағы азаматтық татулық пен келісім моделінің нәтижелілігіне орай Қазақстанның атына ЕҚЫҰ, БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың бірқатар оң бағасы берілді.

Қазақстанда қалыптасқан конфессияаралық келісім моделіне 2002 жылы елімізге сапармен келген Рим Папасы Иоанн Павел Екінші, Қазақстанда әлемдік діндер көшбасшыларының съездерінде болған әртүрлі конфессиялардың жетекшілері жоғары баға берді.

Қазақстан Республикасында ойлау, ар-ождан және дін бостандығына

кепілдіктерінің ҚР Конституциясының 22-бабында бар екенін атап өткен жөн:

«1. Әркімнің ар-ождан бостандығына құқығы бар.

2. Ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс».

ҚР Конституциясының 39-бабы былай деп белгілейді:

«1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін».

Сонымен қатар, ҚР Конституциясы 39-бабының 3 тармағы ар-ождан бостандығын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейтін құқықтар мен бостандықтар тізбесіне енгізеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында (14-б) дінге көзқарасына байланысты кемсітуге тыйым салу және қылмыстық жауапкерлікке тартылу қаупімен сендірулер қарастырылғанын (ҚК 141-б) айта кеткен жөн.

Онымен қоса, діни ұйымдардың заңды қызметіне немесе діни ғұрыптарды орындауға кедергі жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылу көзделген (ҚР ҚК 149-б).

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, дінге қатынасына, сенімдеріне байланысты ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды, әркім өзінің дінін анықтауға және көрсетуге немесе көрсетпеуге құқылы, әркім ар-ождан бостандығы құқығына ие.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабына сәйкес, заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың дінге көзқарасы себептері бойынша азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды, құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді.

Әркімнің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқығы бар.

Аталған заңнамалық актілер діндарларға дін ұстанушылығына қарамастан өздері жеке немесе басқалармен бірге кез келген дінді еркін ұстануға, ғұрыптар мен рәсімдер өткізуге, миссионерлік қызметпен және рухани білім берумен айналысуға, діни әдебиетті және діни заттарын қолдануға, халықаралық байланыстар орнатуға, діни бірлестіктерге немесе шағын діни топтарға бірігуге мүмкіндік береді.

Тиісінше мемлекеттік органдар діндарлармен, діни бірлестіктермен және топтармен өзара әрекеттесуде бірінші кезекте теңдік және заңдылық принципін, діни себептер бойынша кемсітуді жоятын діни шығу тегіне қарамастан сенушілердің құқықтарын қамтамасыз етуді басшылыққа алады.

Қазақстанда кемсітушіліктің жоқтығы мен конфессияаралық келісімнің жарқын мысалы Мемлекет басшысының бастамасы мен қолдауының

арқасында Астанада алыс және жақын шетелдің көптеген елдерінен деноминация басшылары мен сенушілерінің қатысуымен өткен әлемдік және дәстүрлі діндердің үш съездін өткізу болып табылады.

Қазақстан бұл форумдарды БҰҰ қолдауымен өткізуді ұсынды (*БҰҰ Бас Ассамблеясының 66-сессиясындағы ҚР Президентінің баяндамасынан, Нью-Йорк қаласы, 2011 жылғы 21 қыркүйек*).

2011 жылы Қазақстан Ислам Ынтымақтастық Ұйымының (ИЫҰ) төрағалығы жауапты миссиясын қабылдады.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

2012 жылы миссионерлер ретінде тіркеуден бас тартудың 5 фактісі орын алды.

ҚР Дін істері агенттігінің мәліметтеріне сәйкес, 2012 жылдың ішінде 381 миссионер тіркелген.

Көрсетілген санның ішінен 2012 жылдың аяғында 330 миссионер миссионерлік қызметті жүзеге асырады, оның ішінде 299 - шетелдіктер.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасындағы конфессияаралық қатынастардың жағдайы тұрақты және толерантты болып қалуда.

Соңғы 6 жылдың ішінде прокурорлардың мәлімдемесі бойынша сот шешімдері 15 шетелдік халықаралық ұйымдарды террористік деп танып тыйым салды:

- 1) «Аль-Каеда» (*ҚР Жоғарғы Сотының 15.10.2004 ж. шешімі*);
- 2) «Шығыс Түркістанның ислам партиясы»;
- 3) «Күрдтік халықтық конгресс»;
- 4) «Өзбекстанның исламдық қозғалысы»;
- 5) «Асбат-аль-Ансар» (*ҚР ЖС 15.03.2005 ж. шешімі*);
- 6) «Мұсылман бауырлар»;
- 7) «Талибан» қозғалысы;
- 8) «Боз Гурд»;
- 9) «Орталық Азияның можахедтер жамағаты»;
- 10) «Лашкар-и-Тайба»;
- 11) «Әлеуметтік реформалар қоғамы»;
- 12) «Шығыс Түркістанды босату ұйымы» (*Астана қ. сотының 17.11.2006 ж. шешімі*);
- 13) «АУМ Синрике»;
- 14) «Түркістанның ислам партиясы» (*Астана қ. сотының 05.03.2008 ж. шешімі*);
- 15) «Халифат солдаттары» (*Атырау қ. сотының 25.11.2011 ж. шешімі*).

«Хизбут-Тахрир-аль-Ислами» (*Астана қ. сотының 28.03.2005 ж. шешімі*) діни партиясы және «Сенім.Білім.Өмір» республикалық қоғамдық бірлестік (*Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 07.06.2012 ж. шешімі*) экстремистік болып танылды.

2009 жылдың қыркүйегінде Астана қаласының соты алғаш рет Бас прокурордың мәлімдемесі бойынша негізінен тыйым салынған «Хизбут-Тахрир-аль-Ислами» экстремистік партияның идеологиясын насихаттап жүрген 167 ақпараттық материалдардың (*брошюролар, үнпарақтар, буклеттер*) экстремистік деп танылып, Қазақстан аумағында таралуына тыйым салынды.

Бүгінгі күні 75 000-нен аса сайтқа мониторинг жүргізілді, оның нәтижесінде Астана қаласы прокурорының, Ақпарат және байланыс министрлігі мәлімдемесі бойынша Астана қаласының Сарыарқа және Есіл соттары діни экстремизм мен терроризмді насихаттағаны үшін 550 сайт өнімдерін заңсыз деп тану және Қазақстан аумағында таралуына тыйым салу туралы шешімдерін шығарған. Сот шешімдері заңды күшіне енді.

Уәкілетті органның интернет-ресурстардың иелеріне шара қолдануы нәтижесінде сотқа дейін 150 сайттың заңсыз өнімі жойылды.

Жалпы, бұл бағытта жүргізіліп жатқан Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының жұмысы діни басымдықты және өшпенділікті насихаттау немесе үгіттеуді болдырмауға ықпал етеді.

ҰСЫНЫМДАР:

1. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін халық арасында кеңінен түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында конфессияаралық толерантты қатынастардың маңыздылығы мен өзектілігі кеңінен жариялансын.

Бейбіт жиналыстар мен митингтер бостандығы

Қазақстан Республикасындағы бейбіт жиналыстар бостандығының кепілдігі ҚР Конституциясының 32-бабында белгіленген: *«Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін».*

Осыған қосымша ҚР Конституциясының 39-бабында:

«1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін...» деп белгіленген.

Қазақстандағы бейбіт жиналыстар бостандығын құқықтық реттеу 1995 жылдың 17 наурызында қабылданған «Қазақстан Республикасындағы бейбіт жиналыстар, митингтер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен (әрі қарай – Заң) жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасындағы бейбіт жиналыстар бостандығын

құқықтық реттеуге қатысты жеке нормалар 21.12.1995 ж. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» ҚР Заңында, 26.12.1998 ж. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңында, сондай-ақ басқа да заңға тәуелді актілерде бар.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде (бұдан әрі – ӘҚК) (373-бабы) және ҚР Қылмыстық кодексінде (334-бабы) бейбіт жиналыстар, митингтер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібін бұзғаны үшін айыппұл мен 15 тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға алудан бастап бір жылға дейін бас бостандығынан айыруға дейінгі санкциялар бар.

Рұқсатсыз өткізілген іс-шаралардың себептері халықтың белгілі бір бөлігінің жер және тұрғын үй мәселелерімен, ипотекалық несие берумен, жалақымен және т.б. байланысты өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайына көңілі толмау болды.

Халық наразылығының негізгі ошақтары 2011 жылдың өткен кезеңінде Астана мен Алматы қалаларында, Маңғыстау, Атырау, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарында орын алған.

Азаматардың жиналыс бостандығы құқығы ел Конституциясын бекітілген (32-бап). Оларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Заңда (бұдан әрі – Заң) регламенттелген.

Бұл заң азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын іске асыру, бұл іс-шараларды көшелерде, алаңдарда және өзге де қоғамдық орындарда өткізген кезде қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға арналған.

Наразылық акциялары өткізілген кезде заңдылық пен құқық тәртібін сақтауға, мұндай акциялардың себептері мен көздерін оларды құқықтық шешудің жолдары мен тетіктерін іздей отырып, жедел оқшаулауға ерекше көңіл бөлінеді.

Рұқсат етілмеген акциялар өткізілген кезде прокуратура органдары тез арада қолданыстағы заңнаманың нормаларын түсіндіру және кінәлі адамдарды заңда белгіленген жауапкершілікке, соның ішінде ӘҚК 373-бабының тәртібімен әкімшілік жауапкершілікке тарту жөніндегі шаралар қабылдайды.

Азаматтың бостандықтары мен құқықтарын сенімі, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығы себептерімен немесе өзге кез келген жағдайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеуге қылмыстық жауапкершілік белгіленген (ҚР ҚК 141-бабы).

2012 жылы бірде-бір адам жиналыстар өткізу тәртібін бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған жоқ.

Қазақстан бүгінгі таңда әлем қоғамдастығына қарқынды интеграцияланып жатқандықтан, 2007 жылы әзірленген ЕҚЫҰ/ДИАҚБ бейбіт жиналыстар бостандығы басшылық принциптеріне ерекше көңіл бөледі.

Конституцияның 12-бабының 5 тармағында «адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс» деп белгіленген.

Бұл ретте, ішкі істер органдарына іс-шаралар өткізілген кезде қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін күзету, сондай-ақ рұқсат етілмеген акцияларды болдырмау және олардың ұйымдастырушылары мен белсенді қатысушыларын әкімшілік жауапкершілікке тарту (ӘҚК 373-бабы «Бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, тосқауылдар мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі туралы заңдарды бұзу») жөніндегі функциялар жүктелген.

Бұқаралық іс-шаралар барысында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қажетті шарты оларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының осы тәртіпті бұзушылықтың жолын кесуге, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тартуға бағытталған іс-әрекеттерін айқын құқықтық реттеу болып табылады.

Қазіргі таңда іс жүзінде барлық облыс орталықтарында, республикалық маңызы бар қалаларда, және де аймақтардың жеке аудандарында митингілерді өткізу орындары мәслихат шешімдерімен анықталған.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (*Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы Заңымен ратификацияланған*) 21 бабына сәйкес бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу құқығы танылады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік, немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, жұрттың денсаулығы мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектелуі тиіс емес.

2012 жылы республика бойынша 281 наразылық акциясы анықталды, олардың ішінде санкцияланғаны – 48, рұқсат етілмегені – 179, жергілікті атқарушы органдардың рұқсатын талап етпейтіндері – 54, әлеуметтік-экономикалық сипаттағысы – 153, қоғамдық-саяси сипаттағысы – 128.

Олардың ішінде: 59 митингілер, шерулер – 1, аштықтар – 3, пикеттер – 87, ереуілдер – 7, жиналыстар – 120, демонстрациялар – 0, және басқа да іс-шаралар – 8.

Ішкі істер министрлігінің мәліметтері бойынша айтылған наразылық акцияларында 28 мыңнан астам адам қатысты.

2012 жылы өткен наразылық акцияларының жалпы тақырыбын келесі негізгі бағыттар бойынша топтастыруға болады:

- еңбекақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту, еңбекақыны кешіктіріп төлеу (29);

- билік саясатына әр түрлі қоғамдық-саяси бірлестіктер тарапынан наразылық (12);

- Қазақстанның ірі қалаларындағы заңсыз иеленіп алынған жер телімдерін беру және заңдастыру (11);

- үлестік қатысу мәселелері (2 және одан көп пәтерлер үлескерлерінің проблемалары), ипотекалық несиелеу және кепілдік мүлікті соттан тыс жүзеге асыру (16);

- әлеуметтік-экономикалық сипаттағы басқа мәселелер (213).

Прокуратура органдары жүргізген қоғамдық-саяси ахуалдың талдауы мемлекеттік саясаттың халық арасындағы жеткілікті тұрақты жүзеге асуын растайды.

Деструктивті жалған саяси элементтердің жеке акциялары елдегі жағдайға негативті әсер еткен жоқ.

Өз кезегінде, деструктивті ниеттенген саяси бірлестіктер жүргізіліп жатқан реформалар, қабылданған әрекеттер және жалпы мемлекеттік саясат туралы қоғамның теріс түсінігін қалыптастыруға бағытталған қызметін жалғастыра берді.

Өз мақсаттарына жету үшін олар кез-келген қоғам және мемлекет үшін тән әлеуметтік-экономикалық сипаттағы проблемаларды пайдаланды, олардың ішінде тұрғын үй мәселесі, халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтарын қорғау, зейнетақымен қамсыздандыру, еңбекті төлеу мәселелері.

2012 жылы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 373 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке 123 тұлға алынды, олардың ішінде құқық бұзушылардың басым көпшілігі Алматы (81) және Астана (10) қалаларында, сонымен қатар Батыс-Қазақстан (9) және Жамбыл (7) облыстарында тартылған.

Үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарын бақылау, соның ішінде «Адам құқықтары үшін Хартиясы» қоғамдық қоры мен Адам құқықтары жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюро жүргізген мониторинг көрсеткендей, құқық қолдану практикасы да толық жетілмеген және түбегейлі өзгертуді талап етеді.

Мынандай проблемалар айқындалған:

1. Жиналыстар бостандығын жергілікті биліктер ұжымдық құқық деп түсіндіреді, бұл Конституцияға да, халықаралық стандарттарға да қарама-қайшы. Нәтижесінде адамның жеке өзі бейбіт жиналыс бостандығына ие бола алмайтындай жағдай жасалған.

2. Соттар жиналыс өткізуге рұқсат беруден бас тартуға шағымданған талаптарды қарау кезінде және жиналыстар бостандығы туралы заңнаманың бұзылуы туралы айыптау жөніндегі әкімшілік істерді қарау кезінде жиналыстар бостандығын шектеудің пропорционалдық немесе өлшемділік принципін қолданбайды.

3. Құқық қорғау органдары демонстранттарды ұстағанда барлық кезде бірдей нақты қатердің бар болуын басшылыққа ала бермейді, соның салдарынан заңсыз ұсталғандар саны көп болып жатады. Ұстау көбінесе жиналысқа қатысу ниеті болды деген жалғыз күдіктену негізінде жүреді.

4. Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің мінез-құлқы азаматтардың белгісіздік және болжап болмас сезімдерін тудырады. Бірқатар жиналыстарды мәжбүрлеп тоқтату жағдайларында полиция қатысушыларға өздерінің іс-әрекеттері туралы ескертпейді.

5. Жергілікті билік органдары жиналыс өткізу туралы өтінішті қарай отырып, көбінесе болмайтын себептермен бас тарту түріндегі ақтық шараларды қолдануға бейім. Бұл ретте көбінесе өтініш берушілерден қосымша мәліметтер сұрату және жиналыс өткізу жайлы ұйымдастырушыларымен алдын ала келіссөздер жасасу мүмкіндіктерін елемейді.

Жоғарыда айтылғандарға орай, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының бейбіт жиналыстар өткізу жөніндегі заңнамасын жетілдіргенді жөн деп есептейді.

ҰСЫНЫМДАР:

1. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін не болмаса халықаралық стандарттарға сәйкес бейбіт жиналыстар бостандығы туралы жаңа заңның жобасы әзірленсін.

2. Ішкі істер органдары (полицейлер) мен жергілікті атқарушы органдар қызметкерлері үшін халықаралық стандарттарды ескере отырып бейбіт жиналыстар мен демонстрациялар мәселелері жөніндегі оқу семинарлары мен тренингтері жүйелі түрде өткізілсін.

Сөз бостандығы және ақпарат алу құқығы

Қазақстан Республикасының Конституциясы сөз және шығармашылық бостандығына кепілдік береді, цензураға тыйым салады, әр адамның заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен ақпарат алу және тарату құқығын бекіткен.

Сонымен қатар халықаралық практикада қабылданған шектеулер де бар. ҚР Конституциясы 20-бабы 3 тармағымен республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

Аталған бостандықтар, құқықтар мен шектеулер «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңының 2-бабында да қайта жаңғыртылған.

Азаматтардың ақпарат алу құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың маңызды құралдарының бірі масс-медиа болып табылады.

2013 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 2783 жұмыс істейтін БАҚ тіркелген. Оның 439 (16%) – мемлекеттік, 2344 (84%) – мемлекеттік емес.

Жалпы құрылымда баспасөз БАҚ-тары басымдық құрайды – **90%**, электрондық БАҚ-тар – **9,5%**, ақпараттық агенттіктер – **0,5%**.

Оның ішінде қазақ тілінде – 555 (20%), орыс тілінде – 938 (34%), қазақ және орыс тілдерінде – 941 (34%), қазақ, орыс және басқа тілдерде – 340 (12%).

Баспасөз БАҚ. Қазіргі кезде елімізде 1674 газет пен 855 журнал жұмыс істейді. Олардың ішінде 328 газет (20%) мемлекеттік, 1346 (80%) – мемлекеттік емес болып табылады.

Соңғы жылдары газеттердің саны басым түрде жаңа жекеменшік БАҚ-тардың пайда болуы есебінен үнемі артып жатқанын атап өткен жөн.

Журналдардың азуалы іс жүзінде осыған ұқсас. Мәселен, елдің ақпараттық кеңістігіндегі ең көп үлес мемлекеттік емес басылымдарға тиесілі – 79% (683 журнал), ал мемлекеттік басылымдар үлесі 21% (172) құрайды. Бұл ретте, журналдардың жалпы саны газеттердің санына шамамен екі есеге кейін қалады – барлығы 855.

Электрондық БАҚ. Бірыңғай ақпараттық кеңістікте электрондық БАҚ ерекше орын алады. Республикада 238 электрондық бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді, олардың ішінде телекомпаниялар – 51 (жекеменшік арналарда хабар таратады), радиокомпаниялар – 48, кабельді теледидар операторлары – 133, спутниктік хабар тарату операторлары – 6.

Мемлекеттік электрондық БАҚ – 16, мемлекеттік емес – 222.

Ақпараттық агенттіктер. Ақпараттық агенттіктер сегментіндегі жағдай соңғы бес жыл аралығында өзгермей келеді.

2006 жылдан 2012 жылға дейін ақпараттық агенттіктер саны 13 бірлікке тең, олардың ішіндегі мемлекеттік – 1, мемлекеттік емес - 12.

Өңірлік БАҚ. Аумақтық белгі бойынша БАҚ республикалық және өңірлік болып бөлінеді. 2 783 БАҚ ішінде 2013 жылғы 20 қаңтарға әрекет жұмыс істеген өңірліктері - 1 740, республикалық тиісінше – 1043.

Соңғы бес жыл бойы өңірлік және республикалық БАҚ саны бірқалыпты өсуде.

«Взгляд», «Деловая неделя», «Свобода слова», «Время», «Жас алаш» және басқа да басылымдар Қазақстан аумағында еркін тарайды. Аталған басылымдардың журналистері орталық және жергілікті билік органдарында аккредитацияланған.

Нарықтық реформалар БАҚ-тардың сандық және сапалық өсуіне әкеп соқты. Қазақстан бүгінде БАҚ-тардың даму қарқыны бойынша Орталық Азия мен Закавказье елдерінің көпшілігінен алда келеді. Елдегі жыл сайын Еуразиялық медиа-форумның өту фактісі Қазақстанның медиялық инфрақұрылым дамуы бойынша көшбасшылығын білдіреді.

Кейбір ҰЕҰ атап өткеніндей, Қазақстанда адамның сөз бостандығы құқықтарының бұзылу фактілері бар. Бұқаралық ақпарат құралдарының кейбір өкілдерінің дене жарақатын алу фактілері кездеседі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Интернетті пайдаланушылар саны 9 млн. адамды құрайды.

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар комитетінің құзырына бұқаралық ақпарат құралын есепке қою мәселелері кіреді. Есепке қою кезінде меншік иелері 4 құжат ұсынады:

БАҚ-ты есепке қою туралы өтініш;
 меншік иесінің мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігінің көшірмесі;
 меншік иесі жарғысының көшірмесі;
 мемлекеттік баж салығының төленгендігі туралы түбіртек (салық 5 АЕК немесе 50 АҚШ долларын құрайды).

БАҚ-ты есепке қоюдан бас тарту туралы негіздеме «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңында айқын регламенттелген. Бір таралу аумағында БАҚ атауларының бір-бірін қайталайтын жағдайында, сондай-ақ егер де өтініш қолданыстағы Заң талаптарына сәйкес келмесе Уәкілетті орган БАҚ-ты тіркеуден бас тартуы мүмкін.

Мерзімді баспасөз басылымдары БАҚ-ты есепке қою туралы куәлікті 15 күнтізбелік күн ішінде алады.

Осылайша, есепке қою процедурасы БАҚ-тың дамуына салмақ салмайды.

Сонымен қатар, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға енгізілген өзгеріспен артық әкімшілік кедергілер жойылды. «БАҚ туралы» Заңның 10-бабының жаңа редакциясында телерадиохабарларын тарататын ұйымдарды есепке қоюдың күші жойылды. Сол сияқты баспасөз БАҚ-тары мен ақпараттық агенттіктер үшін редакцияның мекен-жайы мен редакторы ауысқан жағдайда қайта есепке алудың күші жойылған. БАҚ-ты есепке қою процедурасы еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге, әлемдік тәжірибеге сәйкес әртүрлі елдердегі БАҚ-тарды тіркеу процедурасының өзіндік белгілі бір ерекшеліктері бар. Еуропа елдерінің ішінен баспасөз БАҚ-тарын тіркеу *Францияда, Швецияда, Польшада, Молдавияда, Латвияда*, сондай-ақ ТМД елдерінің ішінен: *Ресейде, Әзербайжанда, Украинада, Белоруссияда, Қырғызстанда* жүзеге асырылады. Мысалға, Францияда БАҚ-ты тіркеуді прокуратура органдары жүзеге асырады. Польшада тіркеуді жүзеге асыруға соттар уәкілетті. Швецияда басып шығаруға лицензияны билік органдары береді. Посткеңестік кеңістікте баспасөз басылымдарын есепке қоюды уәкілетті органдар жүзеге асырады.

Осылайша, Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан БАҚ-ты есепке қою процедурасы халықаралық стандарттарға қайшы келмейді.

Қазақстан Интернеттің қазақстандық сегментін дамытуға бағытталған шаралар қабылдауда.

Бүгінгі таңда Қазақстанда Интернетті пайдаланушылар саны 9 млн. адамды құрайды.

Ақпараттық теңсіздікпен күресудің маңызды бағыты – Интернетті дамыту. Бұл жерде Қазақстан үшін маңызды басымдықтардың бірі жаһандық желіге қол жеткізуді кеңейту болып табылады. Осы мақсатта мемлекет халықты Интернетпен қамтуды кеңейту және ақпараттық технологияларды дамыту шараларын қабылдауда.

Шалғай аудандардың байланыс қызметін көрсетуге толыққанды қол жеткізуін қамтамасыз ету және ауылда Интернет желісіне қол жеткізу қызметін көрсету мақсатында ауылдағы байланысты дамыту жұмысы жүргізілуде. CDMA технологиясы бойынша 450 МГц диапазонында өткізгішсіз қол жеткізу желісінің құрылысы жүріп жатыр. CDMA радиомен қол жеткізу желісін дамыту жоспарында желінің қамту алаңын 2009 жылғы 59%-дан 2012 жылы 100%-ға дейін жеткізу көзделген.

Пилоттық жобалар Қостанай және Ақтөбе облыстарында сәтті іске қосылған. Қазіргі кезде CDMA 450 өткізгішсіз қол жеткізу жүйесімен 1600 ауылдық елді мекен қамтылған.

Жаһандық желінің қазақстандық сегментін дамытуды заңнамалық қамтамасыз етуді жетілдіруге көңіл бөлінуде. Бұл нарыққа қатысушылардың барлығына ортақ ойын ережесін анықтау үшін қажет. Осы мақсатпен 2009 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамаларына ақпараттық-коммуникациялық желілер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды.

Салыстырмалы талдау нәтижелері көрсеткеніндей, «Интернет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы либералдық болып табылады. Негізінен Интернеттің қазақстандық сегментінде заңсыз ақпараттың таралуына жол бермеуге бағытталған. Бұл ретте ақпараттың заңсыздығын тек қана сот анықтайды.

Интернет-ресурстарды БАҚ-қа теңестіруге қатысты атап өтетін жайт, 2001 жылдан бастап веб-сайттар «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР Заңына сәйкес БАҚ-тарға теңестірілген. Бұл Заң ондағы «веб-сайт» ұғымының аталуын «интернет-ресурс» деп ауыстырған, ал қандай да бір құралды БАҚ-қа жатқызу критеріі өзгеріссіз қалған, яғни олар бұқаралық ақпараттың мерзімді немесе үздіксіз көпшілікке жария таратылуының нысаны болып табылады. Бұл ретте интернет-ресурстар толыққанды БАҚ-қа айналмайды: олар уәкілетті органда тіркелмейді және тиісті лицензия алмайды. Интернет-ресурстарды мұндай түрінде БАҚ-қа теңестіру әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде бірқатар ЕҚЫҰ-ға мүше елдерде (мысалға, Польшада, Австрияда, Ресейде) кең тараған практика болып табылады.

Орнатылған, соның ішінде құқыққа қайшы ақпаратқа ресурс иесі жауапты болады. Қабылданған Заң жаһандық желінің қазақстандық аймағы субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастардың өркениетті арнаға өтуіне жағдай жасайды.

Қабылданған түзетулер Интернеттегі жанжалдық ахуалдарды сотқа дейін реттеуге, киберқылмыстың алдын алуға жағдай жасайды.

Осылайша, іс жүзінде Заңның қабылдануымен желінің қазақстандық сегментінің өзін-өзі реттеуінің тиімді тетігі құрылды. Интернет туралы заң қабылданған сәттен бастап интернет-ресурстың бірде-бір жабылуы не болмаса ақпаратты таратуды өзге де шектеу жағдайы болған жоқ.

Ақпарат алу конституциялық құқығын қамтамасыз етудің маңызды құраушылардың бірі көпшілік ақпаратқа қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2010-2011 жылдарға арналған перспективалық жоспарымен «Ақпарат және ақпаратты қорғау туралы» заң жобасын әзірлеу көзделген. Оның тұжырымдамасы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету ғана емес, сонымен бірге оны қорғаудың тетіктерін де көздеген. Алайда азаматтық қоғам өкілдерімен талқылаулар сериясы барысында ақпаратқа қол жеткізуді реттейтін арнайы заң әзірлеудің басымдылығы анықталды.

Нәтижесінде 2010 жылғы қыркүйекте Қазақстан Үкіметі жанындағы Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында ақпарат пен оны қорғау туралы жеке заң әзірлеуден бас тартып, қолданыстағы заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізумен шектелу туралы шешім қабылданды.

Бірмезгілде Парламент Мәжілісі депутаттары мен үкіметтік емес ұйымдар құрамындағы бастамашыл топ халықаралық тәжірибе негізінде «Көпшілік ақпаратқа қол жеткізу туралы» заң жобасын әзірледі. «Көпшілік ақпаратқа қол жеткізу туралы» заңның жобасы қоғамдық тыңдауларға ұсынылып, мақұлданды, соның нәтижелері бойынша Парламентке аттас заң жобасын әзірлеуді заңнамалық бастама ретінде шығару ұсынылды. Бұл заң жобасын ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен «Нұр Отан» ХДП Құқықтық кеңесі қолдады.

Қазақстан БАҚ-тың еркін дамуы, сөз бостандығы және ақпаратқа қол жеткізу үшін жағдай жасауға ілгерілемелі қозғалысты бұдан әрі де жалғыстыратын болады.

Ақпаратты тарату бостандығы – бұл Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабының 2 тармағында бекітілген әр адамның өз пікірін еркін білдіру құқығының құрамдас бөлігі.

Осы нормалар еліміздің Конституциясында да бекітілген (20 бап), оған сәйкес сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

Сол уақытта Халықаралық пактінің 19-бабының 3 тармағында бұл бостандықты шектеулердің кездесуі мүмкін, алайда ондай шектеулер заңмен белгіленіп және:

басқа тұлғалардың құқықтары мен абырой-беделін құрметтеу;
мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, жұртшылықтың денсаулығын немесе имандылығын қорғау қажеттілігінен туындауы тиіс.

Берілген шектеулер талаптары Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабында жазылған, оған сәйкес адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді.

Өкінішке орай, көп жағдайда кейбіреулер Халықаралық пактінің осы талаптарын БҰҰ Жарғысымен жарияланған негізгі принцип ретінде қабылдамайды.

Ұлттық заңнамамен көзделген кепілдемелермен қатар, кейбір шектеулер орнататын жекелеген мәселелерге тоқтағымыз келеді.

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» заңын (1999 ж.) қабылдаған сәттен бастап, оның жеке нормалары елеулі өзгерістерге ұшырады.

Электрондық БАҚ үшін тіркеу жойылды. Бас редактордың ауысуына байланысты БАҚ-ты қайта есепке алу талабы алынып тасталды, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 350-бабына түзету енгізілді, соған сәйкес баспа өнімін тәркілеу жазалаудың балама түрі ретінде қарастырылады.

Қылмыстық заңнаманы ізгелендіру төңірегінде ҚК 129-бабының 2 тармағынан жала жабу үшін бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны белгілейтін норма алынып тасталды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі жеке мүліктік емес құқықтарды қорғау бөлігінде өзгерістерге ұшырады.

Осылайша, 2011 жылдың 16 сәуірінен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң күшіне енді. Құжат заңды тұлғалардың моралдық залалды өтеуін алып тастайды.

Халықаралық тәжірибе талдауы да бұл сұраққа біржақты жауап бермейді.

АҚШ-та жала жабу үшін қылмыстық жауапкершілік федералдық деңгейде конституциялық емес деп танылған.

Басқа жағынан алғанда, жала жабу үшін қылмыстық жауапкершілік Дания, Швеция, Германия сияқты елдерде әлі күнге дейін жойылмаған.

Германияда жала жабу және намысын қорлау бойынша бас бостандығынан бес жылға айыру түріндегі қылмыстық жаза берілуі мүмкін.

Ал Испанияда Қылмыстық кодекстің 211 және 212 баптары БАҚ меншік иесі жалған ақпаратты баспа немесе радиохабар арқылы таратқаны үшін жауапкершілікке тартылады.

Бұған қоса, Қазақстанда жала жабу мен намысын қорлау бойынша қылмыстық жауапкершілік біздің Конституцияға сай болу көзқарасы тұрғысынан күмән тудырмайды.

2012 жылғы 19 қарашада Владимир Козловқа, Серік Сапарғалиға және Ақжанат Әминовқа қатысты үкім заңды күшіне енді.

Бұл ретте, соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес, БАҚ қатарының қызметі экстремистік сипатқа ие болған.

Мәселен, сот үкімінде былай көрсетілген «К+» телеарнасының, «Стан-ТВ», «Республика» интернет-порталының, «Республика», «Голос

Республики», «Взгляд» газеттерінің мәліметтерінің тұжырымдамалық мазмұны әлеуметтік алауыздық тудыруға бағытталған.

«К+» телеарнасы хабарының, «Взгляд», «Голос Республики» газеттері басылымдарының, «Республика», «Стан-ТВ», интернет-порталдардың және басқа ақпараттар мазмұнын талдау оларда билікті күштеп тартып алу мен мемлекет қауіпсіздігін жоюды насихаттаудың бар болуын көрсетті».

Соттың берілген қорытындысы бірқатар соттық сараптама нәтижелерімен дәлелденген.

Баяндалғанды ескере отырып, 20.11.2012 жылы Алматы қаласының прокуратурасы келесі талаптармен және арыздармен сотқа жүгінді:

8 газет пен 23 интернет-ресурстардың (*газет-клондар мен сайт-айналар*) бірыңғай «Республика» бұқаралық ақпарат құралы болып танылуы және оның Қазақстан Республикасы аумағында шығарылуы мен таралуын тоқтату туралы;

Қазақстан Республикасы аумағында «Взгляд» газеті мен оны қайталайтын интернет-ресурстарды таратуды тоқтату туралы;

Қазақстан Республикасы аумағында «К+» телеарнасын және оны қайталайтын интернет-ресурстарды таратуды тоқтату туралы;

Қазақстан Республикасы аумағында «stan.tv» интернет видеопорталын таратуды тоқтату туралы.

Сонымен қатар, 2012 жылғы 4 желтоқсанда Алматы қаласының прокуратурасы бейбіт жиналысты ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы заңнаманы бұзу мақсатында пайдаланылған «www.guljan.org» сайт қызметін 3 айға тоқтату туралы сотқа арыз берді.

2012 жылғы 4 және 6 желтоқсанда Алматы қаласы Бостандық ауданының соты Алматы қаласы прокурорының шетелдік БАҚ-тардың - www.stan.tv видеоинтернет-порталының, «К-плюс» телеарнасының және оны қайталайтын интернет-ресурстардың өнімдерін заңсыз деп тану және оларды Қазақстан аумағында таратуды тоқтату туралы арызын қанағаттандырды.

2012 жылғы 25 желтоқсанда Медеу аудандық соты Алматы қаласы прокурорының 8 газет пен 23 интернет-ресурстарды бірыңғай «Республика» бұқаралық ақпарат құралы деп тану және оның Қазақстан Республикасы аумағында шығарылуы мен таралуын тоқтату туралы арызын қанағаттандырды.

2012 жылғы 20 желтоқсанда «Взгляд» газетін шығаруды және оны қайталайтын интернет-ресурстарды таратуды тоқтату туралы арызды сот қанағаттандырды.

2012 жылғы 27 желтоқсанда www.guljan.org 3 айға тоқтату туралы, сонымен қатар оған кіруді тоқтату туралы талап арыз толық көлемде қанағаттандырылды.

Бұған қоса, интернет-кеңістікте заңды емес ақпаратты таратуға жол бермеу мақсатында прокуратура органдары басқа мемлекеттік органдармен бірлесіп 70 000-нан астам интернет-ресурстарға мониторинг жүргізді.

Интернет-кеңістікте экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттау, сонымен қатар жарылғыш құрылғыларды қолдан істеп, жасау тәсілдері

туралы ақпаратты тарату анықталған фактілер бойынша Астана қаласының соттары прокурор мен уәкілетті органның 550 интернет-сайттар өнімін заңсыз деп тану және оны Қазақстан аумағында таратуды тоқтату туралы арызын қанағаттандырды.

Диффамация саласындағы шетелдер заңнамасына шолу

Диффамация термині латынның — «diffamatio», «fama» - «атақ, абырой» деген сөзінен шыққан. Одан ағылшынның «defame» сөзі жасалған, мұны аударғанда «жамандау, күйе жағу» дегенді білдіреді. Бүгінгі таңда «диффамация» термині бұрынғысынша роман-герман және ағылшын-америка құқықтары елдерінің көпшілігінде сақталып келеді, бірақ енді бұл термин жала жабуды немесе оның түрлерін білдіреді.

Әрбір адамның жеке өміріне қол сұғылмау құқығын қамтамасыз ету мәселелері және абыройы мен қадір-қасиетін қорғау әрқашан өзекті болып қала береді.

Осыған байланысты ең көп талқыланатын проблемалар санатына ЕҚЫҰ-ға қатысушы елдер үкіметтерінің осы саладағы ұлттық заңнамалар нормаларын Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің стандарттарына жақындату жөніндегі іс-қимылдары жатады.

ЕҚЫҰ-ның бұл мәселелердегі стратегиялық межесі жала жабу мен намысын қорлауды толық криминалсыздандыруға қол жеткізу болып табылады.

Жеке елдердің заңнамасы диффамация үшін қылмыстық жазалауды көздейді.

Ішінара алғанда Польша Республикасының Қылмыстық кодексінде (ҚК) осы мәселе жөнінде арнайы нормалар бар. Польшаның Қылмыстық кодексінің 212-бабына сәйкес жай жала жабу бостандығын шектеумен немесе болмаса бір жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Польша Республикасының ҚК бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалған жала жабу мен намысын қорлау үшін айыппұл немесе бостандығын шектеу немесе екі жылға дейін бас бостандығынан айыру түрінде жазалуды көздейді. Польша ҚК-де лауазымды адамды қызметтік міндеттерін орындап жатқан кезде немесе соған байланысты көпшілік алдында намысын қорлағаны, сондай-ақ елдің конституциялық органын қорлағаны немесе намысын кемсіткені үшін жаза бар.

Польша Республикасының Президентін көпшілік алдында қорлау үш жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады. Сондай-ақ басқа адамның діни сезімдерін қорлау, діни қасиетті заттарды немесе діни ғұрыптарды жамағатпен орындауға арналған орынды көпшілік алдында қорлау қылмыстық жазалауға жатады.

Бұл елде адамдарды немесе адамдар топтарын олардың ұлтына, нәсіліне, дініне байланысты немесе атеистік көзқарастарына байланысты көпшілік алдында қорлағаны үшін неғұрлым қатаң жауапкершілік көзделген.

Испанияның заңнамасына сәйкес жала жабу - адамның оның жалған екенін біле тұра таратқан әрекеті қылмыстық әрекет деп танылады.

Испания ҚК 210-бабында «маңызды» аталатын көпшілік алдындағы қорлау да қылмыс ретінде танылады.

Көпшілік адамдар арасында таратылған жала жабу үшін айыптылар екі айдан алты айға дейін бас бостандығынан айырумен не ақшалай айыппұлмен жазаланады.

Францияда диффамациялық фактінің шынайылығы баспасөз бостандығы туралы заңнамаға сәйкес анықталады. Диффамация деп француз юриспруденциясы жеке адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне тиетін айыптаулар мен шындыққа жанаспайтын пікірлерді таниды.

Францияда қандай да бір адамға қатысты көпшілік алдында емес намысын қорлау, егер оның алдын арандату болса, қылмыстық жазаланатын әрекет болуы мүмкін.

Хабарламаны алатын адамның тұратын жеріндегі әдептілік ережелеріне қайшы келетін хабарламаны жөнелту немесе жеткізіп беру әрекеті де ақшалай айыппұл түрінде жазаланады.

Француз қылмыстық заңнамасында белгіленген жағдайларда диффамация үшін қылмыстық жауапкершілікке заңды тұлғалар да тартылады.

Францияда көпшілік алдындағы және көпшілік алдындағы емес диффамация жасағаны әрі нәсілдік немесе кемсітушілік сипаттағы намысын қорлағаны үшін жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Францияның қылмыстық заңнамасы жалған сөз тасығаны үшін де жазалауды көздейді. Атап айтқанда, сот ведомствосының лауазымды адамына, соттық немесе әкімшілік полицияның, не болмаса қылмыстық қудалау құқығы бар органның лауазымды адамына қарсы айыптайтын сөз тасу бес жыл түрмеге қамаумен және 300 мың франк мөлшеріндегі айыппұлмен жазаланады.

Сөз тасушыға қарсы қойылған айыптауларды тек қана сот бағалайды.

Франция ҚК сөзде, ымдауда, қорқытуда, кез келген сипаттағы жарияланбаған мәтінде немесе суреттерде өрнектелген намысын қорлау үшін, не пошта бойынша қандай да болмасын затты мемлекеттік қызметтегі адамға олардың өз қызметтік міндеттерін жүзеге асырған кезінде немесе жүзеге асырумен байланысты жіберу жолымен қорлау үшін, егер де қорлау оның қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге немесе оған жүктелген функцияларға байланысты көрсетілуге тиіс құрметке қол сұғылуға әкеп соғатын болса, жауапкершілікті көздейді.

ГФР Қылмыстық кодексі біле тұра жалған мәліметтер таратумен байланысты бірқатар қылмыс құрамын көздейді. Атап айтқанда, намысын қорлау бір жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе айыппұл түрінде жазалауға жатады. Егер де намысын қорлау іс-әрекет түрінде болса, онда ол екі жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады. Ғайбат сөздер де қылмыстық жазалуға жатады.

ГФР ҚК «Жала жабу» атты параграфында былай делінген: «Кімде-кім басқа адамға қатысты қасақана біле тұра бұл адамды жұртшылықтың көз алдында қаралайтын немесе оның қадір-қасиетін түсіретін жалған фактіге сендірсе немесе таратса, немесе егер бұл мәліметтер дәлелденген болмаса екі жылға дейін бас бостандығынан айырумен немесе ақшалай айыппұлмен жазаланады. Егер де әрекет көпшілік алдында немесе жазбаша материалдарды тарату жолымен жасалса екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырумен немесе ақшалай айыппұлмен жазаланады».

Германия ҚК жалған, саяси қайраткерді қаралайтын оның қоғамдық қызметімен байланысты өсекті көпшілік алдында немесе жазбаша түрде таратқаны үшін жауапкершілікті көздейді. Мұндай әрекетті жасауға кінәлі адам үш айдан бес жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады. Германияда бундесверге қарсы бағытталған насихат қылмыстық жазаланады.

Азаматтарды ақпараттандыру және қоғамдық пікірді еркін қалыптастыру мәселелеріндегі БАҚ-қа қатысты проблемаларды шешумен Герман баспасөз істері жөніндегі кеңесі айналысады. Бұл орган БАҚ жарияланымдары мен қызметкерлерінің іс-әрекетіне шағымдарды қарайды.

Норвегияда БАҚ-та ақпарат бергені үшін жауапкершілікті реттейтін негізгі құқықтық құжат БАҚ жөніндегі Акт болып табылады, оған сәйкес жеке және заңды тұлғалар радиодан және/немесе теледидардан жарияланған немесе таратылған ақпаратты ол жөнсіз немесе дұрыс болмаған жағдайда БАҚ-та және БАҚ жөніндегі Апелляциялық Кеңесте даулауға құқылы.

Италия Республикасында да БАҚ-тағы диффамация үшін жауапкершілік мәселесі қылмыстық жазықтықта қарастырылады. Жала жабу және атақ-абыройына нұқсан келтіру үшін алты айдан үш жылға дейін бас бостандығынан айырумен немесе айыппұл төлеумен жазалау көзделген.

«Диффамация» термині британ заңнамасында жазбаша жала жабу (libel), яғни баспасөзге шыққан жала, және өсек (slander), ауызша айтылған деп бөлінеді. Бүгінгі таңда Ұлыбританияда бұл саладағы екі негізгі заңнамалық акт бар: 1996 жылғы Диффамация туралы акт және Жала туралы қылмыстық акт (Criminal Libel Act 1819).

Жала егер де құдайға тіл тигізетін, бүлдіретін немесе бүлікке айдап салатын, сондай-ақ әдепсіз болса Қылмыстық акт ережесіне кіреді. Теория жүзінде бұл елдегі бір басылым әкімшілік те, қылмыстық та сот ісіне ұшырауы, ал баспагер түрмеге қамалып, келтірілген зияны үшін айыппұл төлеуге мәжбүрленуі мүмкін.

Дейтұрғанмен де практикада британдық қылмыстық заңнамасының аталған нормалары қолданылмайды десе де болады.

Канаданың ҚК 300-бабына сәйкес «Біле тұра жалған, беделді түсіретін ақпаратты жариялаған әрбір адам қылмыс жасады деп танылып, бес жылға дейінгі мерзімге түрмеге қамау түріндегі жазалауға жатады».

Канаданың ҚК 301-бабына сәйкес: «Тұлғаны қаралайтын, беделін түсіретін ақпарат жариялаған әрбір адам қылмыс жасады деп танылып, екі жылға дейінгі мерзімге түрмеге қамау түріндегі жазалауға жатады».

АҚШ-тағы бұқаралық ақпарат құралдарындағы диффамацияны реттеу практикасы еуропалық практикадан едәуір өзгеше. Бұл ретте америкалық заңнамада диффамация үшін қылмыстық жауапкершілік жоқ. Сонымен бірге негізгі басымдық ұлттық БАҚ-тардың ақпаратқа қол жеткізу және тарату конституциялық құқықтарының қорғалуына беріледі. Америкалық диффамациялық құқыққа тән ерекшелік диффамация фактісін дәлелдеу салмағының әрқашан талапкерге жүктелетіні болып табылады, ол таққан кінәнің бар екенін дәлелдеуге тиіс. Бұл ретте «кінәлілік дәрежесі» талапкердің мемлекеттік лауазымды адам, қоғам қайраткері немесе жай жеке адам екеніне байланысты.

Оның үстіне америкалық құқықта «диффамациялық артықшылықтар» деп аталатын тұжырымдама бар. Сондықтан баспасөздегі шындыққа сай келмейтін хабарламалар сот ісін жүргізу немесе заңнамалық процесс барысында диффамация үшін жауапкершіліктен босатылады. Ерекше атап өтетін жайт, бұл жағдайда БАҚ-тың мұндай ресми процестерді жариялау конституциялық құқығы халықты олар туралы барынша көп хабардар ету мақсатында қорғауға жатады.

АҚШ-тың жекелеген штаттарында «агенттік артықшылық» деген бар, ол ақпараттық агенттіктер дайындаған материалдарды жариялайтын БАҚ-тарды жала үшін жауапкершіліктен қорғаштайды.

Америкалық құқық «диффамация» деп алдын ала жалған, атақ-абыройын төгетін, басқалардың кінәлауына (жек көруіне) итермелейтін немесе бизнесіне нұқсан келтіретін пайым-пікірді таниды. Бұл ретте егер де диффамация жазбаша түрде жарияланса, ол пасквил деп, ал ауызша айтылса – жала деп аталады.

Диффамация туралы іс бойынша сотқа жүгіну үшін қуынудың ескіру мерзімі бұл елде орташа есеппен БАҚ-та қаралайтын материал жариялаған сәттен бастап шамамен бір жылды құрайды.

Сонымен бірге штаттардың көпшілігінде талап қоюшының БАҚ-қа ақпараттың жалғандығын ашып көрсету үшін оның жарияланған күнінен бастап 30 күн ішінде жазбаша талаппен жүгінуіне мүмкіндік беретін «Теріске шығару туралы заңы» бар.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Азаматтардың ақпарат алу конституциялық құқықтарын толық қамтамасыз ету мақсатында «Көпшілік ақпаратқа қол жеткізуі туралы» ҚР Заңы әзірленіп, қабылдансын.

2. Жала жабу мен намысын қорлау құрамын заңнамалық деңгейде криминалсыздандыру, оларды азаматтық-құқықтық жауапкершілік санатына көшіру жөніндегі жұмыс жалғастырылсын.

3. Өскелең ұрпақтардың құқықтық санасының қалыптасуына қатыгездікке табынудың теріс ықпалын болдырмау мақсатында зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке және адам өлтіруге табыну элементтері бар фильмдер, бейнефильмдер көрсету заңнамалық деңгейде реттелсін.

Мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы (еркін және әділ сайлау)

Мемлекет ісін басқаруға қатысу, мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау және оларға сайлану құқығы Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабында, сондай-ақ Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 21-бабында және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 25-бабында бекітілген.

Сайлау негізінде Қазақстан Республикасының Президенті, Парламент, жергілікті өкілді органдар сайланады. Президентті, Республика Парламентінің Мәжілісі мен мәслихаттар депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығымен жасырын дауыс беру жолымен жүреді. Республика Парламенті Сенатының депутаттарының сайлауы жанама сайлау құқығының негізінде жасырын дауыс беру арқылы өтеді.

Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған азаматтары тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан белсенді сайлау құқығына ие.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабының 3 тармағына сәйкес сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтар сайлауға қатыспайды. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Заң) 4-бабының 4 тармағына сәйкес сотталуы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған адам Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттығына, соның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидат бола алмайды.

Конституцияда сайланбалы лауазымға кандидаттарға қойылатын орнықтылық цензы, жасына байланысты цензы және бірқатар басқа да талаптар көзделген.

Президент болып тумысынан республика азаматы болып табылатын 40 жасқа толған, мемлекеттік тілді еркін меңгерген әрі Қазақстанда соңғы 15 жыл бойы тұратын Қазақстан Республикасының азаматы сайлана алады.

Қазақстан Республикасының азаматтығында тұратын және оның аумағында соңғы 10 жылда тұрақты тұрып жатқан адам Парламент депутаты бола алады. Жасы 30-ға толған, жоғары білімі және кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар, тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың не Республика астанасының аумағында кемінде 3 жыл тұрақты тұрып жатқан адам Сенат депутаты бола алады. 25 жасқа толған адам Мәжіліс депутаты бола алады.

Қазақстан Республикасының 20 жасқа толған азаматы мәслихат депутаты болып сайлана алады.

Азаматтардың белсенді сайлау құқықтарын қамтамасыз ету саласында мүмкіндіктері шектеулі адамдардың (мүгедектердің) сайлау мен референдумдарға қатысуына арналған жағдайды жақсарту қажет екенін атап өткен жөн. Бұл дауыс беру пунктінде пандустар орнатуға, зағип сайлаушылар үшін арнайы сайлау бюллетеньдерін пайдалануға, мүмкіндігі шектеулі адамдардың дауыс беруіне арналған жаңа технологияларды пайдалануға қатысты. Осыған орай тиісті шетел (ең алдымен АҚШ, Еуропалық Одақ елдері) тәжірибесін зерделеніп, мүгедектердің сайлау процесіне толық қатысуын қамтамасыз етуге арналған тиісті нормативтік-құқықтық база қабылданса пайдалы болар еді.

Сайланбалы лауазымның кандидаттарына қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

2011-2012 жылдары Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы (бұдан әрі – Ортсайлауком) 2012 жылғы 15 және 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауына, 2012 жылғы 15 қаңтардағы мәслихаттар депутаттарының кезекті сайлауына дайындық және оларды өткізу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырды.

5 шақырылған Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезектен тыс сайлауын өткізуге дайындық барысында бастапқы 8 партиялық тізім ұсынылып, тіркелді, олар 389 кандидатты қамтыды. Тіркелген кандидаттар арасында 12 ұлттың өкілі бар. Кандидаттардың орташа жасы – 54 жас. Әйелдер – 21%.

Кандидаттардың 99% жоғары білімді, оның ішінде 35%-ның заңгерлік немесе экономикалық білімі бар. 30%-дайы - халық шаруашылығының әртүрлі салаларының мамандары. Тіркелген кандидаттардың 13% төртінші шақырылған Парламент депутаттары. Ширегі – коммерциялық құрылымдар қызметкерлері, 12%-дайы мемлекеттік органдар мен мекемелерде, тағы да 16% - ғылым, мәдениет және білім саласында жұмыс істейді.

Әрі қарай «Ақ жол» ҚДП партиялық тізімінен бір кандидат өз қалуаы бойынша, «Ақ жол» ҚДП екі кандидаты Конституция мен Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты, декларацияларында көрсеткен мәліметтерінің салық және уәкілетті органдар мәліметтерімен алшақтығы айқындалған алты саяси партияның 24 кандидаты шығарылды. Нәтижесінде дауыс беру 335 кандидат енгізілген 7 партиялық тізім бойынша жүрді. Сайлау туралы Конституциялық заңның 89-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының 201 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысының негізінде Орталық сайлау комиссиясы «Руханият» партиясының партиялық тізімін тіркеу туралы шешімін осы партияның партиялық тізімді ұсыну ережелерін бұзуына байланысты жойды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауында 9 кандидат ұсынылып, олар Орталық сайлау комиссиясында тіркелді.

Партиялық тізімдер ұсынған саяси партиялардың сайлау алды үгіті 2012 жылғы 16 желтоқсаннан бастап 2012 жылғы 13 қаңтардағы 24.00 сағатқа дейін жүрді. Бірқатар БАҚ-тар жетекшілерінің бастамасы бойынша 2012 жылғы 13 қаңтарда журналистерді сайлау процесін оның барлық әралуандығымен кәсіби және объективті көрсетуге шақыратын Электоралдық науқанда ақпарат тарату барысындағы этикалық нормалардың сақталуы туралы Хартия қабылданды. 2011 жылғы 7 желтоқсанда Орталық сайлау комиссиясының жанынан Ақпараттық дауларды қарау жөніндегі Қоғамдық Кеңес құрылды, оның құрамына танымал заңгерлер мен саясаттанушылар, жетекші БАҚ-тар басшылары, сондай-ақ уәкілетті органдар өкілдері кірді. Қоғамдық Кеңес саяси партияларға БАҚ-тарға тең қолжетімдік беру жөніндегі ұсынымдар қабылады. 2012 жылғы 12 қаңтарда Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауына қатысатын партиялардың саяси дебаттары өтті, ол сол күні-ақ «Хабар» телеарнасының эфирінде таратылды.

БАҚ-тар мониторингіне сәйкес 2011 жылғы 16 желтоқсан мен 2012 жылғы 13 қаңтар аралығындағы кезеңде сайлауға қатысқан саяси партиялардың БАҚ-тарға тең қолжетімдігі қамтамасыз етілді, және де олардың қызметін мемлекеттік БАҚ-тарда жариялау жеке БАҚ-тарға қарағанда неғұрлым белсенді болды. БАҚ-та неғұрлым белсенділік танытқандар «Нұр Отан» ХДП, «Ақ жол» ҚДП, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСДП) және Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясы (ҚКХП) болды. БАҚ-тарда «Әділет» ДП, «Ауыл» СДП, Патриоттар партиясы аз белсенділік танытты. БАҚ-тарда ақысы төленген материалдарды орналастырудың көшбасшылары 3 партия болды: «Ақ жол» ҚДП, «Нұр Отан» ХДП және ҚКХП. Сайлау процесіне қатысушылар тарапынан шағымдардың болмауы саяси партиялар мен журналистердің саяси және электоралдық мәдениетінің өскенінің куәсі болды.

Жаңаөзен қаласында амалсыз төтенше жағдай енгізілуіне қарамастан бұл қалада сайлау өтті. Азаматтардың конституциялық сайлау құқықтары қамтамасыз етілді. Тіпті төтенше жағдайлар жағдайында Жаңаөзен қаласында сайлаушылардың айтарлықтай жоғары белсенділігі (60 пайыздан астам) атап өтілгені мұның жарқын куәсі.

2012 жылғы 15 қаңтарда партиялық тізімдер бойынша сайланатын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы болып өтті. Сайлаушылар тізіміне 9303693 сайлаушы енгізілді, сайлаушылардың келуі 7018927 адамды немесе 75,4% құрады. Дауыс беру кезінде саяси партиялар мынандай дауыс санын жинады: «Нұр Отан» ХДП – 5621436 дауыс немесе 80,99%; Қазақстан Патриоттары тпартиясы – 57732 дауыс немесе 0,83%; «Ақ жол» ҚДП – 518405 дауыс немесе 7,47%; ЖСДП – 116534 дауыс немесе 1,68%; ҚКХП – 498788 дауыс немесе 7,19%; «Ауыл» ҚСДП – 82623 дауыс немесе 1,19%; «Әділет» ҚДП – 45702 дауыс немесе 0,66%. Нәтижесінде депутаттық мандаттар былай бөлінді: «Нұр Отан» ХДП – 83; «Ақ жол» ҚДП – 8; ҚКХП – 7.

2012 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауы болып өтті. Сайлаушылар тізіміне 390 азамат енгізіліп, оның ішінде 335 адам немесе 85,9% дауыс беруге

қатысты. Сайлауға 9 кандидат қатысты. Олардың барлығы көпшілік дауыспен сайланды.

2012 жылғы 15 қаңтарда болып өткен 3335 мәслихаттар депутаттары сайлауында 10035 кандидат ұсынылды, оның ішінде облыстық мәслихаттарға – 1922 адам, қалалық мәслихаттарға – 2149 адам және аудандық мәслихаттарға – 5964 адам. Мәслихат депутаттығына кандидаттар ретінде 9165 адам тіркелді, соның ішінде облыстық мәслихаттарға – 1752 адам, қалалық мәслихаттарға – 1890 адам және аудандық мәслихаттарға – 5523 адам. Тіркеуден кейін 1237 кандидат тізімнен алынды, соның ішінде 659 өз кандидатураларын жеке өтініштері бойынша алды және округтік сайлау комиссияларының шешімдерімен тағы 575 кандидатура алынды. Мәслихаттар депутаттарының сайлауы 550 облыстық, 625 қалалық және 2159 аудандық округтер бойынша өтті.

Парламент Мәжілісі мен Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының сайлауы бойынша сайлау науқаны кезеңінде Орталық сайлау комиссиясына 77 шағым түсті, оның ішінде 20 шағым Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауына және 57 шағым мәслихаттар депутаттары сайлауына қатысты. ЖСДП-ның сайлау комиссияларына партия өкілдерін кеңесші дауыс құқығымен делегациялау мерзімін ұзарту туралы, сайлау комиссияларының іс-әрекеттері мен шешімдеріне, «Литер» газетінде Е.Ертісбаевтың сұхбатының жариялануына 16 шағымның 10 қанағаттандырылды. Сондай-ақ «Ақ жол» ҚДП-ның келіп түскен сайлау комиссияларының іс-әрекетіне 2 шағымының 2 қанағаттандырылды. Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауына қатысты қалған барлық шағымдар бойынша тексерулер жүргізілді, олардың нәтижелерінде сайлау заңнамасын бұзушылықтар айқындалмаған.

2012 жылғы 28 қазанда «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 101-бабының 4 тармағына сәйкес елдің 11 өңірінде 45 сайлау округінде бұрынғы мәслихат депутаттарының орнына сайлау өтті. 10 облыстық, 8 қалалық және 27 аудандық мәслихаттардың депутаттары сайланды. Сайлушылардың келуі 70,8% құрады.

Дауыс беру барысын және дауыстарды санау рәсімін бақылауды кандидаттардың сенім білдірген адамдары, саяси партиялардың, қоғамдық бірлестіктердің және БАҚ өкілдері жүзеге асырды. Орталық сайлау комиссиясына шағымдар мен арыздар түскен жоқ.

Жалпы 2012 жылы сайлау науқандары сайлау заңнамасының талаптарына сай өтті.

Сайлау заңнамасын талдау

Қазақстан Республикасында сайлауға дайындықты және өткізуді реттейтін заңнама өзіне 9 негізгі заңнамалық актіні, соның ішінде: Конституцияны, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы», «Республикалық референдум туралы», «Қазақстан Республикасының

Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңдарды, «Саяси партиялар туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңдарды, сондай-ақ Қылмыстық кодексті, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексті қамтиды. Осылайша, Қазақстанда азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету мәселелерін реттейтін қомақты құқықтық база бар.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң сайлау бойынша негізгі заңнамалық акті болып табылады. Оның алғашқы қабылданған уақытынан бері оны жетілдіру және оны халықаралық сайлау құқығы нормаларына сәйкес келтіру мақсатында оған он екі рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді – 1997 жылғы 19 маусымдағы, 1998 жылғы 8 мамырдағы, 1998 жылғы 6 қарашадағы, 1999 жылғы 6 мамырдағы, 1999 жылғы 28 маусымдағы, 2004 жылғы 14 сәуірдегі, 2005 жылғы 15 сәуірдегі, 2006 жылғы 25 желтоқсандағы, 2007 жылғы 19 маусымдағы, 2009 жылғы 9 ақпандағы, 2010 жылғы 14 маусымдағы, 2011 жылғы 3 ақпандағы конституциялық заңдармен. Жалпы алғанда 780 өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Енгізілген өзгерістер нәтижесінде қалыптасқан елдің сайлау заңнамасы ЕҚЫҰ-ның 1990 жылғы Копенгаген құжатында тұжырымдалған, Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделетін және Сайлау туралы Конституциялық заңның жалпы бөлігіне енгізілген әрі оның тараулары мен баптарында егжей-тегжейлі тәптіштелген сайлау құқығының негізгі принциптеріне сай келетін сайлау жүйесін құруға мүмкіндік берді.

2011 жылғы толықтырулар өзіне Республика Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындауды және өткізуді қамтиды (Заң 51-1 және 66-баптармен толықтырылды). Кезектен тыс Президент сайлауы Президенттің шешімімен тағайындалады және оны тағайындаған күннен бастап екі айдың ішінде Президенттің кезекті сайлауы үшін белгіленген ережелерге сәйкес өткізіледі, ал кезектен тыс сайлаудан кейінгі Президенттің кезекті сайлауы бес жылдан соң жарияланады деп белгіленген. Сайлау іс-шараларын өткізу мерзімдерін Орталық сайлау комиссиясы анықтайды.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан Республикасындағы 2005 және 2007 жылдардағы сайлауларды бақылау нәтижелері бойынша 59 ұсыным енгізді, оның ішінде 40 ұсынымды Орталық сайлау комиссиясы іске асырылды деп есептейді. 19 ұсынымды объективті себептермен іске асыру мүмкін емес: 1) 5 ұсыным ЕҚЫҰ-ның Копенгаген құжаты мен өзге де құжаттарының ұйғарымдарына сәйкес келмейді; 2) 3 ұсыным анық, дәл тұжырымдалмаған; 3) 10 ұсыным қазақстандық сайлау заңнамасына және (немесе) әлемдік электоралдық практикаға сәйкес келмейді; 4) бір ұсыным Орталық сайлау комиссиясының құзырына жатпайды.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сәйкес сайлау заңнамасын одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыстар жалғастырылсын.

2. Сайлау комиссияларының қызметіне белгіленген тәртіппен тіркелген барлық саяси партиялар өкілдерінің қатысуы қамтамасыз етілсін, бұл ретте мұндай қатысу комиссия мүшелерін сайлайтын мәслихаттардың саяси құрамына тәуелді болмай, сайлау комиссиясының қызметіне барлық саяси күштердің объективті қатысуын көздейтін тетікке негізделуі тиіс.

3. Жергілікті атқарушы органдардың сайлаушылар тізімін жасауының ашықтығы қамтамасыз етілсін. Сайлаушылар тізімін жасау кезінде халыққа қызмет көрсету орталықтары мен көші-қон полициясы органдарының деректер банктері пайдаланылсын.

4. Дауыс беру жүйесіне, сайлау учаскесіндегі дауысты санау кезеңіндегі және дауысты санау нәтижелері туралы хаттама толтырудағы қоғамдық бақылау заңнама түрінде бекітілсін.

Еңбек қатынастары саласындағы адам құқықтары

ҚР Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР ЕК) сәйкес әркімнің өзінің еңбекке қабілетін еркін пайдалану, ешқандай да кемсітусіз және мәжбүрлеусіз қандай да бір қызмет түрін таңдау құқығы бар.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, мемлекет азаматтардың жемісті және еркін таңдаған жұмыспен қамтылуына қол жеткізуге жағдай жасайтын саясат жүргізуді қамтамасыз етеді.

Бұл орайда мемлекет азаматтарға халықты жұмыспен қамту саласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға, уәкілетті органдар арқылы жұмыс таңдауға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге кепілдік береді.

Қазақстан Республикасында ұлттық заңнамада, Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде (бұдан әрі – ҚР ЕК) еңбек және жұмыспен қамту саласында кемсітушілікке тыйым салынған.

Қазақстан Республикасының Конституциясына, ұлттық заңнамаға сәйкес әркімнің еркін еңбек ету, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдау құқығы бар. Әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайына, еңбегі үшін ешқандай кемсітусіз сыйлықақыға, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Конституциясында (14-бап) заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең екені белгіленген. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың қызмет түрі мен кәсібін еркін таңдау мүмкіндігін, әділ және қолайлы еңбек шартын, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға, жемісті жұмыспен қамтуды, жұмыссыздықты қысқартуды, жұмыс орындарын құруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекет азаматтарға халықты жұмыспен қамту саласында жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауға, уәкілетті органдардың делдалдығымен жұмыс таңдау мен жұмысқа тұруға жәрдемдесуге кепілдік береді.

Еңбек нарығындағы ахуал туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1-ақпанындағы №922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына сәйкес, елдегі іскерлік климатты жақсарту, физикалық, адами және институттық ресурстарды дамыту бойынша белсенді шараларды жүзеге асыру және азаматтардың сапалы мемлекеттік қызметтерге қол жетімділігін қамтамасыз ету, оларға қол жетімді тұрғын үй жағдайларын қалыптастыру және халықтың әлеуметтік қорғау бойынша мәселелерді шешу бойынша жұмысты жалғастыру қарастырылады. Бұл факторлар Стратегиялық жоспар – 2020-ның бес негізгі бағыттарын айқындады, олардың ішінде:

Қазақстанның ұзақ мерзімді болашағына адами ресурстарды дамыту есебінен инвестиция салу;

азаматтарға негізгі әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық қызметтерді көрсету.

ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы №1507 қаулысымен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (ЕХӘҚМ) 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспары бекітілді (бұдан әрі – Стратегиялық жоспар).

Стратегиялық жоспарда ЕХӘҚМ-нің еңбек құқықтарын қорғауды, тиімді жұмысбастылыққа жәрдемдесу мен халықтың әл-ауқатын өсіру қарастырылатын миссиясы анықталды.

Стратегиялық жоспар іс-шаралары тізімінде бір мезгілде «Ең төменгі еңбекақының жана стандарттарын құрастыру және енгізу», «Әлеуметтік көмек көрсету стандарттарын біріздендіру», «Мүмкіндігі шектеулі адамдарға өмір сапасын жақсарту бойынша әрекеттердің Ұлттық жоспарын құрастыру және жүзеге асыру» сияқты және т.б. іс-шаралар бар.

Осыған байланысты, әлеуметтік саясат мәселелері жеткілікті шамада қолданыстағы құжаттар мен жоспарлар арқылы реттелуде деп ойлаймыз.

Ең төменгі жалақы туралы

Республикада жалақының ең төменгі мөлшеріне (ЖЕТМ) кепілдік беріледі, ЖЕТМ орнатудың негізі болып күнкөріс минимумы саналады.

ҚР Еңбек кодексінің 122-бабына сәйкес, ең төменгі жалақы көлемі күнкөріс минимумынан төмен болмауы тиіс.

Ең төменгі жалақы мөлшерін орнатқан кезде, республика өзінің экономикалық әлеуетіне сүйенеді, себебі бақыланбаған көтеру мемлекеттік бюджет мүмкіндіктеріне мөлшерлдіс болмауы мүмкін.

Сонымен қатар, жыл сайын жалақының ең төменгі мөлшерінің артуы инфляцияның тиісті өсуінен озып тұрады.

№26 «Ең төменгі жалақыны белгілеу рәсімін құру туралы» және № 131 «Дамушы елдерді ерекше ескере отырып ең төменгі жалақыны белгілеу туралы» Конвенцияларға сәйкес (бұдан әрі – Конвенциялар), жалақының ең төменгі мөлшерлемелері еңбек етушілерге қанағаттандыратын өмір салтын қамтамасыз етуі керек, ал оларды анықтауда тек қана еңбек етушінің қажеттіліктерін емес, оның отбасын да; елдегі жалақының жалпы деңгейін, өмір құнын, әлеуметтік төлемдерді, елдегі экономикалық даму деңгейін, әр түрлі әлеуметтік топтардың салыстырмалы өмір деңгейін, еңбек өнімділігі деңгейі мен басқа да факторларын ескеру қажет. Яғни, жалданып жұмыс істейтін тұлғаларға жұмыскердің және оның отбасының күнкөріс минимумы тұрғысынан қажетті әлеуметтік көмек қамтамасыз етілуі керек.

Қазақстан Республикасында жалақының ең төменгі мөлшерін жыл сайын белгілеуге Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес мемлекет кепілдік береді (28-бап).

ЖЕТМ деңгейі біздің республикамыздың экономикалық әлеуетіне қарай анықталады.

ЕХӘҚМ-нің 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарымен «Ең төменгі жалақының заманауи стандарттарын әзірлеу және енгізу» шарасы қарастырылады.

2013 жылы «Жалақының ең төменгі мөлшерін белгілеудің әдістерін әзірлеу» тақырыбына зерттеу жүргізілетін болады.

Сондай-ақ, 2011 жылғы 29 қарашада қабылданған 2012-2014 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметі, жұмыскерлердің республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы Бас келісімде аталған Конвенцияларды ратификациялау көзделгенін атап өту керек

Осыған байланысты, қазіргі уақытта Адам құқықтары жөніндегі комиссияның ұсынысы бойынша, ЕХӘҚМ-де ХЕҰ №95 «Жалақыны қорғау туралы» және №26 «Ең төменгі жалақыны белгілеу рәсімін құру туралы» Конвенцияларын ратификациялау рәсімдері жүргізіліп жатыр.

Халықты жұмыспен қамту туралы

Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

Жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясат:

Қазақстан Республикасы азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қызмет пен мамандық түрін, әділ және сәтті еңбек жағдайларын, жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғауды еркін таңдауға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге;

өнімді жұмысбастылықпен қамтамасыз етуге, жұмыссыздықты азайтуға, жұмыс орындарын құруға бағытталған.

Қазақстан Республикасында қажетті нормативтік құқықтық база қалыптасқан және ұжымдық-шарттық қатынастарды тиісінше реттеу тетіктері бар.

Халықаралық еңбек ұйымының 21 конвенциясы ратификацияланды (олардың 4 әлеуметтік серіктестіктер мен еңбек даулары мәселелерін шешеді).

Қазақстан Республикасының Конституциясында жеке және ұжымдық еңбек дауларын заңда белгіленген әдістерді пайдаланып, ереуілге шығу құқығын қоса, шешу құқығы бекітілген.

Жеке еңбек дауларын қарау тәртібі Еңбек кодексінің 15 тарауымен регламенттелген, оған сәйкес жұмыскердің еңбек дауын шешу рұқсатын алу үшін келісім комиссиясына жүгінуге немесе тікелей сотқа жүгіну арқылы дауды реттеуге өз таңдауын жасауға ерекше құқығы бар.

Келісу комиссиясы паритеттік негізінде тараптардың келісімі бойынша жұмыс берушінің және ұйым қызметкерлері өкілдерінің бірдей санынан құрылады.

Ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі Еңбек кодексінің 32-тарауымен регламенттелген.

Еңбек кодексінің 290-бабы келіспеушіліктерді реттеу мерзімін, талаптардың орындалуын не болмаса оларды орындау жөнінде шаралар қабылдануын немесе өз шешімдері мен ұсыныстарын қызметкерлерге жеткізуін қарастырады.

Жалпы қолданыстағы Еңбек кодексі, оның құрылымы мен мазмұны қызметкерлер мен жұмыс берушілер мүдделері балансын ұстануға мүмкіндік береді және елдегі еңбек қатынастарын, соның ішінде еңбек дауларын, құру және реттеудің өркениетті тәртібін қамтамасыз етеді.

2012 жылғы 17 ақпанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.

Әлеуметтік серіктестік саласында еңбек қатынасы тараптары мүдделерінің өкілділігін қамтамасыз етудің нысандары мен әдістері жақсартылды.

Жиналыстар (конференциялар) өткізу барысындағы кворумға талаптар ықшамдалды, сонымен қатар қызметкерлер мен олардың өкілдері үшін әсіресе қызметкерлердің талаптарын ұсыну мәселесінде неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалды, жиналыс өткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда, өздері ұсынған талаптарын қолдайтын қызметкерлердің жартысынан астамының қолын жинап, шешімді бекіту құқығы белгіленді, қызметкерлер (тікелей жұмыс беруші, жұмыс берушілер бірлестігі, бітім комиссиясы, ереуіл

кезеңінде) ұсынылған талаптарды оның барлық кезеңінде қарау мерзімі қысқартылды.

Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасын бұзушылық фактілері

2012 жылы прокуратура органдары шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметіне қазақстандық және шетелдік қызметкерлерге еңбекақы төлеудегі диспропорцияның заңдылығы мәселесі бойынша тексеру жүргізді, оның барысында қазақстандық және шетелдік қызметкерлерге еңбекақы төлеуде негізсіз айырмашылықтар орнатудың 100-ден астам фактілері анықталды.

Алдында айтылған отандық және шетелдік мамандарға еңбекақы төлеудегі кемсіту мен диспропорция фактілерін жою мақсатында, уәкілетті органдарға заңдылықты бұзуды жою туралы 27 ұсыныс енгізілді, ден қою актісі бойынша 47 жұмыс беруші әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Азаматтардың еңбекақы төлеуге қатысты конституциялық құқықтарын қорғау және сақтауды қамтамасыз ету мақсатында, бұл бағытта прокурорлар 2012 жылы 1,1 мың заңдылықты бұзушылықты анықтады, оларды жою мақсатында 3 500-ден астам ден қою актісі енгізілді, 20 қылмыстық іс қозғалды, 2 393 тұлға жауапкершілік түрлеріне тартылды.

Прокурорлар қабылдаған шаралар нәтижесінде жылдың басынан 8,1 млрд. теңгеден астам сомадағы еңбекақы бойынша қарызды өтеу қамтамасыз етілді, бұл 137 мыңнан астам қызметкерлердің еңбек үшін сыйақы құқықтарын қорғауға мүмкіндік берді.

Осылайша, прокуратура органдарындағы қолданыстағы азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау тетіктері тиімді болып табылады және олардың тұрақты негізде сақталуын қамтамасыз етеді.

2012 жылғы 1 қаңтарда мемлекеттік еңбек инспекторларының (бұдан әрі – МЕИ) саны республика бойынша 315 адамды құрады.

2012 жылы мемлекеттік еңбек инспекторлары тексеру барысында 54543 бұзушылық анықтады, олардың ішінде:

еңбек қатынастары саласында - 32550;

еңбекті қорғау және қауіпсіздігі саласында - 20965;

халықты жұмыспен қамту саласында - 1028.

Еңбек қатынастары саласында негізгі бұзушылықтар мыналар болып табылды:

еңбек келісімдері мазмұнына сәйкес келмеу – 5651 (17,4%);

еңбекақыны уақытында төлемеу (3 айға және одан да көп кешіктіру) – 3881 (11,9%);

заңнамада белгелінген жұмыс уақыты нормаларын арттыру (мерзімді сағатынан тыс) – 1433 (4,4%);

еңбек демалыстарын беру мерзімін бұзу – 1249 (3,8%);

еңбек келісім-шартын жасамай, қызметкерлердің еңбегін пайдалану (фактілер саны) – 889 (2,7%) және басқалар.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, еңбек жөніндегі мемлекеттік инспекциямен қатар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында қоғамдық бақылау жүзеге асырылып жатыр.

Еңбек кодексінде (339-1 бабы) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссия) құруды қарастыратын норма енгізілді, оның құрамына жұмыс берушінің өкілдері, кәсіподақ ұйымының өкілдері немесе қызметкерлердің уәкілетті өкілдері тең құқылы негізде кіреді.

Комиссия еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттану мен кәсіптік аурулардың алдын алу жөніндегі бірлескен іс-қимылын ұйымдастырады, сондай-ақ жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен еңбектің қорғалуына тексеру өткізуді және қызметкерлерді көрсетілген тексерулердің нәтижелері туралы хабардар етуді, ұжымдық шарттың (келісімнің) еңбекті қорғау туралы бөліміне ұсыныстар жинауды ұйымдастырады, бұл еңбекті қорғау бойынша қоғамдық инспекторларға ұйымдардағы сәтсіз оқиғалардың алдын-алу және профилактикасы үшін өкілеттігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

2012 жылы саны 18 мың адамнан астам қоғамдық инспекторлар 153490 бұзушылықты анықтады, олардың ішінде 121090 жойылды, 112 мәлімет ұйым басшыларына шара қабылдау үшін мемлекеттік еңбек инспекциясына жіберілді, 43 мәлімет сотқа жіберілді.

Бұған қоса, ҚР Кәсіподақтар федерациясы Жалпыға бірдей Кәсіподақтар Конфедерациясы Атқару комитетінің «БҰҰ Бас Ассамблеясының 20 ақпанды Бүкіләлемдік әлеуметтік әділдік күні ретінде жариялау туралы» қаулысын қолдады. ҚР Кәсіподақтар федерациясының мүше ұйымдары осы күні жұмыс орындары, лайықты еңбекақы, өмір және еңбек етушілер құқықтары үшін күресті нығайту үшін БҰҰ-ның Бүкіләлемдік әлеуметтік әділдік күні ретінде жариялануына арналған іс-шаралар ұйымдастырды.

Жыл сайын сәуірде жалпы Республика бойынша кәсіподақтық ұйымдарда Халықаралық Еңбекті қорғау күніне арналған акциялар өткізеді. Акция шеңберінде кәсіподақ қызметкерлері кәсіпорындар мен ұйымдарға еңбекті және қызметкерлер денсаулығын қорғау, адамдарды қауіпсіз әрі қалыпты жағдайларда еңбек ету мүмкіндіктерімен қамтамасыз етуді насихаттау мақсатында барады. 2012 жылғы сәуірде Халықаралық Еңбекті қорғау күніне арналған «Жасыл экономикада» еңбекті дамыту» акциясы өткізілді.

Көмір, тау-кен-металлургия және құрылыс өнеркәсібі кәсіпорындары жоғары қауіпті объектілерге жатады. Бұл салаларда жарақаттанушылық деңгейі жоғары болып қалуда және өлімге соқтырған зардап шеккендердің жоғары саны байқалады.

Бұл салалардағы жазатайым оқиғалардың себебі тек қана жұмыс берушілер міндеттерін бұзуы емес, сонымен қатар еңбек заңнамасын бұзу орын алғанын біле тұра, жұмыскерлердің қысқа мерзім ішінде ақша табу мақсатында кез-келген жағдайларға келісуі де болып табылады. Статистика мәліметтері бойынша, өндірістегі жазатайым оқиғалардың негізгі себептерінің бірі зардап шеккендердің өрескел абайсыздығы болып табылады.

2008-2012 жылдардағы өндірістік жарақат алу кестесі

Жылдар	2008	2009	2010	2011	2012
Барлық зардап шеккендер	2450	2102	2151	2817	2241
Өліммен аяқталғандары	405	346	359	283	278

Кестеден көрінгендей, талданған жылдары өндірістік жарақат алу жиілігінің коэффициенті жалпы республика бойынша жоғары. Тек 2012 жылы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жедел мәліметтері бойынша жалпы жарақаттанудың, сондай-ақ өліммен аяқталу жағдайлары төмендеген.

Кәсіподақтар еңбек заңнамасын жұмыс берушілердің өндірісте салауатты және қауіпсіз еңбек шарттарын, жұмыс істеушілердің еңбек құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін сақтауы бөлігінде жетілдіруге қол жеткізуде. Кәсіподақ активін, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау мәселелері жөніндегі қоғамдық инспекторларды оқыту жүзеге асырылады, құқықтық көмек көрсетуді және жалданбалы қызметкерлердің заңды құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету үшін осы саладағы жұмыстың оң тәжірибесі зерделеніп, таратылады. 2012 жылы жоғарыда аталған мәселелер бойынша 1530 адам оқытылған.

Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы

Әлеуметтік қамту жүйесінің негізгі басымдығы әлеуметтік қамтудың конституциялық кепілдіктерін іске асыру және оны барынша дамыған елдердің стандарттарына келтіру болып қала береді.

Әлеуметтік бағдарламаларды өскелең қаржыландыру оны алатындардың барлық санаттары үшін әлеуметтік төлемдер деңгейін көтеруге мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының 28-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматына жасына келген, науқастанған, мүгедек болған, асыраушысынан айырылған жағдайда және өзге де заңды негіздерде ең төменгі жалақы мен зейнетақының мөлшерінде әлеуметтік қамсыздандырылуына кепілдік беріледі.

Қазіргі таңда зейнетақымен қамтамасыз ету жауапкершілігін мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында оңтайлы бөлуге негізделген, әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көпдеңгейлі моделі жұмыс істейді.

Базалық деңгейде мемлекет мыналарға кепілдік береді:

барлық зейнеткерлер мен зейнеткерлік жасқа келген мүгедектерге жұмыс өтілі мен алдыңғы табысқа қарамастан, базалық зейнетақы төлеу;

мүгедектерге, асыраушысынан айырылған адамдар және зейнеткерлік жасқа жеткен, бірақ жұмыс өтілі жоқ адамдарға – мүгедектік, асыраушысынан айырылу және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар.

Міндетті ынтымақтас деңгейде ынтымақтас (еңбек) зейнетақылары қалыптасады және төленеді; *міндетті жинақтаушы деңгейде* – міндетті зейнетақымен және әлеуметтік аударымдар есебінен құралған жинақтаушы зейнетақы қорларынан (бұдан әрі ЖЗҚ) зейнетақылар және МӘСҚ-дан әлеуметтік төлемдер.

Ерікті деңгейде зейнеткерлік және әлеуметтік төлемдер ерікті жарналар негізінде қалыптасады және төленеді.

Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы ең төменгі әлеуметтік стандарттар мен кепілдіктерге ең төменгі зейнетақы және мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі жатады.

ҚР Конституциясы зейнет жасы бойынша зейнетақының ең төменгі көлеміне кепілдік береді. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңға сәйкес, ең төменгі зейнетақы - тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген зейнетақы төлемдерінің ең төменгі мөлшері.

Ең төмен мөлшердегі зейнетақыны қажетті толық еңбек өтілі бар (ерлер – 25 жыл, әйелдер – 20 жыл) адамдар алады, егер де:

зейнеталды кезеңде табысы болмаса (жұмыс істемеген немесе табысты растайтын құжаттары жоқ),

зейнеталды кезеңдегі табысы төмен болса (көрсетілген табыстан саналған зейнетақы мөлшері заңнамамен қарастырылған зейнетақының ең төменгі көлемінен төмен болып шықса).

2000-2012 жылдар кезеңінде республикадағы ең төменгі зейнетақы мөлшері номиналды түрде 3 500-ден 17491 дейін немесе 5 есеге артты. Нақты түрде ең төменгі зейнетақы көлемі 93,9%-дан астам көбейді.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін жүзеге асыру бойынша кепілдіктер енгізудің мақсаты зейнеткерлер кедейлігін төмендету және оның алдын алу болып табылады.

Ол зейнетақы алушылардың барлығына елде тұру ұзақтығына, еңбек өтілінің бар болуы мен ұзақтығына, қамтамасыз етілуі және басқа факторларға қарамастан төленеді.

Биыл базалық зейнетақы төлемінің көлемі 8720 теңгені құрайды, бұл 2005 жылғы енгізілген кездегіден шамамен 3 есеге артық. Қазақстанның 2020 жылға дейінгі Стратегиялық дамуын жүзеге асыру төңірегінде базалық зейнетақы төлемі 2015 жылы КМ-нің 60%-ға жетеді, кейін кезең сайын күнкөріс минимумы деңгейіне дейін жоғарылайтын болады.

Ең төменгі стандарттарды жетілдіру мақсатында 2013 жылы «Азаматтарды ҚР Конституциясы кепілдік беретін ең төменгі әлеуметтік стандарттармен қамсыздандыру нормалары мен нормативтерінің ғылыми негіздемесі және Ең төменгі әлеуметтік стандарттарды, нормалар мен

нормативтерді анықтаудың Бірыңғай әдіснамасын құрастыру» тақырыбында ғылыми зерттеу жүргізілетін болады.

Зерттеу нәтижесі бойынша ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттар туралы заңнаманы әзірлеу шеңберінде ұсыныстар енгізілетін болады.

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және зейнетақылық қамсыздандырылу құқықтары

Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз ету құқықтарына Қазақстан Республикасының Конституциясы мен қолданыстағы заңнамасында кепілдік берілген.

Дегенмен де, ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның зерттеулері қазақстандық мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік және зейнетақылық қамтамасыз етілуі әлемдік практиканы және олардың мемлекеттік органдардағы жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып, жетілдіруді талап етеді.

Әкімшілік және саяси мемлекеттік қызметшілер, Парламент пен мәжілістер депутаттарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының судьяларымен қоса құқық қорғау органдары қызметкерлерімен басқа елдің азаматтарымен қатар жалпы негіздегі зейнетақы алады.

Мысалға, Ресей Федерациясының мемлекеттік қызметшілері еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақыны еңбек сіңірген жылдарына қарай жсалақының 60 – 80% мөлшерінде алады.

ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның көзқарасы тұрғысынан әкімшілік және саяси мемлекеттік қызметшілердің зейнетақылық қамтамасыз етілуі олардың қоғамдағы ерекше және жауапты жағдайын, мемлекетке еңбек сіңірген жылдарын, мемлекеттік қызметтің айрықша ерекшеліктерін ескере отырып, жетілдіруді талап етеді. Қазақстанның экономикалық өркендеуін, мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып, сондай-ақ әлем қоғамдастығындағы басқа да мемлекеттердің өздерінің мемлекеттік қызметшілерін лайықты зейнетақылық қамтамасыз ету жөніндегі оң тәжірибелерін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Парламентіне мемлекеттік қызметшілерді еңбек сіңірген жылдарына қарай зейнетақымен қамтамасыз етудің ерекше тәртібін көздейтін «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеп, қабылдауды ұсынамыз. Бюджет қаражатын үнемдеу және әділдік пен объективтілік принциптерін сақтау мақсатында мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарын 1991 жылғы 16 желтоқсаннан, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алған күнен бастап есептеуді ұсынамыз.

Еңбек сіңірген жылдарды есептеу үшін үздіксіз мемлекеттік қызмет өтілінің төменгі шкаласы 12 жыл 6 ай шегінде белгіленсін.

Әлемдік тәжірибеге орай, сондай-ақ елдің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету институтын енгізуді ұсынамыз, бұл оларға мемлекеттік қызмет өтілі 20 және одан көп жыл болған кезінде,- соңғы лауазымындағы жалақысының - 50% мөлшерінде, мемлекеттік қызмет өтілі 15-тен 20 жылға дейін болған кезде - 45% мөлшерінде және үздіксіз мемлекеттік қызмет өтілі 12,5-тен 15 жылға дейін болған кезде.- 40% мөлшерінде зейнетақы төлеуді көздейді.

ҰСЫНЫМДАР:

1. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Бас прокуратурасы жұмыс берушілердің азаматтардың еңбек құқықтарының, ең алдымен жеке еңбек келісім-шарттарын міндетті түрде жасау және олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларына сәйкес болуы, жұмыс күні мен демалыс уақыты нормаларының сақталуы, жалақының уақытылы төленуі бөлігінде сақталуына бақылау мен қадағалауды күшейтсін.

2. Айқындалған еңбек қорғау туралы заңнамасын бұзушылықтардың барлық жерде кездесетінін ескере отырып, мемлекеттік еңбек инспекторлары мен ҚР прокуратура органдарына жұмыс берушілердің, ең алдымен экономиканың тау-кен-металлургия және мұнай-газ салалары кәсіпорындарының, құрылыс ұйымдарының еңбек қорғау жөніндегі стандарттар, ережелер мен нормалар талаптарын сақтауына бақылауды күшейту ұсынылсын.

3. Еңбек мемлекеттік инспекторлары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп халық арасында еңбек, әлеуметтік заңнаманың және халықтың жұмыспен қамту туралы заңнаманың нормаларын түсіндіру жөніндегі ақпараттық-насихаттық жұмысты жандандырсын.

4. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне еңбек қатынастары саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің тиісті жобаларын әзірлеу кезінде еңбек құқығы жөніндегі құқықтанушы ғалымдарды белсенді тарту ұсынылсын.

5. Азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын қорғауды күшейту мақсатында Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің Факультативтік хаттамасы ратификациялансын.

6. Жалданбалы жұмысшылардың құқықтық сауаттылығы деңгейін көтеру мақсатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен оның аумақтық органдарына еңбек қатынастары саласындағы сарапшылармен бірлесіп жүйелі түрде олар үшін семинарлар мен тренингтер өткізсін.

7. Ресей Федерациясы, ТМД мен Еуропалық Одақ елдері, басқа да мемлекеттердің мемлекеттік қызметшілердің зейнетақымен қамту құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі оң тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігіне мемлекеттік қызметшілерді еңбек сіңірген жылдарына қарай зейнетақымен қамтамасыз етудің ерекше

тәртібін көздейтін «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамтамасыз ету туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына шығару ұсынылсын. Бюджет қаражаттарын үнемдеу және әділдік пен объективтілік принциптерін сақтау мақсатында мемлекеттік қызметшілердің еңбек сіңірген жылдарын есептеуді 1991 жылғы 16 желтоқсаннан, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алған күнінен бастап есептеуді ұсынамыз.

Еңбек сіңірген жылдарды есептеу үшін үздіксіз мемлекеттік қызмет өтілінің төменгі шкаласы 12 жыл 6 ай шегінде белгіленсін.

8. Әлемдік тәжірибеге орай, сондай-ақ елдің экономикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, Қазақстанда мемлекеттік қызметшілерді зейнетақымен қамтамасыз етудің оларға мемлекеттік қызмет өтілі 20 және одан көп жыл болған кезінде,- соңғы лауазымындағы жалақысының - 50% мөлшерінде, мемлекеттік қызмет өтілі 15-тен 20 жылға дейін болған кезде - 45% мөлшерінде және үздіксіз мемлекеттік қызмет өтілі 12,5-тен 15 жылға дейін болған кезде - 40% мөлшерінде зейнетақы төлеуді көздейтін институты енгізілсін.

9. Мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуын күшейту мақсатында 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап үш жалақы мөлшеріндегі сауығуға арналған жыл сайынғы төлемді көздейтін әлеуметтік пакет енгізуді ұсынамыз.

Білім алу құқығы

Қазақстан Республикасында білім мемлекет дамуының маңызды стратегиялық ресурсы деп танылған.

Білім беру саласында азаматтардың заңдық құқықтары мен мүдделерін сақтауға қатысты ұлттық саясатты жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы бағытталған.

Жыл сайын білім беруге бөлінетін мемлекеттік бюджет шығындары ұлғаюда. Егер білім беруге бөлінетін шығындардың үлесі 2010 жылы 797,0 млрд.теңге немесе ЖІӨ 4,1% құраса, 2011 жылы 900 млрд. теңгеге жуық болды – бұл ЖІӨ 4,2%.

2012 жылы білім беруді қаржыландыру **1,3 трлн. теңгеден** асады. Бұл шамамен ЖІӨ-нің 5% - яғни республика дамыған елдер деңгейіне (ЖІӨ-нің 6-8%) жүйелі жақындап келеді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі ұйымдардың, жалпы білім беретін мектептердің, арнайы коррекциялық ұйымдардың, кәсіби лицейлердің, жоғары оқу орындарының түрлі типтері мен түрлері ұсынылған білім беру жүйесі құрылған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына және 1997 жылғы Білім берудің халықаралық стандарттық

классификациясының (БХСК) білім беру бағдарламаларының классификациясының критерийлеріне сәйкес, білім берудің 7 деңгейі белгіленген: мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, бастауыш білім, негізгі орта білім, орта білім (жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім), орта білімнен кейінгі білім, жоғары білім, жоғары білімнен кейінгі білім.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім

2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру туралы» заңның 35-бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының әр азаматы конкурстік негізде тегін жоғары білім алуға құқылы.

Сонымен қатар, техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсерде ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын анықтайтын мамандықтарға 2008 жылғы 28 наурыздағы ҚР Үкіметінің №296 «Техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуде қабылдауда квота берілу туралы» қаулысында бекітілген ауыл жастарынан шыққан азаматтар үшін мемлекеттік білім беру тапсырысының бекітілген көлемінен 30% квота қарастырылады.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім Қазақстанда Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2030» Стратегиясында анықтаған негізгі ұлттық басымдықтардың бірі ретінде жауапты миссияны атқарады.

Сондықтан да Қазақстан дамуының жаңа кезеңге өтуі стратегиясының маңызды 30 бағыттарының бірі «білім беру жүйесінің, сонымен қатар кадрларды қайта даярлау әлемдік стандарттарға жақындауы» болып табылады. Осы бағытта Қазақстандағы жоғары білім беруге жауапты миссия қойылған – қоғамдық процесс пен өркендеудің қозғаушы күші болу.

Қазақстан толығымен үш деңгейлі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге (бакалавр – магистр – PhD докторы) өтті.

Республикада жоғары білімді орта білімнен кейінгі, жалпы орта, немесе техникалық және кәсіби білім алған азаматтар алады. Әр азамат конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқылы.

ЖОО студенттері контингенті бюджеттік қаржыландыру, мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орнату (білім беру гранттары) арқылы, сонымен қоса оқуды азаматтардың өзінің жеке қаржысының есебінен және басқа қаржы көздерінен төлеумен құрылады.

Білім беру гранты өзге елдердің азаматтары болып табылатын ұлты қазақ шетел азаматтарына және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, сонымен қоса Ресей Федерациясы, Беларусь Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Қырғызстан Республикасы азаматтарына Қазақстан Республикасы азаматтарымен тең дәрежеде беріледі.

Басқа шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар ЖОО-ға Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіппен, сонымен қатар Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық келісімдермен қабылданады.

Азаматтарды ЖОО-ға қабылдау азаматтардың өтініштерімен конкурстік негізде ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу нәтижелері бойынша берілген сертификаттардағы баллдарға сәйкес жүзеге асады.

Жоғары білім мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен білім беру стандарттарымен регламенттеледі.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім жоғары білімге ие азаматтарға беріледі.

Ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдардың магистратура мен докторантурасында жүзеге асырылады, сонымен қатар, жыл сайын Қазақстан Республикасы заңнамасымен орнатылған тәртіпке сай бекітілетін «Болашақ» халықаралық стипендиясы иегерлерін шетелдік жоғары оқу орындарына күндізгі нысан бойынша мамандықтар тізімімен сәйкес оқуға бағыттаумен жүзеге асады.

Әскери мамандықтар бойынша магистратураның кәсіби оқу бағдарламасы әскери жоғары оқу мекемелерінің адъюнктурасында жүзеге асады.

Магистратурада кадрларды даярлау жоғары білімнің кәсіби білім беру бағдарламалары негізінде 2 бағытта жүзеге асады:

- 1) екі жыл оқу мерзімі бойынша ғылыми және педагогикалық;
- 2) кем дегенде 1 жыл мерзімді кәсіби.

Қорытынды мемлекеттік аттестацияны сәтті өткен және бұқаралық түрде халық алдында магистрлік диссертациясын қорғаған білім алушыға сәйкес мамандығы бойынша академиялық магистр дәрежесі беріледі.

Докторантурада философия докторлары (PhD) мен магистратураның кәсіби білім беру бағдарламасы негізінде өз профилі бойынша докторларды даярлау кем дегенде 3 жыл мерзімде жүзеге асады.

Жоғарғы оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімге резидентура, магистратура және докторантура кіреді.

Резидентурада клиникалық мамандықтарда екі жылдан төрт жылға дейінгі аралықта мамандыққа байланысты тереңдетілген дайындық жүзеге асады. Резидентура туралы ереже денсаулық сақтау жөніндегі уәкілетті органмен қабылданады.

2012-2013 оқу жылының басында Қазақстан Республикасындағы 136 жоғары оқу орны жұмыс істейді, студенттердің жалпы саны 600 мыңнан астам адамды құрайды. ЖОО-ның жалпы санынан 42 ЖОО – мемлекеттік (9 – ұлттық, 33 – мемлекеттік).

Мемлекеттік ЖОО-лардан басқа Қазақстанда 1 халықаралық және «Назарбаев университет» АҚ, 90 жеке ЖОО қызмет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңының 27-бабына сәйкес, жеке адамның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріле отырып, білім беретін оқу бағдарламаларының мазмұнына, білім берудің әрбір деңгейін

алуға қол жеткізу жағдайларының жасалуына қарай оқыту күндізгі, кешкі, сырттай оқу және экстернат нысанында жүзеге асырылады.

ЖОО-дағы профессорлық-оқытушылық құрам саны 39,6 адамды құрайды, олардың ішінде 45,5 % ғылыми дәрежеге ие.

Жоғары оқу орындарына түсу ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу негізінде жүзеге асады. Ұлттық тестілеу нәтижесі бойынша талапкерлерге конкурстік негізде білім гранттары беріледі.

Білім беру саласындағы қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Қазақстанның жоғары оқу орындары өзін-өзі басқаруға, оқу процесін ұйымдастыру бойынша шешімді өз бетінше қабылдауға, кадрлық сұрақтарға және қаржылық-тұрмыстық әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

Акционерлік қоғам мәртебесіндегі 16 ЖОО сайтта баланстық есептемесін жариялайды. 65 ЖОО-нда қамқоршы кеңестер ұйымдастырылған. Бұл ректордың ЖОО жұртшылығы алдындағы жыл сайынғы қаржылық есебін болжайды.

ЖОО білім беру қызметінің кең спектрін қамтамасыз етеді, отандық және шетелдік серіктестермен өз бетінше тікелей байланыс жасайды, кадрларды даярлау мен қайта даярлау, біліктілікті арттыру және оқытушылардың, студенттердің, магистранттардың тәжірибе алмасуы саласында өзара ынтымақтастық туралы келісім-шарт орнатады. 65 ЖОО-да сапа менеджменті (ISO) жүйесі енгізіледі.

Инновациялық процессте ерекше рөл «Назарбаев Университетке» берілген, оның негізгі қағидаттарына академиялық еркіндік, автономдылық, білім, ғылым, және өндіріс интеграциясы, білім және ғылым саласында халықаралық ынтымақтастық жатады.

Ұлттық білім беру жүйесі мен ең жақсы әлемдік ғылыми-білім беру тәжірибесін үйлесімді ұштастырған университет Қазақстанның ұлттық брендіне айналуды мойындалған.

2015 жылдан бастап «Назарбаев Университеті» жоғары кәсіби мамандар мен жас ғалымдарды шығаратын болады. «Назарбаев Университет» тәжірибесі еліміздің қазіргі жоғарғы оқу орындарына біртіндеп енетін болады.

2010 жылы Қазақстан Болон декларациясына қол қойды, еуропалық білім беру аймағының толық құқылы 47 қатысушысы болды. Болон процесі Қазақстанға білім саласындағы халықаралық бәсекелестік жағынан мүмкіндік ашады – білім беру сапасына жетуде және шетел студенттерін тартуда. Қазақстан университеттерінің Меморандумы қабылданды. 95 ЖОО Тараз декларациясына қол қойды. Университеттердің Ұлы хартиясына Қазақстанның 60 ЖОО кіреді.

Халықтың әлжуаз топтарының білім алу құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы азаматтық қоғамның рөлі туралы

«БОТА» қоғамдық қорының Әлеуметтік қызметтерді қолдау бағдарламасы (ӘҚҚБ) КЕҰ-ға әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан

шыққан балалар мен жастардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру үшін гранттық негізде қаржыландыру ұсынады.

ӘҚҚБ мақсаты балалар мен жастардың әл-ауқатын жақсарту үшін Қазақстанның барлық өңірлерінде әлеуметтік қызметтерге қолжетімділік мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады. ӘҚҚБ жүзеге асыру әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша КЕҰ жобаларын инновациялық жобаларды енгізу үшін қаржыландыру арқылы орындалады. ӘҚҚБ-ның негізгі бағдарламалық бағыттары төмендегідей:

мектепке дейінгі білім мен тәрбие (МДБ) - әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы балалар мен 4-6 жас аралығындағы ерекше қажеттіліктері бар балалардың жоғары сапалы мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру мекемелеріне қолжетімділіктерін кеңейтуге қаражат бөлу, жаңа білім бағдарламаларын енгізу немесе қолданыстағы білім бағдарламаларын жетілдіру арқылы;

ерекше қажеттілігі бар балалар мен жастарға арналған қызметтер;

бұл ретте қаржыландыру, қызметтердің жобалық ұсыныстары ерекше қажеттілігі бар балалар мен олардың отбасыларын қолданыстағы қызметтердің жақсарту мен кеңейту арқылы қолдайтын КЕҰ-ға беріледі;

ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамда бірігуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көмек көрсетуге қауымдастықты тартады.

қиын өмірлік жағдайдағы жастар мен балалар (жетімдер, ата-ананың қамқорлығынсыз өсіп жатқан балалар, қараусыз балалар, үйсіз балалар, қатыгездік пен зорлыққа душар болған жандар, бас бостандығынан айру орындарындағы және жаңадан босап келген жастар және т.б.). Қор қиын өмірлік жағдайдағы балалар және жастармен, және балалар жағдайын жақсарту үшін олардың ата-аналарымен жұмыстың тиімді нысандары мен әдістерін дамытуды ынталандыруға мүдделі;

жастардың әлеуетін күшейту. ӘҚҚБ-сы жастарды (12-24 жас аралығындағы) мектеп кезеңінен еңбек жолына өту барысында және балалар еңбегінің қауіпті нысанының алдын алу мақсатында жастардың жағымды әрекетін дамытуға (көшбасшылық қасиетін дамыту, денсаулықты нығайту, адамдар мен мәдениеттердің айырмашылықтарын бағалай білу, үздік оқу және т.б.) мүмкіндік беретін жобаларға қолдау көрсетеді. Қор кәсіби оқытуды, бизнес-тренингтерді ұсынатын, кәсіпкерлік машықтарын дамытатын, «Өмір сүру машықтарын» арттыратын (тілдесу машықтары, келелі мәселелерді шешу, көшбасшылық және т.б.), жұмысқа тұруға бағытталған жобаларға қызығушылық танытады.

Білім гранттары бағдарламасының (БГБ) мақсаты жоғары академиялық көрсеткішке ие, бірақ Қазақстанның университеттері мен колледждерінде білім алуға жеткілікті қаражаты жоқ 29 жасқа дейінгі жастарды қолдау болып табылады.

2012 жылдың соңынан бастап бағдарлама 178 оқу орында білім алып жатқан 724 шәкіратақы алушыларға қолдау көрсетуге, оларды тәжірибеден өтуіне және түлектердің жұмысқа орналасуларына бағытталады. Бұл бағытта

«БГБ түлектерін жұмысқа орналастыру жөніндегі БГБ стратегиясы» жасалуда, өндірістік тәжірибеден өтуге және жұмысқа тұруға қол ұшын созуға дайын ұйымдардың тізімінен тұратын мәліметтер қоры жасалды, болашақ жұмыс берушілерге ынтамақтастық жөніндегі хаттар таратылуда және т.б жұмыстар басталды.

Бағдарлама жастардың кәсіби-техникалық және жоғары білім алуға деген қызығушылықты арттыруға бағытталған.

Колледждегі немесе университеттегі оқу ақысын төлеумен қатар «БОТА» қорының БГБ бағдарламасы шәкіртақы береді, сонымен қатар панажай, жол және оқу құралдарын алуға бағытталған өзге де шығыстарды өтейді. Жыл ішінде «БОТА» қоры грантының әрбір иегерлері кәсіби дайындау бойынша оқыту семинарларына қатысады.

«БОТА» қорының білім гранттары бағдарламасы іс жүзінде Қазақстан экономикасының барлық салаларында, сонымен қатар білім беру, денсаулық сақтау және мәдениет жүйесі үшін де мамандарды даярлауға көмектеседі. «БОТА» қорының білім грантын алатын студенттер басқа студенттермен бірдей академиялық мобильділік бағдарламаларына қатысып, Қазақстандағы және шетелдегі серіктес-ЖОО-ға академиялық семестр ішінде оқуға барады.

Жыл сайын осы мекемелерде қор степендианттары «ерікті практиканы» немесе балалар үйлерінде, интернаттарда, қарттар және мүгедектер үйлерінде практикадан өтеді.

2012 жылы «БОТА» Қоры білім гранттары бағдарламасы бойынша 189 грант берді. 2009 жылдан 2011 жыл аралығында барлығы 649 гранттар берілді: 2009 жылы – 87 грант, 2010 – 234 грант, 2011 жылы – 328 грант.

Мектепке дейінгі білім беру және тәрбие

Тұрмысы төмен үй шаруашылықтарынан шыққан мектепке дейінгі балалар көбінесе мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған және бұл көбінесе киімге немесе оқу материалдарына қаражаттың жоқтығының нәтижесі болып табылады. Кейбір жағдайларда мектепке дейінгі мекемелер мүлде жоқ. «БОТА» Қорының Келісілген ақшалай жәрдемақылар бағдарламасы (КАЖБ) Қазақстанда ата-аналарды өздерінің балаларын мектепке дейінгі мекемелерге тіркеуге үгіттейді және осы шығындармен байланысты ақшалай көмек ұсынады. Кейбір жағдайларда «БОТА» қорының КАЖБ ата-аналар мен жергілікті қауымдастықтардың арқасында мектепке дейінгі білімнің бейресми орталықтардың ұйымдастырылуына бастама жасады, нәтижесінде көптеген орталықтар оқытудың ресми орталықтары мәртебесін иеленді. Қазіргі кезде мектепке дейінгі балалар – КАЖ бағдарламасының бенефициарлары 2152 мектепке дейінгі білім орталықтарына барады, оның ішінде 55 – бейресми. Бағдарламаның шарттарына сәйкес, мектепке дейінгі балалар жәрдемақы алу үшін ең аз дегенде 85% жергілікті мектепке дейінгі білім орталықтарына баруы тиіс. Келушілердің саны шарттардың орындалуы мониторингінің пәні болып табылады. Жүзеге асырылу кезеңінде бағдарламаға Қазақстанның алты облысындағы 1711 елді мекендердегі

мектепке дейінгі 47000 жуық балалар қатысты. Осы кезең ішінде бұл санаттағы бенефициарларға 1,6 млрд.теңге (1 млн.АҚШ долларынан көп) төленді.

Баланың ерте дамыту қызметтеріне, мектепке дейінгі білім мен тәрбиеге қолжетімділікті ұсыну мақсатында «БОТА» ҚҚ ӘҚК бағдарламасы Қазақстанның барлық өңірлеріндегі коммерциялық емес ұйымдардың 59 жобасын қаржыландырды. Қаржыландырылған жобалар мыналарға:

мектепке дейінгі білімнің жаңа орталықтары мен бағдарламаларын құруға бала-бақшалардағы, білім беру орталықтары, мектептердегі қызметтер ұйымына ата-аналар мен жергілікті қоғамдастық мүшелерін тартуға;

қолданыстағы қызметтер сапасын жақсартуға және аз қамтылған балалардың қызметтерге қолжетімділігін бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан мектепке дейінгі білім мекемелерінің әлеуетін нығайту жолымен кеңейтуге;

мектепке дейінгі білім мен тәрбиенің жоғары сапалы модельдерін енгізуге бағытталды.

Жоғарыда айылған жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 15 жаңа балалар білім орталықтары, 10 миниорталық құрылды, 9 мектепке дейінгі орталықтар білім беру орталықтарында тәни жағдайларды жақсартта алды, 27 қызмет ұсынылды. Осы жобалар шеңберінде балалардың базалық әріптік-цифрлық білімдерін бағалау тетіктері де енгізілді. Бағалардың нәтижелері бойынша, мектепке дейінгі білім мен тәрбие алған 1624 баланың әріптік-цифрлық білімінің орташа бағасы 80% құрады.

Жобаларды өңірлерде жүзеге асыру мектепке дейінгі білім қызметтері мен баланың ерте дамуына қолжетімділік жасауды, әсіресе ауылды және шалғай аудандарда, нығайту қажеттілігін көрсетеді.

Техникалық және кәсіптік білім

Білім беру мекемелеріне бармайтын жастардың көп жағдайда мемлекеттік техникалық және кәсіби білім алуға, және де жұмысқа тұруға мүмкіндігі жоқ. «БОТА» қорының КАЖ бағдарламасы осындай жастардың техникалық және кәсіби білім мемлекеттік бағдарламаларына қатысуын қамтамасыз етеді. Шамамен жағдайдың үштен бірінде осындай бағдарламалар әр түрлі себептер бойынша жоқ, мысалы, елді мекеннің шалғайда орналасуы немесе ата-аналардың баласының үйден кетуіне дайын еместігі; және сол себепті еріктілер жергілікті қоғамдастық деңгейінде, өмірлік дағдыларға мен ептілікке, жұмыс орнында машықтануға үйретуді ұйымдастыра жұмыс істейді. Оқыту бағдарламаларының мақсаты жастардың өмір дағдыларын жақсарту және олардың экономикалық және еңбек қызметімен танысуына негізделеді.

Бағдарлама шарттарына сәйкес, ЖКТ санатының жастары ақшалай жәрдемақы алу үшін кәсіби білімнің мемлекеттік мекемелерінде білім алуы керек, немесе еріктілермен бірге жұмыс орындарында сабақтарға қатысып, сынақтан өту керек. 2012 жылдың соңында бұл бағдарламаға шамамен 13000 жасөспірім қатысты. Олардың 93%-ға жуығы мемлекеттік немесе жекеменшік

мекемелерде ресми білім алады. Жасөспірімдердің шамамен 7.0%-на кәсіби білім алу шектеулі, оларға «БОТА» қорының КАЖ бағдарламасы ресми емес білім ұсынады. Қазіргі таңда бенефициарлардың осы санатына шамамен 360 млн. теңге төленді (7 млн. АҚШ долларынан астам).

«БОТА» қорының білім гранттары бағдарламасы 2009-2012 жылдар кезеңінде Қазақстан колледждерінде білім алу үшін 116 грант бөлді. 2012 жылы колледжге оқуға түсу гранттары 11-сыныптың 54 түлегіне берілді. Колледж студенттері ішінде – «БОТА» қоры гранттарын алушылар – 27 жетім балалар және 4 ерекше қажеттіліктері бар (мүгедек) адамдар. Білім гранты колледжде оқу ақысын төлеумен, ай сайын шәкіртақы берумен қатар, панажай, жол шығындарын және оқу құралдарын алуға бағытталған шығыстарды өтейді.

«БОТА» қорының білім грантын алған студенттер Қазақстанның 69 колледжінде оқып жатыр. «БОТА» қоры гранттарының ең көп саны Алматы қаласында (30 студент), Оңтүстік Қазақстан (21 студент), Қызылорда (18 студент), Ақтөбе (10 студент) және Шығыс-Қазақстан (7 студент) облыстарында таралған.

Қор шәкіртақы иегерлері саны бойынша Абдукаримов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі (11), Оңтүстік Қазақстан жаңа технологиялар колледжі (5), Ақтөбе құрылыс-монтаж колледжі (4) және т.б. алда.

Жоғары білім

«БОТА» қорының Білім гранттары бағдарламасына қатысу құқығын алған студенттер Қазақстанның 88 ЖОО-да оқып жатыр. Білім гранты жоғары оқу орнында бакалавриат бағдарламасы бойынша оқу ақысын төлеумен, ай сайын шәкіртақы берумен қатар, панажай, жол шығындарын және оқу құралдарын алуға бағытталған шығыстарды өтейді. ЖОО студенттері – «БОТА» қоры грантының иегерлері ішінде - 110 жетім бала, және де 13 ерекше қажеттіліктері бар (мүгедек) жастар.

«БОТА» қорының білім гранттарының иегерлері Қазақстанның барлық облыстарының жастары болып табылады. Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының студенттері басым.

2012 жылға дейін «БОТА» қорының білім гранты ЖОО-ның 1-курсын оқуға құжаттар тапсырған үміткерлерге ғана берілетін. 2012 жылы гранттар беру стратегиясы өзгертілді. Білім гранттары бағдарламасы жүргізген сұраулар бойынша, ЖОО студенттерінің басым көпшілігі соңғы оқу жылдарын төлеуде қиындықтарға ие. Осыған байланысты, Қор 2012-2013 оқу жылы студенттердің дәл осы санатына көмек көрсетуді шешті. Нәтижесінде, 2012 жылы гранттар жоғары оқу орындарының жоғары курсына оқитын жоғары көрсеткіштерге ие, бірақ соңғы оқу жылдарына төлеуге қаржылық қаражаты жоқ үміткерлерге (135 адам) берілді.

БОТА қорының білім гранттары жоғары білімнің іс жүзінде барлық мамандықтарын қамтиды. «Білім беру» (129 студент), «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» (110 студент), «Техникалық ғылымдар және технологиялар» (105 студент), «Жаратылыстану ғылымдары» (77 студент), «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина)» - 42 студент мамандықтары басым болуда.

«БОТА» қоры өз түлектеріне сәтті жұмысқа орналасуға көмек көрсетуге ұмтылады. Осы мақсатпен қор шәкіртақысы иегерлері үшін жылына екі рет жеке және кәсіби даму бойынша үйретуші семинарлар өтеді, онда шәкіртақы иегерлерін тұлғалық менеджмент негіздеріне, резюме және жолдама хат жазуға үйретеді, бос орын іздеу ресурстарымен, мемлекеттік қызметке орналасу үшін конкурс шарттарымен және кәсіпкерлік негіздерімен таныстырады. Қор шәкіртақы алушыларға жетекші шетелдік және отандық компанияларда, сонымен қатар мемлекеттік органдарда өндірістік практикадан өтуде көмек береді.

«БОТА» қорының Білім гранттары бағдарламасының шәкіртақы алушыларының тікелей шығыстары 2009 жылдан 2012 жылдар аралығында барлығы 769 миллион теңгені құрады.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Білім беру саласындағы кемсітумен күрес жөніндегі БҰҰ Конвенциясын ратификациялауды ұсынамыз.

2. Шалғай ауыл мектептерінің педагогикалық ұжымын жоғары білікті кадрлармен толықтыру, олардың оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық базасын жетілдіру жөніндегі қажетті шаралар қабылдансын.

3. ҚР Білім және ғылым министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуы үшін тең жағдайлар жасау жөніндегі жұмыстарды жалғастырсын.

4. Қазақстанның барлық өңірлерінде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) жеткілікті мөлшері құрылсын.

Мүгедек-балаларды кәдімгі балалармен бірге интеграциялық оқыту (инклюзивті білім беру) дамытылсын.

5. Аз толымды мектептер жұмыс істейтін шалғай елді мекендерде балаларға сапалы білім алуға қолжетімділік қамтамасыз етілсін.

6. БҰҰ-ның Білім алу құқығы мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы Кешор Сингх мырзаның ұсынымдарын іс жүзіне асыруды ұсынамыз.

7. ҚР Білім және ғылым министрлігіне «Назарбаев Университет» АБҰ жұмысының озық тәжірибесін Қазақстан Республикасының басқа жоғары оқу орындарында таратуды ұсынамыз.

8. «БОТА» қорының мектепке дейінгі білім және балаларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерделеуді және оны пайдалану мүмкіндігін қарауды ұсынамыз;

9. Мобильді білім беру қызметін көрсету, орталықтар мен бағдарламалар құру тетіктері, сондай-ақ шағын құрамдағы білім беру орталықтарын құру тетіктері әзірленсін.

10. «БОТА» қорының халықтың аз қамтылған топтарынан шыққан жастарға білім беру гранты түрінде атаулы әлеуметтік көмек беру жөніндегі жұмыс тәжірибесін зерделеуді ұсынамыз.

Денсаулық сақтау және білікті медициналық көмек алу құқығы

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың денсаулығын сақтауға, заңда белгіленген тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін және ақылы медициналық көмек алуға, мемлекеттік және жекеменшік емдеу мекемелерінде, сондай-ақ жеке медициналық практикамен шұғылданатын адамдардан ақылы медициналық көмек алуға құқығын көздейді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің «Денсаулық сақтау саласындағы құқықтарды сақтау кепілдіктері» атты 87-бабына сәйкес, мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына денсаулықты сақтау құқығын, тегін медициналық көмектің кепілденген көлемін, медициналық көмекке бірдей қолжетімділікті, дәрі-дәрмектердің қолжетімділігін, сапасын, тиімділігін және қауіпсіздігін, аурулардың алдын-алу бойынша шаралар өткізуді, салауатты өмір салты мен салауатты тамақтануды құруды қамтамасыз етеді.

Халықтың денсаулығы республиканың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты факторларының бірі болып табылады. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мен міндеттері Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын қорғауға, сапалы медициналық қызмет көрсетілуіне конституциялық құқықтарын сақтау және оларды мемлекеттік кепілдіктермен қамтамасыз ету болып табылады.

Азаматтардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу конституциялық құқығын іске асыру мақсатында ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы №2136 қаулысымен Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесі бекітілген. Бұл ретте жүкті әйелдер мен балаларды қоса алғандағы халықтың әлеуметтік қорғалған топтары жеке бөліп көрсетілген, оларға медициналық қызмет толық көлемде тегін көрсетіледі.

Денсаулық сақтау жүйесінде маңызды құрамдас бөлігі халыққа медициналық қызмет көрсету сапасы мен денсаулық сақтау ресурстарының жағдайы болып табылады.

Мәселен, 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жүйесінде республика халқына медициналық көмекті 884 аурухана (752 мемлекеттік және 132 жеке), 2741 амбулаториялық-емханалық ұйымдар (1802 мемлекеттік және 939 жеке)

көрсетеді, оның ішінде 1572 дәрігерлік және отбасылық дәрігерлік амбулаториялар (1520 мемлекеттік және 52 жеке).

ҚР ауыл халқына 180 орталық және аудандық ауруханалар, 139 ауылдық учаскелік және ауылдық ауруханалар (137 мемлекеттік және 2 жеке), 26 бастапқы медико-санитарлық көмек (БМСК) орталықтары (25 мемлекеттік және 1 жеке), 1460 дәрігерлік және отбасылық дәрігерлік амбулаториялар (1452 мемлекеттік және 8 жеке), 4795 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер (4324 мемлекеттік және 471 жеке) және 131 жеке мекемедегі ақысыз медициналық қызметкерлер (128 медициналық және 3 жеке) медициналық көмек көрсетеді.

2012 жылдың қорытындылары бойынша республиканың төсек-орын қоры 2011 жылғы 108 663 бірлікке қарағанда 106 695 құрады.

2012 жылы Денсаулық сақтау министрлігі жүйесінде дәрігерлердің саны 2011 жылғы 62674-тен 2012 жылғы 63171-ге дейін көбейді. Орташа медициналық персоналдың саны 2011 жылғы 143 094-тен 2012 жылғы 147 360-қа дейін өскен.

Халықтың денсаулығын сақтау деңгейін арттыру және азаматтардың денсаулығын сақтау конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында ҚР Үкіметі және Министрлік Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011 - 2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде белгілі бір шаралар қабылдап жатыр.

Қан айналымы жүйесі ауруларынан (бұдан әрі – ҚАЖА) өлімді төмендету мақсатында елде тиімді кардиологиялық және кардиохирургиялық қызмет құрылды, 2012 жылы:

қан айналым жүйесі ауруларын ерте анықтау үшін 2 596105 адам қаралды, олардың ішінде 209 603 адамда ауру анықталды;

20 мыңнан астам кардиохирургиялық операциялар жасалынды (олардың ішінде ересектерге ашық жүрекке жасалған операциялар – 9633 және интервенциялық оперативті араласу – 11333), солардың ішінде балаларға 1976;

еліміздің барлық өңірлерінде инсульттық орталықтарды құру (бұдан әрі – ИО) анықталды.

Қабылданған шаралар ҚАЖА-дан өлім көрсеткішін халықтың 100 мың адамына шаққанда 2011 жылдағы 315,8-ден 2012 жылғы 253,3-ке дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Халықтың онкологиялық аурулардан өлімін азайту жолымен қазақстандықтардың күтілетін өмір сүру ұзақтығы мен сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 366 Қаулысымен Қазақстан Республикасында онкологиялық көмекті дамытуды 2012-2016 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді, бұл Мемлекеттік бағдарламада белгіленген денсаулық сақтау жүйесін дамыту мемлекеттік саясатының бірізді жалғасы болып табылады.

Бағдарлама шеңберінде 2012 жылы республика бойынша сүт безі, жатыр мойыны қатерлі ісігін, колоректалды қатерлі ісікті ерте анықтауға

3 скринингтік бағдарлама және Шығыс Қазақстан облысында еркектік без қатерлі ісігі скринингі бойынша пилоттық жоба жүзеге асырылды. 2012 жылы сұйық цитологиялық аппараттарды пайдалану арқылы жатыр мойнының қатерлі ісік скринингі енгізілді (582 566 астам әйел қаралып-тексерілді, қатерлі ісіктің 194 жағдайы анықталды (1-2 дәреже 92,2% құрады) және 28 805 ісік алды жағдай анықталды, оның ішінде 6780 жағдайда жасушалардың атипиясы және ауыр дисплазиясы).

Шығыс-Қазақстан облысында еркектік без ісігі скринингі пилоттық жоба шеңберінде 51 265 ер адам қаралып-тексерілді. Тексеруге жататындардың қамтылуы 97,6% құрады. 306 биопсия жасалынды, олардың ішінде еркектік без қатерлі ісігінің 50 (16,3%) жағдайы анықталды.

Бауыр қатерлі ісігі, өңеш және асқазан қатерлі ісігі скринингтерінің әдіснамасы және әдістемелік сүйемелдеу жасалынды. Министрліктің сарапшылар кеңесі обырқауіптіліктің артуы мен сүт безі, жатыр мойны, тоқ ішек, еркектік без, өңеш, асқазан, бауыр қатерлі ісігінің ерте анықталуы бойынша әдістемелік ұсыныстар жетілдірілді және бекітілді.

Халық арасында қатерлі өскіндерден сақтандыру бойынша халық арасында бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалану, соның ішінде үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы тұрақты негізде ақпараттық жұмыс өткізілуде. «Қазақстан Республикасындағы асы кіші жасөспірім қыздар арасында 2013 жылы жатыр мойны қатерлі ісігіне қарсы вакциналауды енгізу туралы» халықтың хабардарлығын арттыру бойынша ақпараттық науқаны жүзеге асыру жоспары құрылды.

Қатерлі өскіндері бар науқастар емдік дәрі-дәрмектермен стационарлық деңгейде 100% қамтамасыз етілген.

Онкодиспансерлерде паллиативті емдеу төсектері және реабилитациялық емдеу төсектері даярланып жатыр. Амбулаториялық химиотерапия кабинеттері 17 онкологиялық диспансерлерде және 2 бөлімшеде ашылды, барлығы 19 кабинет қызмет көрсетеді.

Медициналық білім және ғылым ұйымдарының базасында еліміздің ішінде обырқауіптіліктің күшеюі мәселесі бойынша алғашқы медициналық-санитарлық көмектің 400-ге жуық мамандары, колопроктология бойынша аудандық және қалалық емханалардың химиялық кабинеттерінің 43 маманы оқытылды, шетелде – республика медициналық ұйымдарының қалалық және аудандық емханаларының онкологиялық кабинеттері үшін онкохирургия және радиология бойынша 54 маман.

Мемлекеттік бағдарламаның басым мәселелерінің бірі жол-көліктік жарақаттанушылықты және оның салдарынан өлімді азайту болып табылады. Республикада жол-көлік жарақаттану жағдайының талдау Министрлік «Жол-көлік оқиғаларында зардап шеккендерге көрсетілетін шұғыл көмекті жетілдіру» инновациялық жобаны әзірлеу және іске асыруды айқындады. Жоба жарақаттанудың жоғары қауіпті республикалық маңызы бар автомобиль жолының бойындағы 40 ауданаралық травматологиялық бөлімшелерді ұйымдастыруды және оларды қазіргі заманғы медициналық диагностикалық және емдеу жабдықтарымен жарақтауды көздейді. Білікті травматологиялық

көмек көрсету «алтын сағат» уақытында зардап шеккендердің өмірін сақтап қалуға мүмкіндік бар.

Осы бұйрықты іске асырудың бірінші кезеңінде Травматология және ортопедия ҒЗИ базасында өңірлік емханалардың 148 дәрігері, 80 фельдшері мен мейіргері оқыды, ЖКО зардап шеккендерге емдеуге жатқызуға дейін және емдеуге жатқызу кезеңдерінде шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмі әзірленді. ЖКО кезінде зардап шеккендерге емдеуге жатқызуға дейін және емдеуге жатқызу кезеңінде шұғыл медициналық көмек көрсету алгоритмдері әзірленді және бекітілді. Онда ЖКО туындаған жағдайда хабарлау қызметінің, «алтын сағат» кезеңінде және емдеуге жатқызуға дейінгі кезеңде зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету алгоритмінің іс-әрекеті нақты жазылған.

Халықтың, әсіресе еліміздің шалғай және жетуге жолы қиын аймақтарында тұратын ауыл халқының, медициналық көмекке қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін көліктік медицинаны дамыту бойынша іс-шаралар өткізілуде.

Ауыл халқы 49 жылжымалы медициналық кешенмен қамтылған, оларды пайдалану арқылы 61 000-нан аса адам тексеріліп-қаралды, 56 000-ға жуық зертханалық-диагностикалық зерттеу жүргізілді, сондай-ақ бейінді мамандардың 68 000 консультациясы өткізілді.

Қазіргі уақытта 3 емдеу-диагностикалық пойыздар республиканың барлық облыстарындағы 234 станция тұрғындарын қарап шықты, 63397 тұрғын тексерілді, соның ішінде 24571 бала. Дәрігерлік қаралу саны 371358 құрады. 231808 диагностикалық процедура жасалынды.

Республикалық санитариялық авиация үйлестіру орталығы 2012 жылы 1005 ұшуды жүзеге асырды, 1304 медициналық көмек көрсетеді.

Санитариялық авиация қызметі 763 пациентті тасымалдады (2011 ж. - 219), 451 пациентке консультациялық-диагностикалық қызмет көрсетілді (2011 ж. - 134), жасалынған операциялар саны - 90 (2011 ж. - 27).

6 трассалық медициналық-құтқару пункттер (бұдан әрі – ТМҚП) Алматы, Жамбыл, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарының трассаларындағы жол-көлік оқиғалары кезінде шұғыл медициналық-құтқарушы көмек көрсету бойынша жұмысын жалғастыруда.

Қазіргі кезде ТМҚП бригадалары 423 рет сапарға шықты. Медициналық көмек 899 зардап шеккенге, оның ішінде 35 балаға көрсетілді. 399 адам, оның ішінде 27 бала емдеуге жатқызылды.

2012 жыл ішінде 530791-ден аса адам тексеріліп-қаралды, 1066051 зертханалық-диагностикалық зерттеу, сондай-ақ бейінді мамандардың 456239 консультациясы өткізілді.

Халықтың өмір сапасын және ұзақтығын арттыру мақсатында қант диабеті бар науқастардың профилактикасы, ерте анықтау, тиімді емдеу және оңалту бойынша іс-шаралар жүргізілуде. 2012 жылы қан диабетін ерте анықтауға 2 596 686 адам тексеріп-қаралды, оның ішінде 9 653 адамда ауру айқындалды. 1996 жылдан бастап, диабетке қарсы препараттарды

орталықтандырылған сатып алу мен жеткізу құралдарына республикалық бюджеттен қаражат бөлінеді, оған қоса бөлінетін сома жыл сайын артып келуде. Қант диабетімен ауыратын науқастардың барлығы 100% инсулиндермен қамтамасыз етілген.

Денсаулық сақтау ұйымдарында, аудандық және/немесе қалалық емханалар деңгейінен бастап, қант диабетімен ауыратындар мектебі, диабеттік табан кабинеттері және диабеттік ретинопатия кабинеттері құрылып жатыр.

2012 жылы ҚР ең алғаш рет, жаңа технология ретінде, помпалық инсулинмен емдеу ауқымды жобасы енгізілді. Мемлекеттік бюджет қаражатынан I типті қант диабетімен ауыратын 5-тен 15 жасқа дейінгі балаларға инсулин помпалары сатып алынды. Енгізудің негізгі мақсаты – мүгедектікке әкелетін және пациенттердің өмір сапасын айтарлықтай нашарлататын, қант диабетінің ерекше асқынуының даму жиілігін төмендеті. Жағдайдың маңыздылығы, Қазақстан – әлем бойынша қант диабетімен ауыратындарға инсулин помпаларын беруші жалғыз ел болуымен ерекшеленеді.

Өткізілген іс-шаралар нәтижесінде қант диабеті асқынуының саны азайды: нефропатия 237 жағдайға, макроангиопатия 193 жағдайға.

Бүйректің созылмалы ауруы созылмалы инфекциялық емес аурулардың арасында ерекше орын алады, өйткені ол кең таралған, өмір сапасының нашарлауына байланысты және соңғы сатысында алмастыратын терапияның қымбат тұратын әдістерін – диализді және бүйректі алмастыруды пайдалану қажеттілігіне әкеледі. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде диализ орталықтары ашылды. Диагностика мен емдеудің халықаралық стандарттарына сәйкес емдеудің жоғары технологиялық әдістері енгізілуде. 2012 жылы Қазақстанда алмастырушы бүйрек терапиясының алуан түрлерін 2000 адамнан астам алды, осы науқастар санының жыл сайынғы өсуі орташа есеппен 10,5%-ды құрайды. Сонымен қатар, бір диализдік науқасты емдеуге жыл ішінде елімізде кем дегенде 4,0 миллион теңге жұмсалады.

Нашақорлық өзекті әлеуметтік және медициналық проблема болып табылады. 2011 жылы 330,9 көрсеткішпен салыстырғанда, психикалық бұзылу және психобелсенді заттарды (бұдан әрі – ПСЗ) пайдаланумен байланысты, мінез-құлықтың бұзылуымен ауыру көрсеткішінің 100 мың адамға шаққанда 309,3-ке дейін төмендегені байқалады.

Қоғамдық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар мен жастар тарапынан құқық бұзушылықтарының алдын алу үшін ішкі істер, денсаулық сақтау және білім беру органдары күштерін біріктіру мақсатында, Денсаулық сақтау министрлігі ҚР Ішкі істер министрлігімен бірлесіп, есірткіге құмарлықты ерте анықтау мәселелері бойынша ішкі істер органдары қызметкерлерін оқыту жұмысын бастады. 2012 жылы Павлодар, Қостанай, Ақтөбе, Жамбыл, Маңғыстау облыстарында 450 кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспекторлар оқудан өтті.

Білім беру ұйымдарында кейін тарату мақсатында ішімдікке қарсы, нашакорлыққа қарсы бейне-құралдар әзірленді.

2012 жыл ішінде психиатрия саласында адам құқықтарының бұзылуы мәселелері бойынша Денсаулық сақтау министрлігіне екі рет жүгінді, оларды тексеріп-қарау үшін Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығының мамандары тартылған комиссиялар құрылды. Жүргізілген тексерістер нәтижесінде, жүгінген екі арыз негізсіз болып танылды.

Осылайша, 2012 жылы мамандандырылған психиатриялық көмек көрсетуші ұйымдардың психикалық науқастар құқықтарын бұзуы мәселелері бойынша негізделген арыздар тіркелмеді.

Сонымен қатар, адамдарды психиатриялық стационарға заңсыз жатқызу немесе науқастардың осы санатындағы басқа құқық бұзушылықтар бойынша барлық арыздар тексеріс барысында көп жағдайда кез-келген адам үшін, әсіресе психикалық бұзылумен ауыратын науқасқа тән ауыртатын күйзеліске ұшырау салдарынан расталмайтынын атап өту қажет.

Халыққа психикасы бұзылған адамдар құқықтары мәселелері бойынша, сонымен қатар олардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау бойынша құқықтық, психологиялық және консультативтік көмек көрсету мақсатында, республика өңірлерінде қоғамдық қабылдау бөлмелері ұйымдастырылған, сенім телефондары қызмет етеді, теледидар арналары мен радиода азаматтар құқықтарын қорғау мәселелері жарияланады.

Астанада емдеу мекемелерінің жетіспеушілік фактілері

Елде 100 емдеу мекемелерін ашу жөніндегі Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың тапсырмасы тәжірибеде толығымен орындалған жоқ.

ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Хатшылығы жүргізген Астана тұрғындарына емдеу мекемелерінің қолжетімділігінің мониторингі Астанада емханалар санының жетіспейтінін көрсетті. Мысалы, № 4 емханада 176 мың адам қаралады. Бұл емдеу мекемесі негізінен Астананың Сарыарқа және Есіл аудандарының тұрғындарын қарайды.

Өздерінің міндеттерін артық жүктемеге қарамастан адал атқарып жүрген №4 емхананың басшылығына, дәрігерлеріне, басқа медицина қызметкерлеріне және техникалық персоналына құрмет білдіруіміз керек.

Денсаулық сақтау саласында адам құқықтарының бұзылу фактілері

2012 жылы прокуратура органдары денсаулық сақтау туралы заңнаманың қолданылуына 1129 тексеру жүргізді, олардың нәтижесінде заңның 19 217 жуық бұзылуы айқындалды.

Прокурорлық тексеру шаралары арқылы 37 мыңнан аса азамат денсаулық сақтау және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу конституциялық құқығын қорғай алды.

Айқындалған құқық бұзушылықтарды жою мақсатында прокуратура органдары 994 ұсыныс енгізген, 53 заңсыз актінің күші жойылған немесе өзгертілген.

Прокурорлық ден қою актілері бойынша әртүрлі жауапкершілік түрлеріне 3,5 мыңдай лауазымды адам тартылған. 18 қылмыстық іс қозғалған.

Бұған қоса, прокурорлар мерзімді түрде тақырыптық тексерулер жүргізіп отырады. Мәселен, өткен жылғы тексерулерде дәрі-дәрмектер шығару кезінде; дәрілік заттармен қамтамасыз етуге және медициналық құрал-жабдықтарды тиімді пайдалануға ерекше көңіл бөле отырып халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету кезінде азаматтардың денсаулығын қорғауға және тұтынушылар құқықтарын қорғауға бағытталған заңнаманың қолданылу мәселелері қамтылған.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Азаматтардың денсаулығын сақтау және білікті медициналық көмек алу конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында аудандық және ауылдық мемлекеттік емдеу мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға және оларды білікті медициналық қызметкерлермен қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс жалғастырылсын.

2. Азаматтардың мүгедектігі мен мезгілсіз өлім-жітімін төмендету жөніндегі қажетті тиімді шаралар қабылдансын.

3. 2013 жылы экстракорпоралдық ұрықтандыру бойынша бөлінетін квота саны көбейтілсін.

4. Медициналық қызметкерлердің құқықтық мәдениетінің және халыққа медициналық қызмет көрсету сапасының деңгейін арттыру жөніндегі қажетті шараларды қолданылсын.

5. Ауыз су және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін бақылаудың, оның ішінде шетелден келетін тамақ өнімдерінің генномодификациялық көздерін тиімді бақылаудың қазіргі заманғы жүйесін құру және жетілдіру қамтамасыз етілсін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік емдеу мекемелерінің дәрігерлердің, басқа да медициналық қызметкерлердің еңбек ақысын көбейту жөніндегі жұмысы жалғастырылсын.

Бала құқықтары

Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатында басымдық мәселелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі балалардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында балалар өмірі сапасының әлеуметтік және

құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыруда.

Бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі негізгі индикаторлар мен көрсеткіштер Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Білім және ғылым министрлігінің 2010-2014 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына, өңірлердің аумақтарды дамыту жоспарларына енгізілген.

Бала құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру шаралары қабылданған.

Балалардың білім алу құқықтарын жүзеге асыру

Білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі мәселесі – республиканың барлық азаматтарын тегін жалпы орта біліммен қамтамасыз ету.

Жыл сайын мемлекеттік бюджеттің білімге шығыстары артып келеді.

Білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында негізгі принцип білім сапасын арттыру және оған қолжетімділік болып табылады.

Бүкіләлемдік экономикалық форум ЖБҚИ рейтингінің қорытындылары бойынша 2012 жылы Қазақстан позициясын 21 орынға жақсартып, әлемнің 144 елі арасында 51 орынға иеленді. Он бір көрсеткіш білім беру саласына жатады, бұл білім беру жүйесінде жүргізілетін мемлекеттік саясаттың нәтижелігін дәлелдейді.

БҰҰДБ рейтингінде 2011 жылы Қазақстан 187 ел арасында 68 орынға ие және АДИ (адами даму индексі) жоғары деңгейлі елдеру тобында орналасқан.

Адами даму туралы баяндама мәліметтері бойынша 2011 жылы Қазақстан халқының сауаттылық деңгейі 99,7% құрады.

ЮНЕСКО мәліметтері бойынша, Қазақстан білім беруді дамыту индексі бойынша (ББДИ), соңғы жылдар ішінде көшбасшылар тізімінде және ТМД басқа елдерін озып келеді. Мектепалды даярлығы мен орта білім Қазақстан Республикасында міндетті және тегін болып табылуы арқасында Жоғары көрсеткіштерге қол жетілген. Сонымен қатар, республикада білім беру қызметтері мүмкіндігінде гендерлік белгі бойынша кемсіту жоқ.

Мектепке дейінгі білім және тәрбие

Мектепке дейінгі тәрбие және білімде «Балапан» бағдарламасы арқылы мектепке дейінгі ұйымдар желісі жыл сайын артып келеді.

2012 жылғы 1 қазанда **631 489** баланы қамтыған **8 392** мектепке дейінгі ұйымдар жұмыс істеді, олардың ішінде балабақшалар - 2 970 (450 766 бала), мини-орталықтар – 5 422 (180 723 бала). Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар - 668 (67 199 бала).

2011 жылмен салыстырғанда мектепке дейінгі ұйымдар желісі 801 бірлікке артты, соның ішінде 422 мини-орталықтар және 379 балабақшалар.

Мектепке дейінгі даярлыққа 367 820 бала қамтылған, яғни мектепке дейінгі жастағы балалардың жалпы санының 94% құрайды.

Орта білім

Орта білім жүйесі білім беру мекемелерінің барлық түрлері тарапынан көрсетіледі.

Республикада **7 698** жалпы күндізгі мемлекеттік білім беру мектептерінің (2011 жылы – 7 696) ішінде:

3 966 әр түрлі пәндерді тереңдетіп оқыту мектептері (2011 жылы – 4029);

2149 гимназия (2011 жылы - 2159);

83 лицей (2011 жылы - 76).

2012 жылы республика мектептерінде барлығы 2,5 миллионнан астам оқушылар білім алды.

Оқулықтармен қамтылу республика бойынша орта есеппен 95% жоғары.

2012 жылы жергілікті атқарушы органдар оқу әдебиетін сатып алу үшін 7,5 млрд. теңге бөлді (2011 жылы – 6,3 млрд. теңге).

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары бекітілді (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 қаулысы).

Халықаралық олимпиадаларда қазақстандық оқушылар алған марапаттар барған сайын көбейіп келеді. 2012 жылы олар 925 медальға ие болды, 2011 жылы - 912.

Қазақстанда 7 Назарбаев Зияткерлік мектептері құрылып, қызмет етеді (2011 жылы - 6).

Білім сапасы өсімінің тиімді тетігі болып табылатын электронды оқытуды (e-learning) енгізу процесі басталды.

2012 жылы жобаға 581 мектеп пен колледждер қосылды.

Мектеп оқушыларына арналған жалпы-ұлттық сабақтар өткізіледі.

Үштілділікті енгізу жөнінде жұмыс басталды.

165 мектепте оқушылар екінші сыныптан бастап ағылшын тілін эксперимент режимінде меңгеруде.

Балалардың ыстық тамақпен қамтамасыз ету және тегін тасу мәселелері шешілуде.

Табысы аз отбасылардан шыққан балалардың 97,6% тамақтандыру қамтамасыз етілген.

Табысы аз отбасылардан шыққан балаларды мектепке даярлауға көңіл бөлінуде. Жыл сайын «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізіледі. 2012 жылы акция барысында табысы аз отбасылардан шыққан 284 837 балаға 1 млрд. 786 млн. 469 мың теңге сомасында көмек көрсетілді.

Техникалық және кәсіптік білім беру

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында 888 ұйымда, оның ішінде 499 мемлекеттік колледжде 181 мамандық пен 476 біліктілік бойынша шамамен 587,3 мың адам оқиды.

КЖТБ күндізгі бөлімінде 466,9 мың адам, оның ішінде 241,8 мың адам мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды, 166,5 мың адам сырттай бөлімде оқиды.

КЖТБ материалдық базасын нығайту жөнінде жұмыс жүргізілді. 2012 жылы осы мақсатқа 4,8 млрд. теңге бөлінді. Өткен жылмен салыстырғанда қаражат 4 есе ұлғайды.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығы

Бүгінгі күні 5 млн. баланың 151 216-ы – даму мүмкіндігі шектелген балалар. Оның ішінде 43,8 мың бала – мектепке дейінгі жаста, 107,4 мың бала – мектеп жасында.

Оларды оқытуға арналған білім беру жүйесінде келесі мекемелер қызмет атқарады:

106 – түзету мектептері;

1219 – жалпы білім беру мектептеріндегі арнаулы сыныптар;

20 – сауықтыру орталықтары;

129 – психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері;

63 – инклюзивті білім беру және түзету кабинеттері;

558 – бейіндік, құрылымдық, оқыту ырғағында айырмашылықтары бар даму мүмкіндіктері шектелген балаларға және ата-аналарына көмек көрсету логопедтік пункттері.

Мүмкіндігі шектеулі 21 801-ден астам бала білім беру ортасына кіріктіріліп, өздерінің құрдастарымен бірге оқиды және тәрбиеленеді. Олар үшін 1 462 мектеп жұмыс істейді (*қамту 20,2%-ды құрайды*). Мектепке дейінгі жастағы 4 945 бала 36 арнайы балабақшада тәрбиелеумен қамтылған (*11,2%*).

Балалардың 56,2%-ы арнайы жалпы білім беру бағдарламаларымен қамтылған.

Денсаулығына байланысты білім беру мекемелерінде баруға уақытша немесе үнемі мүмкіндігі жоқ мүгедек балалар, денсаулығы нашар балалар үшін толық немесе жеке жалпы білім беру бағдарламасы бойынша үйде білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасалған. Осындай 3 мың бала осы оқу жылының басында заманауи техникалық және компенсаторлық құралдар алды.

Бұл шаралардың бәрі балалардың 56,2%-ын арнайы жалпы білім беру бағдарламаларымен қамтуға мүмкіндік берді.

Балаларды инклюзивті білім берумен қамту проблемаларын шешу үшін Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2015 жылға қарай жалпы білім беретін 2235 мектепте жағдай жасау көзделген.

Үш жыл ішінде үйде білім алатын балаларды қашықтықтан сапалы білім берумен қамтамасыз ету проблемасы шешілетін болады. Бұл мақсатқа 5,5 млрд. теңге бөлінген.

2015 жылға қарай 830 мектепте көтеру құрылғыларын, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құрылғылар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да орнын толтырушы құралдармен жарақтау жолымен мүгедек балаларға арналған «кедергісіз аймақтар» құрылатын болады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ықпалдастырылған (инклюзивті) білім беру шарттарында оқытуды ұйымдастыру мәселесі 2012 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралды.

Аз ұлттардың, мигранттар, оралмандар балаларының білім алу құқығы

Республикада Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға деген конституциялық құқығы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуының қағидалары бекітілген (2010 жылғы 28 қыркүйектегі № 468 ҚР БҒМ бұйрығы).

Бұл бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, оған сәйкес мектепалды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алу үшін білім беру ұйымдарына Қазақстан азаматтарымен қатар *«Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасында уақытша тұратын адамдардың (босқындар, баспана іздеп жүрген адамдар, көші-қон заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында жұмыс істейтін консулдық лауазымды адамдар, дипломатиялық мекемелердің қызметкерлері, еңбекші-мигранттар) балалары»* да қабылданып, дәл сондай құқықтарды падаланады (28.08.2012 ж. № 398 бұйрық).

2012/13 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептеріне 14 374 бала келді (2011 жылы – 15661): ТМД елдерінен -10 283 бала (2011 ж. – 13 869), басқа мемлекеттерден - 4 091 (2011 ж. – 1792).

Мектептерде оқитын балалардың ең көп саны: ОҚО-да - 3 741, Қарағанды облысында - 3 083, Алматы облысында -1 116, Маңғыстау облысында - 1 200, Жамбыл облысында -1 199, Алматы қаласында - 934.

Қазіргі уақытта республикада мектеп жасында **14 950** оралман-бала тіркелген. Оның ішінде 5 933-і бастауыш мектепте, 7 132-негізгі мектепте, 1881– жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында оқиды және 4 бала бала кезінен мүгедек.

Оқып жүрген оралмандардың ең көп саны Оңтүстік Қазақстан облысында - 2828, Алматы облысында - 3879, Жамбыл облысында - 2182, Шығыс Қазақстан облысында - 1786.

Облыстық білім беру басқармаларының деректері бойынша бала кезінен мүгедек болып табылатын 4 баладан басқа мектеп жасындағы балалардың бәрі де оқумен қамтылған.

Біліміндегі олқылықтарды жою мақсатында мектептерде таяу және алыс шет елдерден келген мигранттардың, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың балалары үшін қосымша сабақтар, тіл үйірмелері, факультативтік сағаттар, консультациялар өткізіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және Қазақстан Республикасының аумағына уақытша келген балалардың білім алуы туралы мәселе 2012 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында қаралды.

Қазіргі уақытта мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар ВАК ұсынымдарын орындау жөнінде жұмыс жүргізуде.

Республикада саны аз ұлттар үшін ана тілін үйренуге жағдайлар жасалған.

2012/2013 оқу жылында Білім және ғылым министрлігінің мәліметтері бойынша республикада мынадай мектептер жұмыс істейді: өзбек тілінде оқытатын - 60, ұйғыр тілінде оқытатын - 14, тәжік тілінде оқытатын - 2.

Өзбек тілінде – 77 082, ұйғыр тілінде – 14 364, тәжік тілінде - 3 893 оқушы оқиды.

Өзбек тілінде оқытатын сыныптары бар аралас мектептер – 79, ұйғыр тілінде оқытатын сыныптары бар аралас мектептер – 49, тәжік тілінде оқытатын сыныптары бар аралас мектептер – 10.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қамтамасыз ету

Қазақстанда жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 34 785 баланы құрайды. Оның ішінде: қамқоршылық пен қорғаншылықта - 21 736 бала, патронаттық тәрбиеленуде - 2 162, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарда - 10 887.

Денсаулық сақтау, білім беру, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің ұйымдарында тәрбиеленіп жатқан **10 мыңнан** астам жетім бала мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың **80%-дан** астамы – ата-аналары тірі әлеуметтік жетімдер.

2012 жыл ішінде ата-ана құқығынан айыру туралы шешім қабылдау арыздары бойынша соттың есебі бойынша 1 937 азаматтық іс қаралды, олардың 1 615 қанағаттандырылды.

Әлеуметтік жетімдіктің алдын алу үшін отбасылық және балалық қолайсыздықты ерте анықтау, отбасы мен отбасылық құндылықтарды нығайту бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Жалпы білім беру мектептерінде үш мыңнан астам әлеуметтік педагог енгізілді.

Білім беру бөлімдерінде қамқоршылық және қорғаншылық функцияларын жүзеге асыратын 349 маман жұмыс істейді.

Астана қаласында отбасылық ағарту және тәрбиелеудің бірыңғай жүйесін құру үшін Отбасылық тәрбиелеу институты қызмет етеді.

Қамқоршылар мен қорғаншыларды қолдау мәселелері шешілді. Мемлекет қамқорлығындағы әрбір баланы күтіп-ұстау үшін 10 АЕК көлемінде жәрдемақы төлейді. 2011 жылдан 2013 жыл аралығында республикалық бюджеттен осы мақсаттарға шамамен алғанда 12 млрд. теңге бөлінді.

2012 жылы 19 527 балаға (2011 жылы 18 809 балаға) жәрдемақы тағайындалды.

Қазақстандық азаматтардың отбасыларына жетім балаларды орналастыру бойынша БАҚ-та ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіледі.

Отбасыларға орналастыруға жататын балалар туралы бірыңғай ақпараттық интернет-портал жасалды. Аталған ресурс 2012 жылғы 27 маусымда ашылды және жетім балаларды қазақстандық азаматтардың отбасыларына орналастырудың пәрменді тетіктерінің бірі болып табылады.

Баланы асырап алған ата-аналардың 87 мектебі, отбасыға қолдау көрсетудің 58 қызметі құрылды.

Балаларды асырап алуға ниет білдірген қазақстандық азаматтардың саны көбейді.

2011 жылмен салыстырғанда интернаттық мекемелердегі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың саны 2 038 балаға азайды.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар желісі 14 бірлікке қысқартылды.

Балалар үйлері тәрбиеленушілерінің тұрғын үй құқығы

Жыл сайын балалар үйлерінің 2 мыңнан астам тәрбиеленушісі жалпы білім беру мектептерін бітіреді.

2006 жылдан бастап жетім балалар ұйымдарының тәрбиеленушілерінің саны – 14 376-ға жетті. Олардың ішінде тұрғын үй алғандары 2006 жылдан бері - 823 түлек.

Балалар үйлерінің тәрбиеленушілерін тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі ҚР Парламенті Мәжілісінің, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырыстарында бірнеше рет тыңдалды.

Нәтижесінде Қарағанды облысының әкімдігі 16-дан 23-жасқа дейінгі жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекітті (әкімдіктің 2011 жылғы 23 мамырдағы № 19/11 қаулысы). Жоспарға сәйкес мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үймен 320 бала қамтамасыз етіледі, 4 Жасөспірімдер үйі мен Жастар үйі ашылады.

Шығыс Қазақстан облысында жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау жөніндегі 2011 – 2015 жылдарға арналған кешенді жоспар іске асырылуда.

Осымен бірге республикада **34 жасөспірімдер үйі** қызмет етеді, оның ішінде 16-дан 23 жасқа дейінгі балалар үйлерінің **1398 тәрбиеленушісі** тұрып жатыр.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында заңнаманы жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланып жатыр.

Аталған заң жобасы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мүлікке, тұрғын үйге құқықтарын қамтамасыз етуге және оларды тұрғын үймен бірінші кезекте қамтуға мүмкіндік береді.

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының, қадағалаусыз және панасыз қалуының профилактикасы

«Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мемлекеттік органдар азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп, балалар қадағалаусыздығы мен панасыз қалуының алдын алудың және кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтар профилактикасының түрлі бағыттары бойынша іс-шаралардың біртұтас кешенін өткізеді.

Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың 2012 – 2013 жылдарға арналған ведомствоаралық іс-шаралар жоспары іске асырылуда.

Оқушылардың оқу сабақтарына баруының ай сайынғы мониторингі жүргізіледі. Оқу жылының басынан 10 және одан көп күн бойы сабаққа бармаған 3 мыңнан астам жасөспірім айқындалды, олар қабылданған шаралардың нәтижесінде қайтадан сабаққа кірісті.

Қиын өмірлік жағдайларға тап болған кәмелетке толмағандарды бірыңғай есепке алу мәліметтерінің шоғырландырылған дерекқоры құрылды.

Республика мектептерінде 1 753 мектеп инспекторы жұмыс істейді. Оларды әрбір қалалық және ірі ауылдық мектепте енгізу бойынша шаралар қолданылуда (*қосымша 1 254 бірлік қажет*).

Полицияның мектеп инспекторларының қызметі оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға, сондай-ақ оларға құқықтық көмек көрсетуге бағытталған.

Оқу орындарында полицияға жәрдемдесу жөніндегі мектеп жасақтары құрылуда. Полицияның жас көмекшілерінің 4 мың ерікті жасағы қызмет етуде, олардың қатарында 46 мың мектеп оқушысы бар.

Білім беру жүйесінде қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу, қиын өмірлік жағдайға тап болған балаларға көмек көрсету үшін 18 Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы (КБО) жұмыс істейді.

Орталықтарда балаларды тәрбиелеумен педагогтар мен психологтар айналысады.

КБО-да Отбасыға қолдау көрсету орталықтарының, қоғамдық қабылдау бөлмелерінің, сенім телефондарының жұмысы ұйымдастырылған, онда ата-аналар мен балаларға БҰҰ-ның халықаралық Балалар қорының (ЮНИСЕФ), ҰЕҰ-ның өкілдері, волонтерлер консультациялық-құқықтық көмек көрсетеді.

КТУОБСО-ны КБО етіп қайта ұйымдастыру кәмелетке толмағандардың арасындағы қадағалаусыз және панасыз қалуды төмендетуде жағымды рөл атқарды. Жалпы республика бойынша қадағалаусыз балалардың саны 1,3 есе азайды (2010 жылғы 5742 баладан 2011 жылы – 4357 балаға дейін).

Балалар мен жасөспірімдердің заңдылықты ұстану мінез-құлқын қалыптастыру және құқықтық сауаттылығын артыру мақсатында «Балалар түнгі қалада», «Жасөспірім – Заң – Қауіпсіздік», «Жұмыссыз отырма», «Жұмыспен қамту», «Ерекше қамқорлықтағы отбасы» және «Мен және менің полиция қызметкерім» атты акциялар мен рейдтер өткізілуде.

2012 жылы құқық қорғау органдары білім беру ұйымдарымен бірлесіп, шағын аудандар мен елді мекендер бойынша 67 мыңнан астам рейд және 43 мыңнан астам профилактикалық іс-шара өткізді.

Барлық акциялар мен рейдтерде «Нұр Отан» ХДП-ның, жергілікті атқарушы органдардың, соттардың, прокуратураның, білім беру, қамқорлық және қорғаншылық органдарының, ата-аналар комитеттерінің, үкіметтік емес және жастар ұйымдарының өкілдері қатысады. Қатысқандардың жалпы саны 13 мыңнан астам адамды құрайды.

«Жаппай оқыту» айлығының барысында 10 және одан артық күн бойы дәлелді себепсіз мектепке бармаған тәуекел тобындағы 686 бала анықталды, олардың 493-і мектепке қайтарылды.

Зорлық-зомбылықтың және балалар еңбегін пайдалану профилактикасы

Мемлекеттік органдар үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, зорлық-зомбылық пен балалар еңбегін пайдалану профилактикасы бойынша шаралар кешенін әзірледі.

Балаларға теріс әсер етуді барынша азайтуды қоғамда балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың кез келген нысандарын қабылдамауға, балаларды тәрбиелеудің жағымды зорлық-зомбылық көрсетілмейтін әдістерін

насихаттауға, балалар құқықтарын құрметтеуге бағытталған халықпен ақпараттық-түсіндіру жұмыс жүргізу арқылы болады. Сондықтан 2012 жылы «Зорлық-зомбылықсыз және қатігездіксіз балалық шақ» Жалпыұлттық ақпараттық науқаны жүргізілді. Науқанның негізгі мақсаты – балаларға қатысты, әсіресе интернаттық ұйымдарда тәрбиеленіп жатқан балаларға көрсетілген қатігездіктің барлық түрлеріне төзімсіздік ахуалын құру.

Мектептер штаттарына әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін 7 мыңнан астам психолог пен директорлардың тәрбие жұмысы жөніндегі 7 мыңнан астам орынбасары енгізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) жұмысын жалғастыруда.

2012 жылы 2 ВАК отырысы өткізілді, онда девианттық мінез-құлқы бар балаларды оқытуды ұйымдастыру, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылық пен қатігез іс-әрекет жасаудың профилактикасы және тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан зардап шеккен кәмелетке толмағандарға медициналық көмек көрсету жөніндегі шаралар мәселелері қаралды.

Балалар еңбегінің ең жаман түрлерін жою және 2012-2014 жылдарға арналған ХЕҰ № 182 «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою бойынша кезек күттірмейтін шаралар туралы» Халықаралық конвенциясын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді.

ХЕҰ қолдауымен құрылған балалар еңбегінің ең жаман түрлерінің алдын алу және ескерту жөніндегі балаларға арналған әлеуметтік орталық Алматы облысында қызмет етуде.

2012 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Бақылау және әлеуметтік қорғау комитетінің департаменттері 6952 тексеру өткізді, еңбек құқықтарының 23 115 бұзушылығы айқындалды, оның ішінде балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне қатысты бұзушылықтар тіркелмеген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне 2012 жылғы 17 ақпанда кәмелетке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу, демалыс пен сауықтыруды ұйымдастыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдар мен мекемелерге кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстар үшін сотталғандығы бар немесе болған (*кісі өлтіру, денсаулығына қасақана зиян келтіру, жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы*) тұлғалармен еңбек шартын жасасуға тыйым салатын түзетулер енгізілді.

Әлеуметтік жетімдік профилактикасы бойынша жұмыс белсене істелінуде, институтсыздандыру стратегиясы жүзеге асырылуда. Әлеуметтік жетімдік профилактикасы бойынша қабылданған шаралар арқасында 2006 жылдан бері жетім балалардың жалпы саны 16 509 адамға азайды, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарының желісі 17 бірлікке қысқарды.

2012 жылы ішкі істер органдарының есебінде 12 860 жайсыз отбасылар тіркелген, оларда 19 500 бала тәрбиеленуде. Қарастырылып отырған кезең ішінде 1 235 бала тәрбиелеп жатқан 856 адам ата-ана құқығынан айырылды.

Білім және ғылым министрлігі мәліметтері бойынша 2012 жылы бала еңбегінің ең нашар түрлеріне тартылған 222 бала анықталды, олардың ішінде даладағы жұмысқа тартылғандар – 44, қайыршылықпен айналысатындар – 10, жекөзекшелік – 6, сауда – 6, басқа салаларда – 156.

2012 жылы ҚР ҚК 133 бабы бойынша (*кәмелет жасқа толмағандарды сату*) 7 тұлғаға қатысты қылмыстық іс қозғалды, олардың 6-ауы қылмыстық жауапкершілікке тартылды, 1 қылмыстық жауапкершіліктен босатылды.

2012 жылы бала еңбегін заңсыз пайдалану бойынша қылмыстық істер қозғалған жоқ.

Қылмыстық заңнама еңбекті қорғау ережелерін бұзғаны үшін (*ҚК 152 бабы*) жауапкершілікке тартады, алайда бұл норма кәмелеттік жасқа толмаған тұлғаларға қатысты жасалынған құқықбұзушылықтарға әсер етпейді.

Осыған байланысты, соттардың бала құқығын заңсыз пайдаланғаны үшін сотталғандар бойынша статистикалық көрсеткіштері жоқ. Сол мезетте, қолдағы мәліметтер бойынша, бала еңбегін заңсыз пайдаланумен байланысты қылмыстық істер 2012 жылы соттар тарапынан қаралмаған.

Осыған қоса, қазіргі уақытта Парламент Мәжілісінде ҚР ПМ құрастырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адамды саудаға салуға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңның жобасы қарастырылуда.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде кәмелет жасқа толмағандардың еңбек қызметі қарастырылған, алайда оны бұзғаны үшін жауапкершілік жоқ.

Осыған байланысты, көрсетілген заңнамамен Қылмыстық кодекс жаңа 138-1 «Жұмыс берушінің немесе лауазымды адамның олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан Кәмелетке толмағандарға қатысты еңбек заңнамасын бұзу» бабымен толықтырылды.

Қылмыстық заңның белгіленген нормасының санкциясы айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланауды қарастырады.

Сот актілерінің заңдылығын қадағалаумен қамтамасыз ету және мемлекеттік айыптауды қолдауға қатысты, әрбір іс бойынша прокурорлар азаптаулар туралы барлық арыздарды, сонымен қатар іс материалдарын жинау және бекітуде рұқсат етілмеген тергеу әдістерін пайдалануды тексеретінін атап өту керек.

Кәмелетке толмағандардың арасында суицидтік мінез-құлықтың профилактикасы

Республикада кәмелетке толмағандардың арасында суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар кешені іске асырылуда.

Суицидтардың алдын алу мәселесі бойынша үйлестіруші Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Суицидтардың алдын алу жөніндегі 2012 – 2014 жылдарға арналған ведомствоаралық іс-қимыл жоспарын әзірледі.

Қазіргі уақытта республика мектептерінде тәуекел тобындағы балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсететін, психологиялық қорғау, жанжалсыз мінез-құлық және суицидке қарсы тосқауылдарды қалыптастыру әдістеріне оқытатын 7 мыңнан астам психолог, 3643 әлеуметтік педагог қызмет етеді.

Мектеп психологтарының қызметін нақты регламенттеу үшін Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызмет жұмысының қағидалары бекітілді.

Балалардың суицидтік мінез-құлқына жедел ден қою, алдын алу, профилактикасын психологиялық қамтамасыз ету жүйесін құру бойынша шаралар қолданылуда.

Суицидтің алдын алу мәселелері түрлі деңгейдегі отырыстарда қаралды. Олардың қорытындылары бойынша мемлекеттік және жергілікті органдарға тиісті тапсырмалар берілді.

Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) өткізу кезінде стресстік жағдайлардың профилактикасы мақсатында жүйелі шаралар әзірленуде.

ҰБТ өткізу кезінде туындайтын проблемаларды талқылауға ерекше көңіл бөлінеді.

Министрліктің (www.edu.gov.kz) және Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің (www.educontrol.kz) сайтында үлгілік тест тапсырмалары және басқа ақпараттық материал орналастырылған.

Мектеп бітірушілердің дайындық деңгейін, олардың ҰБТ-ға психологиялық бейімделуін арттыру үшін жыл сайын жоспарлы тәртіпте сынақ тестілеуі өткізіледі. 2012 жылы әрбір бітіруші сынақ тестілеуді орташа алғанда 7,2 рет өткізді.

Бұл ретте кәмелетке толмағандардың арасында ҰБТ тапсыру себебімен суицид фактілері тіркелмеген.

ЮНИСЕФ-пен бірге 2012 жылы Астана қаласында «Мемлекеттік органдардың балалар мен жастар арасындағы деструктивтік мінез-құлықтың профилактикасы бойынша өзара іс-қимыл жасасуының аясында әлеуметтік-психологиялық қызметті дамыту перспективалары» атты ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Мектеп оқушыларының арасында алаңдататын беталыстарды анықтау бойынша ақпараттық бағдарламаның жобасы әзірленді. Жоба Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінде сараптамадан өтуде.

БҰҰ-ның Балалар қорымен (ЮНИСЕФ) бірлесіп, 2012 жылғы наурыздан бастап Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарында «Қазақстандағы суицидтік мінез-құлық таралуының, түпкі себептерін, тәуекел

және қорғану факторларын зерттеу» пилоттық жобасы іске асырылуда. Оның қорытындысы бойынша білім беру және денсаулық сақтау органдарының мамандары үшін кәмелетке толмағандардың арасында суицидтердің алдын алу жөніндегі ұсынымдар әзірленетін болады.

ҚР БҒМ Бала құқықтарын қорғау комитеті төңірегінде ҮЕҰ Кеңесі құрылды, оның құрамына 29 үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кірді. 2012 жылы оның 3 отырысы өтті.

Осылайша, министрліктер және ведомстволар, жергілікті атқарушы органдар, республиканың үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдарының қызметі қазақстан балаларының конституциялық құқықтарын және заңды мүдделерін сақтау бойынша ведомствоаралық балансталған саясатты жетілдіруге бағытталған.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Еңбектің ең нашар түрлеріне тартылған, әртүрлі зорлық-зомбылықтың құрбандары болған балаларды анықтау тетіктері мен процедуралары әзірленіп, заңнамалық тәртіппен бекітілсін.

2. Республикалық, облыстық, қалалық және аудандық БАҚ-тарда отбасы, балалар, отбасылық тәрбие дәстүрлеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандар арасында суицид фактілерінің алдын алу және болдырмау проблемаларына арналған міндетті және тұрақты хабарлар мен рубрикалар циклі тұрақты түрде ұйымдастырылсын.

3. ҚР БҒМ-не мемлекеттік білім беру ұйымдарының Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті мен Бала құқықтары туралы конвенцияда кепілдік берілген азаматтығына қарамай балалардың тегін бастауыш және орта білім алу құқықтарын сақтауына тұрақты мониторинг жүргізуді ұсынамыз.

4. ҚР БҒМ ҮЕҰ-мен бірлесіп еңбекші-мигранттар арасында мигранттар балаларының орта білім алуға айырылмас құқықтары туралы насихат жүргізісін.

5. Прокуратура органдарына жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қоса алғандағы балалар құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманың сақталуын бақылауды күшейтуді ұсынамыз.

Әйел құқықтары

2000 жылы әлемнің көптеген елдері қол қойған БҰҰ-ның Мыңжылдық декларациясында ерлер мен әйелдердің теңдігін көтермелеу, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшінші мыңжылдықтағы адамзат дамуының негізгі мақсаттары ретінде анықталған.

Қазақстан өз тәуелсіздігінің 20 жылы ішінде әйелдер мен ерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында белгілі бір жетістіктерге қол жеткізді.

1998 жылы Қазақстан БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенцияны ратификациялады. Сол сияқты БҰҰ-ның «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» және «Тұрмыстағы әйелдердің

азаматтығы туралы» конвенциялары ратификацияланған. Қазақстан жалпы 60-тан астам адам құқықтары жөніндегі көпжақты халықаралық әмбебап келісім-шарттарды ратификациялады.

БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі сарапшылары Қазақстандағы әйел құқықтарын қорғаудың ахуалын жалпы оң бағалағанын атап өткен жөн.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы №1677 Жарлығымен Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) бекітілді.

Стратегия мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған маңызды құжат, мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оны іске асыру мониторингтеу құралы, демократияны дамытудың маңызды факторы болып табылады. Стратегияны іске асыру әйелдер мен ерлердің өз құқықтарын бірқалыпты іске асыруы үшін жағдай жасауға жәрдемдесетін болады және 2006 және 2016 жылдар аралығындағы кезеңде ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктеріне қол жеткізу жөніндегі міндеттерді шешуді көздейді.

1. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы гендерлік теңдікті қамтамасыз ету құқығы

Әйелдер мен ерлердің еңбек қатынастары саласындағы тең құқықтары мен тең мүмкіндіктері туралы мәселені енгізу бас, салалық, өңірлік келісімдер деңгейінде өзара байланысқан нормалар мен ережелер негізінде жүзеге асырылатын әлеуметтік әріптестік тетігі арқылы жүргізіледі.

Үшжақты келісімдер бөлімдерінің негізі әйелдердің құқықтарын қорғау және кепілдіктері мәселелері болып табылады. Үкімет, қызметкерлердің республикалық бірлестіктері және жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері арасындағы Бас келісімде еңбекші әйелдер мен жұмысшы жастар құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету жөнінде бөлім енгізілген.

Бұл бөлімде әлеуметтік әріптестік тараптары өзіне ана мен баланы қорғауды қамтамасыз етуге, әйелдерді әлеуметтік қолдауға, әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы гендерлік проблемаларды шешуге, еңбекші әйелдерді кемсітуді жоюға бағытталған кешенді шараларды әзірлеу және іске асыру міндеттерін қабылдады.

Әлеуметтік әріптестер сондай-ақ ХЕҰ №103 «Ана болуды қорғау туралы» конвенцияны ратификациялау мүмкіндігін қарастырды.

Жасалған салалық келісімдерді талдау 12 салалық келісімде еңбекші әйелдердің құқықтары мен кепілдіктеріне қатысты тармақтар бар екенін көрсетті.

Электр энергетикасы, машина жасау, қарулы күштер, байланыс, теміржол, мәдениет, денсаулық сақтау, құрылыс, білім беру, азаматтық авиация қызметкерлерінің салалық келісімдерінде мектепке дейінгі және төмен мектеп жасындағы балалары бар әйелдерге қосымша жеңілдіктер мен өтемақылар көзделген.

Әйелдерді өндірістік ортаның зиянды әсерінен, ауыр жұмыс істеуден қорғау жөніндегі, жүкті әйелдерді жеңіл жұмысқа міндетті түрде ауыстыру жөніндегі заңнамалық нормалардың сақталуы көзделген. Теміржолшылардың салалық келісімінде саланың қызметкерлері мен олардың балаларын жоғары және орта арнаулы оқу орындарында оқытуға арналған қаражат көзделген. 19 салалық келісімде әйелдер үшін міндетті профилактикалық медициналық тексерулер көзделген.

Қазақстанның барлық өңірлерінде әлеуметтік әріптестік жөніндегі үшжақты келісімдерде сол сияқты еңбекші әйелдер мен жұмыс істейтін жастардың құқықтары мен кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі тараулар енгізілген.

Іс жүзінде барлық тараптар үшжақты келісімдерде 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру жөніндегі не болмаса соның негізіндегі міндеттемелер қабылдаған.

Өңірлерде сондай-ақ ұжымдық шарттарға жұмыс істейтін әйелдердің еңбек қауіпсіздігі мен қорғау, олардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелері жөніндегі тараулар қосу жұмыстары жүргізілуде.

2009 жылғы желтоқсанда «Ерлердің және әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚР Заңы қабылданды, ол жұмыс берушілердің әйелдер мен ерлердің еңбек ақысын төлеудегі алшақтықты кәсіби дайындығын теңестіру жолымен жою жөніндегі арнайы бағдарламаларды іске асыруы міндетін көздейді. Жұмыс берушілерді жұмысты отбасылық міндеттемелерін орындаумен қоса атқаруға мүмкіндік беретін еңбек жағдайын жасауға да міндеттейді (жұмыстың жылжымалы кестесін енгізу, мерзімнен тыс жұмыстан босату, толық емес жұмыс күнін белгілеу, жұмыс уақытында біліктілігін көтеру). Жұмыс берушінің «Ерлердің және әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» ҚР Заңын орындамағаны немесе жөнсіз орындағаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді.

2009 жылы «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» ҚР Заңы қабылданды.

2007 жылы қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі әйелдер және отбасылық міндеттері бар өзге адамдардың еңбегін реттеу ерекшеліктеріне арналған тарау қарастырылған.

Әсіресе, ҚР ЕК 187-бабына сәйкес, жұмыс берушінің жүкті әйелдерді түнгі уақыттағы жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа, үстеме жұмысқа тартуға, оларды іссапарға жіберуге, сондай-ақ оларды жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан кері шақырып алуға құқығы жоқ.

Жұмыс берушінің жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдерді және жеті жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған адамдарды жазбаша келісімсіз түнгі уақыттағы жұмысқа, үстеме жұмысқа тартуға, сондай-ақ оларды іссапарға және вахталық әдіспен орындалатын жұмысқа жіберуге құқығы жоқ.

Сонымен қатар, ЕК 188-бабына сәйкес, Тынығуға және тамақтануға арналған үзілістерден, ауысымшылық және арнайы үзілістерден басқа, бір

жарым жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, бір жарым жасқа дейінгі балаларды анасыз тәрбиелеп отырған әкелерге (асырап алушыларға) баланы (балаларды) тамақтандыру үшін жұмыстың кемінде әрбір үш сағаты сайын:

бір баласы бар болғанда - әрбір үзіліс кемінде отыз минут;

екі немесе одан да көп баласы бар болғанда - әрбір үзіліс кемінде бір сағат болатын қосымша үзілістер беріледі.

Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметкердің өтініші бойынша баланы (балаларды) тамақтандыруға арналған үзілістер тынығуға және тамақтануға арналған үзілістерге қосылады не жиынтық үзілістер жұмыс күнінің (ауысымының) басында немесе аяғында беріледі.

Баланы (балаларды) тамақтандыруға арналған үзілістер жұмыс уақытына кіреді. Үзілістер уақытында әйелдердің (әкелердің, асырап алушылардың) орташа жалақысы сақталады.

Жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа толмаған баласы (балалары) бар әйелдің жазбаша өтініші бойынша оларға толық емес жұмыс уақыты режимін береді (189-бап). Егер жұмыс күнінің ұзақтығы сегіз сағаттан асатын болса, жүкті әйелдерге жұмыс уақытының (жұмыс ауысымының) жиынтық есебін қолдануға жол берілмейді (190-бап). Әйелге, қалауы бойынша, жүктілікке және босануға байланысты демалыстың алдында немесе тікелей одан кейін не балаға күтім жасауға арналған демалыс біткен соң жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы беріледі (192-бап).

ЕК 195-бабына сәйкес, Жұмыс беруші қызметкерге: ата-анасының қалауы бойынша - баланың анасына не әкесіне; баланы жалғыз тәрбиелеп отырған ата-ананың біреуіне бала үш жасқа толғанға дейін баланың күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті.

Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс көрсетілген қызметкердің жазбаша өтініші негізінде оның қалауы бойынша толық немесе бөлініп пайдаланылуы мүмкін.

Бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс уақытында қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) сақталады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақысы сақталмайтын демалыс уақыты жалпы еңбек өтіліне, мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі. Кодекстің 185-бабына сәйкес, жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек-баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналармен жұмыс берушінің бастамасы бойынша, қызметкерлер санын немесе штатын қысқарту негізінде еңбек шартын бұзуға жол берілмейді. Егер әйел еңбек шартының мерзімі аяқталған күні мерзімі он екі апта және одан көп апта жүктілігі туралы медициналық қорытынды ұсынса, жұмыс беруші оның жазбаша өтініші бойынша еңбек шартының мерзімін бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс аяқталған күнге дейін ұзартуға міндетті.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсанындағы «Әйелдер мен еркектердің тең құқықтары және бірдей

мүмкіндіктері туралы» Заңына сәйкес, әйелдер мен еркектердің тең құқықтары мен бірдей мүмкіндіктерін қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері келесі болып табылады: әйелдер мен еркектерді мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында тең құқықтар мен бірдей мүмкіндіктермен қамтамасыз ету, ерлер мен әйелдердің тең құқықтығы мәдениетке ел халқы арасында тәрбиелеу және насихаттау, жыныс белгілері бойынша дискриминацияға жол бермеу, тіршілік әрекеттерінің саясат, әлеуметтік-еңбектік және отбасылық қатынастарды қосқандағы барлық салаларында жыныстардың теңдігін қамтамасыз ету бойынша құқықтық және саяси мәдениет деңгейін арттыру.

Қазақстан Республикасының 2012 жылы 16 қарашасындағы № 50-V Заңымен ХЕҰ-ның №156 «Отбасылық міндеттемелері бар ер және әйел еңбекшілерге тең қарау және тең мүмкіндіктер беру туралы» конвенциясы ратификацияланды.

Қазақстан Республикасында әйелдер еңбек етуге еркектермен тең құқылы, экономикалық қызметтің барлық салаларына белсенді қатысады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі басымдықтарын жүзеге асыру нәтижесінде:

жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санында (8499,9 мың адам) әйелдердің саны численность 4128,7 мың адамды құрады (2011 жылың 4 т. - 4116,1 мың адам);

жұмыспен қамтылғандар құрылымында жалданбалы жұмыс істейтін әйелдер үлесі 68,8 % басым (2842,5 мың адам), оның ішінде ауылды жерлерде - 51,1% (943,5 мың адам);

әйелдер жұмыссыздығы деңгейінің жыл сайын төмендеуіне қарамастан (2010 жылы – 6,6%, 2011 жылы – 6,2%) – 2012 жылдың 4 тоқсанында 6,5% құрады, ол ерлердің жұмыссыздығы деңгейінен (4,1 %) асып тұр. Осыған қоса, жұмыссыз халық құрамында әйелдер үлесі 60,8% құрады (288,9 мың әйел).

экономикалық белсенді әйелдер саны 2012 жылдың 4 тоқсанында 4417,6 мың адамды құрады, бұл 2011 жылдың тиісті кезеңінен 32,2 мың адамға артық.

Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың аса жоғары деңгейі әлеуметтік инфрақұрылымның (балабақшалардың) жеткілікті түрде дамымауы, әйелдердің орны туралы дәстүрлі шектеулер мен стереотиптердің таралуы, жоғары отбасылық жүктемелерден төмен еңбек мобильділігі сияқты ерекше жағдайларға байланысты, осыған қоса жұмыссыз әйелдердің басым бөлігі ауылды жерлерде тұрады.

«2020 Жұмыспен қамту бағдарламасы» шеңберінде қатысудың басымдық құқығы ауылды жерлерде тұратын әйелдерге беріледі. 2011 жылы Бағдарламаның қатысушылары 28,3 мың әйел немесе қатысушылардың жалпы санының (59,1 мың) 48,3% болды. 2012 жылы Бағдарламадағы әйелдердің үлесі 49,4% (50,8 мың адам) құрады.

Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде жас отбасыларға жұмыс бар және мемлекет есебінен сатып алу құқығы бар жалға берілетін тұрғын үй берілетін елді мекендерге көшуге жәрдемақылар бөлінеді.

Осындай жағдайларда жұмыссыз әйелдерге жұмысбастылыққа жәрдемдесу түрінде әлеуметтік көмек беріледі. Аумақтарды дамытудың өңірлік бағдарламалар шеңберінде 2011 жылы жұмысбастылық органдарына жұмыс іздеп барған әйелдер санының 70% астамы жұмысқа тұрды, 2012 жылы - 60%.

Әйелдерге біліктілікті арттыру, шәкіртақы төленетін кәсіби даярлау және қайта даярлаудың тегін курстарын өтуге мүмкіндік беріледі. Жас балаларға қараудағы әйелдер мемлекет есебінен оқуға мүмкіндіктері бар. Оқуды бітірген соң оларға тұрақты жұмыс орындарына, сонымен қатар әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа тұруға жәрдем беріледі. Өзінің жеке кәсібін ұйымдастырғысы келетін әйелдерге – ауылдарда шағын несиелер ұсынылады.

Қазақстан Республикасындағы әйелдер еңбекке ерлермен бірдей құқылы, экономикалық қызметтің барлық салаларында белсенді қатысады.

Бағдарламаның «Ауылдық елді мекендерді дамыту» төртінші бағыты шеңберіндегі әйелдер де ауыл аумағының құрылысы мен көркейту жұмыстарына қатысады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесінде гендерлік теңдік қамтылған, бұл Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы №1677 Жарлығымен бекітілген 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының негізгі міндеттерінің бірімен анықталған.

Мемлекеттік қызметті өту кезеңінде әйелдердің балаға қарау бойынша демалыс алуына және өз уақытында тиісті ақшалай төлемдер жасауға құқығы сақталады. Сонымен қатар, декреттік демалыстағы әйел үш жыл ішінде жұмыс орнын сақтап қалады, ал декретте отырған кездегі уақыты мемлекеттік қызметтегі жұмыс өтілі есебіне ескеріледі.

2. Әйелдердің мемлекет істерін басқарудағы құқықтары

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының Парламентінде әйелдердің саны жалпы депутаттар санының 24% құрайды. Мәслихаттарда - 17,1% әйелдер. Еуропалық одақтың дамыған елдерінде биліктің өкілді органдарындағы әйелдердің саны депутаттар санының 30% құрайды.

«Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес мемлекеттік қызметке кірген кезде жынысына қатысты қандай да бір тікелей немесе жанама кемсітуге жол берілмейді.

Мемлекеттік қызмет кадрлары мониторингінің мәліметтеріне сәйкес 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметтегі әйелдердің саны 48 378 адамды құраған (республиканың мемлекеттік қызметшілерінің нақты санының 55,7%).

Қазіргі таңда орталық мемлекеттік органдар мен өңірлерде барлығы 23 454 (25,7 %) басшылық лауазым бар, оның 9064 (38,6%) әйелдер иеленген.

Саяси мемлекеттік қызметші лауазымында, яғни шешім қабылдау деңгейінде әйелдер бар-жоғы 10,3% құрайды.

БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою жөніндегі комитетінің ұсынымдарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясының ережелеріне сәйкес заңнамалық түрде мемлекеттік биліктің өкілді органдарында әйелдер үшін депутаттардың жалпы санының 25-30% шегінде квота белгілеуді ұсынамыз.

2011 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан әйелдерінің бірінші съезінде Әйелдерді шешімдер қабылдау деңгейіне ілгерілету жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу туралы тапсырма берді. Демек, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының 2011 жылғы 17 маусымдағы № 01-38.69 бұйрығымен бекітілген Әйелдерді шешімдер қабылдау деңгейіне ілгерілету жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес атқарушы мемлекеттік органдарда шешімдер қабылдау деңгейіндегі әйелдердің өкілеттілігін кезең-кезеңімен көбейтуді ұсынамыз.

ҰСЫНЫМДАР:

1. БҰҰ-ның Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі комитетінің Қазақстан Республикасының Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция ережелерінің орындалуы туралы баяндамасын қарау нәтижелері бойынша берген ұсынымдары іс жүзіне асырылсын.

2. 1952 жылғы 28 маусымдағы «Ананы қорғау туралы» Конвенция ратификациялансын.

3. Облыстық орталықтарда, Астана мен Алматы қалаларында тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылықтан, адам саудасынан және кемсітушіліктің басқа да түрлерінен зардап шеккен әйелдерге арналған мемлекеттік баспаналар құрылсын.

4. Гендерлік негіздегі зорлық-зомбылықпен байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мен жолын кесуге бағытталған жүйелі профилактикалық іс-шаралар өткізілсін.

5. Алимент төлеушілердің төлем қабілетсіздігі кезеңінде талап етушілерге, әсіресе жеке басты аналарға арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлеу тетігін әзірлеп, енгізуді ұсынамыз. Бұл ретте мемлекет шығынын борышкерден әрі қарай регресті өтеуді талап ету құқығы белгіленсін.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдардың құқықтары

Мүмкіндігі шектеулі адамдар құқықтарының сақталуы және оларды әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың заңнамалық негізі болып табылады,

ол мүгедектерді әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тіршілік-тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын айқындайды.

Заңға сәйкес әрбір мүгедекке оңалту әлеуетіне сәйкес оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі – ОЖБ) әзірленеді, ол организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларын қалпына келтіруге және (немесе) өтемін төлеуге бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіптік оңалту шараларын қамтитын оңалту іс-шаралар кешенін анықтайды.

ОЖБ-ға сәйкес мүгедектер Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын тізбе бойынша және тәртіппен протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнайы жүріп-тұру құралдарымен, санаториялық-курорттық емделумен қамтамасыз етіледі.

Бұған қоса, мұқтаж мүгедектер міндетті гигиеналық құралдармен, ымдау тілі мамандарының қызметімен, жеке көмекшілермен қамтамасыз етіледі.

Соңғы онжылдықта республика халқының жалпы санындағы мүгедектер үлесі біршама тұрақты болып тұр және 3,5 % немесе 609,8 мың мүмкіндіктері шектеулі адамды құрайды, оның ішінде 65,8 мыңы мүгедек балалар.

Елдегі мүгедектерді әлеуметтік қорғаудың негізгі нормалары «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық педагогикалық түзеуді қолдау жөніндегі» және «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Заңдармен регламенттелген.

Осылай, мүгедектерді қатарға қосу тиімділігін арттыру үшін, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларына сәйкес, 2009 жылы арнайы әлеуметтік қызметтерді енгізуді қарастыратын, әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің реформасы басталды.

Халықаралық және отандық тәжірибе негізінде мемлекет кепілдік берген арнайы әлеуметтік қызметтер тізімі анықталып, жүйелендірілді, ол әрбір мүгедектің жеке қажеттіліктеріне байланысты тегін негізде ұсынылатын сегіз түрден тұрады.

2009-2012 жылдар аралығындағы арнайы қызметтер енгізу бойынша шығыстар көлемі республикалық бюджеттен 19,2 млрд. теңгені құрады.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша арнайы әлеуметтік қызметпен келесілер қамтылды:

Стационар түріндегі 103 медициналық-әлеуметтік мекемелерде 20 мыңнан астам қарттар мен мүгедектер, олардың ішінде мүгедек балалар;

8,4 мың адам 51 жартылай стационар түріндегі ұйымдарда;

52,8 мың адам 506 қарттар және мүгедектер, соның ішінде мүгедек балаларға арналған үйлердегі әлеуметтік көмек бөлімдерінде.

Арнауы әлеуметтік қызметтерді ұсынудың жаңа жүйесін енгізу үкіметтік емес секторды мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс орналастыру арқылы тартуға мүмкіндік берді.

2012 жылы арнайы әлеуметтік қызметтер ұсыну бойынша әлеуметтік тапсырыстар 12 өңірлерде 52 ҮЕҰ арасында 2,7 мыңнан астам адамды қамтып, жүзеге асырылды.

Жергілікті атқарушы органдар тарапынан мүгедектерге техникалық, жәрдемші (компенсаторлық) құралдар ұсынылады. 2012 жылы протездік-ортопедиялық көмек, кресло-арбалар, сурдо- және тифло-техникалық құралдар ұсынумен, ымдау тілі мамандарының және арнайы көмекшілер қызметтерімен даму мүмкіндігі шектеулі 96 мың адам қатары қамтылды, бұл мұқтаж мүгедектердің жалпы санының 87,6% құрайды.

Жұмыспен қамту – 2020 Бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 1049 мүгедектер оның қатысушысы болды, олардың 244 кәсіби даярлаумен қамтылған, тұрақты жұмыс орнына 168-і орналасты, әлеуметтік жұмыс орындарына – 566, жастар практикасына 75-і бағытталды, кәсіпкерліктің негіздерін үйренуге 28-і кірісті, микронесие алғандар – 31, жоғары экономикалық әлеуеті бар елді мекендерге 17 мүгедектер отбасы көшіп барды.

Мүгедектерді қолдау, олардың еңбекке құқығымен қамтамасыз ету, мүгедектерді жұмыспен қамту үшін еңбек нарығындағы мүмкіндіктерді кеңейту мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қаңтардағы №64 «Мүгедектердің қоғамдық бірлестіктері құрған ұйымдарда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысы қолданыста, бұл тауарлар өндіретін, жұмыс істейтін, халыққа қызмет көрсететін көрсетілген ұйымдарды қолдауға мүмкіндік береді.

Үкіметтік емес ұйымдармен ҚР Үкіметі төңірегінде құрылған, мүдделі мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұымдар өкілдерін құрамына біріктіретін, Мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңес шеңберінде тығыз өзара әрекеттестік жүзеге асырылады.

Біздің мемлекетіміз үшін маңызды қадам мемлекет Президенті Н.Назарбаевтың 2008 жылғы 28 желтоқсанда Мүгедектер құқықтары туралы конвенцияға және 2008 жылғы желтоқсанда Конвенцияның Факультативтік хаттамасына қол қоюы болып табылады.

Мүгедектер құқықтары туралы конвенциясын болашақта ратификациялау процессінің жолдары мен мерзімін анықтау үшін 2012 жылғы 16 қаңтарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №64 қаулысымен ҚР мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының бірінші кезеңі (2012-2013 жылдар) бекітілді (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспарының бірінші кезеңі).

Іс-шаралар жоспарының бірінші кезеңін жүзеге асыруда мүгедектердің құқықтары, бостандығы мен мүдделерін қорғау саласында заңнаманы бірегейлендіру орындалды және ««Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектердің құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу басталды.

Жергілікті атқарушы органдар барлық өңірлерде мүгедектер үшін қолжетімді ортаны сақтау міндетіне инфрақұрылым объектілерін паспорттау жүргізуде.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің және Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының бірлескен бұйрығымен Мүгедектерге арналған қолжетімді әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін түгендеу (паспорттау) жүргізу жөнінде әдістемелік ұсынымдар бекітілді.

Мүгедектер проблемалары туралы халықтың хабардар болу деңгейін арттыру мақсатында қоғамның мүгедектер проблемаларына позитивті қатынасын құруға бағытталған қоғамдық-ағарту науқандарын өткізу, бұқаралық ақпараттар құралдарында жариялау және көрсетуге дайындау бойынша медиа-жоспар шеңберінде ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізіліп жатыр.

Еңбек кодексінің 222-бабына сәйкес, Мүгедектер әдеттегідей еңбек жағдайлары бар не мүгедектер еңбегін пайдаланатын мамандандырылған ұйымдарда оңалтудың жеке бағдарламасын ескере отырып, жұмыс берушілермен еңбек шарттарын жасасуға құқылы.

Мүгедектік себептері бойынша еңбек шартын жасасудан бас тартуға, мүгедекті басқа жұмысқа ауыстыруға, еңбек жағдайларын өзгертуге тыйым салынады.

Еңбек заңнамасымен мүгедек қызметкерлерге *(аптасына 36 сағаттан, күніне жеті сағаттан аспайтын)* қысқартылған жұмыс уақыты, қосымша ақылы еңбек демалысы белгіленеді және жұмыс уақытының жнақталған есебін қолдануға тыйым салынады.

Ақтөбе облысының прокуратурасымен «Прокуратура әлеуеті – мүгедектерге қамқорлық» атты жоба аясында шынайы 1 158 мүгедектердің құқықтары сақталды, олардың пайдасына 9,3 млн. теңге төленді.

Осылайша, 16 мүгедек протездік-ортопедиялық көмекпен, 9 – кресло-арбамен, 184 – міндетті гигиеналық құралдармен қамтылды, 10 – еңбекпен қамтылды, 3 – тұрғын үй алды, 893 мүгедек пайдасына 7,5 млн. теңге көлемінде әлеуметтік жәрдемақы төленді *(30 млн. теңге қаралуда)*.

Сонымен қатар, көрсетілген жоба аясында өткізілген облыс прокуратурасының іс-шаралары нәтижесінде, 30 пандус, 24 қосымша ақпарат белгісі және 1 дыбыстық бағдаршам орнатылды, 400 мүгедекті санаториялық-курорттық қамсыздандыру үшін жергілікті бюджеттен қосымша 19 млн. теңге бөлінді және т.б.

Даму мүмкіндіктері шектеулі адамдарды елдің қоғамдық-саяси өміріне тарту туралы

«Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпы Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласы даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың әлеуметтену тетіктерін дамытуға міндеттер қояды.

Бұл позиция даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың қазақстандық қоғамға бірігуі бойынша арнайы іс-шаралар қабылдамай, азаматтардың конституциялық құқықтарын толыққанды жүзеге асыру мүмкін еместігіне негізделеді.

Халықаралық құқық қорғау практикасы азаматтардың бұл санатын адам құқықтарын бұзу контекстіндегі тәуекел топтарына жатқызады. Әдетте, дәл олар қорғау, өз құқықтарын сақтау және қалпына келтіру тетіктеріне, сонымен қатар қоғамдық игіліктерді пайдалану қолжетімділіктеріне қатысты аса осал болып шығады. Мысалы, дені сау азаматтар үшін қоғамдық көлікке жолақы, сауда орындарында тауарлар сатып алу және коммерциялық қызметтерді пайдалану, мекеме ғимараттарына, кинотеатрларға кіру секілді жалпы қолжетімді қызметтер мүгедектер үшін жақсы жағдайда қиын, және көбінесе физикалық тұрғыда мүмкін емес.

Жалпы, көліктік, коммерциялық, ақпараттық, әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылым еліміздің өңірлерінде болсын, ірі қалаларында болсын, адамдардың осы санаты қажеттіліктері үшін жеткіліксіз бейімделген деп айтсақ болады.

Олардың мемлекеттік органдарға жүгінуде және мемлекетті басқаруға қатысуда құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктері аса шектелген. Осы санаттағы азаматтар санатының мемлекеттік қызметте және бұқаралық салада өкілеттігінің жоқтығын атап өту керек.

Дегенмен, тәжірибе даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың айтылған салада белсенді қатысып, осылайша қоғамның дамуына үлесін қосуға зор ниетінің және мүмкіндіктерінің бар болуын көрсетеді. Осылайша, ҚР Омбудсменімен және ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиямен кездесулерде ҮЕҰ мүгедектік бар көшбасшылары мүгедектердің қоғамдық өмірге қатысуы, бірігуі және әлеуметтенуі бойынша нақты бастамасын ұсынды.

Бұл тақырып саяси партиялар аясындағы талқылаулардың тақырыбы болуы мүмкін еді және де қоғамда позитивті қабылдауды туындатып, ҚР Парламентінде ратификациялауға әзірленіп жатқан Мүгедектер құқықтары туралы конвенцияны жүзеге асыруға мүмкіндік берер еді.

Шет елдер тәжірибесі әлемде адамдардың осы санатының қоғамға бірігуі бойынша айтарлықтай сәтті жобалардың жүзеге асып жатқанын көрсетеді.

Осылайша, мүгедектер Финляндия Парламентінде (Эрки Пуллайнен – Эдускунта мүшесі, бала кезінен мүгедек, инвалид арбасын пайдаланады), Қырғызстан Парламентінде (Бекешов Д.Д. – Жогорку Кенеш мүшесі және Құқық тәртібі мен заңдылығы бойынша комитет төрағасының орынбасары, соқыр) бар.

Халықаралық тәжірибеден осыған ұқсас көп мысалдар келтіруге болады.

Осылайша, қазіргі уақытта даму мүмкіндігі шектеулі адамдарды қоғамдық өмірдің бұқаралық саласына біріктіру тетіктерін құру қажеттігі келді.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Мүгедектік пен еңбекке қабілеттілікті жоғалту дәрежесін белгілеу саласындағы заңнаманы жетілдіру шаралары қабылдансын.

2. Мүгедектер құқықтары туралы конвенция мен оның Факультативтік хаттамасын ратификациялау жұмысы жалғастырылсын.

3. Даму мүмкіндіктері шектеулі адамдардың сайлау және мемлекеттік атқарушы билік органдарына сайлану конституциялық құқықтарын жүзеге асыру мақсатында саяси партияларға өз қатарына мүгедектерді тартып, өз тізімдеріне қосуды ұсынамыз.

4. Даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға мемлекеттік қызметке бірдей қол жетімділікпен қамтамасыз етуді және оларға тиісті квотаны заңды түрде орнатуды ұсынамыз.

5. ҚР ЕХӘҚМ-ге даму мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамның және мемлекеттің әр түрлі салаларында жұмыс істеу қажеттіліктерін зерттеу пәніне арнайы әлеуметтік зерттеу жүргізуді ұсынамыз.

6. «Қазақстан Республикасындағы даму мүмкіндіктері шектеулі адамдар (мүгедектер) құқықтарының жағдайы туралы» арнайы баяндама әзірлеуді ұсынамыз.

Оралмандар құқықтары

Этникалық қазақтардың тарихи отанына көшірілуі Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының басты басымдықтарының бірі болып табылады.

БҰҰ-на мүше 193 мемлекеттің ішінен тек қана төрт мемлекет: Қазақстан, Германия, Израиль және Ресей Федерациясы репатрианттардың тарихи отанына оралуымен мемлекеттік деңгейде айналысады.

Қазақстанда мемлекеттік деңгейде этникалық қазақтарды репатриациялау тетіктерін жасау, соның ішінде оларды ұйымдастырылған көшіру және қоныстанған жерлерінде тіршілік ету жағдайын жасау жөніндегі шаралар қабылануда.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап көші-қон процестерін реттеу мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының біріне жатады.

2007 жылы Қазақстан Республикасының 2007-2015 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы қабылданды (Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы №399 Жарлығы).

Тұжырымдаманың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 тамыздағы №399 «Қазақстан Республикасының 2007-2015

жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы», 2006 жылғы 28 тамыздағы №167 «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы туралы» (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі аумақтық даму стратегиясы) және 2003 жылғы 10 шілдедегі «2004-2010 жылдарға арналған ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы» жарлықтары құрайды.

Оралман – тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген және Халықтың көші-қоны туралы заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған Қазақстан Республикасы егемендік алған кезде одан тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тыс жерде туған және тұрақты тұрған оның қазақ ұлтты балалары.

Халықтың көші-қоны туралы Заңға сәйкес этникалық қазақ шетелде тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам болып табылады.

Қазіргі таңда оралмандардың құқықтық мәртебесі оралман мәртебесін беру және оралмандарды көшіп келу квотасына енгізу; оралмандарды көшіп келу квотасына олардың отбасының жеке мүшелерін енгізу ерекшеліктері; оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру, оралман мәртебесін тоқтату мәселелерін, сондай-ақ олардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін 2011 жылғы 22 шілдедегі «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 3-тарауында айтарлықтай айқын анықталған.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасына сәйкес оралмандар мен олардың отбасы мүшелері жеңілдіктер, өтемақылар және басқа да әлеуметтік көмек түрлерін, сондай-ақ бейімдеу және ықпалдастыру қызмет көрсетулер ала алады.

Барлық оралмандарға медициналық қызмет көрсетудің, білім берудің қол жетімдігі қамтамасыз етілген; олар жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары қолданылатын мақсатты топтардың біріне жатқызылған. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша еңбекке жарамды жастағы оралмандардың 70%-дан астамы өндірістің әртүрлі салаларында жұмыспен қамтылған, әрбір төртіншісі ауыл шаруашылығында жұмыс істейді.

Оралмандарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарындағы іске асырылып жатқан бейімдеу бағдарламалары құқықтық мәселелер бойынша кеңес беруді, мемлекеттік тілді және қалауы бойынша орыс тілін үйретуді, кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және біліктілікті көтеруді көздейді.

Бұған қоса, 2011 жылғы шілдеде «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Заңға өзгерістер енгізілді, соған сәйкес оралмандарды Қазақстан азаматтығына қабылдау оңайлатылған (тіркеу түріндегі) тәртіппен, үш айдың ішінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасына келген оралмандар санының қарқыны мен құрылымын талдау 1991 жылдан бастап 2012 жылғы 31 желтоқсанға шейін тарихи отанына 900 мыңдай этникалық қазақтың оралғаны көрсетіп отыр.

Оралмандар проблемалары

Заңнамада оралмандарға жұмыспен қамтуда, біліктілігін көтеруде және тілдік бейімделуде көмек туралы ережелер бар болғанымен, республикада оралмандарға арналған тіл курстары, ақпарат беру және анықтамалық қызмет көрсету, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу немесе біліктілігін көтеру курстары сияқты арнайы ықпалдастыру бағдарламалары әзірленбеген. Қолданыстағы заңнамада оралмандарға арналған бейімдеу және ықпалдастыру орталықтарын құру туралы ереже де бар. Алайда, Халықаралық көші-қон ұйымның (ХКУ) мәліметтері бойынша бұл орталықтардың көпшілігі қазіргі сәтте өкінішке орай өздеріне жүктелген міндеттерді орындамай отыр.

«Халықаралық құқықтық бастама» ҚҚ пікірнше, оралмандардың негізгі проблемасы олардың қазақстандық қоғамға ықпалдасуы болып табылады. Оралмандардың бір бөлігі Қазақстанға көшіп келгеннен кейін орыс тіліне білмеуіне байланысты жергілікті халық тарапынан олардың кемсітуге ұшырайды. Бұл оларды Қазақстанның еңбек нарығында бәсекеге қабілеттігін төмендетеді, бұл билікке өкпе айтып, олардың проблемаларын шешуге қауқарсыз деп кінәлауын тудырады. Сонымен қатар, ҮЕҰ-дың оралмандармен жұмыс істеу практикасы оралмандардың көпшілігінің көшіп келгенге дейін және кейін сыбайлас жемқорлықпен ұшырасатынын көрсетеді, бұл олардың ҚР-дағы жағдайының теріс бағасын одан сайын күшейте түседі. Тағы бір маңызды проблема оралмандардың ҚР ұлттық заңнамасын білмеуі және шыққан елінде әрі құқықтар жүйесінің айырмашылығынан қалыптасқан ділінің ерекшеліктеріне орай оны тіпті түсінбеуі болып табылады.

Соңғы уақытта мемлекет оралмандар проблемаларын шешуде едәуір алға жылжыды, алайда, олар жұмыссыздық, көшіп келгеннен кейін тұрғын үй сатып алуға қаражаттың жетіспеуі сияқты проблемалармен бетпе-бет келуде, бұл оларды бөлінген өңірлерін тастап кетуге және Алматыда, Астанада, ҚР-ның мұнайлы өңірлерінде жұмысқа тұру мүмкіндігін іездеуге мәжбүрлейді. Осылайша оралмандар сыртқы мигранттардан ішкі мигранттарға айналады.

Оралмандардың көпшілігінің ҚР-на көшіп келгеннен кейінгі жағдайларына көңілі толмайды, бұл олардың қоғамдастығын әртүрлі саяси ықпал топтарына, сондай-ақ экстремистік сипаттағы топтарға Қазақстандағы ахуалды тұрақсыздандыру мақсатында тартымды етеді. Бұған Алматы қаласындағы Шаңырақ пен Бақайдағы және Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласындағы оқиғалардан көз жеткізуге болады. Өз проблемаларын шешудің жолын көре алмай отырған адамдардың осы наразылық көңіл-күйлерінің барлығы қордаланып, әлеуметтік жарылысқа әкеп соғуы мүмкін.

Оралмандар арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейін бірқатар себептермен түсіндіруге болады:

Экономикалық ықпалдастырудың төмен деңгейінің маңыздылығы жағынан бірінші факторы тілдік кедергі болып табылады. Орыс тілінде сөйлей алмайтын немесе нашар білетін оралмандар жұмыс іздеу кезінде, әсіресе Қазақстанның солтүстік өңірлерінде айтарлықтай проблемаларға тап болуы мүмкін. Қазақ тілі кең тараған оңтүстік облыстарда тілдік кедергінің

болуы проблемасы аз болғанымен, бұл аудандар да тілдік қиындық жоқ деп айтуға болмайды. Мысалға, Қытайдан, Ауғанстаннан және Пәкістаннан келген оралмандар көне қазақ әліпбиімен (төте жазу – араб әліпбиі негізінде) жазса, Түркияда латын графикасын пайдаланады. Осы елдерден келген кейбір оралмандар қазақ тілінде оқып, жаза алмағандықтан қиындықтар тап болып жатады. Осылайша, екі тілді жеткілікті білмеу оралманға жұмысқа тұру мүмкін емес жағдайға апарып соғады.

Екіншіден, білім беру жүйесіндегі айырмашылықтар да жұмысқа тұруға әсер етеді. Жоғары білімі туралы дипломы бар оралман егер де оның дипломы танылмаса жұмыс іздеу кезінде қиындыққа тап болуы мүмкін. Кейбір жағдайларда оралмандар мамандығы бойынша жұмысқа тұра алмайды. Бұл пікір жоғары білімді оралмандарға да (инженерлер, технологтар, дәрігерлер, экономистер) және ондай білімі жоқтарға да (саудагерлер) қатысты дұрыс болып табылады.

Сауалдама оралмандардың шамамен 20% Қазақстанға келгенге дейін мемлекеттік секторда (білім беру, денсаулық сақтау, ғылым және т.б.) жұмыс істегенін, бірақ олардың тек 7,2% ғана Қазақстанға қоныс аударғаннан кейін мұндай құрылымдарда жұмыс таба алмағанын көрсетіп отыр. Оралмандар арасында қол еңбегімен күн көріп жүрген адамдар 2%-дан 5%-ға дейін дерлік. Шағын саудаға тартылған адамдар саны да екі есе өсті (көшіп келгенге дейін 1,9%, көшіп келгеннен кейін 4,9%). Бұл мәліметтерді берген «Еркенұр Шарапат» қоғамдық қоры.

«Халықтың көші-қоны туралы» Заңға сәйкес мемлекет оралмандарға жұмысқа тұруға, біліктілігін көтеруге және жаңа кәсіпті игеруге көмек көрсетуге тиіс. Оралмандарға көмектесу жүктелген жергілікті органдар оларға негізінен жергілікті жұмыспен қамту органдарына тіркелуге кеңес беруі мүмкін немесе «қоғамдық жұмыстар» дейтінге уақытша жұмысқа орналастыруды ұсынады.

Этникалық иммигранттардың өңірлер бойынша өндірістік күштердің аумақтық орналасуын ескермей қоныстануы оралмандардың жұмысқа тұруын қиындататын маңызды фактордың бірі болып табылады, екінші көші-қон орын алады. Оралмандардың басым бөлігі бүгінгі таңда еңбек күші артық өңірлерде – Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Алматы және Жамбыл облыстарында тұрып жатыр, ал солтүстік өңірлер білікті еңбек ресурстары тапшылығын бастан кешуде.

Бейімдеу орталықтары оралмандардың ықпалдастыруына көмек көрсетуге арналған, олар заң бойынша Қазақстанның барлық облыстарында болуға тиіс. Бірақ Көші-қон комитетінің жергілікті басқармалары өкілдері мен ХҚҰ сарапшыларының 2010 жылғы бірлескен рейді бес облыста бұл орталықтардың мүлде жоқ екенін көрсетті. Оған қоса, олардың төртеуінде оралмандардан басқалар тұрса, бір орталықта ешкім болмаған. Тек үш бейімдеу орталығы техникалық және гигиеналық талаптарға сәйкес келетіні айқындалған. Қалған ғимараттар күрделі жөндеуді талап етеді, олардың көпшілігінде суық және ыстық су, электр қуаты жоқ.

Қазақстанға оралмандар отбасы көшіп келгеннен кейін олардың балалары мектепке орналасар кезінде едәуір қиындықтарға тап болады. Әдетте қазақ тілінде оқытатын мектептерді қалайды. Оралмандардың көпшілігі қазақша сөйлегенімен, кириллицаны білмегендіктен жазу мен оқуда проблемалар туындайды. Орыс тілді мектептерде де, қазақ тілді мектептерде де оралмандар Қазақстандағы білім жүйесінің олардың бұрынғы тұрған еліндегі білім аясынан орасан айырмашылығы бар екенін сезінеді.

Ішкі мигранттардың стихиялы қоныс аударуы жағдайды ушықтыра түседі, ол әлеуметтік шиеленіс тудырып, онсыз да теңдесті емес еңбек нарығын нашарлатады. Екінші көгі-қон және еңбек күші артық өңірлер болып саналатын Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Алматы және Жамбыл облыстарында тұруды қалау оралмандарға теріс қарау үрдісін күшейтеді. Әлеуметтанулық зерттеулер орталығының мәліметтері бойынша бұл үрдіс кірісі төмен адамдар арасында қалыптасқан.

Оралмандарды әлеуметтік қолдау жүйесі одан әрі жетілдіруді талап етеді. Әлеуметтік төлемдердің негізгі бөлігі көшіп келу квотасына енген отбасыларына тұрғын үйлік қолдау мен жол ақысын төлеуге жұмсалады. Тұрғын үйге жайластыру жүйесі бүгінгі күннің талаптарына сай емес, соның салдарынан оралмандар отбасыларының шамамен жартысының тұрғын үйі жоқ.

Кешенді көзқарас пен көші-қон мәселелерін шешумен айналысатын мемлекеттік басқару органдарының іс-қимылын үйлестіру жоқ.

Шетелдердегі қазақ диаспорасы өкілдері арасында имидждік және ақпараттық-насихаттық жұмыстың тиімділігі төмен.

Қазақстанның Әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжамдау институты қызметкерлерінің «Сорос-Қазақстан» қорымен бірлесіп Қазақстанның иммиграциялық саясатына басым түрде алыс шетелдерден келген оралман қазақтар мысалында жүргізген зерделеуі оларда бірқатар маңызды проблемалардың бар екенін көрнекі айқындап берді:

ауылдағы жекешелендіру процесінің салдары ретінде оралмандардың көпшілігінде тұрғын үйдің болмауы, оған репатрианттар азаматтық құқықтарының қысқартылуына байланысты қатыса алмаған;

өңір экономикасындағы дағдарыстық құбылыстардан, қазақстандық азаматтығының немесе кепілге қоятын мүлкінің жоқтығынан несиеге қол жеткізе алмауынан туындаған жоғары жұмыссыздық деңгейі;

репатрианттардың Қазақстанның қазіргі заманғы жағдайына бейімделуінің жекелеген аспектілері, олардың ішінде тілдік кедергінің болуы (орыс тілін білмеу), ҚР заңнамасын білмеу, жергілікті халықтың бір бөлігінің оралмандарға елемей қарау фактілері жетекші орында.

Оралмандарды тарихи отанына қайтару саясатына тән проблемалар жаһандық еңбек нарығы мен елдегі ықпалдастыру жағдайларында кең ауқымды мемлекеттік және мемлекетаралық реттеуді қалыптастыруды және жетілдіруді талап етеді. Нәтижесінде елімізде демографиялық ахуал онша жақсы қалыптаспайды, бұрынғысынша, мысалға қоныс аударушыларды халқы аз жерлерге тартуға ынталандыратын заңды және экономикалық

кепілдіктер жүйесі жоқ. Оралмандардың халық тығыз орналасқан табиғи климаттық жағдайы қолайлы не болмаса әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары жерлерге жаппай көшуі тиісті аумақтардағы әлеуметтік шиеленіске жағдай жасайтын фактор болып табылады, бұл елдегі саяси және экономикалық өзгерістерге кедергі жасауы мүмкін. Бұл мәселелені шешудегі негізгі бағыттардың бірі ел экономикасын қажетті еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында білікті жұмысшы күштерін өңірлер бойынша оңтайлы бөлу болып табылады.

ҰСЫНЫМДАР:

Этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуына жәрдемдесу саясаты 2004 жылдан бастап оң көші-қон сальдосына қол жеткізуге жағдай жасады, ол ХХ ғасырдың 90-шы жылдарының ортасында елеулі теріс мәнге ие болатын.

Алайда, оралмандарға қатысты көші-қон саясатын іске асыруда бірқатар проблемалар болды:

1. Оралмандарды Қазақстан Республикасының аумағында әлеуметтік-экономикалық сұраныстарға сәйкес оңтайлы қоныстандыру тетігіне көңіл бөлінбеді. Негізгі басымдық елге этникалық қазақтарды көбінен тарту міндеті болды және уәкілетті мемлекеттік органдардың күш-жігері оларды тіркеу, қоныстанған өңірлеріне қарамастан біржолғы мемлекеттік қолдау шараларын көрсету жөніндегі іс-шараларға бағытталды.

Бұл келген оралмандар мен олардың отбасыларының әркелкі, басым түрде оңтүстік және батыс өңірлерге (әсіресе Оңтүстік Қазақстан және Маңғыстау облыстарына) қоныстануына және шоғырлануына әкеп соқты.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Үкіметіне оралмандарды өңірлердің әлеуметтік-экономикалық сұраныстарына сәйкес оңтайлы қоныстандыруды ұсынамыз.

2. Оралмандардың көшіп келу квотасын белгілеу кезінде жүйелі көзқарас болмады, квотаның мөлшері көші-қон ағынының көлемін және мемлекеттің келіп жатқан оралмандардың көп санын мемлекеттік қолдау, қаржылай көмек шараларымен қамту ниетін ескере отырып өзгеріп отырды.

3. Қазақстан Республикасы шетелдік мекемелерінің этникалық қазақтарды көшіріп әкелу іс-шараларына қатысуының заңнамалық бекітілген тетіктері жоқ.

Бұл әсіресе соңғы жылдары білім деңгейі төмен, еңбек нарығында талап етілмейтін иммигранттар ағынына және соның салдарынан олардың келген орнында бейімделуі мен қоғамға ықпалдасуы процесін қиындатуға жағдай жасады.

4. Тәуелсіздік жылдарында халықтың көші-қоны саласындағы уәкілетті орган 5 рет ауысты. Осыған байланысты, кадрдың, соның ішінде мемлекеттік органның басшылық құрамының жиі ауысуы шешімдер қабылдаудағы сабақтастық пен бірізділік қағидаттарының жоғалуына әкеп соқты. Бұл ретте уәкілетті органның көші-қон саясатын іске асыруға құзыры бойынша қатысатын басқа мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі өкілеттілігінің жеткіліксіздігі әрқашан орын алып келді.

5. Этникалық эмигранттардың проблемаларын шешу үшін қажет шаралар:

этникалық қазақтардың өтініштерді шетелде тұратын орындары бойынша Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелеріне беру мүмкіндігін қарастыру. Бұл ретте этникалық қазақтар шыққан елдердегі ол қызметтерді білікті кадрлармен күшейту қажет.

оралмандарға ақша қаражаттарын банктердегі тұлғалық шот арқылы және тек қана оралмандардың жеке басын куәландыратын құжаттарын – оралман куәлігін не болмаса Қазақстан Республикасы азаматының жеке бас куәлігін немесе төлқұжатын көрсеткен кезде ғана төлеу тетіктерін белгілеу.

Бұл шаралар сондай-ақ оралмандардың Қазақстан Республикасының азаматтығын дер кезінде алуға мүдделігін арттыруға, қос азаматтыққа жол бермеуге, сондай-ақ бюджет қаражатын мақсатты пайдалану үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

6. Қазақстан Республикасы зейнетақы мәселелері бойынша екіжақты келісім жасамаған шетел мемлекеттерінен келген зейнет жасына жеткен оралмандарға ең төменгі зейнетақы төлемін заңнамен бекіту қажет.

7 Оралмандарды қазақстандық қоғамға ықпалдастыру ахуалын жақсарту үшін оралмандарға арналған бейімдеу орталықтарының және де тек мемлекеттік қана емес, мысалға, жеке мекемелер, қорлар, басқа да коммерциялық емес ұйымдар нысанындағы мемлекеттік еместерінің санын арттырып, қызметін қолдауды ұсынамыз. міндетті түрде мұндай орталықтарда қоныс аудару квотасына енгісі келетін әрі орта және жоғары білімі жоқ біздің құқықтық жүйемізден бөлек елдерден, мұсылман елдерінен келген оралмандар бейімдеу курсынан өтуге тиіс, және де бейімдеу курсына психологтың жұмысы кіруге тиіс, ол оралмандардың бейімделу барысындағы проблемаларын айқындайтын болады, бұл олардың ортасындағы деструктивті көңіл-күйді болдырмауға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың құрылымын және олардың құзыреттері мен уәкілеттіктерін айқын түсініп-білуі үшін оралмандарға арнап бұл орталықтарда көші-қон полициясы, прокуратура, әкімдіктер, әлеуметтік қызметтер қызметкерлерімен кездесулер ұйымдастырылуға тиіс. Мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен міндеттерін үйретуге ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Міндетті бейімдеу курсынан тек білікті және жоғары білікті репатрианттар ғана босатылуға тиіс. Жоғары білікті оралмандарды тарту үшін жеңілдіктер мен жәрдемақыларды тек ақшалай түрде ғана емес, Қазақстанға келе салысымен тұрғын үй беру түрінде де қарастыру қажет. Бұл нақ осындай, Қазақстан үшін барынша перспективалы репатрианттарды тартуды ынталандырады.

8 Оралмандардың тұрғын үй құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында оралмандарды Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету тетігін әзірлеп, практикаға енгізуді ұсынамыз.

9 Оралмандардың құқықтарын қорғаудың ұлттық тетіктерін жетілдіру және оралмандар мен шетелдік қазақ диаспорасы мәселелері жөніндегі

тұрақты консультативтік және диалогтік алаңша құру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы оралмандар мен шетелдік қазақ диаспорасы мәселелері жөніндегі консультативтік-кеңесші орган құру ұсынылсын.

10. ПМ мен Үкіметтің оралмандарды тіркеуге, олардың ықтиярхат және Қазақстан Республикасының азаматтығын алуына қатысты заңға тәуелді актілерін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Конституциясының нормаларына сәйкес келтіруді ұсынамыз.

Халықты құқықтық ағарту

Мемлекеттік құқық қорғаушы тетіктердің тиімділігі ел халқының қоғамдық құқықтық санасы мен құқықтық мәдениеті деңгейіне тікелей тәуелді болады.

Жалпы төмен мәдени құқық жағдайында жемқорлық құқық бұзушылық пен қылмыс жасау үшін қолайлы орта сақталады.

Жоғары құқықтық мәдениет қалыптастыру саласындағы қызмет кәсіби заңгерлерді дайындау сапасын көтеруге, құқық қорғау органдары қызметкерлерін қоса алғандағы мемлекеттік аппарат қызметкерлерін құқықтық оқытуға, сондай-ақ ел халқын құқықтық ағартуға бағдарланған екі бағытта жүруге тиіс.

2006 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан халқы үшін құқықтық ақпаратқа тегін жол беретін Астанада Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның Цифрлы кітапханасы іске қосылды. Ел аумағында цифрлы кітапхананы ұстап тұру Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына (ҚР ҰАК) сеніп тапсырылған. Кітапхананың құжаттары <http://hrc.nabr.kz> мекен-жайында қазақ және орыс тілдерінде қол жетімді, кітапхананың интерфейсі қазақ, орыс, француз және ағылшын тілдерінде жүзеге асырылған.

Цифрлы кітапхананы құру Адам құқықтары жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспарын дайындау процесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Ол Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасының, Алматыдағы ЮНЕСКО-ның Кластерлік бюросының, Мемлекет басшысы жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның бірлесіп күш салуымен құрылған.

Адам құқықтары жөніндегі комиссияның цифрлы кітапханасы іс жүзінде ТМД мен Еуропалық Одақ елдері үшін заңгерлік ақпаратқа, ашық қоғамдық қызметтер арқылы баршаға арналған адам құқықтары саласындағы білім беруге қол жеткізуді жақсарту процесіндегі инновациялық қадам екенін атап өту қажет.

Цифрлы кітапхананың маңызды сипаттамалары: көптілділік, пайдаланудың оңайлығы, көлемі: Адам құқықтары жөніндегі комиссия Хатшылығының адам құқықтарының бұзылуы саласындағы азаматтардың шағымдарын өңдеуі негізіндегі 1000-нан астам құжат.

Мақсатты аудитория, бірінші кезекте, ауыл жұртшылығы, халықтың әлеуметтік жағынан қорғалатын топтары – мүгедектер, зейнеткерлер, әйелдер,

балалар, кедейлер және құқықтық ақпаратқа қолдары жетпегендер болып табылады. Бұл үшін адам құқықтары саласындағы білімдерді жүйелейтін адамдарға түсінікті 70-тен астам санатты қамтитын кітапхананың «Әдістер» бөлімі қарастырылған. Жиі қойылатын сұрақтар санаттардың көпшілігінде берілген.

Цифрлы кітапхана халықтың адам құқықтары жөнінде хабардар болуы деңгейін едәуір көтеріп, тиімді білім беру құралына айнала алады.

Гринстоуннің еркін бағдарламалық қамтамасыз етуін ЮНЕСКО ұсынды, оны Жаңа Зеландияның Вайкато университеті әзірлеген <http://www.greenstone.org>.

Цифрлы кітапхананың құралдары қол жеткізудің екі режимін қарастырады:

- Интернет – онлайн арқылы,
- мұндай қосылусыз жеке компьютерде немесе жергілікті компьютерлік желіде - оффлайн.

Цифрлы кітапхана ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіптік дайындықты талап етпейді, мазмұнын көрсететін және дамытатын еркін аспаптары бар.

Халқы аз үлкен аумақта ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – ақпарат таратудың барынша тиімді жолы.

Қазіргі таңда Адам құқықтары жөніндегі комиссияның, БҰҰ Даму Бағдарламасының және ЮНЕСКО-ның Кластерлік бюросының жәрдемімен Алматы мен Шымкент қалаларында Алматы қаласы мен Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі мен мәслихатының Адам құқықтары жөніндегі цифрлық кітапханасы сәтті іске қосылды.

ҰСЫНЫМДАР:

1. ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Қазақстандық Адам құқықтары және заңдылықтың сақталуы жөніндегі халықаралық бюро аясында дайындалған адам құқықтары жөніндегі оқу құралы ҚР ІІМ және Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыспен күрес агенттігінің (қаржы полициясы) жоғары оқу орындарына енгізілсін.

2. БАҚ-тарда республика халқының кең ауқымды бөлігіне арналған адам құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері, ұстау, тұтқындау кезіндегі, келісім-шарттар жасасу, жоғары оқу орнына түсу, жұмысқа тұру және босау және т.б. кезіндегі адам құқықтары туралы жаднамалар жариялауды қоса алғанда жүйелі түрде жариялансын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы №1165 қаулысын орындау үшін ҚР Әділет министрлігі Ұлттық академиялық кітапханамен бірлесіп ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының веб-сайтында: <http://hrc.nabr.kz> орналасқан Цифрлы кітапхананың мәліметтер базасын мемлекеттік және орыс тілдерінде бөлімдер мен айдарлар тақырыбы бойынша нормативтік құқықтық актілермен үнемі жаңартып отыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы №1165 қаулысын орындау үшін Мәдениет министрлігі мен Ұлттық академиялық кітапхана Адам құқықтары жөніндегі Цифрлық кітапхананың тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз етсін.

5. ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия өзінің адам құқықтарының ахуалы туралы баяндамаларын Қазақстанның өңірлерінде кеңінен таныстырсын.

Адам саудасының алдын алу

Адам саудасы адам құқықтарының қатаң бұзылуы болып табылады, сондықтан тек ЕҚЫҰ өңірінде ғана емес, бүкіл дүние жүзіндегі қауіпсіздікке қатер төндіреді. Халықаралық ұйымдар мен елдердің үкіметтері келісілген, жүйелі және үйлестірілген амалдың қажеттігін назарға ала отырып, адам саудасына қарсы күреске бағытталған, азаматтық қоғаммен өсіп келе жатқан ынтымақтастықта қабылданатын тұтастай іс-шаралар қатарын әзірлеп, жүзеге асыруда. Мұндай амалдың маңыздылығы 2003 жылы ЕҚЫҰ-ға мүше мемлекеттер қабылдаған ЕҚЫҰ-ның адам саудасына қарсы күрес жөніндегі Іс-қимыл жоспарында атап өтілген.

Адам саудасы құрбандарының адам құқықтарын құрметтеуге негізделген адам саудасымен күрес жөніндегі кешенді саясатты жүзеге асыру заңның үстемдігі принципіне негізделген демократиялық және транспарентті басқару элементі ретінде қарастырылуға тиіс. Осылайша, адам саудасымен күрес жөніндегі тиімді шаралардың маңызды кепілі жергілікті және республикалық деңгейлерде тиісті институттар құрып, нығайту болып табылады.

Құқық қорғау органдарына, мемлекеттік құрылымдар мен үкіметтік емес ұйымдарға (ҮЕҰ) тәжірибе, даярланған мамандар, сондай-ақ адам саудасы құрбандарының ерекше сұраныстарына тиімді ден қою үшін түсінушілік жетіспей жататынын атап өткен жөн. Заңнама полиция бөлімшесінен құрбандарды олардың ел аумағында болған кезінде жасаған іс-қимылдары үшін, тіпті оны мәжбүрлеумен жасаса да, ұстауды талап ете алады немесе полиция, негізінен, адам саудасының құрбандарын ұйымдасқан қылмыспен байланысты адамдар туралы ақпарат алу үшін пайдалануға мүдделі болуы мүмкін. Басқа билік өкілдері негізгі назарын адам саудасы құрбандарында тиісті құжаттардың жоқтығына немесе заңсыз иммигрант мәртебесіне аударуы мүмкін. Шыққан елдері тиісті жол жүру құжаттары мен азаматтығын растайтын құжаттары жоқ болған жағдайда өздерінің азаматтарын қабылдауға немқұрайды қарауы мүмкін. Үкіметтік емес ұйымдарға адам саудасы құрбандарының қауіпсіздігі мен әлеуметтік интеграциясына кепілдік беру үшін ресурстар немесе тәжірибе жетіспеуі мүмкін. Соның салдары ретінде, құрбандар тіпті адам сатушылар шырмауынан босатылған кездің өзінде, олар әрі қарай да өздерін бостандықтары шектеулі, бақылауда жүргендей, тиісті дәрежеде қарала алмай

жүргендей және олар бұрынғысынша өздерінің өмірлеріне қатысты шешім қабылдай алмайтындай сезінуі мүмкін.

Адам саудасы құрбандарына адам құқықтарын сақтауға негізделген көзқарастарды қабылдау мұндай өрескелдіктерге жою үшін ең маңызды қадам болып табылады. Адам құқықтарына негізделген көзқарас адам саудасының жай заңға қарсы қызмет түрі ғана емес екенін мойындайды. Бұл адам құқықтарымен тікелей байланысты заңға қарсы бұл қызмет түрі және бұл адам саудасының құрбандарына да, адам саудасының құрбандарына көмектесуі тиіс мемлекеттік органдар мен ҮЕҰ-ға да қатысты. Ұлттық деңгейде адам саудасы құрбандарын өткізіп жіберудің (ҚӨМ) тиімді тетіктерін жасау адам саудасы құрбандарының құқықтарын қорғауға кепілдік беру жолындағы маңызды қадам бола алады.

ЕҚЫҰ-ның адам саудасына қарсы күрес жөніндегі Іс-қимыл жоспары құқық қорғау органдары мен ҮЕҰ арасындағы ынтымақтастық схемасын құру жолымен, сондай-ақ адам саудасының құрбандарын дәл анықтауға, адам саудасымен күрес саясатын әзірлеуге және бағыты мен енгізілуін қадағалап отыруға қабілетті сектораралық және пәнаралық топтар жасақтауға мүмкіндік беретін басшылық нұсқаулықтар тұжырымдау жолымен ҚӨМ жасауды ұсынады.

Адам саудасы қазіргі қоғамның ең ауыр проблемаларының бірі болып табылады. Сексуалдық қанау, мәжбүрлі еңбек, соның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың еңбегі, үй құлдығы – мұның барлығы осы қауіпті қылмыстың әртүрлі көріністері. Қазіргі заманғы құл саудасының көп қырлылығын ескере отырып, оның болуы тұлғаның, ұлттың және мемлекеттің өмірлік мүдделеріне қауіп төндіретінін айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасында адам саудасы және сонымен ілеспелі қылмыстар үшін ҚК-тің 125 және 126-баптарының 3 бөлімдерінің «б» тармақтарына, 128, 133, 270, 271 баптарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

2012 жылы еңбектік қанау фактілері бойынша 7 қылмыстық іс қозғалған (2011 ж. - 12, 13 жәбірленуші), еңбектік қанаудан 6 жәбірленуші айқындалды. Олардың барлығы ауыл шаруашылығында немесе үй еңбегінде мәжбүрлі еңбекке ұшыраған.

Қанау үшін жалдауға қолданылатын амалдар мыналар: сенімді теріс пайдалану, алдау, психологиялық қысым, қауіп төндіру, зорлық көрсету, дене ауыртпалығы.

2012 жылы мынадай қанауларға ұшыраған 70 жәбірленуші (67 – ҚР азаматы және 3 шетел азаматтары) айқындалды:

сексуалды қанау – 16-37 жастағы 64 адам;

еңбектік қанау – 16-60 жастағы 6 адам (5 еркек, соның ішінде 1 кәмелет жасқа толмаған және 1 әйел).

2012 жылы қылмыстық тергеу органдары ҚК 125-бабының 3 бөлімінің «б» тармағы бойынша (пайдакүнемдік мақсатында жасалынған адам ұрлау) сотқа 10 қылмыстық істі жолдады.

2012 жылы ақталып шығуына байланысты ҚК 125-бабының 3 бөлімінің «б» тармағы бойынша бұрын қозғалған 4 қылмыстық іс тоқтатылды (1 іс қылмыс оқиғасының жоқтығынан, 3 – қылмыс құрамының әрекеті жоқтығынан тоқтатылды).

ҚК 126-бабының 3 бөлімінің «б» тармағы бойынша (*адамды пайдалану мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру*) 2012 жылы сотқа 13 қылмыстық іс жіберілді, оның ішінде ҚК 50-бабының 1 бөлімінің 1 тармағына сәйкес 1 қылмыстық іс тоқтатылған. ҚК аталған бабына сәйкес қозғалған қылмыстық істер тоқтатылмаған.

2012 жылдың 128-бабына (*адамдар саудасы*) сәйкес, 2012 жылы 7 қылмыстық іс сотқа жіберілді, ақталмаған негіздерге қатысты 6 қылмыстық іс тоқтатылды, ақталып шығу негізінде 1 қылмыстық іс тоқтатылды, 8 қылмыстық іс тоқтатылды.

ҚК 133-бабы бойынша (*кәмелетке толмағандарды саудаға салу*) 2012 жылы 10 іс сотқа жіберілді, ақталып шығу негізінде 1 қылмыстық іс тоқтатылды.

ҚК 133-бабы бойынша қылмыстық істер іс жүргізуде тоқтатылған жоқ.

2012 жылы ҚК 270-бабы бойынша (*жезөкшелікпен айналысуға тарту*) 5 іс сотқа жіберілген, ақталмаған негіздер бойынша 5 іс, ақталып шығу негіздері бойынша 1 іс тоқтатылды, 13 іс іс жүргізуде тоқтатылды.

2012 жылы ҚК 271-бабы бойынша (*жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық*) 123 іс сотқа жіберілді, ақталмаған негіздер бойынша 35 іс, ақталып шығу негіздері бойынша 2 іс тоқтатылды, 37 қылмыстық іс тоқтатылды.

2012 жылдың статистикалық мәліметтеріне сәйкес, заңдық күшіне енген үкім бойынша адам саудасы мен адам саудасымен байланысты қылмыстар бойынша айыпталған 112 адам сотталды, нақтырақ айтсақ:

ҚК 125-бабының 3 бөлімінің «б» тармағы бойынша (*пайдакүнемдік мақсатында жасалынған адам ұрлау*) - 4;

ҚК 125-бабының 3 бөлімінің «б» тармағы бойынша (*адамды пайдалану мақсатында заңсыз бас бостандығынан айыру*) - 6;

ҚК 128-бабы бойынша (*адамды саудаға салу*) - 5;

ҚК 132-1-бабы бойынша (*кәмелетке толмаған баланы жезөкшелікпен айналысуға тарту*) - 1

ҚК 133-бабы бойынша (*кәмелетке толмағандарды саудаға салу*) - 7;

ҚК 271 бабы бойынша (*жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұстау және жеңгетайлық*) - 89.

ҚК 270-бабында (*жезөкшелікпен айналысуға тарту*) қарастырылған қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша заңдық күшіне енген үкімдер жоқ.

ҚК 113-бабында (*адам органдары мен тінін алуға мәжбүр ету немесе заңсыз алу*) қарастырылған қылмыстар туралы қылмыстық істер қарастырылған жоқ.

2012 жылы бұл санаттағы қылмыстық істерді ақталып шығу негіздері бойынша ақтау немесе тоқтату фактілері болған жоқ.

Қазақстан бірінші кезекте елдің тікелей Еуропа елдеріне баратын жолда арнайы географиялық орналасуымен негізделетін заңсыз көші-қонның трансұлттық арналарының негізгі аралық түйіндерінің бірі болып табылады.

Осының себебінен Қазақстанда «маусымдық жұмысшылар» деп аталатын заңсыз еңбек көші-қонының өсу үрдісі байқалады. Бұл бірінші кезекте экономика дамуының әлсіз қарқыны, өмір сүрудің төменгі деңгейі, әлеуметтік-саяси ахуалдың шиеленісуі байқалатын ТМД ортаазиялық елдерінің азаматтарына қатысты.

Республикада көрсетілген трафиктің дамуы алғышарттарына қарамастан бұған мән берілмейді.

Осы уақытқа дейін елде көші-қондық және эмиграциялық процестер мониторингі жүргізілмейді, мемлекеттік статистикалық есеп адамдар саудасымен байланысты қылмыстардың жәбірленушілерін көрсетпейді.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша елде халықаралық ұйымдардың қаржылық қолдауының арқасында тек төрт қоғамдық бірлестіктер айналысады: «Қорғау-Астана», Алматы қаласындағы «Родник», «Феминистская лига» қоғамдық бірлестігі және Петропавл қаласындағы Әйелдерді қолдау орталығы.

Аталған ұйымдардың мәліметтері бойынша сексуалдық және еңбектік қанауға тартылған жүздеген адамдарға жыл сайын көмек көрсетіледі.

Құқық қорғау органдарында адам саудасымен күресті өздерінің қызметінің аясында ішкі істер органдарының ұйымдасқан қылмыспен күрес жөніндегі бөлімдері жүзеге асырады.

Онымен қоса, қарастырып отырған категориядағы заңсыз бизнестің көріністері кеңінен таралды.

Осылайша, шекаралас мемлекеттерден және елдің басқа қалаларынан әкелінетін әйелдер сауналарда, притондарда, қонақ-үйлерде жыныстық қызметтер көрсету үшін пайдаланылады, кәмелетке толмаған балалар мен мүгедектер вокзалдарда, автобекеттерде, сауда үйлерінің алдында, киылыстарда және басқа да қоғамдық орындарда қайыр сұрап жүреді.

Осындай фактілерге қарамастан, аталған қылмыс жасырын түрге жатқызылады. Тәжірибеде қылмыстардың көпшілігінде құқық қорғау органдарына ресми арыз бергеннен кейін ғана постфактум айқындалады.

Жоғарыда айтылған адамдар санатындағы сексуалдық және еңбектік қанауға айтарлықтай көп ұшыраған адамдармен мақсатты әлеуметтік жұмыс жүргізілмейді.

Азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған, қарастырып отырған адамдар санатының мүдделерін қорғаумен айналысатын мемлекеттік органдар мен ұйымдар туралы қарапайым білімдердің таралуымен байланысты әлеуметтік ақпарат қоғамда жоқ.

Осыған орай, шетел азаматтарын, азаматтығы жоқ адамдарды Қазақстан Республикасы аумағына кіру мен мекендеу ережелері, жеке басын

куәландыратын құжаттарын жоғалтқан жағдайда жүгіну тәртібі туралы тиімді ақпараттандырудың ашық және қолжетімді жүйесін құру ұсынылады.

Онымен қоса, жезөкшелікпен айналысу үшін притондарды ұйымдастыру немесе ұстау және жеңгетайлық ақшалай сыйақы алу үшін пайдақорлықпен жасалынады. Притондар тұлғаға да, халықтың денсаулығы мен өнегелілікке қарсы басқа да қоғам үшін зиян әрекеттерді жасау орны мен ошағы болып табылуы жағдайды ушықтырады.

Баяндалғандарды ескере отырып, қылмыстық жауапкершілікті қатаңдату қажет деп санаймыз: ҚК 271-бабының 1 бөлімінде (*жезөкшелікпен айналысуға арналған притондар ұйымдастыру немесе ұстау, сондай-ақ пайдакүнемдік мақсаттағы жеңгетайлық*) көрсетілген қылмысты жасағаны үшін ҚК көрсетілген санкцияны 3 жылға бас бостандығынан айыруды 5 жылға дейін ұлғайту, ҚК 271-бабының 2 бөлімінде көрсетілген қылмысты жасағаны үшін (*ұйымдасқан топтың бірнеше рет жасаған әрекеттері*) санкцияны 7 жылға дейін бас бостандығынан айыруды ұлғайту.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Адам саудасымен, сексуалдық, еңбек немесе өзге қанаумен байланысты қылмыстардың алдын алу және жолын кесуге бағытталған жүйелі алдын алу іс-шаралары жүргізілсін.

2. ҚР ПМ және оның аумақтық органдарының адам саудасымен күрес жөніндегі арнайы бөлімшесінің кадр құрамы қосымша штат бірліктерін бере отырып жоғары білікті мамандармен күшейтілсін.

3. Барлық облыс орталықтарында тұрмыстық зорлық-зомбылықтан, адам саудасынан және басқа да кемсіту түрлерінен жәбір көрген әйелдер мен балаларға арналған баспаналар ашылсын.

4. Қазақстанда адам саудасы проблемалары жөніндегі ұлттық баяндамашы институтын құрудың мүмкіндіктері қарастырылсын.

5. ҮЕҰ-мен бірлесіп құқық қорғау органдары қызметкерлері мен жұртшылық өкілдері арасында адам құқықтары жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін курстар, семинарлар, тренингтер ұйымдастырылсын.

6. Құқық қорғау органдары адам саудасы саласындағы құқық бұзушылықтар профилактикасында, сондай-ақ адам саудасымен байланысты сексуалдық және еңбекке пайдалану мақсатындағы қылмыстарды тергеу кезінде мамандандырылған ҮЕҰ-ды тұрақты тартсын.

7. Сексуалдық, еңбек қанауы мақсатындағы адамдар трафигін болдырмау жөніндегі роликтер шығарылсын және телеарналарда кеңінен жариялансын.

8. ҚК 133-бабында көзделген қылмыстардың кәмелетке толмаған адамдарға қатысты жасалатынын, оның моральдық-этикалық нормалар мен қоғамның ұстанымдарын өрескел бұзушылық болып табылатынын, ұлттық генофонына қол сұғатынын, балаларға және олардың ата-аналарына психологиялық жара салатынын ескере отырып, ҚК-тің осы бабының 1 және 2 бөліктерінің санкциясын қатайтуды, мүлікті тәркілеу түрінде қосымша жазалауды міндетті түрде белгілеуді ұсынамыз.

**Азаптаулардан және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын
және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау
түрлерінен еркін болу құқығы**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған уақыттан бері азаптауға және басқадай қатыгездік жәбір көрсетумен не жазалаумен күрес саласында жүйелі сипаттағы бірқатар қадамдар жасады.

Бұл қадамдар заңнамалық салада да, институттық және практикалық салада да жасалды.

Заңнамалық реформалар саласында 1998 жылғы 29 маусымда Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясын (бұдан әрі – Азаптауларға қарсы конвенция) ратификациялағанын атап өту қажет.

1999 жылғы 30 наурызда ұсталғандардың құқықтарының, соның ішінде азаптаудан қорғалу құқықтарының сақталуының бірқатар кепілдіктерін бекіткен «Сезікті және қылмыс жасады деп айыпталған адамдарды қамауда ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

2002 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық атқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, соларға сәйкес ҚР Қылмыстық кодексіне азаптауды қолданғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті көздейтін 347-1 бап енгізілді, ал қылмыстық іс жүргізу заңнамасында азаптауды қолданып алынған дәлелдерге жол беруге болмайтындығы туралы норма бекітілді.

2005 жылғы 21 қарашада Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті ратификацияланды.

2008 жылы Азаптауларға қарсы конвенцияның Факультативтік хаттамасы ратификацияланды және Азаптауларға қарсы конвенцияның 21 және 22 баптары бойынша мәлімдемелер жасалды.

2008 жылғы 10 шілдеде ҚР Жоғарғы Соты сот практикасында халықаралық келісім-шарттар нормаларын қолдану туралы нормативтік қаулы қабылдады.

2009 жылдың 11 ақпанында Қазақстан Республикасы азаматтарға БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі комитетіне жеке шағымдарымен арыздануға мүмкіндік беретін Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің Факультативтік хаттамасын ратификациялады.

Институттық реформалар саласында мыналарды атап өту қажет:

2002 жылғы 19 қыркүйекте ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл (Омбудсмен) лауазымы құрылды.

2006 жылғы 16 қаңтарда әділ сот төрелігі жүйесін жетілдірудегі елеулі қадам болған алқа билер туралы заңнама қабылданды.

Сонымен қатар, оң қадамдарға мыналарды жатқызуға болады:

2004-2005 жылдары қамауда ұстау орындарын қоғамдық байқау комиссиялары жүйесінің құрылуы.

2004 жылғы 29 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әділет органдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) қол қойылды, онда қылмыстық жазалауды атқарушы мекемелер мен органдарда ұстаудағы адамдардың құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің қорғалуына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру көзделген.

Қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторларында қамаудағы адамдарға олардың құқықтары мен заңды мүдделерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қамауда ұстау, медициналық-санитарлық қамтамасыз ету, еңбек етуін, бос уақытын және оқуын ұйымдастыру жағдайлары бөлігінде жүзеге асыруына жәрдемдесу мақсатында жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 қыркүйектегі қаулысымен қоғамдық бақылау жүргізетін облыстық (республикалық маңызды қалалық) қоғамдық қадағалау комиссияларын құру ережелері бекітілді.

Қоғамдық қадағалау комиссиялары (ҚҚК) еліміздің барлық өңірлерінде дерлік құрылған және оған үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының өкілдері кіреді.

Үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының қатысуымен ҚР Адам құқықтары жөніндегі Уәкілі (Омбудсмен) жанындағы азаптаудың алдын алу жөніндегі жұмыс тобы құрылды.

2008 жылы Ішкі істер министрлігінің жанынан қоғамдық кеңес құрылды және Алматы қаласында құқық қорғаушы ҮЕҰ өкілдерінен полиция бөлімшелері мен Ішкі істер министрлігінің қарамағында уақытша ұстау изоляторларына кенеттен кіріп бару құқықтары бар ұсталғандардың құқықтарының сақталуына мониторинг жасау жөніндегі мониторинг тобын құру жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылды.

Бұл оң қадамдарға қарамастан жалпы ахуал жауап алу мен тергеудің заңсыз әдістерін, соның ішінде азаптау мен қатыгездік көрсетудің басқа да түрлерін қолдану ауқымы және онымен күрестің тиімсіздігі алаңдаушылық туғызатындай халде.

1. Заңнамалық сипаттағы проблемалар.

Бұл баптан, қылмыстық іс жүргізу заңнамасының азаптауды қолданумен алынған дәлелдемелерге жол беруге болмайтынына қатысты нормадан, ҚР Жоғарғы Сотының халықаралық келісім-шарттар нормаларын қолдану туралы жеткіліксіз анықталған нормативтік қаулысынан басқа азаптауға қарсы күрес жөнінде ешқандай өзге заңнамалық қадамдар жасалған жоқ. Азаптау туралы хабарламаларды тергеу жөніндегі тәуелсіз органдарға қатысты заңнамалық қағидалар, азаптау туралы хабарламаларды тиімді

тергеуге және т.б. қатысты процедуралық сипаттағы ешқандай ережелер пайда болған жоқ.

Оның үстіне, мысалға, адамдарды ұлттық қауіпсіздік органдарының уақытша ұстау изоляторларында ұстау ережелері сияқты маңызды құжат «қызмет бабында пайдалану үшін» грифіне ие, яғни жұртшылық үшін жабық, бұл басқаларды айтпағанның өзінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын жарияланбаған нормативтік құқықтық актілерді пайдалануға тыйым салатын ҚР Конституциясын бұзу болып табылады.

2. Институттық сипаттағы проблемалар.

Азаптау туралы хабарламаны тиімді тергеуге арналған тәуелсіз органдар құрылған жоқ. Ішкі істер министрлігі жүйесінде азаптауға қарсы хабарламаны тергеуге арналған Өзіндік қауіпсіздік басқармасының құрылуы ахуалға ведомство ішіндегі кәдімгі корпоративтілік себепті ықпал еткен жоқ.

2002 жылы құрылған Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл (Омбудсмен) институты адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекемелердің мәртебесіне қатысты Париж принципіне толық сәйкес келмейді, Заңмен емес, заңға тәуелді актімен құрылған, құзырлары мен уәкілеттілігі шектеулі.

БҰҰ белгілеген халықаралық стандарттарға және ЕҚЫҰ ұсынымдарына сәйкес Омбудсмен институты адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттың тәуелсіздігінің жалпы критерийлері мен қызметінің тиімділігін белгілейтін Париж принциптеріне сәйкес келуге тиіс. Париж принциптеріне сәйкес құрылмаған ұлттық мекемелер тәуелді боп саналады және халықаралық қоғамдастық тарапынан жеткілікті сенімге ие бола алмайды.

Осыған байланысты Омбудсмен институты Конституцияға сәйкес не болмаса бөлек **Заңмен** құрылуға, яғни юрисдикциясы мен уәкілеттіктері анық көрсетіліп, тәуелсіз болуға тиіс. Бұл ретте Омбудсменді тағайындау процедурасы Заң бойынша ел Парламентінің қатысуымен жүргізілуге тиіс. Қазақстанның қолданыстағы заңнамасы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді тағайындауға Президент пен Парламенттің Конституцияға өзгеріс енгізбей-ақ тең дәрежеде қатысуына мүмкіндік береді және Омбудсмен туралы жаңа Заң қабылдауға болады. Мысалға, Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің (Омбудсменнің) кандидатурасын ел Президенті ұсынып, Парламент Мәжілісі не тұтас Парламенттің өзі бекітеді, бұл БҰҰ жалпыға ортақ Париж принциптеріне және ЕҚЫҰ ұсынымдарына сәйкес келеді.

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Заңын қабылдаудың қажеттігі Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы халықаралық ұйымдармен бірлесіп өткізген адам құқықтары жөніндегі халықаралық конференциялардың қорытынды құжаттарында бірнеше рет атап өтіліп, тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың назарына жеткізілген.

Бірқатар БҰҰ келісім-шарттық органдары мен БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесі, БҰҰ-ның азаптауды болдырмау жөніндегі арнайы баяндамашысы Манфред Новак мырза, БҰҰ-ның жеткілікті тұрғын үй туралы мәселе жөніндегі арнайы баяндамашысы Ракель Рольник ханым

Қазақстанға БҰҰ Париж принциптеріне сәйкес Омбудсмен институтын құруды ұсынды.

Қазіргі кезде «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Заңын әзірлеп, оны қабылдаудың қажеттігі пісіп жетілді.

Мұндай Заңның қабылдануы қазақстандық Омбудсменнің мәртебесін халықаралық стандарттарға сәйкес көтеруге мүмкіндік берер еді және де ол «халық адвокаты» ретінде өзін мемлекеттік билік пен олардың лауазымды тұлғалары, басқа да ұйымдар тарапынан жасалған әділетсіз іс-әрекеттің құрбаны санайтын нақты адамның бұзылған құқықтарын тиімді қорғайтын еді. Бұл қазақстандық Омбудсмен институтының қызметін халықаралық және құқық қорғау ұйымдары тарапынан сынауға жол бермес еді.

Азаптау туралы шағымдар бойынша тергеу жүргізетін ішкі істер органдарындағы Өзіндік қауіпсіздік басқармасы мен тергеу іс-әрекеттеріне санкция беретін және соттағы айыптауды қолдайтын прокуратура органдары корпоративтілікпен және өз функцияларымен бір-бірімен байланысқан органдар болып табылады, азаптау туралы хабарламаны тәуелсіз және тиімді тергеуді көздемейді. Сол сияқты азаптау құрбаны болғандарды тәуелсіз куәландыруға арналған тәуелсіз медициналық қызмет те жоқ, ал бас бостандығынан айыру орындарының және алдын ала қамауда ұстау орындарының медициналық-санитарлық бөлімдері тиісінше пенитенциарлық жүйе мен ішкі істер органдарының құрамында.

Жоғарғы Соттың «Адамның жеке бас бостандығы мен қадір-қасиетіне қол сұғылмауы, азаптауға, зорлауға, басқа да қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысында Азаптау мәселелері жөніндегі Арнайы баяндамашы Новак мырзаның баяндамасында көтерілген мәселелер көрініс тапты.

Баяндамашы ұстау сәті мен полиция бөлімшесіне алып келу тіркелмейтінін, қамауда алғашқы ұстаудың үш сағаттық ең ұзақ шегі сақталуын анықтау мүмкін еместігін көрсеткен. Құқық қорғау органдары айғақ алу үшін ұстаудың алғашқы сағаттарын азаптауды қолдана отырып, пайдаланады.

Мұндай жағдайды болдырмау мақсатында нормативтік қаулыда ұсталған адам тез арада, бірақ ұсталған сәтінен бастап 3 сағаттан кешіктірмей оны сот ісіне ұстау туралы мәселені шешу үшін тергеушіге немесе анықтаушыға берілуге тиіс екені көзделген. Іс жүзіндегі ұсталған уақыты ұстау хаттамасында міндетті түрде минутқа дейінгі дәлдікпен көрсетілуге тиіс.

БҰҰ-ның Арнайы баяндамашысы тергеу және анықтау органдары қызметкерлерінің азаптауды қолдануға үндемей келісуіне лайықты ден қойылмайтынына да алаңдаушылығын білдірді.

Осыған байланысты Жоғарғы Сот нормативтік қаулының 18 тармағында қылмысқа қатысқаны үшін қылмыстық жауапқа дене және психикалық зардап

шеккізген лауазымды адамдар ғана емес, сонымен бірге лауазымды адам болып табылатын азаптауды ұйымдастырушылар, азғырушылар және азаптауға айдап салушылар да тартылатынын түсіндірген. Егер карамағындағы атқарушы оның біле тұра үндемегенінен немесе үндемей келіскенінен, сондай-ақ салғырттығынан не болмаса алдын ала жасыруға уәде беруінен азаптаған болса, онда сол лауазымды адам қылмысқа айдап салушы деп танылады. Осы жағдайлардың барлығында адамдар азаптауға қатысқаны үшін жауап береді және олардың іс-әрекеттері ҚК 141-1-бабы бойынша ҚК 28-қолдана отырып сараланады. Мұндай қағида БҰҰ Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясының 1-бабына сәйкес келеді, бұл бапқа сәйкес азаптауды қолданғаны үшін атқарушыдан басқа азаптауға азғырған немесе оның біле тұрып үндемеуінен немесе үндемей келісуінен жасалған адамдар да жауапқа тартылады.

Нормативтік қаулыда азаптауды қолдану туралы арыз-шағымдарды қарау мен тексеру, сабақтас қылмыстық құрамдардан азаптауды шектеу мәселелері, азаптаудан келген зиянды өтеу мәселелері қозғалған.

Жоғарғы Соттың барлық түсініктемелері Новак мырзаның ұсынымдарына сай келеді.

Шағым беру құқығы

2008 жылғы ақпанда Қазақстан азаматтарға жеке хабарламаларын БҰҰ-ның Азаптауға қарсы комитетіне жолдауға мүмкіндік бере отырып БҰҰ-ның Азаптауға қарсы конвенциясына қатысты айтылатын ескертулерді жойды, 2009 жылы БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетіне де шағым беру мүмкіндігі пайда болды.

2008 жылғы қазанда Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанында азаптаудың және басқадай қатыгездік, адамгершілікке жат немесе қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетудің не жазалаудың қолданылу фактілерін қарау жөніндегі жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына барлық құқық қорғау органдарының өкілдері мен азаматтық қоғам өкілдері кіреді.

«Азаптау» қылмысын анықтау, азаптау туралы хабарламаны тергеу және кінәлілерді жазалау

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына сәйкес ҚР ҚК 347-1 бабы (азаптау) жойылды. Сол заңмен ҚР ҚК 141-1 баппен (азаптау) толықтырылды. Осылайша, заң шығарушы БҰҰ-ның Азаптауға қарсы комитеті ұсынымдарының бірін орындады, ол бұл бапты «Сот төрелігіне және жазалардың орындалу тәртібіне қарсы қылмыстар» тарауынан «Жеке адамға қарсы қылмыстар» тарауына

ауыстыруды талап еткен болатын. Сонымен қатар, азаптаудың анықтамасына «не олардың айдап салуымен немесе үнсіз келісімімен басқа адамның, не олардың білуімен» деген нақтылау енгізілген.

Алайда енгізілген өзгерістердің осы қылмыс үшін жазаның мерзімін көбейтуге қатысы болмады. Азаптаулар бұрынғысынша шағын немесе орташа ауырлық дәрежесіндегі қылмыстарға жатады, бұл амнистия қолдану және айыптыларды жауапкершіліктен босата отырып, тараптардың татуласуы мүмкіндіктерін жоққа шығармайды.

Практика көрсеткендей, тергеу жүргізудің заңсыз әдістерін қолданғаны үшін қылмыстық істер көбінесе билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдаланғаны үшін жазалауды көздейтін ҚР ҚК 308-бабы бойынша қозғалады.

2009-2010 жылдарда азаптауға қарсы іс-қимыл жөніндегі бірқатар заңнамалық шаралар қабылданды. 2009 жылғы 28 желтоқсанда Жоғарғы Соттың соттардың азаптауға қарсы нормаларды қолдануы туралы нормативтік қаулысы қабылданды.¹ 2010 жылғы 1 ақпанда Бас прокурордың бұйрығымен бекітілген азаптау (қинау) туралы арыз-шағымдарды тексеру туралы нұсқаулық күшіне енді².

2010 жылы бірқатар министрліктердің абақтыда ұсталған адамдарға куәлік беру кезінде сот медицинасы саласындағы мамандардың қатысуы туралы бірлескен бұйрығы³, сондай-ақ азаптау туралы шағымдарды тексеру кезінде азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл туралы бірлескен бұйрығы⁴ қабылданды.

Практикада, полициядағы азаптау туралы хабарламаларды шағым түскен министрліктердің өздері: ПМ Өзіндік қауіпсіздік департаменті өңірлік қызметтері немесе Әділет министрлігі тексереді. Тексеру құпия, жасырын, ішкі ведомстволық сипатта болады. Өтініш берушінің іс жүзінде медициналық куәландыру, куәларды шақыру, айғақтарды іске қосу туралы

¹ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы №7 «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұқпау, азаптауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» нормативтік қаулысы.

² «Азаптау және басқа да заңсыз әдістер қолданумен байланысты қылмыстық іс жүргізуге тартылған және арнайы мекемелерде ұсталған адамдарға қатысты аса қатыгездік танытқаны жөніндегі арыз-шағымдарды тексеру және олардың алдын алу туралы нұсқау».

³ «Уақытша ұстау изоляторында және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға дене жарақатының бар болуы тұрғысынан медициналық куәландыру жүргізу сот медицина мамандарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету туралы» бірлескен бұйрық, Әділет, Денсаулық сақтау, Ішкі істер министрліктері мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті қол қойған.

⁴ ҚР Әділет министрлігінің, ҚР Бас прокуратурасының, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің «Алдын ала анықтау және тергеу жүргізу кезіндегі азаптау және өзге де рұқсат берілмеген әдістер, сондай-ақ осы фактілер бойынша қылмыстық қудалау туралы арыз-шағымдарды тексерген кездегі өзара іс-қимыл туралы» бірлескен бұйрығы.

колдау хат өтінуіне құқығы жоқ, тексеру материалдарына қол жеткізе алмайды. Әдетте, мұндай тексерулер тым ұзаққа созылады, бұл дәлелдерді дер кезінде құжаттастыруға кедергі жасайды және қылмыстық іс қозғаудан бас тартумен аяқталады. Жүргізілген тексеру нәтижелері туралы себепті қаулының болмауы іс жүзінде мәлімдеушіні оның негізді түрде шағымдануы құқығынан, нәтижесінде – сотта қорғалу құқығынан айырады. Мәлімдеушіні өтінішін қайтып алуға, кейде тіпті қайтадан азаптап қысым жасаумен мәжбүрлейтін жағдайлар аз емес.

Алайда, соңғы уақыттарда бұл салада кейбір оң өзгерістер байқалуда, ҚР ҚК 141-1 бабы (азаптау) бойынша қозғалып қойған қылмыстық іс бойынша алдан ала тергеу жүргізумен ҚР Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) айналысады, ол ІІМ мен Әділет министрлігіне тәуелсіз.

ҚР Қылмыстық кодексінің 141-1 бабында көзделген қылмыстардың ашылу статистикасы заңнама мен құқық қолдану практикасында БҰҰ-ның Азаптауға қарсы комитетінің ұсынымдарын іске асырудың табанды қажеттілігін көрсетеді.

Бүгінгі таңда Комитеттің ұсынымдарының бір бөлігі орындалмай отыр:

азаптаулар мен қатыгездікпен қарау туралы өтініштерді, шағымдарды жылдам, әділ және толық тергеудің пәрменді тетігі жоқ;

практика жүзінде азаптаумен және қатыгездікпен қарауды қолдана отырып алған дәлелдерге жол бермеу принциптерінің толық сақталуына кепілдік берілмеген.

Азаптауларды қолдану фактілері

Бүгінгі күнге дейін Қазақстанда азаптаулар туралы хабарламаларға тиімді тергеу жүргізуге арналған жеке институт құрылмаған. Ішкі істер министрлігінің жүйесінде азаптаулар туралы хабарламаларды тергеуге арналған өзіндік қауіпсіздік басқармасының құрылуы әдеттегі ішкі ведомстволық корпоративтілік себепті жағдайға ықпал ете алмады. Азаптаулар туралы шағымдарға тергеу жүргізетін ішкі істер органдарындағы өзіндік қауіпсіздік басқармалары мен тергеу іс-әрекеттеріне санкция беретін және сотта айыптауды жақтайтын прокуратура органдары корпоративтілік байланыстағы және азаптаулар туралы хабарламаларды тәуелсіз әрі тиімді тергеуді көздемейтін органдар болып табылады. Азаптаулар құрбандарын тәуелсіз куәландыруға арналған тәуелсіз медициналық қызметтер жоқ, ал бас бостандығынан айыру орындары мен алдын ала қамау орындарының медициналық-санитарлық бөлімдері жүйеде, тиісінше, пенитенциарлық жүйе мен ішкі істер органдарында жұмыс істейді.

2012 жылы қазақстандық құқық қорғау ұйымдарының мәліметтері бойынша қоғамдық қабылдауларда азаматтардың азаптауға шағымданған 360-тан астам өтініші тіркелген.

Азаматтардың жеке бас бостандығы конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету саласы қылмыстық процестегі негізгілердің бірі болып табылады. Дәл осы салада азаматтардың мұндай құқығы қылмыстық тергеу органдарының ұстау және қамау түріндегі процессуалдық мәжбүрлеу шараларын заңсыз немесе негізсіз қолдану арқылы шектелуі мүмкін.

Азаматтардың жеке бас бостандығы конституциялық құқықтары бұзылуының алдын алу мен оған жол бермеу мақсатында 2012 жылдың басынан бастап Алматы және Астана қалаларының ішкі істер органдарында «Полициядағы кезекші прокурор – азаматтардың құқықтарының кепілі» пилоттық жобасы эксперимент ретінде жүзеге асырылды. Бұл пилоттық жобаның аясында ішкі істер органдары мекемелеріне келушілер мен жеткізілген адамдарды электронды түрде есепке алу мен бейнетіркеу енгізілген. 2012 жылдың 24 тамызынан бастап қарастырылып отырған жоба облыс орталықтары мен ірі қалаларда жүзеге асырылуда.

Бұл жобаны жүзеге асырудың тиімділігін арттыруға Бас прокурордың 25.12.2012 ж. №156 бұйрығы мен Ішкі істер министрлігінің 25.12.2012 ж. № 697 «Облыс орталықтары мен ірі қалалардағы ішкі істер органдарына келушілерді электронды түрде есепке алу тәртібі туралы» нұсқаумен бірге әзірлеу мен бекіту ықпал етеді.

Жоғарыда аталған шаралардың нәтижесі прокурорлардың азаматтарды қызмет кабинеттері мен қылмыстық тергеу органдарының басқа да мекемелерінде заңсыз ұстауынан босату фактілері 19,3% азайғаны болып табылды (*2011 жылғы 1 063 адамнан 2012 жылғы 857 адамға дейін*).

2012 жылдың ішінде азаптаулар туралы 25 іс қозғалған (*27 қылмыс бойынша*), оның ішінде 7 сотқа жіберілді (*13 адамға қатысты 4 іс бойынша айыптау үкімі шығарылды, соттың істі қарауы барысында бас бостандығынан айыру жазасын белгілеу - 3*).

2012 жылы республика соттарында ҚК 141-1-бабы (*азаптаулар*) бойынша айыптау үкімдері шығарылған ішкі істер органдарының 17 қызметкеріне қатысты 7 қылмыстық іс қаралды. 15 сотталғанға бас бостандығынан айыру түріндегі жаза белгіленді және 2 адам ақталу актісімен байланысты жазадан босатылды.

Бұл санаттың істері бойынша айыптауды қолдай отырып прокурорлар жазаның қолданылмай қалмауын қамтамасыз ету үшін заңда ескерілген барлық шараларды қабылдайды.

ҚСЖАЕК мәліметтері бойынша 2012 жылы Қылмыстық кодекстің 308-бабы бойынша 139 іс қозғалған.

Көрсетілген кезеңнің ішінде Қазақстан Республикасында ҚР 141-1-бабы бойынша ҚК 308-бабы бойынша 10 адамға қатысты үкімдер шығарылды - 56.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Дауылбаев А.Қ. 30.01.2013 жылы Қазақстан Республикасының Президентінің қатысуымен өткен құқық

қорғау органдарының басшыларының кеңесінде айтқандай, азаптаулар мәселесі өзекті болып қалуда.

Онымен қоса, азаптау фактілерін айқындау, оларды анықтау әдістерін жетілдіру жөніндегі жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде азаптаулармен күрес мәселесіндегі жағдай түбегейлі өзгере бастады.


Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде азаптауларды қолдану фактілері туралы тіркелген шағымдар мен мәлімдемелер саны айтарлықтай көбейді.

2009 жылы 14 мәлімдеме, 2010 ж. - 36, 2011ж . - 52, 2012 ж. – 602 тіркелді.

Соңғы үш жылда азаптауларды қолдану фактілеріне байланысты қозғалған қылмыстық істерді тергеу жөніндегі құқық қорғау органдарының жұмысы едәуір жанданғанын айта кеткен жөн.

2009 жылы 3 қылмыстық іс қозғалса, 2010 жылы 10 іс қозғалған, 2011 жылы – 15, 2012 жылы – 17 іс.

Соңғы төрт жылда қозғалған қылмыстық істердің жалпы санының ішінде 36 іс – ПО қызметкерлеріне қатысты, қалғандары – қылмыстық-атқару жүйесінің (әрі ақарй – ҚАЖ) қызметкерлеріне қатысты.



Осылайша, қолдағы мәліметтер құқық қорғау жүйесіндегі осы санаттағы қылмыстарды жасауға бейім «тәуекел тобын» көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл ең алдымен ішкі істер органдарының криминалдық және әкімшілік полицияның оперативті қызметкерлері.

Басқа маңызды міндет Қазақстан Республикасының Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенция (әрі қарай – Конвенция) талаптарын орындауы болып табылады.

Өткен кезеңнің ішінде прокуратура органдары бұл бағытта белгілі бір жұмыс атқарды.

Заң шығарушы шаралар

Жоғарыда атап өткеніміздей, БҰҰ Комитетінің азаптауларға қарсы ұсынымдарын жүзеге асыру мақсатында Адам құқықтары жөніндегі комиссия мен Бас прокуратураның бастамасы бойынша 18.01.2011 жылғы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңымен ҚК БҰҰ Конвенциясының 1-бабының талаптарына сәйкес келетін 141-1 (азаптаулар) бабы енгізілді, ал 374-1-бабы алынып тасталды.

Сонымен қатар, осы заң арқылы осы санаттағы істерді тергеу барысында ведомстволық корпоративтілікті жою мақсатында ҚПК 192-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (ПО қызметкерлері азаптаулар жасаған жағдайда қаржы полициясы тергейді және керісінше).

Бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданды: Жоғары соттың нормативтік қаулысы (28.12.2009 ж. №7), Бас прокуратураның арнайы нұсқаулығы (01.02.2010 ж. №7) және ІІМ, ДМ, ӘМ, ҰҚК, ҚР ЭҚСЖА, БП екі бірлескен ведомствоаралық бұйрығы («Уақытша ұстау изоляторларында, тергеу изоляторларында және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық куәландыру жүргізуге сот медицина мамандарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету туралы», «Құқық қорғау органдары мен азаматтық қоғам субъектілерінің азаптау және анықтау мен тергеу жүргізудің өзге тыйым салынған әдістері бойынша шағымдарды тексеру, сондай-ақ осы дәлелдер бойынша қылмыстық қудалау кезіндегі ынтымақтастық туралы»).

Ұлттық превентивтік тетікке қатысты

1998 жылы Азаптауларға қарсы конвенцияға қосылып, 2008 жылы оған Факультативтік хаттаманы бекітті, сол арқылы Қазақстан Республикасы 3 жылдық мерзім ұзартуды ескере отырып, яғни 2012 жылдың соңына дейін ұлттық алдын-алу тетігін құру міндетін алды.

ҚР Үкіметінің 29.03.2012 жылғы қаулысымен Парламент Мәжілісіне «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаптауларды және басқа да адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін ескертуге бағытталған ұлттық алдын-алу тетігін құру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қарауға енгізілді.

Құқық қолдану практикасы

ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 4 ақпандағы №71 қаулысымен заңнаманы жетілдіруге, жұртшылықты хабардар етуге, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсібилігін арттыруға бағытталған 2010-2012 жылдарға

арналған БҰҰ Азаптауға қарсы комитетінің ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

2011 жылғы 13 қазанда ҚР Үкіметінің №1165 қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011-2014 жылдарға арналған Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мелекеттердің Адам құқықтары жөніндегі әмбебап шолу шеңберіндегі ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2010 жылғы 1 ақпандағы №7 бұйрығымен Азаптаулар және қатыгез қараумен байланысты өзге де заңсыз әдістер туралы өтініштерді тексеру туралы нұсқаулық бекітілді. Нұсқаулық қылмыстық іске тартылған және арнаулы мекемелерде ұсталған адамдарға қатысты.

Нұсқаулық прокурорлық қадағалауды одан әрі жетілдіру мақсатында және БҰҰ Арнайы баяндамашысы Манфред Новактың ұсынымдарын ескере отырып қабылданған. Бұл құжатта қылмыстық процесс пен жазаны атқарудың барлық сатыларындағы азаптау мен қатыгездікпен қараудың басқа түрлерінің алдын алу әрі жолын кесу жөніндегі шаралар кешенін көздейді.

Алдын ала қамау орындарында, сондай-ақ жазаны атқару мекемелерінде прокурорлар ай сайын барлық сезіктілерді, айыпталушыларды, сотталушылар мен сотталғандарды жасырын қабылдайтын болады.

Бұған қоса нұсқаулық ұсталғандар мен тұтқындалғандарды уақытша ұстау изоляторларынан тергеу изоляторларына алып келген кездегі міндетті медициналық тексеру мен куәландыруды көздейді. Мемдициналық тексеру әрбір азаптауды қолдану туралы келіп түскен өтініш бойынша да жүргізіледі.

Бұл теріс факторлар дәлелденген кезде рұқсат етілмеген әдістерді қолданумен алынған дәлелдерге жол берілу туралы айыптаудан бас тартуға дейінгі мәселе қойылады. Ықпал етудің рұқсат етілмеген әдістерді қолданған қызметкерлер де, осы іс-әрекеттерге жол берген немесе итермелеген лауазымды тұлғалар да қылмыстық жауапкершілікке тартылатын болады.

2011 жылғы 24 маусымда ҚР Үкіметінің «Арнаулы мекемелерде қоғамдық бақылауды жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызға ие қалалардың және елорданың қоғамдық бақылау комиссияларын құру туралы» қаулысы шықты, бұл қоғамдық бірлестіктер базасында құрылған ҚБК-не ІМ жүйесінің мекемелеріне (УҰИ, арнайы қабылдағыштар, бөлуші қабылдағыштар) мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

2011 жылғы 26 шілдеде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының пенитенциарлық жүйесі туралы» Жарлыққа қол қойды, соған сәйкес Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару саласындағы функциялары мен өкілеттіктері 2011 жылғы 1 тамыздан бастап ҚР ІМ қарамағына берілді.

Қазақстан әлі күнге 2008 жылы ратификацияланған БҰҰ-ның Азаптауға қарсы конвенциясының Факультативтік хаттамасының елде «жабық» мекемелердегі жағдайды қоғамдық бақылаудың бір түрі болып табылатын, мемлекеттің институционалдық және қаржылық қолдауымен тәуелсіз

қоғамдық орган күштерінің кенеттен аралап көруіне мүмкіндік беретін Ұлттық превентивтік тетік құру туралы талаптарын орындаған жоқ.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Азаматтық қоғам институттарының ұсыныстарын ескере отырып азаптауды болдырмау жөніндегі тәуелсіз алдын алу тетіктерін құру жөніндегі Заңның қабылдануы жылдамдатылсын.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл (Омбудсмен) институтын БҰҰ-ның Париж принциптеріне сәйкес келтіру жөніндегі Заң жобасы әзірленсін.

3. Құқық қорғау органдары, пенитенциарлық жүйе қызметкерлеріне, азаптауды болдырмау жөніндегі ұлттық превентивтік тетіктер қызметіне қатысты қоғамдық мониторингке арналған нұсқаулық және әдістемелік материал әзірленсін.

4. Құқық қорғау органдары, пенитенциарлық жүйе, прокуратура, сот органдары қызметкерлеріне, қоғамдық мониторларға азаптауды болдырмау жөніндегі ұлттық превентивтік тетіктер шеңберінде халықаралық стандарттар мен азаптаудан қорғау процедураларын кешенді оқыту іске асырылсын.

5. Соттардың сотталушылардың алдын ала тергеу барысында азаптауды қолдану туралы хабарламаларын қарауының айқын процедурасы заңнамалық түрде белгіленсін.

6. Азаптауды мемлекеттік билік органдары мен олардың лауазымды адамдарының заңсыз іс-әрекеттері тізбесіне енгізу, оны жасау олардан жәбір көрген адамдарға моральдық және материалдық зиянын өтеуіне әкеп соғады.

7. Тәуелсіз медициналық сараптама институтын енгізу, бұл азаптау іздерінің бар екеніне айғақтар жинауды мүмкін етеді.

8. Қылмыстық-атқару жүйесінің медициналық персоналы мен емдеу мекемелерін қалыптастыру Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің өкілеттілігіне берілсін.

9. ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексіне азаптауды қолдану мәселесі бойынша алдын ала тергеу амалдары жүргізілу кезеңінде азаптауды қолданған лауазымды адамды міндетті түрде қызметінен босату туралы норма енгізілсін.

Сотта қорғалу және әділ сот ісін жүргізу құқығы

Әділ сот ісін жүргізу құқығы адамның іргелі құқығы болып табылады. Бұл барлық жерде қолданылатын, халықаралық құқық қорғау жүйесінің негізгі идеясы болып табылатын принциптердің бірі. 1948 жылдан бастап Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы және Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (АСҚХП) таныған әділ сот ісін жүргізу құқығы әдеттегі халықаралық құқықтың құрамдас бөлігі ретінде барлық мемлекеттердің құқықтық міндеттемесіне айналды.

Әділ сот ісін жүргізу құқығы басқа да БҰҰ мен өңірлік үкіметаралық органдар қабылдаған көптеген халықаралық және өңірлік келісім-шарттар мен

келісім-шарттық емес нормаларда танылған және ерекше атап өтілген. Бұл құқық қорғау нормалары әлемнің барлық құқықтық жүйелеріне қолданылатындай құқықтық процедуралардың әр алуандығын ескере отырып әзірленген – оларда барлық жүйелер ұсынуға тиіс ең төменгі кепілдіктер келтірілген.

Мысалға, ЕҚЫҰ құжаттарында әділ сот ісін жүргізу құқығын қамтамасыз ету үшін қатысушы мемлекеттер жасауға тиіс қажетті шарттар ресімделген. Олардың ішінде: *соттардың тәуелсіздігі мен мемлекеттік сот қызметінің әділ жұмыс істеуі; қылмыстық айыптау бойынша тұтқындауды немесе ұстауға соттың санкция беруі; заң негізінде құрылған білікті, тәуелсіз және әділ соттың әділ және ашық сот ісін жүргізуі; кедергісіз білікті, соның ішінде сот тәртібімен қудаланатын адамның материалдық жағдайы жетпейтін жағдайда ақысыз заңгерлік көмек алу мүмкіндігі; кінәсіздік презумпциясы; заңның үстемдігі және сот жүйесінің тәуелсіздігі.*

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әділ сот ісін тек сот жүргізеді. Сот жүйесін Жоғарғы Сот пен жергілікті (облыстық, аудандық) соттар құрайды.

Сот жүйесі адамның бұзылған құқықтарын қалпына келтіру және қорғаудың мемлекеттік биліктің заң шығарушы және атқарушы тармақтарына тәуелсіз негізгі мемлекеттік институты бола отырып мемлекеттік құқықты қорғау тетігінде орталық орын алады.

Қазақстанда сот жүйесін дамыту, сот ісін жүргізудің тиімділігі мен объективтілігін арттыру, сот процедураларының ашықтығы мен мөлдірлігін барынша қамтамасыз ету және азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау міндеттерін іске асыру жөніндегі шаралар жүйелі түрде қабылданып келеді.

Бүгінгі таңда соттар қызметін ұйымдастыру және судьялар мәртебесі, судьялық кадрларды іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелері, сондай-ақ соттар қызметін қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелері конституциялық деңгейде реттелген, бұл соттардың шешім қабылдау кезінде конституциялық дербестігі мен тәуелсіздігін көрсетеді.

Жоғарғы Сот басқаратын біртұтас сот жүйесі, соттар қызметін регламенттейтін тиімді заңнамалық база жасалды. Мамандандырылған экономикалық, әкімшілік, әскери соттар, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі соттар және қаржылық сот құрылды.

2007 жылы алқа билердің қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысуымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін «Алқа билер туралы» Заң қолданысқа енді, алқа билердің құқықтық мәртебесін, тәуелсіздігінің кепілдігін, қызметін қамтамасыз етудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру негіздерін анықтайды. Алқа билер қатысқан соттар өзінің өміршеңдігін дәлелдеді, халықтың кең ауқымына әділ сот төрелігін атқару процесіне қатысуға мүмкіндік берді.

2008 жылғы 1 тамыздан бастап тұтқындауға соттың санкция беруі енгізілді.

Соттың құзырына сезікті немесе қылмыс жасады деп айыпталушы адамды қамауға алуға санкция беру құқығын беру біздің еліміздің өзіне алған халықаралық міндеттемелерін, ішінара алғанда Қазақстан ратификациялаған Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің ережелерін, ЕҚЫҰ/ДИАКБ ұсынымдарын бұлжымай сақтауға деген ықыласының айқын дәлелі болып табылады.

Тұтқындауға санкция беруді прокуратура органдарынан сот органдарына беру, алқа билер соты институтын енгізу, әкімшілік және ювеналдық соттарды құру ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның ұсынымдарына сәйкес құрылғанын атап өткен жөн.

Сот құрылымдары мен сот ісін жүргізуді жетілдіру процестері қоғамдағы тұрақтылықты және мемлекетте құқықтық үстемдігін қамтамасыз ететін институттардың тұрақтылығын сақтау стратегиялық курсын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының 2010 жыл мен 2020 жылдар аралығындағы кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасымен сот жүйесін одан әрі дамытудың негізгі бағыттары, соның ішінде сот және соттан тыс тәртіппен жеке құқықтық жанжалдар (медиация, делдалдық және т.б.) тараптары арасындағы компромистерге қол жеткізудің әртүрлі жолдары мен әдістерін бекіту анықталды.

Заң мен сот алдындағы барлығының теңдік қағидаты әділ соттың маңызды қағидаты болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабында заң мен соттың алдында жұрттың бәрі тең екені айтылады және тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайтыны бекітілген.

Соттық статистиканы талдау азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын соттық қорғау салаларының кеңейгенін растайды. Оған қоса, азаматтар мен заңды тұлғалардың өздерінің құқықтары мен заңдық мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгіну санының жыл сайын артуы сот жүйесіне деген сенімнің артып жатқанын көрсетеді.

2012 жылы бірінші инстанцияның соты 860 867 іс қараған, ал бұл 2011 жылмен (791 951) салыстырғанда 8,7%-ға көбірек, оған қоса, соттардың теңдік қағидатын ұстануының көрсеткіштерінің бірі болып табылатын шығарылатын сот актілерінің сапасы жоғары деңгейде қалып отыр.

Қолданыстағы заңнама шағымдану немесе сот актілеріне наразылық білдіру құқығын бере отырып, процестің қатысушыларына сот қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен негізділігін терксеруді қамтамасыз етеді. Бұл тексерісті апелляциялық, кассациялық және бақылау инстанциялары жүзеге асырады.

2012 жылы жоғары тұрған сот инстанциялары бар-жоғы 9 310 сот актілерін жойды және өзгертті, 2011 жылы – 8 270. Оған қоса, қарастырылған актілердің меншікті салмағы өзгеріссіз қалды және 1,4% құрады.

Жалпы, бірінші инстанциядағы соттардың шығарған сот актілерінің 98,6% заңды және дәйекті болды.

Қазақстан Республикасында теңдік қағидаты арнайы мемлекеттік-құқықтық қорғауға жатады. Оны бұзған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (әрі қарай – ҚК) 141-бабына сәйкес, «Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу», адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасына сенімі, тұрғылықты жері, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына себептерімен немесе өзге кез келген жағдайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу - айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған дәл сол әрекет - айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2012 жылы ҚК 141-бабы «Азаматтардың тең құқылығын бұзу» бойынша сотталғандар жоқ.

2012 жылы соттар қараған қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істердің жалпы статистикасы. Әділ сот төрелігін іске асыру сапасының бағасы

2012 жылы аудандық және соларға теңестірілген соттар 860 867 іс қарады, бұл 2011 жылға (791 951) қарағанда 8,7%-ға көбірек.

43 695 қылмыстық іс аяқталды, ол 2011 жылғы көрсеткіштерге қарағанда (48 638) 10,2%-ға төмен, оның ішінде қаралған 18 230 іске үкім шығарылды, 22 922 адам сотталды, 400 адам ақталды (2011 жылы - 22 012 іске үкім шығарылды, 27 380 адам сотталды, 482 адам ақталды).

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың үлесі 2012 жылы жалпы сотталғандардың ішінде 41,6% құрады, шартты түрде сотталғандардың үлесі 19,1% құрады (2011 жылы бас бостандығынан айыруға сотталғандардың үлесі 40,0% құрады, шартты түрде сотталғандардың үлесі 25,3% құрады).

2011 жылмен салыстырғанда бірінші инстанция бойынша кәмелетке толмаған сотталғандардың саны жалпы 21,2% азайған (1 478-ге 1 165). Заңдық күшіне енген үкімдер бойынша 1 152 адам сотталды (2011 ж. – 1 355 адам). Заңдық күшіне енген үкімдер бойынша бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандардың үлесі 0,4%-ға азайды (15,9%-дан 15,5%-ға дейін).

Есептік кезеңде соттар 18 861 тұтқындау санкциясын беру, тұтқындау мерзімін ұзарту, тұтқындау түріндегі жолбермеулер шараларын тоқтату және өзгерту туралы өтініш қараған, олардың ішінде 18 017 өтініш немесе 95,5% қанағаттанған (2011 жылы 18 840 өтініш қаралды, оның ішінде 17 962 немесе

95,3% қанағаттанған).

Сонымен қатар, қылмыстық істердің саны 2011 жылмен салыстырғанда азайған, қаралған азаматтық және әкімшілік істердің саны көбейген.

Атап айтқанда, 2012 жылы соттар 505 997 азаматтық істі аяқтаған, ол 2011 жылға (484 425) қарағанда 4,5%-ға көбірек.

Балама амалдар арқылы (әлемдік келісім орнатқандықтан) шешілген азаматтық істердің саны 9 730 істі құрады, медиация тұрғысынан дауды реттеу туралы келісімнің себебінен – 122 іс (2011 ж. – әлемдік келісім орнату есебінен 9 620 іс).

Сот қарастырған әкімшілік істердің саны 2011 жылмен салыстырғанда (258 888) 20,2%-ға ұлғайды және 311 175 істі құрады.

2012 жылы қарастырған істердің жалпы санының өсуінде жойылған және өзгертілген сот актілерінің саны да ұлғайды. Жоғары тұрған инстанциялар 9 310 сот актілерін жойған және өзгерткен, бұл 2011 жылмен (8 270) салыстырғанда 0,1%-ға көп.

Оған қоса, барлық жойылған және өзгертілген сот актілерінің үлесті салмағы 1,4% құрайды, соның ішінде:

- қылмыстық бойынша бар-жоғы 1 434 адамға немесе 3,0%-ға қатысты үкімдер жойылған және өзгерген (2011 жылы – 1337 адам немесе 2,5%);

- азаматтық бойынша бар-жоғы 7 233 шешім 2,3% жойылған және өзгертілген (2011 жылы – 6 186, немесе 2,1%);

- әкімшілік істер бойынша бар-жоғы 643 немесе 0,2% қаулы жойылған және өзгерген (2011 жылы – 747, немесе 0,2%).

2012 жылы мамандандырылған ауданаралық соттар республиканың қылмыстық істері бойынша 379 адамға қатысты алқабилердің қатысуымен үкім шығару арқылы 276 қылмыстық іс қаралды. 355 адам сотталды және 24 адам ақталып шықты.

ҚР Жоғарғы Сотының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қабылдап жатқан шаралары

2012 жылы сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасалғаны үшін 3 сотқа қатысты қылмыстық істер қозғалды (2011 жылы – 2).

2012 жылы 1 судья сотталды. 2012 жылы 2 судьяға (Т. және Д.) шығарылған үкім 2013 жылы заңдық күшіне енді (2011 жылы – 3).

Судьялардың қылмыстарының құрамы жоқтығынан ақталғандар жоқ. Судьяларға қатысты қылмыстық істердің тоқтатылуы болған жоқ.

ҚР Жоғарғы Сотының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысы жүйелі және кешенді сипатқа ие.

Жемқорлықтық құқық бұзушылықтардың алдын алу және жою жөніндегі шараларды қабылдау аясында республиканың соттарында 2012 жылы негізгі міндеттері сот жүйесінде жемқорлықпен күресу мәселелері бойынша шаралар әзірлеу, оларды жүзеге асырудың мониторингі және талдау болып табылатын құрамында қадағалаушы сот алқалары төрағаларының және облыстар мен оларға теңестірілген соттардың төрағалары бар Жоғарғы Сот

төрағасының төрағалық етуімен жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі Сот кеңесі құрылды. Жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі сот кеңесі сот жүйесіндегі жемқорлықтық құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі шаралар кешенін әзірледі.

Жемқорлықпен күрес жөніндегі тиімді жұмысты қамтамасыз ету мен судьялардың Судья әдебінің кодексінің нормаларын сақтауы жөніндегі жүргізіліп жатқан шаралары өзінің жағымды нәтижелеріне ие.

Әділ сот төрелігін іске асыруды жетілдірудің перспективалары

Мемлекеттік құқықтық саясатқа сәйкес, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі өз уәкілеттіліктерін тиімді жүзеге асыратын әділ сот жүйесінің тұрақты дамуы қамтамасыз етіледі.

Мемлекет басшысы 2012 жылы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңына және «Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінің күшін жойғанын тану туралы» Заңға қол қойды. Бұл өзгерістер сот құрылысын әрі қарай жетілдіруге, Жоғары Сот Кеңесінің рөлін арттыруға және сот тәуелсіздігінің кепілдіктерін нығайтуға бағытталған. Жаңартылған заңнамаға сәйкес, тәртіптік-біліктілік алқалар институты қызметтерін Сот жюриіне өткізу арқылы жойылды.

2011 жылдың 1 қыркүйегінде болған Төртінші шақырылымдағы Парламенттің V сессиясының ашылуында Мемлекет басшысының берген тарсырмаларын жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспарының 14 және 15 тармақтарын орындауда 2012 жылы сот ісін жүргізуді әрі қарай жетілдіру мен соттардың істерді қараудағы жылдамдығын арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне істерді қараудың апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібін жетілдіру, сенім деңгейін арттыру және сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Заң істерді жаңа сот қарауына жіберу институтын жоюды қарастырған, апелляциялық инстанциясының сот актілерінің жарияланған күнінен бастап заңдық күшіне енуін қарастырады. Кассациялық іс жүргізу заңдық күшіне енген сот актілерінің заңдылығын тексеруді қарастырады. Бұл ретте апелляциялық және кассациялық істі қарау Жоғарғы Сотқа алдағы жүгінуге міндетті шарт болуы керек.

Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар азаматтардың сот жүйесіне сену деңгейін арттыруға, әуреге салуды жоюға жағдайлар жасауға бағытталған.

Сот жүйесін әрі қарай оңтайландыру мақсатында Жоғарғы Сот судьяларының штаттық саны 48-ден 33 бірлікке дейін қысқарды.

Соттарды әрі қарай мамандандыру жөніндегі жұмыс жалғасуда. Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 28 ақпанындағы Жарлығы бойынша республиканың барлық өңірлерінде және екі ірі елді мекендерінде кәмелетке толмағандардың ісі бойынша 16 мамандандырылған ауданаралық соттар құрылды.

Үкіметтің 2012 жылғы 28 наурыздағы № 360 қаулысында бекітілген Үкіметтің 2013-2014 жылдарға арналған заң жобалық жұмыстардың перспективалық жоспарында Қылмыстық кодекс (жаңа басылым) және Қылмыстық іс жүргізу кодексі (жаңа басылым) жобаларын әзірлеу қарастырылған. Бас прокуратураның жанында аталған кодекстердің жобаларын әзірлеу бойынша Жоғарғы сот өкілдері құрамына кіретін тиісті жұмыс тобы жасақталған және жұмыс істеуде.

Соттардың сайлау өткізумен байланысты азаматтардың істерін қарауды жетілдіру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңының және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау заңнамасы мәселелері жөнінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобаларын әзірлеу жұмысы басталды. Жоғарғы Сот төрағасының 2012 жылғы 10 қаңтардағы өкімі бойынша мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы құрылды. Бұл заң жобаларының тұжырымдамалары Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы заң жобалық қызмет мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қаралуына берілді, оған 2013 жылға арналған Үкіметтің заң жобалары жұмысының жоспарының жобасына енгізілген және қолдауға ие болған болатын.

2011 жылғы 5 тамыздан бастап қолдану саласы жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қатысуымен болатын азаматтық, еңбектік, отбасылық және басқа да құқық бұзушылықтардан туындайтын, сонымен қатар, ауырлығы шағын және орташа қылмыстар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қарастырылатын дауларды (жанжалдарды) қарастыру болып табылатын Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы күшіне енді.

2012 жылы медиация қолдану арқылы реттелген сот дауларының саны 272 істі құрады, оның ішінде 150 – қылмыстық істер бойынша және 122 – азаматтық істер бойынша.

2012 жылдың 26 наурызында Жоғарғы Сот Төрағасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының (әрі қарай – БҰҰДБ) Қазақстандағы Тұрақты өкілі С.Туллмен бірге «Қазақстанда медицина институтын енгізу» Жобалық құжатқа (әрі қарай – Жоба) қол қойды. Осы кезеңнен бастап үш жылдық жобаның жүзеге асырылуы басталды.

Халықтың ақпараттануын арттыру мақсатында соттардың, мүдделі мемлекеттік органдардың, басқа ұйымдардың өкілдері мен медиаторларының қатысуымен облыстық және оларға теңестірілген соттарда өңірлік семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізілді.

Медиация процедураларын қолдану саласында жетекші шетелдік

тәжірибені зерттеу жөніндегі жұмыс тұрақты түрде жүргізілуде, медиаторларды, сонымен қатар медиация бойынша үйретушілерді даярлау бойынша оқытатын іс-шаралар жүргізілуде.

Сонымен қатар, қазіргі кезде Жоба аясында «Халықаралық құқық қорғау орталығы» ҚБ сот медиациясы әдістерінің тиімділігін арттыру мақсатында «Сот медиациясы – Қазақстанда медиация институтын дамыту үшін қажетті шарт» пилоттық жобасын жүзеге асырып жатыр. Бұл іс-шара Алматы қаласының Әуезов ауданының сотында жүргізілуде.

2012 жылы Департамент жүктеменің ғылыми-негізделген нормативтерін орнату үшін Жоғарғы Сот, жергілікті және басқа да соттарда жүктеме нормативтерін әзірлеуге «ХАҚ» сарапшылық-заңдық орталықпен келісім жасады, оған сәйкес 2012 жылдың ішінде тиісті іс-шаралар жүргізілді.

Жүктеме нормативтері Жоғарғы, жергілікті және басқа соттардың судьяларының оңтайлық штаттық санын анықтау үшін, сонымен қатар сот процесінің тиісті жоспарлануы мен ұйымдастырылуына, жұмыс уақыт тиімді пайдалануды арттыру мақсатында еңбектің айтарлықтай ұтымды әдістерін таңдауға негіз болып табылады.

Қазіргі кезде әзірленген жүктеме нормативтердің Еңбек және халықтың әлеуметтік қорғау министрлігімен келісу жүргізілуде және 2012 жылдағы қарастырылған сот істерінің саны туралы соттардың статистикалық мәліметтерінің негізінде соттардың штаттық санының сәйкестігін есептеу жүзеге асырылуда.

Соттардың үздіксіз білім алуын тиімділігін арттыру мақсатында 2012-2016 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сот оқуының стратегиясы бекітілді. Аталған бағдарламалық құжат соттар мен сот жүйесі қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған білім шараларын жетілдіруге ықпал етеді.

Сот жүйесін әрі қарай халықаралық принциптер мен стандарттарға сәйкес келтіру үшін Жоғарғы Соттың Франция, Нидерланды, Италия, Германия, Америка Құрама Штаттары, Оңтүстік Корея, Индонезия, Болгария, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Түркия, Қытай, Жапония, Финляндия және басқа да алыс шетелдегі елдердің соттық және заңдық қауымдастықтарының сот органдарымен және қоғамдық бірлестіктерімен халықаралық ынтымақтасуы нығаяды.

Сот тәжірибесін зерттеу мен сот-құқықтық саладағы тәжірибемен алмасу мақсатында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының қатысушы-мемлекеттерінің жоғары сот-құқықтық органдарымен екі жақты және көп жақты негізде, соның ішінде салалық ынтымақтастықтың мемлекетаралық органдарында тұрақты өткізілетін жыл сайынғы кездесулерге қатысу аясында белсенді ынтымақтастық жүзеге асты. Жоғарғы Сот өкілдері ШЫҰ, ЕурАзЭҚ, Кеден одағының, ТМД Экономикалық сотының, ЕурАзЭҚ сотының мүше мемлекеттерінің сарапшылар тобының жұмысына қатысты.

Халықаралық заңгерлер одағының (Мәскеу қ., РФ) Үйлестіру кеңесінің кезекті отырысының аясында Жоғарғы Сот Төрағасы халықаралық заңгерлер

одағы төрағасының орынбасары болып сайланды.

Соттардың ашықтығы мен айқындығын, сонымен қатар, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен мақсатты өзара әрекеттестік жүзеге асырылуда. 135 имидждік ролик жасалынды, оның 3 «Хабар» және «Қазақстан» телеарналарында берілді, қалғандары өңірлік телеарналарда таратылды, сонымен қатар таралуы бір жыл бойы «Астана» телеарнасында жүзеге асқан «Соттық тәжірибе» телехабарының 25 түсірілімі ұйымдастырылды.

Әділ сотты атқару мен сот ісін жүргізуде ең жоғары айқындылыққа жету жөніндегі жұмысты ұйымдастыруда басым бағыттардың бірі ақпараттық технологияларды қолдану болып табылады.

Соттарда әділ соттың ашықтығы мен айқындылығын, бірыңғай ақпараттың кеңістік құруды, тек судьялар ғана емес Интернетті пайдаланушылардың барлығы қолжеткізе алатын сот актілерінің мәліметтерінің банкін құруды қамтамасыз ететін бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі (БААТЖ) жұмыс істейді.

Әділ соттың ашықтығының маңызды критерийі сот ақпараттарының, соның ішінде процессуалдық актілердің қолжетімділік деңгейі болып табылады. Жоғарғы Соттың Интернет-ресурсында іздеу жүйесіне «Сот істері бойынша анықтамалық» баннер орналасқан, ол арқылы істің қозғалу барысы туралы мәліметтерге, сот актілері мен сот отырыстарының хаттамаларына онлайн режимде қолжетімділік ұйымдастырылған.

Барлық облыстық және соларға теңестірілген соттардың, сонымен қатар 305 аудандық соттардың Интернет-ресурстары жұмыс істейді.

Сот отырыстары залдарының сот процесін техникалық тіркеу жүйелерімен (аудио тіркеу және аудио-бейне тіркеу) жабдықталу пайызы 47,7% құрайды.

Ақпараттық киоскілермен қамтылған Қазақстан Республикасының соттарының үлесі – 91%.

Республиканың барлық соттарына электрондық сот жүргізу (е-сот) енгізілген. Атап айтқанда, Жоғарғы Сот Төрағасының 2012 жылғы 11 қаңтардағы өкімі бойынша Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» порталы арқылы берілген электрондық талап етушілік арыздар мен басқа да электрондық құжаттарды қабылдау мен тіркеу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілді.

Электрондық үкімет (е-сот) порталы арқылы келіп түскен электрондық талап етушілік арыздардың, электронды түрде сот хаттамасын беру туралы өтініштердің, жағдай бойынша хаттамаға өтініштердің ішінде 2012 жылдың 31 желтоқсанында 3105 сотта тіркелген.

2012 жылы Қазақстан Республикасының соттарында электрондық цифрлық қолтаңбаны (әрі қарай – ЭЦҚ) пайдалану енгізілді, оның мақсаты сот ісін жүргізуде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсетуде оларды қолдану мәселелерін барынша жеңілдетуге мүмкіндік беретін процессуалдық және басқа да соттық электрондық құжаттардың заңдылығын қамтамасыз ету болып табылады. ЭЦҚ қолдану электрондық сот ісін жүргізуді енгізудегі

негізгі және бастапқы шаралардың бірі болып табылады.

Осы мақсатта 2012 жылы «Сот құжаттарының электрондық мұрағатын» құру жөнінде дайындық жұмысы жүргізілді. Бұл жоба сот құжаттары электрондық көшірмелерінің ұзақ мерзімді сенімді сақталуы мен айнамастығын, сот процестерінің мәтіндері мен аудио-бейне жазуларына жылдам қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Сот қызметінің ақпараттану мәселелерін кешенді және біртіндеп шешу мақсатында Жоғарғы Сот Төрағасының 2012 жылғы 4 маусымдағы №194 өкімі бойынша жүзеге асырылуы әділ сотты анықтаудың халықаралық стандарттарына барынша қазақстандық соттарды жақындатуға мүмкіндік беретін Сот органдарының ақпараттануы тұжырымдамасы бекітілді.

2012 жылдың 1 қыркүйегінен бастан 30-на дейін Республиканың барлық соттарында «Қазақтелеком» АҚ көмегімен ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша жіберілетін электрондық мәлімдемелер арқылы сот процесінің қатысушыларын хабарландыру жүйесін енгізу бойынша пилоттық жоба сәтті жүзеге асырылды. Қазіргі кезде бұл қызметті тұрақты негізде енгізу туралы мәселе қарастырылып жатыр.

Онымен қоса, өткен жылдың қарашасында іске қосылған Қазақстан Республикасы сот органдарының байланыс-орталығы жұмысының регламенті әзірленді және бекітілді.

Жоғарғы Сот қызметінде бейне конференциялық байланыс мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Облыстық соттардың қатысуымен пленарлық отырыстар, соттардың жиналысы мен дистанциялық оқыту жүргізіледі. Бейне конференциялық байланыс Қазақстанның басқа өңірлерінде тұратын көп куәгерлердің тыңдауымен болатын сот істерін қарауда қолданылады. Трансшекаралық ынтымақтастық аясында бейне конференциялық байланыс мәселелері қарастырылады. Алдыңғы жылдың тамыз-қыркүйегінде Беларусьтің Жоғары шаруашылық сотының дистанциялық сот процесі болды, ол қазақстандық ЖШС шетелге шықпай-ақ, сот қарауына қатысуға мүмкіндік берді.

Онымен қоса, Қазақстанның азаматтары соңғы үш жылдың ішінде өз облыстарынан шықпай-ақ, Жоғарғы Сот Төрағасының азаматтарды жеке on-line қабылдауы мүмкіндігіне ие. Бұл шара астанадан алыс өңірлерде тұрып жатқан азаматтар үшін аса өзекті.

Есептік кезеңде мемлекеттік емес, коммерциялық емес ұйым – БҰҰДБ тапсырысы бойынша Құқықтық саясат зерттеу орталығы республиканың 114 сотында тәуелсіз әлеуметтанулық зерттеу жүргізді, нәтижесі халықтың сот қызметіне оң қатынаста екенін көрсетті. Есеп 2012 жылдың 1 жарты жылдығы бойынша әділ соттың атқаруының нәтижелері бойынша соттардың кеңейтілген отырысында ұсынылды, БАҚ кеңінен таралды.

2012 жылдың қыркүйегінде 2012-2013 жылдар бойынша ӘЭФ ЖБИ рейтингі жарияланды, оған сәйкес, Қазақстан «Сот тәуелсіздігі» индикаторы бойынша 67 орынды иеленсе, 2011 жылы 111 орынға ие болған еді. Демек, бұл көрсеткіш 17 позицияға көтерілді, оған қоса, жоспарланып отырғанға қатысты 11 позицияға жоғарылады – 105 орын, бұл жеке және заңды

тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қабылданған шаралардың нәтижелілігін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан-2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында Мемлекет басшысының берген тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында қазіргі кездегі сот жұмысының бес негізгі басымдықтары анықталды: 1) әділ сотты сапалы жүргізуді қамтамасыз ету; 2) әуре-сарсаң мен бюрократимзді жою; 3) халық пен мемлекетке қызмет ету бәрінен де жоғары; 4) әділ соттың ашықтығы мен қолжетімділігі; 5) сот жүйесіндегі жемқорлық және құқық бұзушылықпен күрес. Аталған басымдықтар әділ сотты атқарудың нәтижелілігін арттыру мен азаматтардың сотқа сенімін нығайту бойынша сот жүйесін әрі қарай жетілдіруге бағытталған.

Судьялардың ерекше мәртебесі мен толық әлеуметтік қамтылуының конституциялық кепілдігін ескерсек, зейнетақылық төлемдердің ең жоғарғы шегі олардың қиын еңбектеріне сай зейнетақы алуына кедергі жасайды.

Халықаралық тәжірибені зерделеу экономикасы аз дамыған деңгейдегі бұрынғы кеңестік елдердің көпшілігі бұл төлемдерді халықаралық талаптарға сәйкес көлемде төлейтінін көрсетті. «Судьялардың мәртебесі туралы заң туралы» Еуропалық хартияда заңда белгіленген отставкаға шығу жасына жеткен судьялар судья ретіндегі соңғы жалақысының деңгейіне барынша жақын деңгейде зейнетақы алуға құқылы екені көзделген.

Зейнеткерлік жасына жеткен судьяларға барынша жоғары төлемдер таяу шетелдер арасында Украинада – жалақысының 90%-на дейін, Ресей Федерациясында – жалақысының 80%-на дейін, Әзербайжан Республикасында – лауазымдық жалақысының 80%-на дейін.

Әлемдік практикаға орай Қазақстанда судьялық өтілі 20 және одан көп жыл болатын судьяларға соңғы лауазымындағы жалақысының 50% мөлшеріндегі; өтілі 15-тен 20 жылға дейінгілерге - 45% мөлшеріндегі және үздіксіз өтілі 12,5 жылдан 15 жылға дейінгілерге - 40% мөлшеріндегі төлемді көздейтін судьяларды зейнетақымен қамтамасыз ету институтын енгізуді ұсынамыз.

XX ғасырдың 90-шы жылдарында – Қазақстанның нарықтық экономикасы қалыптасқан кезеңде, мәселелердің бұл блогы заңнамалық түрде реттелгенін атап өткен жөн. Президенттің 1994 жылғы №1670 «Қазақстан Республикасы судьяларын материалдық және әлеуметтік қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлығымен судьяларды жалақысының 60-70% мөлшерінде зейнетақылық ұстау көзделген. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес судьялар зейнетақыны жалпы негізде алады. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заң судьялардың материалдық және әлеуметтік жағдайының нашарлауына тыйым салады, ол жоғарыда аталған Жарлықтың күші жойылған соң солай болып отыр.

Судьяларды лайықты зейнетақымен қамтамасыз ету институтын енгізу оның қаншалықты шығыны болғанымен аса қажет, мұндай өзгерістер

судьялардың тәуелсіздігі принципін тікелей іске асыруға жағдай жасайтын болады.

Мамандандырудың келесі кезеңі әрбір облыс орталығында (соның ішінде Астана мен Алматы қалаларында) қаржы-салық соттарын құру болуға тиіс. Ол үшін экономикалық соттардың соттауынан салықтық құқық саласындағы ерекшелік құқықтық қатынастардан туатын дауларды шығару керек. Бұл қадам жалпы салық төлеушілердің де, мемлекеттің де мүдделерін қорғауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Сот процесінің сапасын жақсартуға бағытталған шара ретінде сотта тараптардың өкілдігі институтына көзқарастарды қайта қарау қажет.

Заңгерлік көмек көрсетуге еркін қолжетімдік, адвокатура рөлінің әлсіреуі соттағы өкілдіктің бақылаусыз және төмен кәсіби институтын қалыптастырды. Заңгерлік білімнің жоқтығы, сот процесіне қатысудың жеткіліксіз практикасы мен дағдылары өкілдердің көпшілігіне сот процесінде мүдделерін толыққанды қорғауға мүмкіндік бермейді. Кейде өкілдердің біліксіз әрекеттері сот процесіне қатысушы тараптардың құқықтары мен мүдделерін айтарлықтай бұзады, өкілдік бергендердің құқықтық жағдайын нашарлатады.

Мұндай жағдайлар әділ сот төрелігін іске асыруға теріс әсерін тигізеді, соттардың жұмысы қиындайды, істерді қараудың белгіленген мерзімдері бұзылады, сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасалады, азаматтардың әділ сот төрелігіне сенімі төмендейді.

Бұған қоса, өкілдік қызмет көрсеткені үшін алатын кірістен бюджетке салық төленбейді, өйткені өкілдер оны жарияламайды.

Қалыптасқан жағдайда соттағы өкілдік институтын реформалау, оны білікті ету аса маңызды. Мысалға, кейбір шет елдерде сотта азаматтардың заңгерлік сүйемелдеусіз қатысуына жай ғана жол берілмейді, ал жоғары тұрған инстанцияларда тек кәсіби адвокаттар ғана сөз сөйлейді.

Біздің көзқарасымызша, әділ сот төрелігі мүддесіне заңнамалық деңгейде сот өкіліне ең төмен талапты регламенттейтін ережені соттағы өкіл жоғары заңгерлік білімі, юриспруденция саласындағы белгілі бір жұмыс тәжірибесі бар, сотталмаған адам бола алады деп белгілей отырып, сол арқылы сотта біліксіз адамның қатысуына тыйым сала отырып көздеген жөн.

Сонымен қатар адвокатура институтын конструктивті дамыту, сондай-ақ кәсіби адвокаттар санын арттыру талап етіледі, бұл Конституцияның азаматтарға білікті, соның ішінде тегін қызмет көрсету туралы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Ұсынылып отырған шаралар процестің сапасына оң әсер етіп, халықтың әділ сот төрелігіне сенімін арттырады.

Сонымен қатар, елдегі сот жүйесін дамытудағы оң үрдістер әлі толық жетілген деуге болмайды.

Қылмыстық істерді қарау кезінде айыптауға бейімдіктің үстем болуы жалғасуда. Ақтау үкімдерінің аса сирек шығарылуы және судьялар ортасындағы мұндай жағдайларға абайлап қараудың сақталуы бұған жанама дәлел бола алады.

Сот жүйесінде жемқорлық, заң мен «Судьялық этика» кодексінің талаптарын бұзу жағдайлары бар.

Сот тыңдауының әділдігін бағалау кезінде пайдаланылатын аса маңызды өлшем қорғау мен айыптаудың өкілеттіктерінің теңдік принципін сақтау болып табылады. Сотта істі қараудың бүкіл барысында өкілеттіктердің теңдігі сот процесі ағымында тараптарға қатысты процедуралық іс-қимылдарды тең дәрежеде қолдануды ұйғарады. Бұл принциптің барлық бұзылуының ақтық тізбесін беру мүмкін емес. Мұндай бұзушылықтарға айыпталушыға және/немесе оның адвокатына қорғауға дайындыққа қажетті жеткілікті уақыт бермеу де, айыпталушыны және/немесе оның адвокатын тиісті істі айыптаушының қатысуымен апелляциялық сотта тыңдауға жіберуге кедергі жасауға тырысу да жатады.

Қазақстан Республикасындағы заңнама мен құқық қолдану практикасы қорғау мен айыптау тараптары өкілеттіктерінің теңдігіне әлі қол жетпегендігін көрсетіп отыр.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің (АСҚХП) 14-бабының 1 тармағы да әділ сот ісін жүргізу тұжырымдамасын жүзеге асырудың маңызды элементі ретінде соттың жария тыңдауын талап ету құқығына кепілдік береді. Сот процесінің жариялылық принципі сот тыңдауының да (бірақ ешқандай да басқа сот-тергеу іс-қимылдарының ашықтығын көздемейді), осы сот ісі бойынша шешімнің де ашықтығын ұйғарады. Бұл құқық осы сот талқылауына қатысушы екі жаққа да, демократиялық қоғамдағы кең жұртшылыққа да тиесілі. Сотта жария тыңдауды талап ету құқығы сот процесі жүзбе-жүз және жария түрде ешқандай да алдын ала тараптар жасайтын мәлімдемесіз жүргізілетінін білдіреді. Сот ақылға қонымды мерзімде мүдделі тараптарды сот тыңдауының уақыты мен орны туралы хабардар етуге, сондай-ақ сот процесіне қатысқысы келетін кең жұртшылыққа қажетті қолайлылықтарды ұсынуға міндетті. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдары мен кең жұртшылық өкілдері АСҚХП 14-бабының 1 тармағындағы нормалардың талаптарына сәйкес сот мәжілісі залынан шығарылып жіберілуі мүмкін, алайда мұндай іс-қимылдар қолданыстағы процедуралық нормаларға сәйкес шығарылған сот шешіміне негізделуге тиіс.

Жұртшылық өкілдері *«адамгершілік, қоғамдық тәртіп, демократиялық мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі тұрғысынан немесе тартысқан жақтардың мүдделерін қорғауды ескере отырып»* сот мәжілісі залына жіберілмеуі мүмкін. Жұртшылық өкілдері сол сияқты *«соттың қалауынша әділеттілік принциптеріне нұқсан келтіруі мүмкін айрықша жағдайлар бар кезде»* сот мәжілісі залына жіберілмеуі мүмкін. Жыныстық құқық бұзушылықпен байланысты қылмыстық істі қарау кезінде адамгершілік сипаттағы ниет әдетте кең жұртшылық өкілдерін сот мәжілісі залына жібермеуге жеткілікті негіз болып табылады. Бұл тұрғыда «қоғамдық тәртіп» термині сот мәжілісі залында тиісті тәртіпті ұстау ретінде түсіндіріледі, ұлттық қауіпсіздік ниеттері әңгіме әскери немесе мемлекеттік құпияларды жария етпеу туралы болған кезде алға шығады. Алайда қай жағдайда болса да

жұртшылық өкілдерін сот мәжілісі залына жіберу жөніндегі шектеу сот шешімдерін шығарар кезде жөнсіздікке жол бермеу жөніндегі күш салу негізіндегі демократиялық қоғамның құқықтық принциптеріне сай болуға тиіс. Процесс тараптарының жеке өмірге (отбасы мүшелері мен туыстарының мүдделерін қамтитын) араласпауы да сот мәжілісі залына жіберуді шектеу үшін жеткілікті негіз бола алады. Сот отырысының ашықтығы тараптардың біріне зиян келтіруге жағдай жасайтын қамқоршы болу туралы істі қарау мұндай ахуалдың мысалы бола алады. Сот мәжілісі залына кең жұртшылық өкілдерін жіберу әділеттілік мүддесі үшін шектелуі мүмкін, бұл айрықша жағдайларда жасалады және соттың тиісті шешімімен мұқият уәжделеді.

Жасырын отырыста сот тыңдауын талап ететін жағдайлар тізбесі айтарлықтай кең, олар әдетте сот шешімін жариялау кезеңіне жүрмейді. АСҚХП 14 бабының 1 тармағының ережелеріне сәйкес әңгіме жас құқық бұзушылардың мүдделерін сақтау және балаларға қамқоршы болу туралы мәселелерді шешу туралы болатын жағдайлардан басқа жағдайларда сот шешімдері «жария хабарланады». Осылайша, жария сот тыңдауы ережесіне кірмейтіндер айтарлықтай дәрежедегі егжей-тегжейлілікпен анықталуы мүмкін. Сот шешімі егер де ол сот мәжілісі залында ауызша жарияланса немесе бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланса, не болмаса екі тәсіл де бірдей пайдаланылып жариялылыққа берілсе ол жария болып есептелінеді. Қалай болған жағдайда да ашықтықты анықтайтын фактор сот шешімінің барлық мүдделі тараптар үшін қол жетімдігі болып табылады.

Принципінде қазақстандық заңнама жариялылық принциптерін сақтауға қатысты жоғарыда аталған халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Алайда, судьялардың әділ сот ісін жүргізудің осы принциптерін еркін-бұра түсінуін болдырмау үшін бұқаралық ақпарат құралдарының, жұртшылықтың және т.б. өкілдерінің қатысуымен сот процестерінің ашықтығын заңнамада бекіту дұрыс болар еді.

Кез келген қылмыстық іс бойынша әділ тыңдауды талап ету құқығын қамтамасыз ету тетігін әдетте заңнамада белгіленген ережелерге (АСҚХП 14 бабының 1 тармағы) сәйкес жұмыс істейтін білікті, тәуелсіз және әділ соттар жүзеге асырады. Бұл ереженің мағынасы биліктің саяси немесе әкімшілік органдары қылмыстық істі қараған кездегі жөнсіздікті немесе субъективизмді болдырмауда. Сот білікті және заң шеңберінде іс-қимыл жасауға тиіс. Бұл екі талап та ажырамас бірлікте. Соттың біліктілігі мәселелері әдетте сот юрисдикциясы проблемаларымен байланысты болса да, кез келген сот белгіленген нормативтік-құқықтық ережелер шеңберінде жұмыс істеуге тиіс. Бұл ереженің негізгі мақсаты қандай да бір нақты сот ісіне немесе құқық бұзушылыққа қарамай қылмыстық істерді заңнамалық түрде құрылған сот инстанциялары қарайтын құқықтық орта құруда.

Тәуелсіздік өкілеттіліктерді бөлісуді және сот органдарын олардың ісіне атқарушы билік тарапынан және аз дәрежеде мемлекеттің заңнамалық билік органдары тарапынан заңсыз араласудан қорғауды білдіреді.

Соттың әділдігі туралы айтқан кезде, біржақты пікірдің болуы (немесе болмауы) қандай да бір сот инстанциясының әділдігінің негізгі өлшемі

ретінде қарастырылатынын атап өтуге болады. Судьяның біржақты еместігіне егер де ол бұл сот ісін қарауға қандай да бір басқа сапада қатысса немесе оның қандай да бір саяси партияға қатысы болса, не болмаса оның жеке басы осы сот ісіне мүдделі болса бірден күмән тудыруға болады.

Барлық осы принциптер Қазақстан Республикасының заңнамасында ресми түрде жүзеге асырылған.

АСҚХП 14 бабының 2 тармағына сәйкес *«қылмыстық іс бойынша айыпталған әрбір адам кінәсі сотта дәлелденгенге дейін кінәсіздік презумпциясына құқылы»*. Әділ сот тыңдауын талап құқығының негізгі компоненті болып табылатын кінәсіздік презумпциясы, басқалардың арасында, қылмыстық іс бойынша сот процесі барысындағы дәлелдеу ауыртпалығы ең алдымен айыптаушы жаққа тиетінін, сондай-ақ айыпталушы кінәсіздік презумпциясын пайдалануға тиіс екендігін білдіреді. Бұған қоса, кінәсіздік презумпциясы сот тыңдауы барысында сотталушыға ғана қатысты емес, сол сияқты сотқа дейінгі кезең барысында күдіктіге немесе айыпталушыға да қатысты сақталуға тиіс. Құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалары мен билік өкілдері *«қаралып жатқан сот ісі бойынша қандай да бір алдын-ала шешімдер шығарудан тежелу»* жолымен кінәсіздік презумпциясын сақтау үшін қажеттіліктің барлығын жасауға міндетті.

ҚР Конституциясында және қылмыстық іс жүргізу заңнамасында кінәсіздік презумпциясы принципі бекітілгеніне қарамастан практикада ол көбінесе сақталмайды. Қылмыстық процесті жүргізетін судья сотта істі қарағанға дейін айыптау жағы дайындаған қылмыстық істің материалдарымен танысатынын атап өткен жеткілікті. Қылмыстық іс жүргізу заңнамасы алдын ала тергеу жүргізетін органды күдікті, айыпталушы адамды айыптайтын да, ақтайтын да дәлелдерді іздеуге міндеттейтініне қарамастан бұл іс жүзінде сақталмайды. Практикада жауап алу және тергеу органдары кінәсіздігінің немесе айыпталушының пайдасына өзге де дәлелдерді қорғау жағы жинайды деп ойлап, адамның кінәсінің дәлелдерін іздейді. Сондықтан көп жағдайларда істің материалдары – бұл айыптау жағының версиясы мен айыптау қорытындысын дәлелдейтін ұқыпты (әрине ұқыптылықтың қандай да бір дәрежесінде) жиналған дәлелдер. Бұл материалдар судьяның үстеліне түседі, ол бұлармен танысу процесінде сөзсіз айыптау версиясының *«тұтқынында»* болады. Нәтижесінде қорғау жағы әдетте өз версиясын ұсына және дәлелдей алмайды, тек айыптау жағы ұсынған жеке дәлелдерге күмән туғызумен ғана айналысады. Кінәсіздік презумпциясының принципін практикада қамтамасыз ету үшін бұл тәртіп түбегейлі қайта қарауды қажет етеді.

Алқабилер сотын енгізу қандай да бір оң рөл атқаруы мүмкін, алайда бұл мәселені шешуде оған жоқ дегенде алқабилер сотының қатысуымен қаралуы мүмкін қылмыстық істер санатының шектеулігіне орай толықтай үміт артуға болмайды.

АСҚХП 14 бабының 3 (b) тармағының ережелерінде қылмыстық құқық бұзды деген айып тағылған жағдайда әрбір адамның *«қорғау шараларына дайындық жүргізуге және өзі таңдап алған қорғаушымен жүздесіп-тілдесуге мүмкіндік беріліп, жеткілікті уақытпен қамсыздандырылуына»* құқығы бар

делінген. Қажетті уақыт және қорғануға дайындалу үшін жағдай талап ету құқығы айыпталушыға да, оның адвокатына да қатысты. Бұл құқықтық норма сотта істі қараудың барлық кезеңдерінде сақталуға тиіс. «Жеткілікті уақыт» ұғымы сотта істі қараудың сипатына және нақты істің жағдайына байланысты. Бұл жағдайда сот ісінің күрделілігі, айыпталушының куәгерлердің жауаптарына қол жеткізуі, ішкі заңнамаға сәйкес соттың қандай да бір іс-қимылдарының орындалу мерзімдері және т.б. сияқты факторлар назарға алынады. «Жағдайлар» термині өзгелердің арасында айыпталушының және оның адвокатының қорғауға дайындалуға қажетті тиісті ақпаратқа, файлдар мен құжаттарға қол жеткізуін, сондай-ақ айыпталушыны өз адвокатымен құпиялылық жағдайында қарым-қатынас жасауына арналған тиісті техникалық құралдармен қамтамасыз етуді білдіреді. Айыпталушының өз таңдауы бойынша адвокатпен қарым-қатынас жасау құқығы қорғауға дайындалуға арналған қажетті жағдайларды алу құқығының маңызды элементі болып табылады.

Жалпы қазақстандық қылмыстық іс жүргізу заңнамасында мұндай кепілдіктер бар. Алайда адвокаттың қорғауындағы қамаудағы адаммен өз қалауы бойынша кездесу мүмкіндігі бөлігінде тергеушіге тәуелділігін жою қажет.

Қылмыстық істерді қарау кезінде сотқа дейінгі кезеңде адвокат алу құқығы АСҚХП 14 бабының 3 (d) тармағымен көзделген сотта істі қарау барысында қорғану құқығымен тікелей байланысты. Бұл ережеде әрбір адам *«оның ісін қараған кезде жеке өзі немесе өзінің таңдауы бойынша адвокаттың қызметін пайдаланып қорғана отырып сотқа жеке басының қатысуына; егер де ол адвокаттар қызметін пайдаланбайтын жағдайда ондай құқығының бар екендігі туралы хабардар болуға; әңгіме әділеттілік мүддесін қамтамасыз ету туралы болғанда тағайындалған адвокаттың қызметін пайдалануға»* құқылы делінген. Соңғы жағдайда жеткілікті қаржы қаражаты жоқ айыпталушы адвокат қызметіне ақы төлеуден босатылады. Бұл заңнамалық норма мынандай нақты құқықтарды ұйғарады:

өз ісі бойынша соттың тыңдауына жеке қатысу құқы. Түсіндіру тұрғысынан бұл норма неғұрлым даулы болып табылады. Бұл норманы әріппе-әріп оқу сырттай сот тыңдауын жоққа шығарады. Бұл ұстанымды адам құқықтары жөніндегі халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың көпшілігі, сондай-ақ Халықаралық қылмыстық сот бөліседі. Алайда, Адам құқықтары жөніндегі комиссия сарапшыларының пікіріне сәйкес соттың сырттай тыңдауына мемлекеттің *«айыпталушыны алдағы болатын сот туралы хабардар ету мақсатында, сол арқылы оған өзін қорғауға алдын ала дайындалуға мүмкіндік бере отырып жеткілікті күш салғанында»* ғана жол беруге болады;

жеке қорғану құқығы;

өз қалауы бойынша адвокат таңдау құқығы;

адвокаттық қызметті пайдалану құқығы туралы хабардар болу құқығы;

тегін құқықтық көмек алу құқығы.

АСҚХП негіз қалаушы ережелерін басым түсіндіруге сәйкес адвокат қызметін алу құқығы қылмыстық істер бойынша сотта істі қараудың алдын ала тергеу мен сотқа дейінгі ұстауды қоса алғандағы барлық кезеңдерінде жүреді. Егер де айыпталушының адвокат қызметін өз таңдауы бойынша пайдалану мүмкіндігі болса адвокатты соттың тағайындауы әділеттілік принципіне қайшы келеді. Сот тағайындайтын адвокат айыпталушының мүдделерін осы мақсатқа өзінің тәжірибесі мен кәсіптік дағдыларын пайдалана отырып, тиімді қорғауға қабілетті болуға тиіс.

Принципінде айыпталушының бұл құқықтарына қазақстандық заңнамада кепілдік берілген. Дегенмен де, практикада адвокат алу құқығын айыпталушының таңдауы бойынша қамтамасыз ету қажет. Сол сияқты білікті заңгерлік көмек көрсету жүйесін мемлекеттік бюджет есебінен едәуір жетілдіру қажет.

«Қылмысы үшін сотталған әрбір адам шығарылған сот үкіміне қолданыстағы заңнама нормаларына сәйкес жоғары сот инстанциясына шағымдануға құқылы» [АСҚХП 14(5) бабы]. Бұл құқық жоқ дегенде екінші деңгейде жоғары тұрған сот инстанциясы болатын екі деңгейлі сот ісін қарауды қамтамасыз етуді мақсат тұтады. Кез келген сот ісін қайта қарау өзінің сипаты бойынша мазмұнды болып табылады, бұл өзге мәселелердің ішінде жоғары тұрған соттың тиісті шағымда көтерілген мәселелерді қараумен ғана емес, мәселелердің кең ауқымымен айналысатынын білдіреді. Апелляциялық процессуалдық іс-қимылдар дер кезінде болуға тиіс. Апелляция құқығын жүзеге асырудың тікелей салдары соттың бірінші инстанция соты шығарған кез келген үкімнің орындалуын осы істі апелляциялық соттың қайта қарауы аяқталғанға дейін тоқтата тұруға міндетті екендігі болып табылады. Бұл принцип егер де сотталған адам бірінші инстанция соты шығарған үкімді өз еркімен қабылдаған жағдайда қолданылуын тоқтатады. Қылмыс жасады деп сотталған барлық адамдар сол қылмыстың ауырлығына және бірінші инстанция соты шығарған үкімге қарамастан апелляция құқығына ие. Әділ сот ісін қарау кепілдіктері апелляциялық процессуалдық іс-қимылдардың барлық кезеңдерінде сақталуға тиіс.

Шағымдану құқығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бекітілген.

Дейтұрғанмен де, заңды күшіне енген сот үкімінің мәнісімен байланысты сотталғандардың құқықтарын неғұрлым толық қамтамасыз етуге бағытталған заңнаманы жетілдіру қажет. Бұл кезеңде адамның сотта тыңдалу, білікті заңгерлік көмек алу құқығы көбінесе бұзылады.

«Егер қайсыбір адам қылмыстық іс жасағаны үшін ақтық шешім бойынша сотталып, одан кейін соттың қателігін даусыз дәлелдейтін қайсыбір жаңа немесе бұрын мәлім болмаған мән-жайдың негізінде шығарылған үкім бұзылса немесе оған кешірім жасалса және де жаңадан табылған жағдай кезінде мәлім болмағандығынан сотталушының өзі ішінара немесе толық кінәлі еместігі дәлелденсе, онда осындай сотталудың нәтижесінде жазаланған адамға заң бойынша өтемақы төленеді» [АСҚХП 14(6) бабы]. Бұл ретте сот

кателігін өтеу тиісті сот инстанциясы осы іс бойынша ақтық шешім шығарған жағдайда ғана мүмкін болатынын атап өту керек. Сот шешіміне жасалған қылмыстың ауырлығына қарамастан шағымдануға болады. Бұл құқықты жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін келесі үш шарт сақталуы қажет: 1) жіберілген сот қателігі ресми мойындалуға және сот үкімінің жойылуымен немесе соттың ақтау туралы шешімімен расталуға тиіс; 2) тиісті мән-жайлардың кешіктіріліп ашылуы сотталған адамның іс-қимылдарымен байланысты болмауға тиіс; 3) сотталған адамға қатысты ақтық үкім жіберілген сот қателігі нәтижесінде шығарылуға тиіс. «Заңға сәйкес» сөйлемі мемлекеттер қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпке сәйкес келтірілген зиянды өтеуге міндетті дегенді білдіреді.

Жасалған сот қателігі үшін зиянды өтеуді талап ету құқығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында бекітілген.

Жоғарыда айтылғандардан келіп шығатынындай, әділ сот ісін жүргізу құқығын қамтамасыз етуге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін негізгі кепілдіктер бар. Іс жүзінде адамның қылмыстық процесс барысындағы құқықтары мен бостандықтарының барша тізбесі қандай да бір түрде ҚР қылмыстық іс жүргізу және қылмыстық атқару заңнамаларында бекітілген.

Дейтұрғанмен де, қолданыстағы заңнаманың нормаларын салыстырмалы талдау және құқық қолдану практикасы адамның жеке бостандығы мен қауіпсіздігінің, сондай-ақ сотқа дейінгі, соттағы және соттан кейінгі құқықтарының қолданыстағы кепілдіктерін күшейту қажеттігі туралы куәландырады.

Сонымен қатар, әділ сот ісі саласындағы адам құқықтарын қамтамасыз етудің қажетті шарты биліктің шынайы тәуелсіз сот тармағының, өзінің абыройы мен әлеуметтік мәртебесін қастерлейтін соттардың білікті және жоғары кәсіби қауымдастығының болуы боп табылады.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Халықаралық сарапшыларды, құқықтанушы ғалымдарды, адвокаттар мен құқық қорғау ҮЕҰ өкілдерін кеңінен тарта отырып, Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу кодекстері әзірленсін.

2. Барлық ашық сот процедураларының, сондай-ақ сот билігі органдары қызметінің ашықтығы мен мөлдірлігіне бағытталған қажетті тиімді шаралар қабылдансын.

Бұл мақсаттарға ең алдымен сот отырыстарында болып жатқандарды міндетті түрде аудио немесе бейнежазбаға түсіру сияқты сот процестерін жазып алудың объективті әдістерін енгізу жолымен қол жеткізуге болады. Қазіргі кезде сот отырысының барысын азды-көпті ең дұрыс жазып алатын жалғыз құжат сот отырысының хаттамасы болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамамен сот отырысының хаттамасын міндетті түрде жүргізу мүлде көзделмеген, ал тараптың іс бойынша процесте аудио-бейне жазбаны қолдану құқығы іс бойынша

төрағалық етушінің келісімімен ғана жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан сот отырысы барысын бұзу мүмкіндігін болдырмау үшін іс жүргізу заңдарына осындай өзгерістер енгізген жөн.

Ұсынылып отырған жаңалық сот процесін мөлдір етеді және сот ісін жүргізудің жариялылығы мен ашықтығы принципін нақты іске асыруға алып барады, іс бойынша шешімнің тек зерттелген және хаттама мен аудио-бейнежазбада тіркелген дәлелдердің негізінде ғана қабылдануына жағдай жасайды, бұл істі объективті қарауды қамтамасыз етеді және сот шешімдерінің сапасын жоғарылатады.

Электрондық байланыс құралдарын неғұрлым кеңінен пайдалану туралы мәселені қараған жөн. Мысалға, бастапқы кезеңде процестерді қашықтан қатысу режимінде жүргізу үшін, ішінара алғанда қабылданып қойған сот актілерін қайта қарау кезінде соттарда бейнеконференция байланысын енгізуге болады.

3. Әділ сот төрелігінің жариялылығы мен мөлдірлігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді соттың басқа мемлекеттік органдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және жұртшылықпен өзара қарым-қатынас тәртібін реттеуден де көреміз.

Соттағы істің қозғалысы туралы ақпаратты ашық ету, сот актілерінің қол жетімдігіне кепілдік берілу қажет. Азаматтар мен ұйымдар соттардың қызметі, судьяларға кандидаттарды іріктеу және т.б. туралы мәліметтерді еркін алуға тиіс. Бұл айтылғандар Қазақстан Республикасындағы әділ сот төрелігінің жариялылық пен мөлдірлік принциптерін толық көлемде жүзеге асыруға мүмкіндік береді және халықтың сот жүйесіне деген сенімінің деңгейін айтарлықтай арттыруға жағдай жасайды.

4. Соттар мен судьялардың мамандандырылуын тереңдету жөніндегі шаралар қабылдау: салық, еңбек және басқа соттарды құрудың негізділігін зерделеу.

5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік іс жүргізу кодексінің қабылдануы жылдамдатылсын.

6. Соттық тергеу институтын енгізудің негізділігі зерделенсін.

7. Судьялардың тәуелсіздігін нығайту мақсатында соттар алқасы төрағаларының тиісті соттар судьяларымен сайланбалылығын заңнамалық түрде белгілеу.

8. Қадағалау шағымдарын алдын ала қараудың қолданыстағы тәртібін қайта қаралсын, ол процеске қатысушылардың құқықтарын елеулі шектейді, оларды прокурормен тең емес дәрежеге қояды, ал прокурордың қадағалау наразылығы алдын ала қарау процедурасын қажет етпейді.

Адвокаттардың, сотталғандардың, жәбірленушілердің және процестің басқа да қатысушыларының қадағалау инстанциясына берген қадағалау шағымдарын прокурорлардың наразылықтары сияқты тікелей қадағалау алқасында іс жүргізу шешімдерін қабылдай отырып қарау қажет.

9. Адвокаттың мемлекеттік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын құжаттарды талап ету құқықтары туралы мәселе заңнамалық түрде реттелсін.

10. Барлық сот органдарына қылмыстық, азаматтық, әкімшілік және өзге істер бойынша әділ сот төрелігін атқару кезінде адам құқықтары саласындағы ратификацияланған халықаралық келісім-шарттардың нормаларын кеңінен қолдану ұсынылсын.

11. Жұмыс істеп жүрген судьялардың олардың жұмыс өтіліне қарамастан 5 жылда бір рет міндетті біліктілігін көтеру курсына практикаға енгізу.

12. ҚР Үкіметіне «Тегін білікті заңгерлік көмек көрсету туралы» ҚР Заңының жобасын әзірлеу ұсынылсын.

Сот шешімдерін орындау сатысындағы адам құқықтары

Атқарушылық іс жүргізу сот ісін жүргізудің азаматтардың құқықтары іс жүзінде жүзеге асатын және бұзылған құқықтары қалпына келетін кезеңі болып табылады.

2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарының ұсынымдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 22 қыркүйектегі №1066 «Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 17 тамыздағы №1039 Жарлығын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау жөніндегі комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылып, оған атқарушылық құжаттардың уақтылы орындалуын қамтамасыз ету жүктелді.

Азаматтардың атқарушылық іс жүргізу саласындағы құқықтарын жүзеге асыру барша сот жүйесінің ажырамас бір бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау комитеті 2012 жылдың 12 айы ішіндегі облыстар мен Астана, Алматы қалаларының сот актілерін орындау, азаматтардың өтініштерін қарау жөніндегі департаменттерінің жұмысын талдады.

Талдау көрсеткендей, соңғы екі жылда республиканың сот орындаушыларының іс жүргізуіне келіп түскен атқарушы құжаттардың санының өсу үрдісі байқалады. 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда атқарушы құжаттардың санының өсуі 153 273 құжатты құрады, өсу 6,7% құрайды.

Тиісінше бір сот орындаушысына түсетін ай сайынғы жүктеменің ұлғаюы да байқалады, егер 2011 жылы бір сот орындаушыға атқарушылық құжаттың орташа есеппен ай сайынғы жүктемесі 61 құраса, есептік кезеңде 72 атқарушылық құжатты құрады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2012 жылы орындауда 1 977,3 млрд. теңге сомасындағы 1 248 856 атқарушылық құжат болды.

2011 жылдың осындай кезеңінде орындауда 1 555 млрд.теңге сомасында 1 095 583 атқарушылық құжат болды.

642,5 млрд.теңге сомасында 748 мың атқарушылық құжат немесе 59,9% өндірісте аяқталды, 2011 жылы 463,5 млрд.теңге сомасында 673 мың

атқарушылық құжат немесе 61,5% аяқталған болатын. Барлығы 82 млрд.теңге сомасында 609 300 құжат немесе 81,4% орындалды.

Қаржы министрлігінің қазынашылық комитетінің мәліметтері бойынша есептік кезеңде мемлекет табысына барлығы 973 953 324 теңге көлемінде атқарушылық санкция өндірілген (2011 жылы 1 013 918 504 теңге).

Сот актілерін орындау саласындағы жағдайды жақсарту мақсатында Комитет ағымдағы жылы мынадай мақсатты жұмыс жасады.

Атқарушылық өндіріс жүйесін жетілдіру мәселелері жөнінде заң жобасы әзірленді, ол сот актілерін орындау процедурасын жақсарту мен жемқорлықтық көріністерге ықпал ететін нормаларды болдырмауды қарастырады.

Атап айтқанда, заң жобасында мыналар ескерілген: сот шешімін орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті қатайту; сот шешімін орындауға кедергі келтіретін құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін айыппұл сомасы нақтыланды; атқарушылық іс жүргізу органдарына әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға құқық берілді; уәкілетті органдардың құқық бұзушының бюджетке айыппұлын төлемегені және зейнетақылық жарнасының жоқтығы туралы мәліметтерді беру міндеті белгіленді; борышын төлеуден бас тартушы борышқордың мерзімін ұзартқаны үшін төлету сомасынан әр күні үшін 0,1% мөлшерде пеня белгілеу; атқарушылық іс жүргізу қозғалған сәттен бастап ерікті орындаудың бесінші мерзімі жойылды; сот орындаушысының жеке бастамасымен атқарушылық әрекеттерді кейінге қалдыруға немесе атқарушылық іс жүргізуді тоқтату құқығы жойылды; сот орындаушысының атқарушылық әрекеттерді фото-бейне және аудиотіркеу құқығы нығайтылды; мемлекеттік тіркеуге жататын мүлікті табиғи берудегі шектеулерді, мүлікті бағалауға шағымдану мерзімдерін және сауда жүргізу тәртіптерін алып тастау, тәркіленген мүлікті мемлекет меншігіне ақысыз беру процедурасы, бұл бюджет қаражатының шығынын қысқартады.

Аталған заң жобасы Үкіметтің 2012 жылғы 30 қаңтардағы №1517 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Мемлекеттік сот орындаушыларының мәртебесін арттыру мақсатында сот орындаушыларының санатын арттыру бөлімінде әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің мәртебелерінің тізіміне өзгерістер енгізу арқылы мемлекеттік сот орындаушыларының материалдық қамтамасыз етілуін арттыру ұсынылды.

Бұл ұсынысты Қазақстан Республикасының Президенті қолдады (2012 жылғы 18 қазандағы № 4172 қарар).

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы «Мемлекеттік қызметкерлердің мәртебелерін оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №501 Жарлығының жобасы әзірленді.

Жарлық жобасын қабылдау мемлекеттік сот орындаушыларының жалақысын көтеруге және олардың кадрлық құрамын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде сот актілерінің орындалу тиімділігін арттыру мақсатында Комитеттің барлық өңірлік органдарында бұрын тек Жоғарғы Соттың электрондық жүйесінің құрамдас бөлігі болған «Атқарушылық өндірісті тіркеу және бақылаудың автоматтандырылған жүйесі» (АӨТБАЖ) енгізілді.

ҚР Президент Әкімшілігінің тапсырмасын орындауда, сонымен қатар, жауапкершілігі жоқ салушыларды төлету жөніндегі атқарушылық құжаттарды орындауды тіркеу мен бақылау мақсатында АӨТБАЖ жүйесінде «Үлескерлер» қолсалқы жүйе құрылды.

Сауда-саттыққа қойылған мүлік, сату мерзімдері, қайта сатулар, мүлік иесі, тәркіленген мүлікті тіркеу жөніндегі, облыстар бөлінісіндегі мүлікке тыйым салу туралы ақпаратты қамтитын «Мүлік мониторингі», «Мүлік – Конфискат», «Тәркілеу тізілімі», «Жылжымайтын мүлік тыйым салулары» қосалқы жүйелері құрылды.

Мемлекеттік статистикалық есеп-қисапты жетілдіру мақсатында АӨТБАЖ-дың ҚСЖАЕК «Шектеу» жүйесімен ықпалдасу жөніндегі жұмысы жүргізілуде.

2012 жылы 28 тамызда Сот актілерін орындау жөніндегі комитет Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетімен бірге Астана қаласы және Ақмола облысы бойынша сот актілерін орындау жөніндегі комитеттің департаменттері мен құқықтық статистика және арнайы есепке алу басқармаларында «Сот актілерін орындау жөніндегі жұмыс туралы» №4 есеп формасын оңтайландыру жөніндегі пилоттық жобаны жүргізу туралы» (әрі қарай - №4 есеп формасы) бірлескен бұйрыққа қол қойды.

Автоматтандырылған процестердің интеграциясы атқарушылық іс жүргізудің мониторингін жүргізуге және атқарушылық іс жүргізулерді тоқтату мен қайтару негіздерін талдауға, сонымен қатар атқарушылық құжаттың істердің әртүрлі санаттар бойынша қозғалысына, сот актілерін орындауды талдау мен бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігіне, кез келген уақыт ішінде статистикалық мәліметтерді құруға мүмкіндік береді.

2013 жылы сот актілерін орындау жөніндегі жүйелердің интеграциясын жүргізу барлық Республика бойынша жоспарланып отыр.

Сот актілерін өз уақытымен және сапалы орындауға ықпал етуге бағытталған бірлескен бұйрықтарға, меморандумдарға қол қою бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру жөніндегі жұмыс жалғасуда.

Ішкі істер органдарымен «Атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлерге тиесілі көлік құралдарын ұстау жөніндегі өзара іс-қимыл туралы» және «Сот актілерін қасақана орындамағаны үшін жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың басшыларын қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселелері бойынша материалдарды жолдау, қабылдау және қарау тәртібі туралы» бірлескен бұйрықтарға қол қойылды.

Әкімшілік айыппұлдарды төлету және материалдық зиянды өтеу жөніндегі бірлескен бұйрықтар мемлекеттік органдармен келісу кезеңінде тұр.

Бұл бұйрықтарда уәкілетті органдардың нақты әрекеттерін анықтайтын нормалар, ақпарат алмасу тәртібі, өзара әрекеттестіктің жоқтығына жауапкершілік бар.

Атқарушылық іс жүргізудің аумақтық органдарына әдістемелік көмек көрсету мақсатында істердің барлық санаттары бойынша ұсынымдар әзірленген.

Алматы және Астана қалаларының аумақтық департаменттерінде істердің жеке санаттары (мүліктік сипаттағы емес заңды тұлғалардың пайдасына мемлекет табысына өндіріп алу жөніндегі) бойынша атқарушылық құжаттарды орындаудың аумақтық бөлімдері құрылған. Айтарлықтай жеңіл санаттағы істерді орындауды жаңадан келген қызметкерлерге беруге, ал әлеуметтік-маңызды және іс жүргізудегі қиындарын айтарлықтай тәжірибелі сот орындаушыларына беруге мүмкіндік берді.

Сот орындаушыларының кәсіби деңгейін арттыру мақсатында аға сот орындаушыларын қызметке тағайындауда Комитетте сынақтан өтеді.

Департаменттердің қызметін бақылау мен талдау жасау үшін ведомстволық есептің жаңа формасы әзірленді, оған «Сот актілерін орындау жөніндегі жұмыс туралы» №4 форманың статистикалық есеп-қисабына ескерілмеген атқарушылық құжаттардың қайтарылу көрсеткіштері енгізілген.

Тұрақты негізде құжаттардың әртүрлі санаттарындағы сот актілерін орындау бойынша сот орындаушыларының жұмысын толық талдауға мүмкіндік беретін «Атқарушылық құжаттардың қайтарылуының негіздері» кестесі енгізілді.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, сот орындаушысының қызметінің тиімділігі басқа мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу тетігін жетілдіруге байланысты.

Ішкі істер органдарымен және басқа да уәкілетті органдармен бірге, соның ішінде салық органдарымен және прокуратура органдарымен іс-шараларды жандандыру жөніндегі шаралар қабылданған.

Республика бойынша мемлекет табысына өндіру жөніндегі акция кезеңінде 3,7 млрд.теңге қаражатына барлығы 105 368 атқарушылық құжат аяқталды, олардың ішінде 445,6 млн.теңге қаражатына 101 563 нақты атқарылды.

Осындай іс-шаралардың сөзсіз тиімділігін ескере отырып, 2013 жылы бұл бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

2012 жылы атқарушылық іс жүргізуді орындау барысында Сот актілерін орындау жөніндегі комитеттің аудандық бөлімдері 3 389 борышкерлерді әкімшілік жауапкершілікке тартты, ол 2011 жылмен (3215) салыстырғанда 674 (17,3%) борышкерге көбірек.

Сот актілерін қасақана орындамағаны үшін борышкерлерді қылмыстық жауапқа тарту туралы 1 653 материал ІО жіберілген, 2011 жылдың 12 айымен салыстырғанда (2011 жылы 1 342 борышкер) 18 % (311) көп.

2012 жылы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Сот актілерін орындау жөніндегі комитеттің қарауына азаматтар мен заңды тұлға өкілдерінен 4 023 арыз келіп түскен, оның ішінде 3 809 арыз қаралды. Олардың ішінде басым бөлігі мыналарды құрады: ақшалай төлем туралы сот актілерін орындау бойынша (2196 арыз), алимент төлеу бойынша (979 арыз), басқалар (404 арыз).

Сот актілерін орындау жөніндегі комитет арыздарды қарау жағдайын жақсарту бойынша шаралар қабылдап жатыр. Ағымдағы жылы бұл мәселе алқалар мен Комитеттің селекторлық отырыстарында қарауға бірнеше рет шығарылған болатын. Комитет Төрағасы азаматтарды сот шешімдерін орындамау мәселелері бойынша қабылдайды.

Жеке орындау институтын жетілдіру 2013 жылға арналған негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыру орындаушылық іс жүргізуді сапалық жаңа деңгейге көтеруге және азаматтардың құқықтарын толық қорғауға мүмкіндік береді.

Жеке сот орындаушылары институтын құрған кезден бастап жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына барлығы 685 лицензия берілді, олардың ішінде:

2011 жылы қағаз түрінде 454 лицензия берілді;

2012 жылы 231 лицензия берілді, оның ішінде 23 лицензия қағаз түрінде және 208 лицензия «Е-лицензиялау» мемлекеттік мәліметтер базасы арқылы электрондық құжат түрінде берілді.

2011 жылдың 11 наурызындағы Әділет министрінің №103 бұйрығы бойынша біртіндеп кіретін 400 бірліктегі жеке сот орындаушыларының жалпы сандық құрамы бекітілді.

Бүгінгі күні республика бойынша 211 жеке сот орындаушылары қызметін жүзеге асырады.

Жеке сот орындаушылары қызметтерін көбінесе Астана қ. – 46, Алматы қ. – 41, Қарағанды -19, Шығыс Қазақстан – 17, Қостанай - 16, Ақтөбе облыстарында -15 жүзеге асырады.

Талдау көрсетіп отырғандай, атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушыларына орындауға берудің өсуі байқалады.

2012 жылдың ішінде Астана, Алматы қалалары мен облыстардағы жеке сот орындаушылардың іс жүргізуінде 221 млрд.теңге сомасына 37 538 атқарушылық құжат орындалуда болды, 2011 жылдың барабар кезеңімен салыстырғанда 37 538 құжатқа көп (14,5 млрд.теңге сомасына 4766 құжат). Барлығы 89 млрд.теңгеге жуық сомасына 14 746 атқарушылық құжат аяқталды.

Сәйкесінше, бір жеке сот орындаушысына ай сайын 33-тен 177 дейін атқарушылық іс жүргізу жүктемесінің ұлғайғаны байқалады.

Жеке орындауға қабылданған 37 538 құжаттар ішінде мынадай санаттарды құрайды:

заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік қызметпен айналысатын адамдардың мүдделері – 203 млрд.теңгеден көп сомада 27 936 құжат, 77% құрайды;

мемлекет пайдасына төлету – 8,5 млрд. теңге сомада 7 269 құжат немесе 20,1%;

азаматтардың пайдасына төлету – 18 млрд.теңге сомада 8 602 құжат немесе 23%, олардың ішінде кәмелетке толмаған балалардың пайдасына алименттік төлеу бойынша 248 құжат. Бұл жеке орындаушылардың іс жүргізуінде жатқан өндірістегі ең төменгі әлеуметтік қорғалмаған санат.

Қозғалған орындаушылық іс жүргізудің ең көп саны Алматы қ. (6 569), Астана қ. (5 228), Қостанай (4 603), Атырау (3 472) және Ақтөбе (3 461) облыстарында байқалады.

Жеке сот орындаушыларының жұмысының негізгі көрсеткіштерінің бірі атқарушылық құжаттардың шынайы орындалуы болып табылады.

Есептік кезеңде жеке сот орындаушылары толық көлемде 12 млрд.теңге сомасында 9 372 атқарушылық құжатты орындады, 2011 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8 146 құжатқа көп (972 млн.теңге сомасында 1 226 құжат).

Орындаудың ең жақсы көрсеткіштері Алматы қ. – 1 906, Атырау -1 720, Ақтөбе – 1 242, Астана қ. – 1 149, Қостанай – 881 облыстарында байқалады.

Жеке сот орындаушылары борышкерлерге ҚР аумағынан шығуға шектеу қою сияқты шараларды қолданады.

«Беркут» БАЖ болжамды мәліметтері бойынша, жеке сот орындаушылары 2 768 тыйым салынған.

Шығуға тыйым салу бойынша «Беркут» базасына берілген карточкалардың көп саны Астана қ. – 819, Алматы қ. – 374, Павлодар – 276, Оңтүстік Қазақстан – 186, Ақтөбе – 183, Маңғыстау – 175 облыстарында байқалады.

Борышкерлердің мүліктерін ақшаға айналдыру атқарушылық құжаттарды орындаудың тиімді амалдарының бірі болып табылады. Мүлікті ақшаға айналдыру жөніндегі процессуалдық әрекеттер сот шешімі бойынша борышкерлер болып табылатын адамдарға қамтамасыз ету мен әсер етудің негізгі шарасы болып табылады.

2012 жылы жеке сот орындаушылары барлығы 16,5 млрд.теңгеден көп сомада 3 431 мүлікке тыйым салды. Олардың ішінде ағылшын әдісі бойынша жария саудада 617 млн.теңгеге 83 бірлік мүлік ақшаға айналдырылды, голландық әдіс бойынша 1,7 млрд.теңге сомасына 308 бірлік сатылды. Табиғи мүліктің 1,1 млрд. теңге сомасындағы 115 бірлігі талап етушіге берілді.

Жеке сот орындаушыларының институтын одан әрі жетілдіру үшін мынадай шаралар қабылданды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 ақпандағы № 273 қаулысында бекітілген жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін Мемлекеттік қызмет көрсетулер тізіліміне жеке сот орындаушысы қызметімен айналысу құқығына лицензия беру қызметтерін қосумен байланысты Үкіметтің 30.07.2012 ж. № 1000 қаулысы бойынша «Жеке сот орындаушысының қызметімен айналасу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» мемлекеттік қызмет стандартын бекітілді. туралы

Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты бекітілді, Әділет министрінің 2012 жылғы 24 тамыздағы № 292 «Жеке сот орындаушысының қызметімен айналасу құқығына лицензия беру, қайта ресімдеу, лицензияның телнұсқаларын беру» электрондық мемлекеттік қызмет регламенті бекітілді.

Жеке сот орындаушысы қызметімен айналысуға әкімшілік кедергілерді жою мақсатында 2012 жылғы 27 сәуірдегі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, олқылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, сынақтан өтпестен және біліктілік емтиханын тапсырмастан лицензия алу құқығына он жылдан кем емес еңбек өтілі бар құқық қорғау органдарының қызметкерлері ие; облыстарға дейін жеке сот орындаушыларының қызметінің аумағы кеңейді; жеке сот орындаушылары мемлекет пайдасына төлету туралы атқарушылық құжаттарды орындау құқығын алды.

Жоғарыда аталған заң жобасының аясында өзгертулер енгізілді, атап айтқанда, жеке сот орындаушыларының сандық құрамы мен олардың әрекет етуінің аумағының шектелуі жойылады; бос лауазымға тағайындау барысында конкурстан өту нормалары, жеке сот орындаушыларының арнайы сауда ұйымдары арқылы мүлікті ақшаға айналдыру міндеттерін бекіту және бақылау мен мониторинг үшін уәкілетті органға мүлік туралы ақпарат беру.

Онымен қоса, істердің барлық санаттарындағы атқарушылық құжаттарды орындауда жеке сот орындаушыларды материалдық ынталандыру мақсатында өндіріп алынатын сомадан түсетін комиссия мөлшері мен өндіру жеңілдігіне (3-25%) байланысты төмендеуші/кемімелі мөлшерлеме қарастырылған. Жеке орындау жұмыс істейтін елдермен тәжірибе алмасы мәселелері, жүйе тиімділігі мен жеке сот орындаушыларының қызметінде кездесетін проблемалар, борышкерлерге әсер ету шаралары, ақпараттық жүйе бойынша Бүкіләлемдік банк өкілдерімен консультациялар тұрақты негізде жүргізіледі.

Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру және мемлекеттік сот атқарушыларының мәртебесін көтеру

Атқарушылық іс жүргізу органдарына орындауға келіп түскен атқарушылық құжаттар саны жыл сайын озық қарқынмен көбеюде. 2002 және 2012 жылдар аралығындағы кезеңде сот атқарушыларының орындауында болған атқарушылық іс жүргізу шамамен 2,5 есе өскен.

Қазіргі уақытта мемлекеттік сот орындаушыларының сот актілері бойынша өндіріп алуды тиімді жүзеге асыруына уәжділік проблемасы өткір тұр. Бұл ретте мемлекеттік сот орындаушысы жалақысының мөлшері мен олар орындап жатқан мүліктік сипаттағы атқарушылық құжаттар бойынша талаптар мөлшері арасында диссонанс бар. Аталған диссонанс атқарушылық іс жүргізу шеңберіндегі сыбайлас жемқорлық көріністердің болуына,

атқарушылық іс жүргізу жүйесінің еңбек нарығындағы төмен бәсекелестігіне, сот орындаушылары лауазымдарына сот актілерінің талаптарын іске асыру жөніндегі міндеттемелерін кәсіби және адал орындау үшін қажетті біліктілігі мен дағдысы бар адамдарды тарту үшін ынталандырудың болмауына, материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіз деңгейіне әкеп соғады.

Сот орындаушыларының дәлелдемесі, ең алдымен, тиісті лауазымдарды әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің неғұрлым жоғары санатына көшіру мен материалдық және әлеуметтік кепілдіктер деңгейін көтеру арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сот орындаушыларының өз ісіне ынталы болу проблемаларын шешуге сот орындаушылары еңбегін ынталандырудың қосымша тетігін енгізу жағдай жасай алар еді, бұл халықаралық тәжірибе мысалында дәлелденген. Францияның, Польшаның, Словакияның, Германияның, Балтық елдерінің, Арменияның, Әзербайжанның, Беларусьтің және басқа елдердің мемлекеттік атқару жүйесінде сот орындаушылары әрбір жасалған атқарушылық іс-қимыл бойынша борышкердің қаражаты есебінен бекітілген жалақысымен қатар өндіріген сомасына қарай сыйлықақы алады.

Германиядағы мұндай ақы төлеу схемасы сот шешімдерінің 100 пайыздай дерлік орындалуына қол жеткізуге мүмкіндік берген. Бұл ретте қылмыстық жауапкершілікке бірде-бір сот орындаушысы тартылмаған.

Ұқсас тетіктің Қазақстанда енгізілуі мемлекеттік сот орындаушыларының кадрлік құрамын сапалы жақсартуға, республика бюджетіне түсімді арттыруға, мемлекеттің сот орындаушылары институтын ұстау шығындарын азайтуға және атқарушылық іс жүргізу органдарындағы сыбайлас жемқорлық проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Өндірілген қаражат есебінен сот орындаушысының мәртебесінің материалдық және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге, атқарушылық іс жүргізу органдарын орналастыруға арналған үй-жай, сондай-ақ қазіргі заманғы құрал-жабдықтар сатып алуға болады және осылайша атқарушылық іс жүргізу жүйесінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін көтеру үшін алғышарттар жасауға болады. Бұл ретте ерекше әлеуметтік маңызға ие, соның ішінде алименттер, жәрдемақылар, жалақылар және т.с.с. өндіріп алу жөніндегі сот шешімдерінің тиімді орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Қазақстан Республикасының Президенті 2009 жылғы 5 мамырдағы №32-36.125 қарарымен мақұлдаған 2009-2012 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары саласындағы ұлттық іс-қимыл жоспарында атқарушылық іс жүргізудің тиімділігін көтеру және осы саладағы адам құқықтарын неғұрлым толық қамтамасыз ету үшін озық халықаралық тәжірибені зерделеу негізінде сот орындаушыларының еңбегін материалдық ынталандырудың тетігін әзірлеп, енгізуді ұсынамыз.

ҚР-дағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл де (Омбудсмен) мемлекеттік сот орындаушыларының еңбегін борышкердің қаражаты есебінен ынталандыру саясатын қолдайтынын және заңнамада сот орындаушысына атқарушылық іс жүргізу аяқталғанда республикалық бюджетке аударылатын

атқарушылық санкцияның 3-5% мөлшеріндегі сыйлықақыны көздейтін норманы көздеуді ұсынатынын атап өткен жөн.

Бүгінгі таңда мемлекет мемлекеттік қызметшілердің беделі мен біліктілік деңгейін көтеруге жоғары мән береді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметінің жаңа моделі тұжырымдамасының 2,5 тармақшасына сәйкес, сапалы әрі тиімді еңбектің уәждемесі мемлекеттік қызметтегі еңбек қатынастарының маңызды, сондай-ақ мемлекеттік орган ұжымындағы қолайлы атмосфераны қамтамасыз ететін элементіне, аталған уәждеме элементінің біріне айналады, Тұжырымдама еңбек ақы төлеуді жетілдіруді анықтайды. Тұжырымдамада еңбек ақы төлеу мемлекеттік қызметшілерді уәждеу жүйесінде басты рөл атқарады, жаңа жүйеде еңбек ақы төлеу олардың жұмысын бағалауға негізделеді.

Сондай-ақ Тұжырымдамада былай көзделген: «барынша білікті және тиімді қызметкерлерді көтермелеу мақсатында мемлекеттік органда жеке сыйлықақы қорын құрған жөн, оны бөлу мемлекеттік қызметшілер жұмысының сапасын бағалауға негізделетін болады», яғни Мемлекет басшысы тұжырымдамалық негізін ұсынып, мемлекеттік қызметшілердің еңбек ақысын төлеудің басты принциптерінің негізін және оны қаржыландырудың арнайы көздерін құру мүмкіндіктерін қалады.

Сонымен бірге, республиканың атқарушылық іс жүргізуі тарихында 1998 жылға дейін сот орындаушыларының еңбек ақысын борышкерлерден нақты өндірген ақша қаражаты сомасынан сыйлықақы төлеу арқылы төлеу жүйесі қолданылды. Аталған еңбек ақы төлеу жүйесі сот орындаушысының жұмысына жоғары уәжді ықпал етті, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізудің материалдық базасын дамыту үшін қосымша көздер ұсынды. Бұл ретте сыйлықақы борышкерден өндірілген сомадан төленді, демек, республикалық бюджетке салмақ түскен жоқ.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қолданыстағы редакциясында сот актілері толық мәжбүрлі орындалғаннан кейін борышкерден өндірілген соманың немесе мүлік құнының не болмаса АЕК-ке есептелген төлемнің 10% құрайтын атқарушылық санкция өндірілуі тиіс екені көзделген. Өтелген сома бюджетке аударылады және шын мәнісінде борышкерлердің жауапкершілігін арттыратын және ерікті орындауды ынталандыратын құрал болып табылады.

Дейтұрғанмен, атқарушылық санкцияны өндірумен байланысты қосымша жүктеме қабылдауға уәждеменің жоқтығынан сот орындаушылары заң ұсынған құралды белсенді пайдаланбайды. Оның үстіне, атқарушылық санкцияны өндіру сыбайлас жемқорлық қылмыс жасау көзі болып табылады, өйткені атқарушылық санкцияны өндіру ерекшелігі сот орындаушысының тікелей күш салуын талап етеді. Олай болмаған жағдайда, басқа жаппай орындалмаған атқарушылық құжаттар ішінде өндіру кейінгі орынға қалады. Атқарушылық санкция өндірілген іс жүргізудің іс жүзіндегі саны олар өндірілуге тиіс істер санынан еселеп төмен.

Осылайша, атқарушылық іс жүргізу туралы қолданыстағы заңнама мемлекеттік сот орындаушысының жұмысын ынталандыруға арналған арнайы қорлар қалыптастырудың барлық қажетті құралдары мен көздеріне ие. Оның үстіне, атқарушылық санкция түрінде өндірілген қаражат сот орындаушысы еңбек ақысының көзінен басқа мемлекеттік сот орындаушылары жауапкершілігінің сақтандыру қорын құруға арналған қаражат та болып табылады. Бұл да өткір қажеттілік болып табылады әрі жеке және мемлекеттік сот орындаушыларын тең жағдайға қояды, атқарушылық іс жүргізу жағын да, мемлекет жағын да, мемлекеттік сот орындаушысын да мүмкін болатын қателіктерден және дұрыс орындамаудан болатын залалдан қауіпсіздендіреді.

Атқарушылық санкцияның мөлшері бюджеттік жоспарлау нысаны бола алмайды, өйткені сот орындаушылары өндіретін сомалар соттар қабылдаған шешімдерге қарай құбылады. Осыған байланысты, өндірілген 10% мөлшеріндегі атқарушылық санкцияны былай бөлген жөн деп ойлаймыз: 5% - республикалық бюджетке; 3% - еңбек ақы төлеуді ынталандыру қорына, 2% - атқарушылық іс жүргізу органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорына аудару керек.

Бұл ретте сот орындаушысы атқарушылық санкцияның мөлшеріне ықпал ете алмайды, өйткені санкция сот шешімімен анықталған сома шегінде өндіріледі. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлық құраушысының мүмкіндігі мен сот орындаушыларының өз өкілеттіктерін асыра пайдалану фактілеріне жол берілмейді.

Нәтижесінде, ұсынылған бастамаларды іске асыру атқарушылық іс жүргізу органдарының республикалық бюджеттен бөлінетін ақша қаражатына қажеттілігін төмендетуге мүмкіндік береді және Мемлекеттік қызметті одан әрі дамыту тұжырымдамасына сай болады, мемлекеттік сот орындаушысының мәртебесін көтерудің шынайы тетігі болады және сонымен қатар борышкерлердің жағдайын қиындатпайды, өйткені өндірілетін санкцияның мөлшері өзгермейді.

Аталған ұсыныстарды іске асыру атқарушылық санкцияны бөлу жүйесін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына түзетулер енгізу және «еңбек ақы төлеуді ынталандыру және атқарушылық іс жүргізу органдарын сақтандыру» қорларын құру және қаражаттарын бөлуді регламенттейтін арнайы заңға тәуелді актілер қабылдау арқылы өзгертуді талап етеді.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Талап қоюшыларға, әсіресе жалғыз басты аналарға алиментшілердің, сондай-ақ жасаған қылмысымен келтірген зиянды өтемеген сотталған адамның төлем қабілетсіздігі кезеңінде арнайы мемлекеттік жәрдемақы төлеудің тетігін әзірлеп, енгізілсін. Бұл ретте борышкерден мемлекеттің

жұмсаған шығынын регрессивті өтеу үшін әрі қарай талап ету құқығын белгілеу керек.

2. Мемлекеттік органдар мен республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мекемелердің сот актілерін орындау тәртібі өзгертілсін. Бұл мақсатта бюджеттік заңнамаға мемлекеттік мекемелерге өздерінің алдағы жылға арналған бюджетін жоспарлау кезінде өздерінің сот актілері бойынша міндеттемелерін өтеуге қаражат көздеуді міндеттейтін норма енгізу қажет.

3. Мемлекеттік мекемелердің бірінші басшыларының сот актілерінің орындалмағаны үшін жауапкершіліктерін заңнамалық түрде қарастырылсын.

4. Шет елдердің мәжбүрлеп атқару саласындағы практикасының тиімділігін ескере отырып, Қазақстан Республикасының атқару ісін жүргізу туралы заңнамасында борышкерді өз міндеттерін орындауға мәжбүрлеудің жанама шараларын қолдануды қарастыру қажет, олар мәжбүрлеп атқарудан едәуір өзгеше және атқару ісін жүргізудің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ол үшін астрэнт (тұрақты өсіп отыратын өсім) институтын енгізу қажет, бұл әділ сот ісін жүргізудің, атқару ісін жүргізу субъектілерінің құқығын қорғаудың тиімділігін арттыруға жағдай жасайды.

5. Заңнамалық түрде сот орындаушыларын әлеуметтік қорғау шараларын көздеу қарастырылсын. Сот орындаушыларының қызметін материалдық-техникалық, соның ішінде қызметтік автокөлікпен қамтамасыз етудің қажетті шаралары қабылдансын.

6. Сот атқарушыларының құқықтық мәдениетін көтеру жөніндегі семинарлар мен тренингтер жүйелі түрде жүргізілсін.

Сотталғандар құқықтары

Республиканың түзеу мекемелері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (ҚР ӘдМ ҚАЖК) қарамағында.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық-атқару заңнамасы қамаудағы және сот үкімімен бас бостандығынан айырылған адамдардың құқықтарын қорғайтын халықаралық стандарттардың көпшілігіне сәйкес келеді.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жаза қолданылған адамдардың құқықтық мәртебесі сотталғандардың басқа санаттарымен салыстырғанда барынша шектелген болып табылады. Бұл ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, қылмыстық-атқару заңнамасына толықтай сәйкес келеді. Адам құқықтары тек қана заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау мақсатында қаншалықты қажет шамамен шектелуі мүмкін. Мысалға, Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабына сәйкес сотталғандардың сайлау және сайлану, республикалық референдумға қатысу құқығы жоқ. Олар сол сияқты орын ауыстыру, тұратын жер таңдау және т.б. құқықтарында да шектелген. Алайда сотталғандар Қазақстан Республикасының азаматы бола отырып, әрбір адамға тиесілі табиғи құқықтарға ие,

олар: өмір сүру, денсаулығын қорғау, білім алу, сана мен діни сенім бостандығы, адамдық қадір-қасиетін құрметтеу, ана тілін пайдалану және т.б. құқықтарын қамтиды.

2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қылмыстық-атқарушылық жүйенің құрамына 76 түзеу мекемесі, 18 тергеу изоляторы, 240 қылмыстық-атқарушылық инспекция кіреді.

01.01.2013 жылғы жағдай бойынша тергеу изоляторларында **6632** тергеудегі-қамаудағы адам, түзеу мекемелерінде **42052** сотталған адам болған.

103 адам өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасын өтеуде.

Қылмыстық-атқарушылық инспекцияның есепке алуы бойынша 2012 жылы бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталған 3369 адам өткен.

Қазақстанның түрмедегі халқы тәуелсіздік жылдарында қысқарды, бірақ соған қарамастан әлі күнге дейін жоғары болып қалуда. Егер 1998 жылы Қазақстан түрме халқының саны бойынша әлемде үшінші орында болса, қазір 30 орында. Түзеу мекемелеріндегі халық саны бірде-бір рет 40 000 адамнан төмен түскен емес. 2012 жылғы ақпанда ол 44 803 адамды құрады (ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай рақымшылық жарияланғаннан кейін).

Түзеу мекемелері мен СИЗО-ларда 01.01.2013 жылғы жағдай бойынша **48 684** адам ұстауда, немесе 100000 халыққа шаққанда 338 адам. Халықаралық практикада коэффициент 100000 халыққа шаққанда 150 адамнан асқан кездегі цифр алаңдаушылық туғызады.

2012 жылы прокуратура органдары түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында 1 312 тексерулер жүргізді, нәтижесінде 5 739 заң бұзушылықтар айқындалды, соның ішінде 2 447 сотталғандардың конституциялық құқықтарының бұзылуы, айқындалған заң бұзушылықтар бойынша 581 заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізілген, нәтижесінде ҚР ІІМ қылмыстық-атқарушылық жүйесінің 1 153 лауазымды тұлғалары жауапкершілікке тартылған.

2 221 сотталғанның конституциялық құқықтары қорғалған, соның ішінде 2 171 түзеу колонияларында жазасын өтеп жүргендер, 50 – тергеу изоляторындағылар.

Прокуратура органдары тұрақты түрде сотталғандарды айыптық изоляторларға орналастырудың заңдылығын тексереді, нәтижесінде түзеу мекемелерінің қызметкерлері жіберетін заң бұзушылықтардың саны барынша азайған.

Қолданылып жатқан шараларға қарамастан, 2012 жылы прокурорлардың қаулысы бойынша түзеу мекемелерінің айыптық орындарында заңсыз орналастырылған 20 адамды босатылды.

Сонымен қатар, түзеу мекемелерінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 24-бабында кепілдік берілген жалақы алуға сотталғандардың құқығының бұзылуы да орын алған.

Еңбек кодексінің 23-бабының 2 бөлімінің 5 тармағына сәйкес, жұмыс беруші қызметкерге Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде, еңбек шартында, ұжымдық шартта, жұмыс берушінің актілерінде

көзделген жалақы мен өзге де төлемдерді уақтылы және толық мөлшерде төлеуге міндетті.

Алайда, заңнаманың көрсетілген талаптарын бұзуда «Еңбек» РМК кәсіпорындарында еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін, Солтүстік Қазақстан облысында түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан 188 сотталғандар бірнеше айлар ішінде жалпы сомада 4 557 713 теңге жалақысын алмаған, осыған байланысты сотталғандардың өз еңбегіне ақы алу құқығы бұзылған.

«Еңбек» РМК кәсіпорынның прокурорлық қабылданған шаралар бойынша 188 сотталғанның алдындағы жалақы бойынша берешек толығымен өтелді.

2012 жылы ҚАЖ Комитетінің мекемелерінде арнайы контингенттің арасында 44 суицид фактісі болған, соның ішінде тергеу изоляторларында – 16, түзеу мекемелерінде – 28 фактісі. 2011 жылмен салыстырғанда республика бойынша суицидтен өлім деңгейінің 24,1%-ға төмендеуіне қарамастан, облыстарда бұл көрсеткіштің өсуі байқалады.

Тергеу изоляторларында жасалынған суицидтің саны екі есеге жуық 9-дан 16 фактіге дейін өскенін айта кеткен жөн. Сонымен қатар, ҚР ІІМ ҚАЖК мекемелерінде 2012 жылы тұтқынға алынғандардың өздеріне денелік зақым келтірудің 258 фактілері орын алған, оған 320 адам қатысқан, өздеріне топтық денелік зақым келтірудің 39 фактісі тіркелген, оған 109 адам қатысқан.

Қылмыстық-атқарушылық жүйесінің мекемелерінде медициналық көмек көрсету сапасын арттыру мақсатында Ішкі істер және Денсаулық сақтау министрліктері ІІМ ҚАЖ мекемелеріндегі туберкулез бен АИТВ-инфекцияны алдын алу, емдеу, диагностикасы бойынша іс-шаралардың кешенді жоспарын, ҚАЖ мекемелерінен босатылған емдеу курсы аяқталмаған белсенді түрде туберкулез ауру бар науқастарын емдеу, қадағалау және диспансерлік есепке алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді.

ҚАЖ аумақтық департаменттері мен денсаулық сақтаудың жергілікті органдарының басқармаларымен бірге, ЖИТС-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөнінде өңірлік орталықтармен бірлесе отырып ҚАЖ мекемелерінде туберкулезге қарсы және АИТВ-инфекцияға қарсы емдеу-профилактикалық іс-шаралар жүргізу жөніндегі бірлескен жоспарларды бекітті.

Ақшалай қаражатты тиімсіз және мақсатсыз қолдану фактілерін болдырмау мақсатында 2011 жылдан бастап ҚАЖ мекемелері үшін туберкулезге қарсы препараттарды сатып алу орталықтанған түрде бірыңғай дистрибьютор – «СК-Фармация» ЖШС арқылы жүргізіледі.

Жыл сайын денсаулық сақтаудың аудандық органдарынан кәсіби мамандарды шақыру арқылы сотталғандарды профилактикалық қараудан өткізеді, консультативтік және мамандандырылған көмек көрсетіледі, қосымша тексерістерден өткізеді.

Дәрілік препараттармен үздіксіз қамтамасыз ету, сотталғандардың коммуналдық-тұрмыстық жағдайларын мен тамақтануын жақсарту жөніндегі қабылданған шаралар ҚАЖ мекемелеріндегі өлім-жітімнің жалпы деңгейін 434 жағдайдан (2010 жылы) 233 жағдайға (2012 жылы) дейін 2 есе төмендетуге мүмкіндік берді, оның ішінде туберкулезден 138 жағдайдан (2010 жылы) 60 жағдайға дейін (2012 жылы) азайды.

Туберкулезбен ауыратын науқастардың саны 2 438-ден (2010 жылы) 1 736-ға дейін (2012 жылы) едәуір төмендегені байқалады, соның ішінде туберкулезбен аурудың жаңа жағдайларында 986-дан (2010 жылы) 629 дейін (2012 жылы).

Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемелері үшін медициналық құрал-жабдықтарды алу үшін ақпараттық-білім материалдарын дайындау мен тарату үшін қаржы бөлінген (2011 жылы – 1 млрд. 091 млн. теңге, 2012 жылы – 1 млрд. 044 млн. 503 мың теңге, 2013 жылы - 1 млрд. 163 млн. 168 мың теңге және жыл сайын 3 млн. 616 мың теңгеден). Жоғарыда аталған Бағдарламаның аясында флюорографиялық орнатулар, рентгентаппараттары, ЭКГ-аппараттар, биологиялық қауіпсіздік шкафтары, биохимиялық анализаторлар, дефибрилляторлар және т.б. алынды.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған Бағдарламаның аясында 3 млн. 102 мың теңге сомасына тергеулік-тұтқындалған және сотталғандардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған ақпараттық материалдар басылып, таралған, соның ішінде туберкулез және АИТВ/ЖИТС профилактикасы бойынша мәселелер бойынша.

АИТВ жұқпалы аурулылардың қосалқы және оппортунистік ауруларын химиофилактикалау мақсатында ҚАЖ мекемелерінің медициналық бөлімдері микробқа қарсы, қышымаға қарсы және вирусқа қарсы препараттарды жетерліктей сатып алуда. Сотталғандар мен тергеуге тұтқындалғандарды асырау жағдайларын халықаралық стандарттарға әрі қарай жақындастыру мен Ең төменгі стандарттық ережелердің талаптарына сәйкес арнайы контингентті ұстау үшін тиісті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық-атқарушылық жүйе мекемелеріндегі адамдарды тазалық пен денсаулығын ұстану қажетті әжетхана жабдықтарымен, әйелдерді қазіргі заманғы санитарлық-гигиеналық жабдықтармен қамту жөніндегі нормаларға өзгерістер енгізілген.

2012 жылы 007 «Қылмыстық-атқарушылық жүйенің объектілерінің құрылысы мен қайта құруы» бағдарламасы бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес, келесі объектілер бойынша жалпы 2 125,0 млн.теңге сомасында 2 мекеменің қайта құру бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді:

«Орал қаласындағы РУ-170/3 мекемесін қайта құру» - 2012 жылға 871 000,0 мың теңге бөлінді (жеке камерада ұстау, 2013 жылы аяқтау).

«Қызылорда қаласының ЗК-169/5 мекемесін қайта құру» - 2012 жылға 1 254 000 мың теңге қаржы бөлінді (жеке камерада ұстау, 2013 жылы аяқтау).

Босатылып жатқан сотталғандардың қайта әлеуметтенуі және азаматтық қоғам мен мемлекеттің бірлескен күшімен олардың құқықтарын қорғау

«Қылмыстық реформалар мониторингі және адам құқықтары жөніндегі комитет» ҚБ мен ОА Халықаралық түрме реформасының өкілдігінің бірлесе жасаған жобасы Павлодар облысындағы түзеу мекемелеріндегі сотталғандарды босатуға даярлаумен жағдайды, оларды қайта әлеуметтендіру үшін қандай жұмыс жүргізілуде, қылмыстық жазасын өтеген сотталғандарды қоғаммен қайта интеграциялау процесі қалай жоспарлануда екенін, қылмыстық-атқарушылық жүйеден басқа бұл жұмысқа қандай мемлекеттік органдар жұмылдырылғандығын зерттеуге бағытталған.

Алғашқы жобалық іс-шаралар ҚР жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның сарапшылары «Қылмыстық реформалар мониторингі және адам құқықтары жөніндегі комитет» ҚБ төрайымы Светлана Ковлягинамен бастамасымен бірге 4 түзеу мекемелері мен тергеу изоляторына баруы және алдағы 3-6 айда жазасын өтеу мерзімінің аяқталуы немесе шырты түрде ерте босатылатын сотталғандардың тізімін алу болды. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жатқан 30 сотталушылар бар (шаруашылық отряд) барлық түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторында штатта сотталушыларды босату кезеңіне даярлаумен жұмыс жасау міндеті жүктелген ЕТҚ (Еңбектік және тұрмыстық құрылыс) инспекторлары лауазымы бар.

ЕТҚ инспекторлары босатылатын сотталғандардың тізімін жергілікті атқарушылық органдардың әлеуметтік қорғау бөлімдеріне жібере отырып, олармен бірлесе жұмыс істейді. Мұндай тізімдер сотталғанның босатылғаннан кейінгі қажеттіліктерін көрсетпейді, яғни сотталған адам босатылғаннан кейін қандай әлеуметтік көмекке мұқтаж екендігі туралы ақпарат берілмейді.

Осыған орай, сотталғандардың босатылып шыққаннан кейінгі қажеттіліктерін анықтау үшін сауалнама жасалынып, босатылуға ұмтылып отырған сотталғандардың арасында сауалнамалық сұрау жүргізілді. Сауалдамаға 50 сотталушы қатысты.

Сауалнамалық сұраудың нәтижелері сотталғандар босатылып шыққаннан кейін қандай ұйымдарға көмек сұрап жүгінуге болатынын білетіндігін көрсетті, бұл түзеу мекемелеріндегі ақпараттық жұмыс тиісті дәрежеде жүргізіліп жатқандығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Жақын арада бостандыққа шығатын сотталушылардың арасында автослесарьлер, ағаш ұсталары, тас қалаушылар, сылақшылар, әмбебап токарьлер, жүргізушілер, кең бейінді шебер-құрылысшылар, яғни еңбек нарығында сұранысқа ие мамандар бар екендігін сауалдама көрсетті, бірақ олардың кейбіреулері босатылып шыққаннан кейін еңбекке орналасуда ғана емес, уақытша баспана мен тіркелуге ие болу үшін де көмекке мұқтаж.

Сотталғанның босатылғаннан кейінгі әлеуметтік қажеттіліктерін ескеру үшін білімі, жұмыс тәжірибесі, еңбектік дағдылары мен бостандықтағы өмірге тезіреу бейімделу үшін әлеуметтік қажеттіліктері туралы ақпарат бар «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамды әлеуметтік сүйемелдеу картасы» әзірленді. «Әлеуметтік сүйемелдеу картасы» босатуға жіберерден алдын сотталғандармен болатын әңгімеде толтырылды. Барлығы 78 толтырылған карталар алынды, оларды талдау босатылуға жіберілетін сотталғандардың негізгі бөлігі әлеуметтік көмекке мұқтаж емес екендігін көрсетті, себебі отбасылық байланыстарды ұстанады және босатылып шыққаннан кейін туысқандарының көмегіне сенеді.

Сонымен қоса, босатылуға жіберіліп жатқан сотталғандармен жұмыс істеу барысында күрделі проблемалар да анықталды. Ең алдымен, түзеу мекемелерінде куәландыратын құжаттары жоқ сотталғандардың болуы, сонымен қатар, ескі паспорттары бар (КСРО азаматы) сотталғандардың болуы, бұл босатылғаннан кейін қоғаммен қайта интеграциялануы үшін күрделі кедергі болып табылады. Мамыр айында АП-162/5 (тубколония) мекемесінен 1972 жылғы К. жазалау мерзімінің бітуімен босатылды. Бас бостандығынан айыру орындарында өткізген 12 жылдың ішінде оны құжаттандырмаған және ескі паспортымен (КСРО азаматы) бостандыққа жіберген. Куәландыратын құжаттың жоқтығы Павлодар қ. Тіркеуге және туберкулезбен ауыратын науқас ретінде оған әлеуметтік көмек алуға мүмкіндік бермеді. Ұзақ уақыт бойы К. құжаттандырылмағандығының себебін анықтауда АП-162/5 мекемесі әкімшілігінің өкілдері К. сот үкімінде Ресей Федерациясының азаматы деп көрсетілгендігін айтты. АП-162/5 мекемесі әкімшілігі К.-ға куәландыратын жаңа құжат рәсімдеу бойынша қандай да бір жұмыстың жүргізілгендігі туралы ешқандай дәлелдемелер бере алмады. АП-162/5 мекемесі әкімшілігінің кінәсінен бұрынғы сотталушы бостандыққа ешқандай құжатсыз, тек босатылғандығы туралы анықтамамен шыққан. Қазіргі кезде К. қиын өмірлік жағдайда тұр: жеке басын куәландыратын құжат ала алмайды, себебі Павлодар қ. Тіркеуде жоқ, куәландыратын құжаты болмағандықтан ол тіркеле де алмайды.

Уақытша тіркеу мен құжат алу проблемасы К. бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін тек тамақ пен баспана ғана беріп қоймай, жеке басын куәландыратын құжат алуда, жұмысқа орналасуда көмек көрсететін Павлодар адаптациялық баспана-орталығында шешуге дайын, ол үшін Орталықта уақытша тіркеледі. Бірақ проблема К. туберкулезбен ауыратындығында, туберкулезбен ауыратындарды Орталық қабылдамайды. Қазан айында К. Облыстық туберкулезге қарсы диспансерде емдеу курсы аяқтайды және емдеу нәтижелеріне және оған қойылған диагнозға байланысты оны Адаптациялық орталыққа қабылдау мәселесі шешілетін болады.

Бұрынғы сотталушы К. болған жағдай түзеу мекемелері босатылайын деп жатқан сотталушыларды құжаттандыру жөніндегі жұмысқа қаншалықты жауапты қарау керектігін көрсетіп отыр. Сотталушыларды құжаттандырумен байланысты жағдай туралы толық ақпарат алу үшін Павлодар облысының

ҚАЖ Департаментіне жеке басын куәландыратын құжаты жоқ, ескі төлқұжаты бар сотталғандардың саны мен 2012 жылы түзеу мекемелері бойынша бөліністегі босатылып шыққан сотталушылардың саны туралы жазбаша сұрау жіберілді. Сотталғандарды құжаттандыру барысында түзеу мекемелері кезігетін проблема туралы ресми ақпарат алғаннан кейін түбегейлі зерттелініп, талдау жасалынады, талдау нәтижелері қорытынды есепте берілетін болады.

Жобаны жүзеге асыру барысында бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан әрбір сотталушы кезігуі мүмкін болатын басқа проблема да айқындалды – бұл жақын туысқандарының қайтыс болғанынан кейінгі мұраны рәсімдеу және қабылдау. АП-162/4 Мекемесінде сотталған З. 2012 жылдың 3 наурызынан бастап мұраны қабылдау туралы өтінішті нотариуске беру үшін қажетті анасының өлімі туралы куәліктің көшірмесін ала алмай жатыр. АП-162/4 Мекемесінің Әкімшілігі бірнеше рет АХАЖ органдарына жазбаша сұраулар жіберді, бірақ қазіргі уақытқа дейін ешқандай жауап келген жоқ. Мұраны рәсімдеу және қабылдау мәселесін сотталушы адвокат жалдау арқылы шеше алады, алайда оның адвокат қызметін төлеуге қаржылай мүмкіндігі бар болса ғана. Сотталушы З. мұраны қабылдаудың алты айлық мерзімін өткізіп алды және бұл мерзімді сот арқылы қалпына келтіруге тура келеді. Сотталушы З-ға заңгерлік көмек көрсету аясында Әділет басқармасы бас бостандығынан айыру орындарында болған З-ның мұра мәселесімен жеке өзі айналысу мүмкіндігінен айырылғандықтан З. анасының өлімі туралы куәліктің көшірмесін беру туралы сұрау жіберді.

Жоба аясында бұрынғы сотталғандардың қайта әлеуметтенуі мен әлеуметтік бейімделуі саласындағы жергілікті нормативтік құқықтық актілерді талдау жүргізілді. 2012 ж. маусымда Павлодар қ. әкімі «Павлодар қаласында қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғаларды және кәмелетке толмаған интернаттық ұйымдар түлектері үшін жұмыс орындар квотасын белгілеу туралы» қаулы қабылдағанын талдау көрсетті. Аталған қаулы бойынша бұрынғы сотталушылар үшін жалпы жұмыс орындарынан 1 пайыз мөлшерде жұмыс орындар квотасы белгіленген. Оған қоса, бұл қаулы жұмыс берушілерге заңдық жағынан міндетті болып табылмайды, ешқандай санкцияны орындамағаны жұмыс берушілерге еш әсер етпейді, сол себепті бұрынғы сотталғандардың жұмысқа орналасу мәселесін шешпейді. Бұрынғы сотталғандар үшін жұмыс орындарын квоталау мәселесін жұмыс берушілерге белгілі бір жеңілдіктер беру арқылы, мысалы салық жеңілдігі заң шығарушы деңгейінде шешу қажет, бұл оларды бұрынғы сотталғандар үшін жұмыс орындарын құруға ынталандыруға мүмкіндік береді.

Сотталғандар мен жазасын өтеген адамдардың қайта әлеуметтенуінің психологиялық аспектілері

Түзеу мекемелерінің тәжірибесін зерттеу сотталушыларды жазасын өтеуге, сонымен қатар бостандықтағы өмірге психологиялық даярлау жөніндегі арнайы жұмыс жүргізу қажеттігіне сендіреді.

Психологиялық даярлық мәні ерекше өсті, практикалық даярлаумен қатар (соның негізінде) сотталушыны түзеу мен қайта тәрбиелеу процесінде бастапқы және аяқтаушы түйін болып табылатын жаңа жағдайлардағы өмірге психологиялық даярлауды жүзеге асырудың қажеттілігі анықталды.

Психологиялық даярлау сотталушылардың жұмылдырылуының, еңбектің, өмірдің, тұрмыстың жаңа жағдайларына сәйкес келетін олардың дағдыларының, психологиялық жағдайларының жандандырылуының амалы болып табылады. Мақсатты әсер етулердің нәтижесінде сотталушының іс-әрекетінің стратегиялық жоспары мен оны жаңа жағдайда жүзеге асыруға психологиялық дайындығы қалыптасады, ол оның жаңа әлеуметтік ортаға жалдам енуі мен ішкі қайшылық пен шиеленісті жоюға күш кетірусіз әрекет етуін қамтамасыз етеді.

Сотталғандардың психологиялық даярлығын ажырату қажет:

- 1) қоғамнан алшақтау арқылы қылмыстық жазасын өтеуге;
- 2) бір немесе басқа түзеу мекемелерінің ішінде ауысумен немесе бір колониядан басқа режимдегі колонияға, колониядан түрмеге, сондай-ақ түрмеден колонияға ауысумен байланысты ұстаудың өзгерген жағдайларына;
- 3) еңбекке міндетті түрде жұмылдыру арқылы бас бостандығынан айырмай қылмыстық жазасын өтеуге;
- 4) жазадан босатумен байланысты бостандықтағы өмірге.

Түзеу мекемелерінен босатылғандардың бостандықтағы өмірге психологиялық даярлығының қажеттігі бас бостандығынан айыру орындарының бостандықтағы өмірден түбегейлі өзгешелігімен шартталады.

Оның негізгі бағыттары: адал өндірістік еңбекке даярлық; қазіргі заманғы қоғам жағдайындағы өмірге даярлық; еңбек ұжымындағы өмір мен жұмысқа даярлау; отбасындағы өмірге даярлау; өзін-өзі тәрбиелеумен айналысу ниеті мен дағдысын жандандыру.

Босатылуға психологиялық даярлықтың маңызды бағыты өмірлік жоспарда жүзеге асырылатын қоғамдық құнды перспективаларды қалыптастыру болып табылады.

Қазақстандық зерттеуші Л. Қайырбаева жүргізген бірнеше рет сотталған адамдарды зерттеу көрсеткендей, соңғы босатылардан алдын олардың келесі жеке жоспарлары болған: қызықты жұмысқа орналасу; мектепте (ЖОО-да) оқуын жалғастыру; отбасылық мәселелерді шешу. Алайда жартысы ғана өмірлік жоспарларын жүзеге асыра алды. Сотталғандар бұл жағдайды объективтік факторлармен ақтауға тырысты: жұмысқа орналасудағы қиындықтар, достардың теріс әсері, айналадағылардың сенімсіздігі, алайда субъективтік фактор да аз рөл атқармайды – түзеу мен қайта тәрбиелеу процесінде жойылмаған олардың әлсіз эмоциялық-жігерлік тұрақтылығы, тәрбиесіздігі және басқа да теріс қасиеттер.

Сұралғандардың әрбір екіншісі еркін азаматтардың еңбек ұжымының талаптарын қабылдауға психологиялық дайын болмағандықтан, бірнеше

жұмыс орнын ауыстырған. Біраз бөлігі қайтадан қылмыс жасауға ықпал еткен қолайсыз жақын ортасы мен жеке кемшіліктерімен байланысты өнегелік-психологиялық факторларды көрсетті. Сол себепті психологиялық даярлықтың айтарлықтай маңызды мәселелері мыналар болып табылады: өз бетінше шешім қабылдау мен әрекет етулерге даярлықты қалыптастыру және адал өмір жолында кездесетін ішкі субъективтік қиындықтарды жеңу.

Босап шығуға психологиялық даярлықтың қажетті шарты сотталғанның өзін-өзі бағалауы мен әрекеттену деңгейінің өзгеруі болып табылады. Сотталғанға оның әлеуметтік мәртебесін қалпына келтіру жолын көрсету қажет.

Алдын ала психологиялық даярлық сотталушының колонияға келуінің бірінші күнінен бастап жазасын өтеудің барлық мерзімі бойына жалғасады. Ол сотталғандармен жүргізілетін барлық тәрбиелік жұмыс жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Тікелей психологиялық даярлық босатылуға дейінгі 2-3 ай бұрын жүзеге асырылады және босатылатын күні қорытынды әңгімемен аяқталады. Сотталғанды бостандықтағы өмірге психологиялық даярлау барысында сотталғанның жеке қасиеттерін ескере отырып мүмкін болатын шиеленістік жағдайларды нақты әрі анық ескеру қажет.

Сотталғандардың жалпы және арнайы психологиялық дайындығын бөліп қарастырады. Жалпы психологиялық даярлық сотталғандарды түзеу мен қайта тәрбиелеу процесінің ажырамас бөлігі және тұлғаға кеңірек әсер етудің әдісі болып табылады. Оның жеке және топтық әсер ету түрлерін ажырату қалыптасқан.

Жеке психологиялық әсер ету жеке тұлғаға оның ішкі мүмкіндіктеріне үңіле отырып жүзеге асырылады. Мұндай әсер етудің табысы түзеу мекемелерінің әкімшілігінің сотталған адаммен психологиялық байланыс орнату және өзіне тарту арқылы сотталған үшін маңызды бас бостандығынан айыру факторлары мен құндылықтық бағдарлар саласындағы өзгерістерді, оның «психологиялық қорғану» тетіктерін жоя алуын білуіне байланысты.

Топтың психологиялық әсер етуде әлеуметтік-әрекеттік тиімділікке психологтың ұйымдастыруымен және бағдарлауымен сотталғандардың бір-бірімен өзара әсер етуі арқылы жетеді. Ол үшін ең алдымен, осы мақсатта олардың қызығушылығын, өмірлік тағдырлары мен келешектерінің ұқсастықтарын пайдалана отырып, психологиялық әсер етуге тартатын адамдарды (10-12 адам) біріктіріп ұйымдастыру қажет. Мұндай ұжымда психологиялық әсер етудің негізгі факторы қоғамдық және ұжымдық (топтық) көңіл-күй, ал әсер етудің тетіктері – сендіру мен пікір болып табылады.

Арнайы психологиялық даярлықтың тұлғаға әсер етудің нақты және тар міндеттері бар: психикалық тұрақтылықты қалыптастыру; психопатологияның туындауы мен дамуының алдын алу. Ол мәні жағынан сотталғандармен психогигиеналық жұмыспен ұқсас. Арнайы психологиялық әсер етудің едәуір таралған және қолжетімді әдістері психотерапевтік, психопрофилактикалық әңгімелер және сендіру (суггестия) болып табылады.

Психопрофилактикалық және психотерапевтік әңгімелер сотталғандардың жеке және топтың ерекшеліктерін ескере отырып алдын ала

әзірленген жоспар бойынша жүргізіледі. Онымен қоса, әңгімелесу барысында сотталғандардың олардың өмірлерінің алдағы жағдайларымен таныстығы көрініс табуы керек. Түзеу мекемелерінен босатылып шығумен байланысты сотталғандармен жүргізілетін әңгімелесулердің жоспарларына мыналарды қосқан жөн: босату тәртібі туралы ақпарат; тіркеу ережелері туралы танысу; жұмысқа орналасу бойынша консультациялар; отбасындағы байланыстарды қалпына келтіру мәселелері; оқуды қалай және қайда жалғастыру; еркін азаматтар тарапынан босатылып шыққанға деген сенімсіздік пен үрейлі қатынас жағдайында өзін қалай ұстау қажеттігі және т.б.

Психопрофилактикалық және психотерапевтік әңгімелер жеке немесе бір-бірін жақсы білетін, тұлғаның психикалық жүйесі бойынша жақын сотталғандар тобында жүргізіледі. Мұндай топтарда өзара ашықтық қатынастары және нақты мысалдарда өмірлік жағдайда қандай да бір қиындықтардан дұрыс жолды айта білу тәрбиеші рөлінің (психолог, психотерапевт) жеңіл қалыптасады. Тұйық және тез жәбірленгіш сотталғандармен көбінесе жеке әңгімелер жүргізген жөн.

Сендіру әдісі түзеу мекемесіндегі тәрбие барысындағы негізгі болып табылады. Ол мемлекеттік сендіру аясында қолданылатын болғандықтан белгілі бір ерекшелікке ие және сотталушы оны психологиялық жағынан кейде теріс қабылдайды. Сендіру әдісі ауызша (түсіндіру, талқылау, т.б.) және әрекеттік (тәрбиелеушінің өз мысалы түрінде) құралдарды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі әсер ету құралы – сөз арқылы көндіру әдісі сотталушыға жаңа жағдайдағы өмірге психологиялық даярлықта сәтті көмектесуі мүмкін. Сендіруге қарағанда көндіру – көндіруші тұлғаның беделділігінің арқасында тәрбиелеуші ақпаратты сотталушының сынсыз қабылдауына негізделген психологиялық әсер ету. Бірақ сотталушыға тікелей сөзбен әсер етуден гөрі еліктеу үлгілерін құру арқылы жанама көндіруді де қолдану қажет.

Әрекетін түзеу әдістері – олар тұлғаның теріс қасиеттерін тежейді және оң қасиеттерінің дамуын ынталандырады. Бұл әдістерге ынталандыру (марапаттау) және тежеу әдісі (жаза) жатқызылады.

Аталған әдістердің әрбірі амалдар тобын біріктіреді:

1. Сендіру әдісі – түсіндіру, баяндау, талқылау, ақыл бері, ирония, қалжың, көндіру, мысал.

2. Ынталандыру әдісі (марапаттау) – қолдау, мақтау, сенім, ризашылық, келешекті ұйымдастыру, жазаны кейінге қалдыру, өтелмеген жазаның бөлігін жұмсақ түріне ауыстыру, жазадан шартты-мерзімінен бұрын босату, кешірім беру.

3. Тежеу әдісі (жаза) – ескерту, көндіру, кінәлау, жазғыру, қатаң режимде ұстаудағы түзеу мекемесіне, түрмеге ауыстыру, туысқандарымен кездесуден айыру, сәлемдемелер алудағы шектеу, айыппұлдық изоляторға орналастыру және басқалар.

Бас бостандығынан айыру орындарында болу адамның психикалық жағдайына әсер етпеуі мүмкін емес. Бас бостандығынан айыру қоршаған ортаның күрт өзгеруін білдіреді: кеңістіктің шектелуі, көп адамдардың

шоғырлануы, қатаң регламенттелген өмір жағдайлары, күрделі тұлғааралық қатынастар. Осының барлығы стресстік жағдайлардың туындауына, агрессия мен үрейлену деңгейінің дамуына, депрессияға ықпал етеді, кейде мұндайда дене мүшесін зақымдау мен суицид шектен шығарлық түрлері де кездеседі. Оған қоса, сотталушылардың психологиясына бас бостандығынан айыру орындарынан шыққаннан кейінгі болашақ өмірінің жағымды жағына барабар емес баға тән, ол мүмкін болатын қиындықтар мен оларды жеңуге дайындықты түсінуге әкелетін дұрыс әсер етуді талап етеді.

Психологтар жүргізген зерттеулер көрсеткендей, барлық сотталушыларға тән айтарлықтай қалыпты психикалық жағдай күту, үміт пен үмітсіздік, душар болушылық, қорғансыздық алдамшы қорғаныш, зарығу, көңілсіздік, апатия, фрустрация жағдайы болып табылады. Бас бостандығынан айырылған адам әрқашан тергеуді, сотты, үкім шығаруды, түзеу мекемесіне жіберуді, ұстау жағдайларын өзгертуді, босатуды күтуде болады. Күту жағдайындағы адам жоғары, кейде біркелкі емес шиеленіспен және психикалық және физиологиялық қызметтерінің асқынуымен сипатталады. Алдағы босату стресс тудырушы фактор болып табылады, себебі бостандықтағы жағдайдың белгісіздігі қорқытады. Сотталушылар үшін қалыпты психикалық жағдай зарығу болып табылады. Үйін, бостандықты, туысқандарын аңсау арнайы түрмедегі жүріс-тұрысын қалыптастырады, аса әсерленгіштік пен тіріркенушілікті тудырады. Қамығудан зерігуді ажыратқан жөн – болып жатқан шындыққа қызығушылық пен мән берудің төмендеу жағдайы. Бұл жағдай сыртқы жағдайлармен (түзеу мекемелеріндегі өмірдің бір қалыптылығы, жаңа әсерлердің жоқтығы), сондай-ақ тұлғаның субъективтік ерекшеліктерімен де туындайды.

Сотталушылардың қандай да бір психикалық жағдайлары әдетте бөлектеніп емес, кешендік түрде көрінеді. Оған қоса, әрбір кезеңде басқаларын өзіне бағындыратын және бір мезгілде кері әсерді сезінетін қандай да бір айқын көрінетін жағдай басым.

Бас бостандығынан айырылғандардың күрделі кешендік психикалық жағдайларының бірі фрустрация болып табылады – мақсатқа жету немесе міндеттерді шешу жолында туындайтын объективті жеңе алмайтын қиындықтармен (немесе субъективті деп түсінілетін) туындайтын уайымдаулар мен әрекетіндегі мінез-құлықтық ерекшеліктерде көрінетін адамның жағдайы. Фрустрация әртүрлі көрінеді және фрустрацияның күші мен субъективтік маңыздылығына байланысты адамның ерекше белсенділігіне немесе әлсіздігі мен әрекетсіздігіне негізделеді. Барлық осы психикалық жағдайлар сотталғандардың психикасы мен санасына маңызды әсер етеді. Біріншіден, олар сотталғандардың қабылдауына маңызды түзетулер енгізеді. Екіншіден, апатияның, зерігудің әсерінен жады нашарлайды, ой әлсірейді, елестетудің беймазальығы, зейіннің шашыраңқылығы. Үшіншіден, қиын психикалық жағдайлар жігерсіз сотталушылар өзінің жеке даралығын жоғалтуға алып келуі мүмкін.

Түзеуге ықпал ететін психикалық жағдайларының жандануы мақсатында арнайы моральдық-психикалық даярлығын жүргізу қажет.

Мұндай даярлықтың нәтижесінде (өмір сүру жағдайлары мен жаңа жағдайлардағы сотталушыға талаптар түсіндірілетін кезеңде) сотталушыларда олардың ұжымдық және еңбектік қызметке жылдам енуіне ықпал ететін жаңа жағдайларда өмір сүруге дайындық жағдайы қалыптасады. Жазасын өтеудің барлық мерзіміндегі психологиялық даярлық сотталушы тұлғасының түбегейлі өзгеруіне бағытталуы тиіс.

Криминологтар рецидивтік қылмыстағы психологиялық фактордың рөлін зерттей келе, рецидивтік қылмысқа көбінесе адамның жаңа жағдайлардағы өмірге әлсіз психологиялық даярлық әсер ететіні туралы қорытындығы келді, яғни сотталушы барлық моральдық және практикалық даярлығына қарамастан, ерекше жағдайларға түсе отырып, өзі қарсы шыға алмайтын қиындықтарды кездестіреді. Жаңа, тіпті күтпеген қиындықтар, жұмысқа орналасумен, адамдармен қарым-қатынаспен байланысты мүмкін болатын ойда болмаған оқиғалар бұрынғы сотталғандар тарапынан бұрыс, субъективті талқыланады. Осы жағдайлардың салдарынан бас бостандығынан айырылған адам енді жұмысқа орналасуға ұмтылмайды және жаңа қылмыс жасайды. Сол себепті жаңа жағдайлардағы өмірге, әсіресе бостандықтағы өмірге психологиялық даярлық басқа емес, қылмыстың профилактикасы.

Психологиялық даярлық түзеу мекемелеріндегі сотталғандарды түзеу процесінде процесіне де, олардың жазасын өтеу шарттарына бейімделуіне, сотталушыны басқа орынға ауыстырғанда, тәрбиелеуші колониядан түзеу мекемесіне ауыстыруда үлкен әсер етеді.

Жаңа жағдайдағы өмірге сотталушылардың психологиялық даярлығы ретінде олардың психикасының (сезімдерінің, жағдайларының) алдын ала икемделу, өмірдің қандай да бір жағдайларында өзін дұрыс ұстануын қалыптастыру, әрекет етудің стратегиялық жоспарын құру түсініледі.

Жаңа жағдайдағы өмірге сотталғандарды психологиялық даярлаудың бірнеше түрлері бар:

түзеу мекемесінде жазасын өтеуге даярлау;

жазасын өтеу барысында өзгеруші жағдайларға даярлау (бір түзеу мекемесінен екіншісіне ауысуда);

тәрбиелеу колониясынан түзеу мекемесіне ауыстыруға даярлау;

бостандықтағы өмірге даярлау.

Жаңа жағдайдағы өмірге психологиялық даярлау келесі принциптерге сүйенеді:

моральдық- психологиялық бағдар;

алдағы өмір жағдайлары туралы ақпарат мазмұны мен көлемінің барынша сәйкес келуі;

жүйелілік және бірізділік;

дифференциациялық және жеке әдіс;

жағымды қасиеттерді жандандыру.

Осылайша, жаңа жағдайлардағы өмірге психологиялық даярлау сотталушылармен жүргізілетін барлық тәрбие жұмыстарының арқауына үздіксіз айналады, олардың тұлғалығының жақсы жақтарына бағытталған жүйелі және бірізді болуы керек. Онымен қоса, психологиялық даярлық

сотталушылардың алдағы өмірінің барлық жақтарын толық жеткілікті қамтитын болса оң нәтижеге жетеді.

Сотталушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеу және түзеу мекемелеріндегі ұжымға бейімделу және ең ақырында қауымдастық тарапынан ерекше мән беруді талап ететін қайта әлеуметтену үшін оларды түзеу және қайта тәрбиелеу барысында әрбірінің жағымды белгілеріне әсер ету.

Рецидивтік қылмыстың салыстырмалы деңгейі статистикалық көрсеткіштерге сәйкес едәуір тұрақты болып табылады. Оған қоса, рецидивтердің абсолюттік саны жыл сайын ұлғайып келеді. Осылайша, қылмыстық-құқықтық әсер ету, жазасын өтеуден кейін босатылғандардың пенитенциялықтан кейінгі бейімделу мен қайта әлеуметтенуі шараларының тиімділігін арттыру қажеттігі айқын. Табысты қайта әлеуметтену үшін бас бостандығынан айыру орындарындағы білім берулік қызметті жақсарту, сотталушының жалпы мәдени деңгейін арттыратын және тұлғалығын дамытатын бағдарламалар қажет.

Жоғарыда аталған жағдайларға негізделі отырып, постпенитенциялық кезеңде сотталушыларға психологиялық көмекті дамыту деңгейін көтеру қажет. Пенитенциялық психологтардың жұмысында базалық психологиялық білімнің жоқтығы сияқты проблемалар туындау мүмкіндігін сезіну маңызды, сәйкесінше контингентті ескере отырып, бұл жұмыстың төменгі сандық және сапалық деңгейі, десе де, бас бостандығынан айырылған сотталушылар білікті психологиялық көмекті қажет етеді.

Оған қоса, психологиялық көмек тек сотталушыларға ғана емес, қылмыстық-түзеу мекемелерінің қызметкерлерінің өздеріне де керек. Түзеу мекемелерінің қызметкерлерін тестілеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, жұмыс сипаты олардың психологиялық жағдайына айтарлықтай із қалдырады. Стресстік жағдайлар іс жүзінде жұмыстың әрбір кезеңінде туындайды. Сол себепті, көптеген психолог мамандар оларды психологиялық проблемалар мен психикалық бұзылулар туындауының жоғары тәуекелді тобына негізді түрде жатқызады. Осыған орай, психологиялық травматизмнің теріс салдарларының алдын алу үшін психопрофилактика мен психологиялық түзеу саласындағы мамандардың білікті араласуы, қызметкерлермен белсенді реабилитациялық іс-шаралар жүргізу қажет.

Сонымен қатар, психология, адамның тұлғалық ерекшеліктері, оның мінез-құлығы мен жанжалдық жағдайлардан шығу ерекшеліктері саласындағы білімдер негізін беретін бастапқы оқытушылық семинарлар мен дәрістер өткізу қажет.

ҰСЫНЫМДАР:

1. БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын және ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлеріне қарсы конвенциясының Факультативтік Хаттамасы талаптарына толық сәйкес

келетін «Қазақстан Республикасындағы ұлттық превентивтік тетік туралы» Заңының қабылдануы жеделдетілсін.

2. Азаптау фактілеріне тергеу жүргізетін органдар қызметін тиімді бақылау жүйесі енгізілсін. ҚАЖ қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету жұмыстары күшейтілсін, сотталғандардың жағдайы туралы ақпаратқа туысқандарының қол жеткізу құқықтарын іске асыруға жәрдем көрсетілсін.

3. Соңғы үш жылдың ішінде болып жатқан қылмыстық заңнаманы ізгілендіру шеңберінде жекелеген қылмыс құрамдарын іріктеп криминалсыздандырудан санкцияны толық депенализациялауға екпін берген жөн. Бұл барлық бас бостандығынан айыру мерзімдерін синхронды азайтуға әкеп соғады, тиісінше мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың (МБШБ) күшіне ену (ҚК 70-бабы), бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (ҚК 71-бабы) мерзімдері жылжиды. Жалпы, бас бостандығынан айырудың орташа мерзімі қысқарады (*қазіргі таңда 8 жыл 5 айды құрайды*), бұл бас бостандығынан айыру мен өзге де балама жаза түрлерін өтеп жүргендердің пайыздық ара-қатысын тікелей өзгертеді. Іріктеп криминалсыздандырудан ауқымды депенализацияға көшу қылмыстық заңнаманың репрессивтілігін азайтқан кезде қылмыстық жауапкершіліктің болмай қоймайтын принципін сақтауға мүмкіндік береді.

Заңнамаға қоғамдық жұмыстарды кеңінен қолдану үшін жағдай жасау бөлігінде өзгерістер енгізілсін. Жазаның бұл түрі Еуропа елдерінің сот практикасында кең тараған, мысалға, ГФР қылмыстық заңнамасында (*федералдық жерлердің көпшілігінде*) жазаның бар-жоғы үш түрі бар: түрмеге қамау, айып салу және қоғамдық жұмыстар, бұл ретте соңғы екеуіне сотталғандардың 90% кесіледі. Біздің заңнамаға сәйкес қоғамдық жұмысты орындағаны үшін жұмыс беруші бәрібір жалақы беруге тиіс, ол мемлекет кірісіне аударылады. Бұл қоғамдық жұмыстарды, соның ішінде әлеуметтік-маңызды нысандар үшін (*қарттар үйлері, муниципалдық қызметтер және т.б.*) талап еткізбейтін жалғыз себеп. Жазаның бұл түрін абсолютті тегін жасап, тек атқарылған жұмыстың уақытына есеп жүргізген жөн, мұндай амал халықаралық практикаға толық сәйкес келетін болады.

4. Қылмыстық-атқару жүйесінің барлық мекемелері қызметкерлерінің әлеуметтік-құқықтық қорғалуы жөніндегі қажетті және шұғыл шаралар қабылдансын.

Туберкулезбен ауыратын адамдармен жұмыс істейтін ҚАЖ қызметкерлеріне зиянды еңбек жағдайы үшін үстеме ақы төлеу лауазымдық жалақысының 50%-на дейін көбейтілсін.

5. Бас бостандығынан айыруға балама жаза түрлерін кеңінен қолдануға, түрмедегі халықты неғұрлым толық жұмыспен қамтуға және қамау орындарынан босаған азаматтарды сәтті қайта әлеуметтендіруге жағдай жасайтын қылмыстық-атқару мекемелерінің негізгі қорлары мен өндірістік базалары жаңартылсын.

6. ҚР ПМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті жазасын өтеп жүрген сотталғандар үшін жұмыс орындарының санын арттырудың қажетті

шараларын қабылдасын, бұл талаптарды дер кезінде өтеуге және МБШБ құқығын іске асыруға жағдай жасайтын болады.

7. Бұрынғы сотталғанды қоғамда реинтеграциялау жөніндегі барлық іс-шаралардың барынша тиімділігіне қол жеткізу мақсатында әлеуметтік-оналту қызметі функцияларын пробация қызметіне жүктеуді ұсынамыз.

8. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп шыққан адамдарды бейімдеу орталықтарын құру жұмысы жалғастырылсын, өйткені оларды Қазақстанның қылмыстық-атқару мекемелерінде ұстаудың қазіргі жағдайы адамның дене және психикалық денсаулығына белгілі бір нұқсан келтіреді, көп жағдайда қоғамның қалыпты өміріне ұзақ уақыт кірісе алмайды.

9. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті медициналық емдеу мекемелерінің тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында олар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағына берілсін.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстан Республикасының Конституциясында адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің жоғары құндылықтары деп жарияланған. Ата Заңға сәйкес адамның құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады және олардан ешкім айыра алмайды, құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын анықтайды. Конституция заң шығарушыны заң қабылдау кезінде бірінші кезекте осы норманы басшылыққа алуға және адам құқығын басты орынға қоюға міндеттейді.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасы ұлттық заңнамада адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды нығайту жөнінде нақты қадамдар жасады.

Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың толыққанды субъектісіне және адам құқықтары саласындағы 60-тан астам көпжақты әмбебап халықаралық келісім-шарттардың, соның ішінде «адам құқықтарын қорғаудың халықаралық құралдары» деп аталатын БҰҰ-ның 7 негізгі құқық қорғау конвенцияларының қатысушысына айналды.

2011 жылмен салыстырғанда, Қазақстан Республикасының Конституциясымен, басқа да заңнамалық актілерімен жарияланған және бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары 2012 жылы одан әрі дамып, нақтылана түсті. Қазақстан Республикасының Конституциясымен және қолданыстағы заңнамасымен, оның адам құқықтары саласындағы халықаралық міндеттемелерімен кепілдік берілген адамның және азаматтың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени құқықтары мен бостандықтары осы баяндамада және басқа да уәкілетті мемлекеттік органдардың, құқық қорғау ҰЕҰ-дың есептерінде көрсетілген заңдылық пен адам құқықтарының кейбір бұзылу фактілерін қоспағанда негізінен сақталды.

Мемлекеттік саясаттың келешекке арналған негізгі бағыттары Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған. Қолданыстағы Конституцияның әлеуетінің негізінде Жолдау биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының, құқық қорғау органдарының қызметін жетілдіруді, азаматтық қоғам институттарын дамытуды, сыбайлас жемқорлыққа және қылмысқа қарсы күресті күшейтуді көздейді.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесі жаңғыртылады, дауларды соттан тыс реттеу институттарын дамыту жалғасатын болады.

Уақыт Қазақстан Республикасы стратегиясының дұрыстығын дәлелдеп берді – саяси және құқықтық реформаларды эволюциялық ілгерілету үшін берік әлеуметтік-экономикалық негіз қамтамасыз етілді.

Нарықтық экономика, қоғамды демократияландыру, ұлтаралық және конфессияаралық қатынастардың тұрақтылығын сақтау, азаматтық қоғам

институттарын дамыту, қылмыстық іс жүргізу саясатын сатылай ізгілендіру, адам құқықтарын қорғау және көтермелеу саласындағы Қазақстанның жүргізген мақсатты құрылымдық жұмыстары айқын және оны әлемнің көптеген мемлекеттері, халықаралық және үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдары мойындап отырғанын атап өткен жөн.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның пікірі бойынша құқық қорғау және сот органдарының қызметінде адам құқықтары мәселелерін өзектендіру, адам құқықтарын қорғауда қазақстандық Омбудсмен мен азаматтық қоғам институттарының мүмкіндіктерін барынша толық пайдалану қажет.

Адамның құқықтары мен бостандықтары іргелі мәнге ие мемлекетті демократияландыру процесі билік институттарын қалыптастыру (Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттары сайлауы, мемлекеттік биліктің орталық және жергілікті атқарушы органдарын қалыптастыру) барысында адамның саяси құқықтарын дамытумен бітпейді. Демократиялық саяси жүйе Қазақстан ратификациялаған халықаралық пактілер мен конвенцияларда бекітілген адамның азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын жүйелі қорғауға тиіс. Бұл түбегейлі мәселенің іске асырылуында әлі де болса кемшіліктер мен шешілмеген проблемалар бар, олар осы баяндамада атап өтілген.

Парламент қабылдайтын заңдардың сапасы мен деңгейін жетілдіру қажет. Республика заңдары Қазақстан ратификациялаған халықаралық пактілер мен конвенциялардың нормаларына сәйкес келтірілуге тиіс.

Құқық қорғау және сот органдарын реформалау жұмысының демократиялық мемлекетте адамның, тұлғаның құқықтарын толық қорғау тұрғысынан жүйелі жүргізілгені жөн.

Өңірлік құқық қорғау органдары қызметіне қоғамдық бақылауды күшейту мақсатында облыстар мен Астана, Алматы қалалары өкілді органдарының отырыстарында аумақтық құқық қорғау органдары бастықтарының құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен құқық тәртібін қамтамасыз ету мәселелері бойынша есептерін азаматтық қоғам басшылары мен өкілдерін кеңінен шақыра отырып, тыңдау институтын енгізген жөн.

БҰҰ белгілеген халықаралық стандарттарға және ЕҚЫҰ ұсынымдарына сәйкес Омбудсмен институтының қызметі ұлттық құқық қорғау институты жұмысының тәуелсіздігі мен тиімділігінің жалпы өлшемдерін белгілейтін БҰҰ-ның Париж принциптеріне толық сәйкес келуге тиіс. Осыған байланысты, сондай-ақ Омбудсменнің құқық қорғау қызметін күшейту мақсатында «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» ҚР Заңын әзірлеп, қабылдау қажет.

Ұлттық заңнама мен елдің құқық қолдану практикасын жетілдіру барысында адамның құқықтары мен бостандықтарына қатысты заң жобаларын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді талқылауға азаматтық қоғам институттары өкілдерінің толыққанды қатысуы үшін барлық жағдайды жасау қажет.

Паритеттік бастамалардағы пікір алмасуды дамыту құқық қорғау органдары қызметінде адам құқықтарының сақталуын қоғамдық бақылау нысандарын бекітуге және адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік тетігінің барлық элементтерін жетілдіруге жағдай жасайтын болады.

Адам құқықтарын қорғаудың мемлекеттік және қоғамдық тетіктерін күшейту мақсатында Қазақстанның адам құқықтары саласындағы ұлттық баяндамаларын қарау нәтижелері бойынша шығарылған БҰҰ-ның тиісті келісім-шарттық Комитеттерінің, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің Әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі, БҰҰ-ның азаптауға қарсы Арнайы баяндамашысы Манфред Новак мырзаның, БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасының Аз ұлттар мәселелері жөніндегі тәуелсіз сарапшысы Г.Макдугалл ханымның, БҰҰ-ның жеткілікті тұрғын үй мәселелері жөніндегі Арнайы баяндамашысы Ракель Рольник ханымның, БҰҰ-ның білім алу құқығы мәселелері жөніндегі Арнайы баяндамашысы Кешор Сингх мырзаның ұсынымдарын іске асыруды ұсынамыз.

ҚР Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия Астанадағы ЕҚЫҰ Орталығына, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасына, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне және Орталық сайлау комиссиясына, ҚР Бас прокуратурасына, ҚР Жоғарғы Сотына, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мен Орталық сайлау комиссиясына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарына, халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға, Қазақстанда аккредитацияланған халықаралық ұйымдарға (БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссарының Басқармасы, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы Кластерлік бюросы, Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым, Қазақстандағы БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ), Еуропалық Комиссияның Қазақстан Республикасындағы Өкілдігіне және БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасының Орталық Азиядағы Өкілдігіне, Халықаралық түрме реформасының Орталық Азиядағы Өкілдігіне, ҚР Сыртқы істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының БҰҰ Бөлімшесі және Женевадағы басқа халықаралық ұйымдардың жанындағы Тұрақты Өкілдігіне, Қазақстандағы Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Нидерландия Корольдігі, Финляндия, Канада, Ресей Елшіліктеріне осы талдау баяндаманы дайындау барысында қолданылған материалдарды бергені үшін шын жүректен ризашылық білдіреді.

**Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшылығына 2012 жылы
келіп түскен азаматтардың жазбаша шағымдарының
СИПАТЫ**

№.№	Азаматтар шағымдарында көтерілген проблемалар аясы	шағымдар саны	пайыздық қатынасы
1	Қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша сот актілерімен келіспеу	307	22,65%
2	Құқық қорғау органдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану	178	13,13
3	Азаматтық істер бойынша сот актілерімен келіспеу	158	11,66
4	Сот шешімдерінің орындалмауы	156	11,51
5	Қылмыстық іс қозғаумен келіспеу	80	5,90
6	Зейнетақылар, жәрдемақылар, материалдық көмек, өтемақылар, әлеуметтік жеңілдіктер, әлеуметтік қамсыздандырудың өзге де мәселелері	67	4,94
7	Тұрғын үй және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері	60	4,42
8	Еңбек құқықтарының бұзылуы	43	3,17
9	Шаруашылық жүргізуші субъектілер лауазымды адамдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану	40	2,95
10	Оралмандар құқықтарының бұзылуы туралы, тіркеу, азаматтық алу, ықтияр хат алу кезіндегі құқық бұзушылықтар	21	2,54
11	Әкімдердің, биліктің атқарушы және өкілді тармақтары органдары лауазымды адамдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану	31	2,28

12	Түзеу мекемелерінің лауазымды адамдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне және пенитенциарлық жүйе мекемелерінде ұстау шарттарына шағымдану	30	2,21
13	Білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау ұйымдары, өзге де ұйымдар мен мекемелердің лауазымды адамдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану	29	2,14
14	Сот органдарының әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану	27	1,99
15	Азаматтар өтініштерін қарау тәртібін бұзу туралы	23	1,69
16	Шартты-мерзімінен бұрын босатуға, бір мекемеден екіншісіне ауыстыруға бас тартуға қатысты шағымдар	22	1,62
17	Үлескерлер құқықтарының бұзылуы туралы	19	1,40
18	Екінші деңгейдегі банктердің әрекеттері мен әрекетсіздіктеріне шағымдану	18	1,32
19	Жер мәселелері бойынша, бұзу, жер телімін алып қою кезінде өтемақы төлемеу, төлем мөлшерімен келіспеу және т.б.	17	1,25
20	Дін мәселелері бойынша	7	0,51
21	Азаптауды қолдануға шағымдану	5	0,36
22	Өзге мәселелер	17	1,25
	БАРЛЫҒЫ	1355	100%

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның хатшылығына 2012 жылы өңірлерден келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың жазбаша өтініштерінің саны

№	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы	Өтініштер саны	Пайыздық қатынасы, %
1	Астана қаласы	259	19,11%
2	Алматы қаласы	216	15,94%
3	Оңтүстік Қазақстан облысы	121	8,93%
4	Шығыс Қазақстан облысы	105	7,75%
5	Қарағанды облысы	95	7,01%
6	Алматы облысы	92	6,79%
7	Ақмола облысы	73	5,39%
8	Қостанай облысы	70	5,17%
9	Павлодар облысы	55	4,06%
10	Қызылорда облысы	54	3,98%
11	Жамбыл облысы	47	3,47%
12	Маңғыстау облысы	36	2,65%
13	Солтүстік Қазақстан облысы	35	2,58%
14	Ақтөбе облысы	34	2,51%
15	Атырау облысы	29	2,14%
16	Батыс Қазақстан облысы	24	1,77%
	1. Шетел мемлекеттері (таяу және алыс шет елдер)	10	0,74%
	БАРЛЫҒЫ	1355	100%